

РАКИМЖАНОВА САЯНА КАДИРКЫЗЫ

Дәстүр – философиялық мәселе

6D020100 – Философия

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы,
профессор
Есім Ғ.

Шетелдік ғылыми кеңесші
саясаттану ғылымдарының докторы,
профессор,
Дронзина Т.А.
(София)

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ...	11
1.1 Философия тарихындағы дәстүр мәселесіне көзқарас.....	11
2.1 Дәстүр ұғымының түркі дүниетанымында пайымдалуы.....	24
2 ДӘСТҮРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАСУ ҮРДІСТЕРІ.....	40
2.1 Табиғи қажеттіліктен туған дәстүр болмысы.....	40
2.2 Сабақтастықтың дәстүр қалыптасуындағы рөлі.....	51
3 ДӘСТҮРДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ.....	63
3.1 Дәстүрдің ізгіліктік мәні.....	63
3.2 Дәстүрдің игіліктік сипаты.....	72
3.3 Дәстүрдің құндылықтық мазмұны.....	81
4 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ.....	93
4.1 Жаһандану жағдайындағы дәстүрдің өзгеру динамикасы.....	93
4.2 Рухани жаңғыру және дәстүрдің реконструкциясы.....	104
ҚОРЫТЫНДЫ.....	114
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	117

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаты. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысы дәстүр ұғымын айқындауға арналған. Диссертация дәстүрдің мәні мен тарихи өзгерісін байсалды түсіндіре отырып, рухани жаңғырудағы дәстүр реконструкциясына философиялық негіз қалайды.

Тақырыпты зерттеудің өзектілігі. Қазақ ұлтының тарихи тағдыры үшінші мыңжылдыққа егеменді мемлекет құрушы ұлт ретінде қадам басуы арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Мемлекет құру сынды адамзаттық бұл ұлы жетістікке қазақ халқы үлкен даярлықпен және аса зор белсенділікпен келді, ол сан ғасырлық арманның іске асуы болатын. Дегенмен, жаһандану заманында мемлекеттің негізгі діні есептелетін ұлттық құндылықтарды бедерсіздендіру мен мәнсіздендіруге жол бермей, ұлттық келбетімізді сақтап қалу – бәріне ортақ түйінді мәселе есептелінеді.

Бұл зерттеу жұмысында тұлға мен топ, ұлт пен мемлекет және жалпы адамзат қоғамы дамуындағы дәстүрдің рөліне философиялық талдау жасалған. Мұнда адамзат тарихында ұлттың дүниетанымынан, болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен, өмір тәжірбиесінен туындап, ғасырлар бойы қалыптасудан өткен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі құндылықтарымыздың адамзат өміріндегі алатын орны анықталады. Дәстүр адам дүниетанымынан туған құндылық болғандықтан, оның философиялық мәні адамзат өмірінде айрықша. Дәстүр – адам баласының барша тіршілік болмысымен ұштасып жатқан құндылығы, кез келген аға буынның өзі жүріп өткен өмір жолындағы көрген-білгенін саралап, келер ұрпаққа қалдырған рухани тағлымы. Ол ұлттық дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік ерекшелігін, шынайы болмысын, келбетін көрсетеді. Дәстүрдің өміршендігі дегеніміз алдымен оның ұрпақ тәрбиесінде еш маңызын жоймауы, оны адам өз өмірінде әрдайым игілігіне жаратуы. Дәстүр мәселесі гуманитарлық салада жанама мағынада ескерілгенімен, бірақ отандық философияда бұрын-соңды арнайы зерттеуден өтпеген тақырып. Жаһандану қоғамында дәстүрді философиялық тұрғыдан байыпты бағамдау, қоғам үшін маңызды құбылыс. Өзгермелі қоғамда «дәстүрді заман талабымен қалай үйлестіруге болады» деген сұрақ баршаны ойландыратыны анық.

Жаһандану жағдайында замана сынына сүрінбей өткен, ұлттың алынбас қамалы, ұлттық болмыстың діні болып отырған озық дәстүрлерімізді философиялық тұрғыдан зерделей отырып, оның тарихи маңызын айқындау, дәстүрге жаңаша көзбен қарау, дәстүрді философиялық мәселе ретінде қайта тану-міне бұлар тақырыптың өзектілігін танытады. Ата-бабадан қалған құндылықтар ұмыт болып, маңызын жоғалтса, келер ұрпақтың толыққанды тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Осы ретте: «Қоғамның рухани, моральдық азғындауына тосқауылды сырттан емес, әрбір адам өз бойына ұлттық нышандарды сіңіру арқылы қарсы тұруы керек» [1], – деген Лао-Цзы ойының маңызы өте зор. Сондықтан, кез келген ұлт, ұлттың қамалы болып тұрған құндылықтарды сақтап қалуға үлес қосуы тиіс:

1. Дәстүрді философиялық тұрғыдан зерттеу ол бабаларымыздың алға қойған мақсат-мұратын, арманы мен дүниетаным ережелерін анықтау деген сөз. Ұрпақ үшін бабалар өмірі – өнеге, ал бұл өнеге дәстүр формасында сақталады. Ұрпақ өмірінде өткенді ескеру мен игеру әрқашан маңызды.

2. Өз ұлтының құндылығына селқостық танытқан, бағалы дәстүрлерін бойына сіңірмеген, дәстүрін сараптап, жетілдіріп отырмаған елдің болашағы бұлыңғыр. Қазақ мемлекеті Мәңгілік Елге айналудың алғашқы қадамы ұлттық құндылық ретінде озық дәстүрлерді дәріптеу қажет.

3. Жаһандану қоғамында ұлт мәселесінің маңызы айрықша. Қазір біздің қоғамымыз жаһандану дәуірінде өте күрделі өзгерістерді бастан өткізуде. Жаңашылдыққа ұмтылуда дәстүрге ескілік ретінде менсінбей қарау ұлттық болмысымызды жоғалтуға апаруы мүмкін, бұл қауіпті үрдіс.

4. Қоғамның бағалы дәстүрден жаңылмауына қол жеткізу үшін дәстүрдің мән-мағынасын мен маңызын анықтайтын философиялық зерттеулер аудай қажет. Дәстүрді философиялық зерттеу дәстүрдің мәнін, сипатын және мазмұнын түсіндіру болып, ол негізгі мен қосымшаны, бағалы мен нашарды, анық пен күңгіртті, қажетті мен қажетсізді ажыратуға негіз болады.

5. Дәстүр аса ауқымды, мағынасы күрделі ұғым, ол кешеден қалған, ертеңге жалғасуға тиіс барша мәдени құндылықтарды, дүниетаным ұстанымдарын, іс-әрекет тәсілдерін, ұлттық жол-жораларды, ұжымдық салт-саналарды түгел қамтиды. Тарихтың рухани арқауы деуге болатын дәстүрдің алуан мазмұны ішінен өміршендікке серпін беретін, өмір сүруге пайдалы, сананы ашатын, ұрпақты ата-бабасымен сабақтастыратын, мемлекетті біріктіретін дәстүрлердің ғана болашағы жарқын екендігін зерттеу тақырыбымыздың өзектілігінің ерекше дәлелі болып табылады. Диссертациялық жұмысының тақырыбы Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы және «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында айтылған міндеттермен байланысты.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Дәстүр мәселесі отандық философияда енді қолға алынып, тыңнан зерттеліп жатқан тақырыптардың бірі. Философия тарихында ойшылдар мен ғалымдар бұл тақырыпқа жан-жақтылы зерттеу жүргізген болатын. Негізінен, дәстүр мәселесін алғаш арнайы зерттеу Иоганн Готфрид Гердердің есімімен байланысты. Ойшыл «Адамзат тарихы философиясына арналған идеялар» деп аталатын атақты еңбегінде дәстүр мәселесін ең алғаш философиялық ұғым ретінде қарастырады» [2]. Иоганн Готфрид Гердер өз еңбегінде адам бар жерде дәстүр де бар деп танып, адамның дүниеге қатынасының негізінен туындаған құндылық ретінде саралайды. Өз еңбектерінде дәстүр мәселесін тікелей немесе жанама зерттеу нысанына айналдырған көптеген ғалым-философтардың есімін айтсақ болады. Нақтылап көрсетсек, Конфуций [3], Платон [4], Аристотель [5], Ф. Аквинский [6], Ф. Бэкон [7], Т. Гоббс [8], Дж. Локк [9], Г.В.Ф. Гегель [10], Л. Фейербах [11], М. Вебер [12], Э.Б. Тайлор [13], Р. Генон [14], К. Поппер [15] және т.б. ойшылдарымыз өз еңбектерінде дәстүр мәселесін адамның өмірімен байланысты құндылық ретінде қарастыра отырып, дәстүр жайлы тереңірек

пайымдап, ой қорытқан. Атақты француз философы Рене Генонның ойы бойынша, дәстүр адамға Тәңірден берілген ілім. «Дәстүр» сөзі, беру жеткізу, сабақтастыру деген мағынаны білдіреді деп анықтаған. Ал, дәстүрлі қоғам және жаңа қоғам жайлы Карл Поппер өзінің ашық және жабық қоғам теориясында қарастырған. Жаңа қоғамды ашық қоғамға, дәстүрлі қоғамды жабық қоғамға теңестіреді. Жабық қоғамда дәстүрдің басымдығын айта отырып, шығыстық типтегі мәдениетті жатқызса, ашық қоғамға өмірге деген рационалды және сыни көзқарастағы батыстық типтегі индустриалды, постиндустриалды мәдениетті жатқызады.

Поляк философы Е. Шацкий дәстүрді құндылық ретінде мойындады [16]. Ал, американ ойшылы Талал Асад дәстүрді ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын үрдіс ретінде таниды [17]. Э. Шилз дәстүрдің қалыптасуын тәжірибемен байланыстырады [18]. Израильдік элеуметтанушы Шмуэль Эйзенштадт дәстүрді қоғамның ажырамас бөлігі ретінде саралады [19]. Осы ойшылдардың зерттеулері мен тұжырымдары зерттеудің дереккөздері ретінде алынды. Түркі дүниетанымындағы дәстүр мәселесін философиялық пайымдаған ойшылдар Әл-Фараби [20], М. Қашқари [21], Ж. Баласағұн [22], Қ.А. Иасауи [23], А. Иүгінеки [24], өз еңбектерінде дәстүрді адамның өмір сүру ережесі ретінде қарастыра отырып, тәрбие негізі, адамдық қасиеттерді нығайтатын жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қарастырды. Түркі тектес халықтар дәстүрді адамның рухани ізгі әрекеті ретінде зерделей отырып, адамзат өміріне қажетті құндылықтарды ғана дәстүр ретінде бағалаған. Түркі дүниетанымында дәстүрді өмірдің шындалған көрінісі ретінде айшықтайды.

Дәстүрдің сабақтастықпен байланысын анықтауда Г.Ф. Гегель еңбектерінде өткен шақтың тек оңтайлы тұстарын ғана пайдалану туралы тұжырымдамасын әзірледі. Қоғамдық дамудың алғышаттарын адамның өткен уақытымен байланыстырды. Дәстүрдің қалыптасуындағы сабақтастықтың рөлін анықтауда Э. Баллер [25], Б. Бренштейн [26], В.М. Каиров [27], В. Плахов [28], И.В. Суханов [29], еңбектерінде дәстүрді қалыптасқан дүние ретінде қарастыра отырып, оның ұрпаққа берілу ұдайлығын сабақтастықпен байланыстырады. Г.Б Нұрадиннің «Өркениет: дәстүр және сабақтастық» атты еңбегінде дәстүр мен өркениет арасындағы үздіксіз сабақтастық қарастырылған [30].

Дәстүрдің игілікпен байланысын анықтауда Г.Д. Тороның элеуметтік тұжырымдамаларын [31], М.К. Гандидің ілімдерін [32], американдық М.Л. Кинг [33] шығармаларын айтуға болады.

Ал, XX ғасырдың 60 жылдарында дәстүр ұғымының құндылықтық мазмұнын поляк социологтары Ежи Шацкий, американдық социолог Эдвард Шилз, француз философы, өнертанушы Мишель Фуко [34] шығармаларында айрықша орын алды.

Қоғамтану ғылымдарындағы бұл тақырып бойынша танымал ғалымдар М. Аженов, Қ. Бикенов, Ә. Табылдиев, Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, Т. Әлижан, С. Кенжеахметұлы және т.б. зерттеу жұмыстарының негізгі идеялары үлгі ретінде қарастырылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ұлттық

философияға бет бұрған қазақстандық философтарда бұл мәселені зерттеуден тыс қалдырмады. Мәселен, дәстүрді арнайы зерттемесе де, өздерінің еңбектерінде ұлт мәселесін, ұлттық діл, дін, тіл, болмыс, рух, рухани құндылықтар мәселелерін зерттеп жүрген отандық ғалымдар еңбектерінен: А.Х. Қасымжановтың «Пространство и время великих традиций» [35], Ж.М. Әбділдин «Абай гениальный мыслитель и гуманист» [36], Ә.Н. Нысанбаевтың «Қазақстан халқының рухани құндылықтар әлемі» [37], Ғ. Есімнің «Сана болмысы» [38], Т.Ы. Әбжанов «Қазақ рухының философиясы» [39], Д.К. Кішібеков «Национальная идея и идеология» [40], Т.Х. Ғабитов «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» [41], М.С. Орынбековтың «Предфилософия протоказахов» [42], С.Е. Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі: элеуметтік-философиялық талдау» [43], Ә.Р. Масалимованың «Культурная антропология» [44], А. Қасабек және Ж. Алтаевтың «Қазақ философиясының тарихы» [45], Т. Бурбаевтың «Ұлт менталитеті» [46], Г. Телебаевтың «Историко-философская культура и традиция существования» [47], Г.Ж. Нұрышеваның «Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау» [48], А.Т. Құлсариеваның «Интеллектуалдық әлеуеттен – интеллектуалдық ұлтқа» [49], Ә.А. Құранбектің «Қазақ философиясындағы дәстүрмен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы)» [50], зерттеулерін айта аламыз. Диссертация жазу барысында, аталмыш ғалымдарымыздың жекелеген еңбектері мен зерттеу пайымдауларының ішінен тақырыпқа жақын деген тұжырымдар өзара салыстырылып, зерттеу жұмысында қолданылып, жұмыстың пайдаланылған деректер тізіміне енгізілді.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны – дәстүр мәселесі және оның қазіргі Қазақстан қоғамын дамытудағы рөлі.

Зерттеу пәні – дәстүр мәселесін философиялық тұрғыдан талдау.

Зерттеу жұмысының мақсаты – дәстүрді философиялық мәселе ретінде зерттеп, тұжырым жасау.

Диссертация зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін келесі **міндеттер** қояды:

– философия тарихындағы ғұлама-ойшылдардың дәстүр жайлы айтқан ойлары мен философиялық көзқарастарын айқындау;

– түркі дүниетанымындағы дәстүр ұғымының философиялық пайымдалуына талдау жасау;

– дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысының маңыздылығын көрсету;

– дәстүрдің қалыптасуындағы сабақтастықтың рөлін анықтау;

– дәстүр мәселесінің философиялық мазмұнын аша отырып, оның адамзат өміріндегі алатын орнын зерттеп, дәстүрдің ізгіліктік мәнін талдау;

– дәстүрдің игіліктік сипатын ашу;

– қазақ халқының өркениетті ел болу жолындағы дәстүрдің құндылықтық мазмұнын сипаттау;

– жаһандану және ұрпақ өміріндегі дәстүрдің өзгеру динамикасын зерделеу;

– рухани жаңғыру және дәстүрдің реконструкциясы мәселелерінің маңыздылығын көрсету.

Зерттеудің теориялық негіздері.

Жұмыстың теориялық басты тұжырымдамалары мен идеялары, атап айтқанда, И.Г. Гердер, Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, Ф. Бэкон, Т. Гоббс, Дж. Локк, Г.В.Ф. Гегель, Р. Генон, К. Поппер, Э.Б. Тайлор, О. Шпенглер еңбектері. Түркі ойшылдары: Әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, Қ.А. Иасауи, А. Иүгінекидің еңбектеріндегі айтылған ой-пікір негізге алынды.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардан өзге отандық философ, мәдениеттанушылардың еңбектері талқыланып, пайдаланылды. Дәстүр ұғымын түсінуге көмектесетін материалдар кеңінен қолданылды.

Зерттеудің тәсілі және әдіснамалық негіздері.

Жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде герменевтикалық, антропологиялық, теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу барысында сипаттау, баяндау, бақылау, жіктеу, салыстыру, индукция, дедукция әдістері қолданылды. Философиялық зерттеу әдістері арқылы объективті зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысында салыстырмалы мәтіндік талдау, құрлымдық талдау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары. Дәстүр мәселесіне қатысты отандық ғылым саласында зерттеу баршылық. Алайда, біздің зерттеуде дәстүр философиялық мәселе ретінде арнайы қарастырылуы игілікті де, жауапты істің бастамасы. Зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

– отандық философия ғылымында дәстүр философиялық мәселе ретінде алғашқы рет зерттеу нысанына алынды;

– философия тарихындағы ойшылдардың дәстүр туралы ойларын саралай отырып, дәстүрді инновациямен сабақтастыру сынағы жасалды. Мұнда ескішілдік пен жаңашылдық бір-біріне қарсы ұғымдар емес, керсінше өзара байланысты, бірн-бірі толықтыратын, тең маңызға ие құбылыс деген ғылыми тұжырым жасалынды;

– ұлттық дәстүрдің қалыптасу негізін анықтауда халқымыздың өткенін, бүгінін зерттей отырып, дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы, адамның өмір сүру қажеттілігімен байланысты екендігі анықталды;

– дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа көшу барысындағы құндылық пен сабақтастықтың рөлі қарастырылып, сабақтастық ұлттық дәстүрді байланыстырушы, жалғастырушы дәнекер ретінде айқындалды;

– қазақ болу – Қазақстандағы өзекті мәселе. Ұлттың ұлт болып ұйысу үшін дәстүрдің философиялық мәні ашылып, оның адамзат өміріндегі орны талданып, ізгілік дәстүрдің ішкі мәні ретінде айшықталды;

– ұлттық дәстүрлерді саралау барысында, дәстүр адам және оның игілігі үшін қызмет ететін құндылық деп танылып, игілік дәстүрдің көріну формасы ретінде анықталды;

– дәстүрдің негізінде құндылық тәрбиесін субстанция дей отырып, құндылық дәстүрдің бағалау формасы ретінде зерделенді;

– қазіргі таңдағы ескілік пен жаңашылдық ұғымдарының ұрпақ болмысындағы рөлін анықтай отырып, кезектегі кейбір рухани адасушылықтың, жатсынудың себебі мен салдары сараланды;

– архаикалық дәстүрлерден бас тартып, ұлт дамуының дінгеіне айналған озық дәстүрлерімізді дәріптеу жаһандық заман талабынан туған сұраныс деп анықталды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

1. Дәстүр философия тарихында адамның дүниетанымымен, адами болмысымен байланысты құндылық ретінде танылды. Ойшылдардың дүниетанымына аналитикалық талдау жасау арқылы адамзат өмірінде жаңашылдық прогрессі болып отыратын құбылыс және ол өте қажетті, бірақ жаңашылдыққа бетбұрар кезде оған тарихи негіз болатын ескіліктен бас тартуға болмайды деген тұжырым жасалды. Дәстүр мәселесін көптеген ойшылдар «ескілік» пен «жаңашылдық» ұғымдарының диалектикалық байланысы арқылы түсіндірді. Заман талабына сай келмейтін, ескірген дәстүрлерді ұстану, адамның өз-өзін бұғаулауымен теңестірсе, маңызды құндылықтарды аяқ асты етіп, мүлде жаңашылдыққа бет бұру адасушылыққа әкелмек. Дәстүрді жаңашылдықпен байланыстырғанда оларды бір-біріне қарсы қою арқылы емес, керісінше бірлігін мойындау, байланыстыру және өзара ықпалдастыру арқылы анықтау қажет.

2. Түркілік дәстүрлер гуманизм, толеранттылық, өмірге құштар болу принциптеріне негізделген. Бұл қағидалар қоғамдық санада құндылықтар парадигмасының қалыптастыруда маңызды аспектілерге айналды. Түркілік дәстүрлер «ізгілік», «кұт», «бірлік», «ар» сияқты концептілерде көрініс берді. Түркі қоғамында дәстүр әрбір жеке адамның өткен тарихтан алуға тиісті тағлымы мен ұстанымы ретінде танылды. Түркі ойшылдарының ойларын негізге ала отырып, жалпы адамзаттық ізгілік деңгейіне жеткен құндылықтар ғана озық дәстүрлер ретінде мойындалады.

3. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы дәстүртануда шешуші мәнге ие. Өйткені, дәстүр кез келген қоғамның жаратылыстық ортасына, шаруашылығына, тұрмыс жағдайына, тіпті климаттық ерекшелігіне байланысты қалыптасады. Табиғи қажеттіліктен туған төл дәстүрлеріміз ұлттық дүниетанымның тұғыры бола отырып, ұлт болашағының беталысын бағдарлайды. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысын тану арқылы ұлттық болмыс пен адами қасиеттердің мағынасын түсінуге жол ашамыз. Дәстүр табиғи қажеттіліктерден бастау алады, бірақ онымен шектелмейді, оның рухани және сакральді мағынасы терең.

4. Сабақтастық дәуірлер арасындағы дәстүрлер жалғасымы мен жеткізілу байланысын айқындайды, ол үздіксіздік пен ажырамастықтың бірлігін көрсетеді. Сабақтастық үзілген жағдайда дәстүр адамзат өміріндегі өз қызметін тоқтады. Дәстүрлер сабақтастығы арқылы ұлттың өмір сүру формасы, мінез-құлқы, дүниеге қатынасы, мәдениеті, бабалар өмірінің тәжірбиесі ұрпақтан-ұрпаққа көшіп отырады. Қазақстан Мәңгілік Ел болу үшін, ұлттық құндылықтар мен ұрпақтар арасындағы ажырамас сабақтастықты сақтауға

тиіспіз. Дәстүрлер сабақтастығы арқылы өткен мен болашақ арасында бірлік сақталады, жаңашылдыққа да серпін береді.

5. Озық дәстүрлердің ішкі мәні – ізгілік. Ізгілік ұғымы адамдық қасиеттің жоғарғы нормаларының өлшемін білдіреді. Ғасырлар бойы адамзаттың әртүрлі қоғамдары түрлі деңгейдегі ізгілікке негізделген дәстүрлерді қалыптастырды. Озық дәстүрлердің тарих сынынан сүрінбей өтіп бүгінге жетуі және баянды жалғасуы оның астарындағы ізгі құндылықтарға байланысты. Қазақтың озық дәстүрлерінің бойындағы ізгілік қасиеттерін тану оларды ұрпақтың түсінуі мен қабылдауы, Қазақ елінің болашағына дұрыс жол көрсетеудің негізі.

6. Ізгі дәстүрлер адам өмірін үйлесімді етеді, ел игілігіне қызмет көрсетеді. Дәстүрдің игіліктік ерекшелігі қоғамның рухани, мәдени қажеті мен бірлігі үшін пайдалылық функциясын білдіреді. Қазақ халқының дәстүрлері адам игілігі үшін қызмет атқарған. Отау көтеру, тәрбие, отбасы, тұрмыс, еңбек дәстүрлері ел өмірімен біте қайнасқан игілікті істер. Дәстүрді жүзеге асырудың формасы – игілік.

7. Дәстүр – қоғам мен мәдениеттің «ұжымдық жадысы». Уақыт қайталанбайды, бірақ оқиғаларға негіз болған ережелер мен қағидалар қайталанып отырады, осыған сай кейбір оқиғалар үздіксіз қайта жасалады, ол дәстүр. Дәстүрдің бойындағы өнеге, үлгі, тәлім, тәрбие құндылықтары оның қайталануының негізі. Дәстүр адам болмысына тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қанағатшылдық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, имандылық, бақыт, қанағат, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлылық, кісілік, сабақтастық т.б. Дәстүрдің маңызын анықтайтын бағалау формасы – құндылық.

8. Бүгінгі қазақ халқы бұрынғы дала халқы емес, бодан халық та емес, инновациялық мемлекет құруға аяқ басқан ел. Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды ұрпақ көзімен анықтауда дәстүрден алшақтау бар екендігі елеңдетеді. Оның себебі жаһандану заманында батыстық өркениетке шамадан тыс еліктеушілік. Ұлттық төл болмысқа сай келетін өз бірегей өркениетімізді құруда ұлттық рух пен ұлттық патриотизмге негізделген дәстүрлерді ұрпақ өмірімен сабақтастыра білуіміз қажет. Сананың сілкінуі және дәстүр жаңғыруы жаһандану дәуірінде ұлттық болмысы толық интеллектуалды ұрпақ қалыптастырады.

9. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаланы зерделей отырып, жаңару жолына түскен қазақ елі үшін ұлттық «менді» тану, ең алдымен түп тамырыңды танумен, дәстүр, мәдениет, тарих тамырларын білуге айрықша назар аударады. Инновациялық өрлеу жолына түскен бүгінгі Қазақстандық қоғамда, бағалы дәстүрлі құндылықтарымызды жаңа жағдайларға икемдеп отырып, ұлт болмысының діңгегіне айналған, тарихтың сынынан мүдірмей өткен дәстүрлерімізді қазіргі қоғамға сәйкес жаңғырта білу қажет. Ұлттық болмыстың түп қазығы болған дәстүрлерді реконструкциялап, оның бойындағы ұлт кемелденуіне кедергі болатын

өткеннің кертартпа мазмұндардан тазартып, озық дәстүрлер жүйесін қалыптастыру қажет.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының теориялық және қолданбалы маңызы оның өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен тікелей байланысты. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары рухани-дүниетанымдық мәселелерге қатысты еңбектер дайындағанда, қазақ халқының дәстүрлік мәдениетін зерттеу бойынша теориялық ғылыми жұмыстар жасағанда және жоғарғы оқу орындарында «Дәстүр философиясы», «Сабақтастық философиясы», «Жақсы қазақ», «Қазіргі заман қазақ философиясы», «Жанаша және инновациялық ойлау философиясы» бойынша арнайы курстарды оқытуда қолданыла алады. Зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдардың, философиялық пайымдаулардың жаһандану қоғамында жастарды руханилыққа, отаншылдыққа тәрбилеуде маңызы айрықша.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша жалпы саны 9 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде ҚР БЖҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау жөніндегі комитет ұсынған журналда-3 («Адам әлемі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы журналдарында»); Scopus цитата базасына кіретін, «European Journal of Science and Theology» румын журналында-1 мақала; Қазақстанда өткен ғылыми конференциялар жинағында 2 мақала; шетелде өткен ғылыми конференцияларда 4 мақала (оның ішінде екеуі Украина және Ресей елдерінде) басылып шықты.

Диссертация жұмысының құрылымы мен көлемі. Диссертация құрлымы белгіленген мақсат пен міндеттерге сай құрылды. Зерттеу жұмысы кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Философия тарихындағы дәстүр мәселесіне көзқарас

Кез келген ұлтты тану үшін, сол ұлттың бойына сіңген ұлттық құндылықтарды тани білуіміз қажет. Ұлт үшін маңызды құндылықтардың бірі – дәстүр. Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, дәстүрі бар. Дәстүр латын тілінде *traditio* – тапсыру, жалғастыру деген сөзден шыққан. Дәстүрдің дүниеге келуі сол ұлттың әлеуметтік-мәдени құндылықтарының қалыптасуымен байланысты. Дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Белгілі бір қоғамдық тәртіптер, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялар, салт-жоралғылар дәстүр ретінде қаралады [51]. Дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын, ұлттың дүниетанымынан, өмір сүру қажеттіліктерінен, тұрмысынан, яғни бүгінгі түсінікпен айтсақ, уақыттың өзі бекітіп, ұлттың бойында ұзақ уақыт сақталған мұрасы.

Дәстүр дегеніміз өткеніміздің бейнесі және әлеуметтік өмір мен мәдениеттегі шартты тұрақтылықтың белгісі, қоғамның түрлі салаларын, олардың даму сабақтастығының тетігін, бекітілу формасын және әлеуметтік-мәдени тәжірбиенің сақталуын бойына сіңірген категория. Дәстүр өзін-өзі ұстаудың, ойлаудың және сезінудің үлгісі, ол оң немесе теріс бағаланады, әлеуметтік топтың мәдени мұрасына жатады, шындығында немесе аңыз ретінде бұрынғының екі ұшты ақиқатын қазіргі күннің нақты құндылығына айналдыра алатын тарихи сананың ерекше түрі [52]. Қазіргі философиялық сөздікте осылай берілген анықтама дәстүрдің қоғам өміріндегі қызметін айқындайды. Дәстүрді зерттеуші ғалымдар ұлттық, әлеуметтік, бұқаралық (этникалық), діни және мәдени дәстүр деген негізгі түрлерін анықтап берді. Дәстүрді философиялық тұрғыдан зерделеу арқылы әлеуметтік болмыс пен санадағы маңызды мәселелердің метафизикалық түйінін анықтай аламыз. Дәстүр ұлт дамуының негізгі көзі, ұлттың өмірден көрген-түйгенінен, дүниетанымынан туған нәрсе. Бір немесе екі адамның арасындағы қарым-қатынастан емес, жалпы ұлт болып қалыптастырған құндылық. Халықтың, ұлттық дүниетанымның тарихи арналарының бірі – оның дәстүрі. Дәстүр өткен заманның естелігі ғана емес, ұрпақтан ұрпаққа құндылықтарды жеткізудің жолы. Біздің бүгінгі таным-түсінігіміздегі қолданып жүрген білім, ілім, ой-толғамдар дәстүр ретінде жеткен. Дәстүрдің қоғамдық ортадағы алатын орны жайындағы шетелдік ойшылдардың пікірлеріне тоқталсақ: француз философы Жан Жорес «...дәстүрді ескінің сарқыншағы деп санайтындармен келіспеймін. Дәстүр күл-қоқысты сақтау емес, от-жалынды лаулату» деп жазған. Шындығында да, дәстүр – жойылуға емес, жетілуге, дамуға жеткізетін құндылық. Дәстүр ұрпақтарды сабақтастырады, өткенді есте сақтай отырып, болашақ туралы ойлауға, болашақты жасауға көмектеседі. Орыс мәдениеттанушысы Петр Савицкий «Дәстүрін жоғалтқан төменге құлдырайды» деп жазды. Дәстүрінен айырылған адам өзінің болмысын, бастапқы мәнін

жоғалтады. Ал, Герольд Бельгердің пікірі бойынша «Өз халқының тереңде жатқан тамырын, салт-дәстүрін, тілін білмеу ұлттық сана-сезімнің өшіп бара жатқанының белгісі. Ұлттық мәдениеттің тарихына енжар қарау міндетті түрде орны толмас қайғыға апарып соқтырады». Томас Джефферсон «жақсы жазылған заңнан, жақсы жазылған салт-дәстүр артық» деген екен. Ең жақсы заң ұлттық салт-сана. Р. Генон «Дәстүр – адамға Тәңірден берілген ілім» - дептаныды [53]. Кез келген халықтың дәстүрі оның ұлттық сана-сезімінің және мәдениет қорының негізі болып табылады. Дәстүрдің қоғам өміріндегі философиялық мәні ерекше. Қоғамда дәстүрді философиялық мәселе ретінде танымыз. Адамзат өмірінде айрықша орын алатын рухани қызмет салаларының бірі – философия. Философия ғылымындағы ең негізгі мәселелердің бірі адам және оның әлемдегі орны болып табылмақ. М.К. Мамардашвили: философияның ең өзекті зерттеу нышаны «адам феномені», яғни біздің нақты өміріміз деп таныған. Біз дәстүр ұғымын не себепті философиямен байланыстырамыз? Дәстүрдегі барлық мәселе адам және оның өміріне қатысты болып табылмайма? Дәстүрдегі ең негізгі мәселелердің бірі – адам мәселесі. Дәстүр – адамның өмір сүріп отырған ортасынан, дүниеге деген көзқарасынан, тұрмысынан туындап отырған құндылық. Сондықтан, дәстүрді философиялық мәселе ретінде тану өте орынды. Дәстүрдің бойындағы ережелер мен оның мәні адам болмысына байланысты түсіндіріледі. Дәстүр мен философияны жақындастыратын ортақ нәрсе – адам мәселесі болмақ [53, б. 50].

Кез келген басқа салалар секілді, философияның бойында да дәстүрлі идеялар, ұғымдар болады, ол философиялық дәстүр деп аталады. Бірақ, философияның табиғатында жаңашылдық тың идеяға талпыныс қасиеті бар. Сөйтіп, ол философиялық дәстүрмен шектелмейді, кейбір ойшылдар философияның қасаң дәстүрлерін бұзып отырады. Демек, философия біртұтас толық мағынада дәстүр бола алмайды. Философиялық дәстүрді философияның бір қасиеті ретінде ғана тани аламыз, ол қоғамдық ортада құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қызметін атқармақ.

Дәстүр мәселесі философиялық ойдың даму тарихындағы ойшылдарды да ойландырмай кетпегені анық. Философиялық ойлау кезеңдерінде дәстүр мәселесінің жеке адам мен тұлғаның, ұлт пен ұлыстың, қоғам мен мемлекеттің, жалпы, адамзат дамуындағы орны мен рөлі туралы, философиялық тұрғыдан жан-жақты ашып қарастырған. Философия тарихында ойшылдар өз дүниетанымында дәстүр мәселесінің адамзат өмірінде алатын орны мен маңызын айқындаған. Философиялық ойдың даму тарихында «дәстүр» философиялық категория ретінде қалыптасып, оның болмыстық мәні жан-жақты танылған. Дәстүр ойшылдар дүниетанымында әлеуметтік сабақтастық формасы ретінде таныла отырып, ақпаратты, пікірді, ойды, салттарды стереотиптендіру, алгоритмдендіру жолымен ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің әлеуметтік-мәдени тетігінің негізі ретінде ұғындырылады. Ойшылдар дәстүрді адамның өмір сүру ортасынан, көзқарасынан туған құндылық ретінде түсіндіре отырып, қандай да бір жағдайға арналып, белгіленген, орнатылған тәртіп тұрғысынан пайымдалатындығын көрсетеді. Дәстүр ұғымына деген көзқарастар

Шығыс пен Батыста философиялық ойдың пайда бола бастаған кезінен бастап, Неміс классикалық және Жаңа дәуір кезеңіне дейінгі аралықта жалғасады. Дәстүр Жаңа дәуір кезеңінде философиялық категория ретінде танылады. Философиядағы ойшылдардың дүниетанымында «дәстүр» категориясына барынша жақын ұғымдар ретінде «рәсім», «әдет-ғұрып», «жоралғы» ұғымдары қарастырылады. Ал, осы ұғымдардың барлығы да, сайып келгенде дәстүрдің үлгісіне жақындастырылады және ойшылдардың шығармаларында дәстүр ұғымын сипаттау кезінде жиі қолданылады. Алайда, дәстүрдің бүкіл мәнін, мазмұнын рәсімдерге, әдет-ғұрыпқа, жол-жоралғыларға теңестірген деп айтуға болмайды. Өйткені, философиялық тұрғыдан қарастырсақ, «дәстүр» ұғымының мазмұны «рәсім», «әдет-ғұрып», «жоралғы» ұғымдарымен салыстырғанда анағұрлым кең болып табылмақ. «Дәстүр» ұғымы философиялық ойлау кезеңдерінде қоғам өмірінің рухани салаларының бірі ретінде айқындала отырып, ұлт үшін өмір, тағылым, тәрбие көзі ретінде дәлелденді. Ойшылдар өз шығармаларында дәстүр мәселесінің адамзат, қоғам өміріндегі мәнін ашып, дәстүр ұғымының философиялық мазмұнын ұғындырады. Дәстүр философиялық зерттеу алаңында ұзақ жылдар бойы қарастырылып келе жатқан ұғым.

Философиялық ойдың бастауы Ежелгі Қытай және Ежелгі Үнді философиясынан туындайды. Ежелгі Үнді философиясында негізгі интенция «Мен» және «Әлем», «Брахман» және «Атман» қатынастары болатын болса, ал Ежелгі Қытай философиясындағы негізгі интенция жеке адам мен қоғамның арасындағы қатынастар болып табылады [54].

Ежелгі Қытай философиялық ойының негізгі мәселелерінің бірі – дәстүрлі өмір салты мен әлеуметтік жаңалықтардың ара-қатынасы проблемалары болып табылады. Ежелгі Қытай философиялық дүниетанымындағы әлеуметтік негіздемелерде дәстүр мәселелері философиялық талдаудың ең негізгі тақырыптарының бірі ретінде қарастырылды. Қытай дүниетанымында дәстүр-қоғамның дамуындағы өткен және болашақ дәуірмен ұрпақтар арасындағы байланыстың үздіксіздігін қамтамасыз ететін әмбебап механизм ретінде танылады.

Институттандырылған (құқықтық) және институттандырылмаған (дәстүрлі) нормалардың өзара қарым-қатынастары проблемасы конфуцийшілдік пен легизмнің арасындағы пікірталаста да аса айқын байқалады. Конфуций шілдік әлеуметтік-мәдени сабақтастықтағы тәрбие приматынан туындайтын болса, легистер – құқықтық тұрғыда іске асырылатын мәжбүрлеу принциптеріне негізделді. Конфуций өзінің Лунь Юй (Әңгімелер мен пайымдар) кітабында былай дейді: «Егер халықты заңдар арқылы басқарып, тәртіп сақтауды тек жазалау арқылы жүргізетін болса, халық жазадан бұлтарып кетуге ұмтылып, онысы үшін ұялуды да қоятын болады. Ал, егер халықты адамгершілікпен басқарып, салт-жоралғылар, дәстүр арқылы тәртіпке шақырса, халық ұятты біліп, түзелетін болады» [3, с. 143]. Ежелгі Қытайда дәстүрді мәдениет құбылысы, қоғамдық тәртіптің кепілі ретінде және қарым-қатынасты реттеуші, адам өмірінің нақты үлгісі ретінде қарастырады.

Конфуций ілімінде дәстүр ұғымына қатысты «ли» түсінігінің маңызы айрықша. Конфуцийдің айтуына қарағанда, халық өзінің дәстүрін сақтап, құрметтеу керек. Дәстүрінен айырылған халық тарап кетеді. «Кемел адам» (цзюн-цзы) болудың басты шарты үлкендерді сыйлау және дәстүрлерді ұстану. Конфуций дәстүрге көңіл бөле отырып, оны кемел адам болудың шартты деңгейіне дейін көтеріп қараған. Конфуций философиясына сыни көзқараспен қарап, дәстүршілдігін сынға алған моистер мектебі болды. Олардың ойынша, «бұрынғылардың кимін киіп, сөзін сөйлегендердің барлығынан адамшылдық шықпауы мүмкін, дәстүрге бет бұра бермей, жаңа құндылықтарда жасай білуіміз қажет» - деп таныған.

Қытай дүниетанымында ұлттың бойына сіңген маңызды құндылықтардың бастауы, негізі дәстүрде жатыр деп білген. Қытай философиясында дәстүр мәдениет феномені және қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретінде саралады, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің кепілі ретінде түсіндірді. Қытай ілімінде дәстүр – адамдар арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір түрі, адамның дүниеге деген көзқарасын өзгертіп, адам санасының кемелденуіне жол ашатын тәрбиелік мәні ерекше құндылық ретінде танылған. Дәстүрлердің жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері ғана жаңа жағдайда ілгері дамуы қажет деп таниды.

Дәстүр мәселесіне қатысты Ежелгі Үндістандағы философиялық рефлексия туралы айта отырып, оның Көне Үнді қоғамының қасталық құрылысына тән ерекшеліктерге де, тіпті философиялық ойдың өзінің ортодоксалдық және ортодоксалдық емес философиялық бағыттар түрінде өмір сүру тәсіліне байланысты екенін түсінеміз.

Этно-элеуметтік салада қалыптасқан дәстүрлерді ұстанудың айрықша маңыздылығы туралы айтылған ойларды «Ману Заңдарында» және «Артхашастра Каутильи» атты Ежелгі Үндінің элеуметтік-философиялық трактатынан кездестіреміз. Варналардың арасында қалыптасқан қарым-қатынастар негізінен бүкіл ежелгі Үнді қоғамына тән сипатқа ие болды. Осы қатынастар бастапқыда дәстүрлі, әдеттегі қарым-қатынастар түрінде сақталып отырған болса, кейін қандай да бір формаларда құқықтық нормалар ретінде бекітіле бастады. Үнді дүниетанымы бойынша дәстүр жоғалған жағдайда, адам өз өмірінің тіршілік етуімен ішкі байланыстарын жоғалтады. Ежелгі Үндістанның өте бай рухани мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жолмен ғана берілуінің өзі де қоғамның өмір-тіршілігіндегі рухани сала дәстүрлеріне деген рефлексияны маңыздандыра түседі. Философиялық, діни және басқа да көптеген Ежелгі Үнді мектептері мен бағыттарының түпкі нұсқасын, тұрақтылығын, мызғымастығын сақтап қалу қажеттігі де дәстүр сияқты элеуметтік тәжірибені тіркеп, жинақтап, келесі ұрпаққа жеткізу тетіктерінің болуын қажет етті [54, б. 58]. Ежелгі Үнді философиясында дәстүрді адамның дүниеге қатынасынан туған құндылық ретінде таныды.

Ежелгі Шығыс философиясында дәстүр мен дәстүрлік проблемалары туралы талдау жасарлық мәліметтер жетерлік. Дәстүр мен құқықтың, дәстүр мен жаңалықтың арасындағы ара-қатынастарға деген философиялық рефлексия

да анық байқалады [54, б. 59]. Шығыс дүниетанымы бойынша қоғамда барлығы өзгермелі, тұрақты емес, адамның өмір сүру ортасына сәйкес көзқарасыда өзгермек, дәстүрлі құндылықтардың өзгеруін рухани құндылықтардың өзгеруімен байланыстырады. Қытай елі бүгінгі таңда заман талабына сай, өте қарқынды дамып келе жатқан ел. Қытай елінде болып жатқан жаңару үрдістері сол елдің терең түп-тамырына жайылған қаншама жылдық мәдениетімен, дүниетанымымен және дәстүрімен байланысты. Синологтардың (қытай танушылардың) айтуына қарағанда, қоғамның дәстүрлі іргетасының бұзылуы адамның өзін жоғалтумен тең деген идея қалыптасқан. Ежелгі Қытай дүниетанымында дәстүр мәдениет құбылысын реттеуші, қоғамдық тәртіптің кепілі ретінде түсіндіріледі.

Көне шығыс философиясынан кейін Батыс философиясы, ол антикалық философия. Грек мифологиясы осы уақытқа дейін адамзатты таңқалдырған дәстүрлі, мәдени құбылыс. Грек мифологиясынан сонау көне замандағы адамдардың өмір-салтын, дәстүрін, дүниеге деген көзқарастарын, алғашқы дүниетанымдық түсініктерін байқауға болады. Егер Ежелгі грекиялық ойлаудың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттайтын болсақ, ол ерекшеліктердің қатарына онтологизмді, космологизмді, фатализмді және т.с.с. жатқызар едік [54, б. 59].

Ежелгі Грекияның әлеуметтік-философиялық ойларында дәстүрдің қоғамдық өмірде алатын орны туралы айтылған. Мысалы, Платон өзінің жетінші заңдар кітабында былай дейді: «Біздің қарастырып отырғанымыздың барлығы көпшілік айтқандай, жазылмаған салттар болып табылады. Ал, ескілік заңдары деп аталып жүргендер де осы сияқты қағидалардың жиынтығы. Мұндайда заңдар туралы айту орынсыз, бірақ, екінші жағынан, оны айтпауға да болмайды. Осы дәстүр кез келген мемлекеттік құрылымды байланыстырып тұр. Олар жазбаша белгіленген заңдар мен келешекте әлі де белгіленетін заңдардың дәл ортасын алады. Қысқасын айтқанда, оларды ескі, мейлінше ежелгі қағидалар деп айтуға болар. Оларды барынша мұқият белгілеп, өмірге енгізетін болсақ – олар қазіргі заңдар үшін таптырмас негіз бола алар еді. Сөйте тұра, осы әсемдіктің шегінен аттап кетер болсақ, бейне бір құрылысшылар ғимараттың ең маңызды болып табылатын бөліктерін жасырын түрде алып тастағанындай, барлығы қирайды; өйткені бір қағидалардың екінші бір қағидаларға сүйенетіні сияқты, ертеден келе жатқан берік іргетас бүлінсе – оныңүстіндегі жаңа тұрғызған құрылыс та бүлінеді. Сондықтан сен заңдар, салттар немесе әдет-ғұрыптар аталатындардың ішінен ұлысын да, кішісін де мүмкіндігінше назардан тыс қалдырмай, жаңа мемлекетті барынша нығайтуға тиіссің. Өйткені, осының бәрі мемлекетті құрайды, онсыз ешқандай бастама мықты бола алмайды. Сондықтан, егер заңдарымыз, бір қарағанда ұсақ-түйек сияқты көрінетін қағидалардың ескерілуімен бұрынғысынан анағұрлым ауқымдырақ болып шығып жатса, оған таңғалудың қажеті жоқ» [4, с. 272]. Осылайша, Платонның түсінігіндегі дәстүр «салт», «жазылмаған салттар», «ескі заңдар» терминдері қолданылғанына қарамастан, дәстүр қоғамның шаруашылық қызметі емес, мемлекеттік-саяси құрамдас бөлігін реттеу тәсілі

ретінде қарастырылып отыр. Дәстүр-заңнаманың антологиялық базасы іспетті, кез келген мемлекеттік құрылымды байланыстырып тұр. Дәстүр әлеуметтік мұра және ұрпақтың сабақтастығы механизмі ретінде түсіндірді.

Платонның көзқарасы бойынша дәстүрге, салттарға ескілік деп қарап, оны жоққа шығаруға болмайды. Ежелден келе жатқан құндылық бүлінсе, жаңадан пайда болған ұғым да ұзаққа бармайды деп қарастырады. Дәстүрге ескілік деп қарап, өзіңнің бастапқы келбетіңді жоғалтып алма деген идеяға сәйкес ойды айтады [54, б. 59]. Дәстүрді мызғымастықтың, сапалылықтың көрінісі ретінде таниды.

Ежелгі Грекия философиялық ойының тағы бір ойшылы Аристотельдің осы мәселеге көзқарасына келетін болсақ, оның жалпы сұлбасын «Этика» және «Саясат» трактаттарынан алынған мәтіндерді негізге ала отырып байқауға болады. «Дәстүр» санатының мағынасын нақты ашатын терминді Аристотельден кездестірмейміз. Аристотель «әдет», «салт» (ethos) терминдерін қолданады. Тіпті, көп жағдайларда «ethos» термині, қазақ тіліндегі «әдет» ұғымына сәйкес келеді. Аристотель жалпы алғандағы қоғамдық құрылыс жайында емес, полистің құрылымы туралы айтады, өйткені Аристотель үшін полис ең қолайлы мемлекеттік құрылыс, ол тұрғындарының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай қуатты және басқару ісін барынша жақсы ұйымдастыруға боларлықтай жинақы, шағын.

Аристотельдің пікірі бойынша, мемлекеттің тарихи болмысына үш фактор әсер етеді: тағдыр, табиғат және заңдар (салт). Қоғамдық өмірді тек қана заң реттеуі тиіс. Заң мен салт Аристотельдің пікірі бойынша өте жиі сәйкеседі. «Ертеде Македонияда бір де бір жауды өлтірмеген адамға ноқта кигізілетін болады деген заң болған. Мұндай адамға скифтер де мереке кезінде көпшілікпен бірге дәм татуға рұқсат бермеген... Осындай тыйымдар өзгелерде де өте көп, олар кейде заңмен белгіленеді, кейде олар әдет-ғұрыптарға, салттарға байланысты болғандықтан, қасиетті деп қабылданады» [5, с. 592]. Ежелгі Грекия полистерінде, заманауи тұрғыдан қарағанда, қоғамдық өмірдің шамадан тыс заңнамалық реттелуін байқаймыз. Ежелгі Грек дүниетанымында дәстүр қоғамды, адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін заңмен сәйкестендірілген құндылық ретінде қарастырылады. Грек дүниетанымында кез келген қоғамда ұлттық сана-сезімнің бұзылуы, заңның, дәстүрдің, салттардың, мәдени, тарихи құбылыстардың жоғалуы өте ауыр іс деп біледі. Грек ойшылдарының шығармаларында ізгілік дегеніміз – жақсылықты білу, соның негізінде іс-әрекет ету. Тек ізгі адамдар ғана бақытты, шындығы жоқ, арам пиғылдылар әрқашанда бақытсыз. Адамгершілік, ізгілік адамдарға дәстүр, тәрбие арқылы берілмек. Моральдық құндылықтардың қалыптасуындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің орны айрықша екендігін ұғындырады. Грек философиясында дәстүр өткеннен бүгінге одан болашаққа берілетін бағдар ретінде танылды. Дәстүр әлеуметтік ортаны реттеуде маңызды қызмет атқаратын құндылық ретінде ұғындырды. Грек ойшылдары дәстүрді қоғамдық құбылыстарды реттеуші құбылыс ретінде тани отырып, адамзат

өміріне маңызды оқиғаларға шешім қабылдау сәттерінде дәстүрге, ежелгі тәжірибеге сүйенді.

Антика дәуірінен ортағасырларға өткен тұста философия сапалық тұрғыдан едәуір өзгерістерге ұшырады. Ортағасырлық философия теоцентризмге, яғни бүкіл тіршіліктің мәні дүниеден тысқары тұрған тылсым күш – Құдайда деп түсінетін философиялық көзқарасқа негізделді, ал қоғамдық дамуға деген көзқарастарда провиденциализм, яғни тарихтың бәрі құдіреттің күшімен болатын құбылыс деп түсіну белең алды. Ал, бірінші орынға болжам мен көрегендік қойылғанда, қалған құбылыстың барлығы, оның ішінде дәстүр де екінші сатыда қалатыны белгілі. Алайда, соған қарамастан, тарихи үдеріске деген философиялық көзқарастың жалпы өзгеруінің өзі оның құрамдас бөліктеріне деген түсінікті де өзгертті [54, б. 60]. Орта ғасырдағы рухани ахуалға келетін болсақ, ондағы басты өзгеріс – адам өзінің ішкі жан дүниесіндегі рухты тауып, өзінің Құдаймен байланысты пенде екенін аңғарды. Мұның өзі философияның жаңа түрінің пайда болуына әкелді.

Августиннің адам жігерінің еркіндігі туралы ілімі де әлеуметтік серпінділікті жаңаша түсінудің арқауы болды. Өз таңдауын саналы түрде жасаған адам ғана дәстүрді сақтай алады. Адамзат тарихын адам өмірінің алты кезеңі деп түсіну, Августинді өзін адамзаттың қарттық кезеңінде өмір сүріп отырмын деген түсінікке алып келді, оның тұжырымы бойынша адамзаттың қарттық кезеңі Иисустың бірінші келуінен басталып, оның екінші рет оралуымен аяқталады. Бұл қағида бір жағынан ортағасырлық дүниетанымда әлемнің қартаюуы туралы идеяға, екінші жағынан діни ілім келгеннен кейін жаңалық атаулының барлығының түк қажеті жоқ болады деген қағидаға ұласты. Белгілі медиевист Арон Яковлевич Гуревич жазғанындай: «Орта ғасырларда кез келген өзгерістер міндетті түрде құлдырауға, іріп-шіруге апарып соғады деген сенім мейлінше көп таралған еді. Өзгерген нәрсенің барлығы да өзінің бастапқы құндылығын жоғалтады. «Modernitas» термині («модернизм») орта ғасырларда жағымсыз мағынаға ие бола кететін еді: уақыт пен дәстүрге қатысы жоқ жаңашылдықтың барлығы да күдік туғызды. «Бұрын-соңды естімеген жаңалық», «жаңа үрдістер» туралы айыптаулар ең алдымен еретиктерге «*novi doctores*» тағылды және қоғамдық қудалаушылықтың қауіпті құралына айналды. Ескі нәрсе ғана құндылық болып саналды» [55]. Ойшыл ескі мен жаңаның арасындағы байланыстарды қарастырды, өткен уақыт рухани өмірдің өлшемі ретінде бағаланды.

Гийом Коншский: «Біз ешқандай жаңалық ашпаймыз, тек қана ежелгілердің ісін қайталаймыз» деп жазды [55, с. 113]. Уақыт өзгермелі адамның бүгінгі күні өткен шаққа айналатындығын, олардың байланысын жоққа шығармайды. Фома Аквинский «Сумма теологии» атты еңбегінде «ескі» мен «жаңаның» ара-қатынасы туралы пікірталасты қорытындылай келіп, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қатынас туралы мәселеге назар аударады. Жаңашылдық дәстүрдің ықпалымен шектелуде, өйткені апостолдар христиан ілімін кейінгі ұрпақтарға қарағанда анағұрлым терең және толығырақ түсінеді [6, р. 28]. Ескілік арқылы ғана адамзат жаңашылдыққа қол жеткізе алады.

Жаңашылдықтың негізінде ескілік жатыр деп қарастырады. Ортағасыр философиясында діни ілім басты орында болды. Осы кезеңде дәстүр адамның өзінің іс-әрекетінің көрінісі ретінде танылды. Дәстүр – мәдениеттіліктің белгісі. Дәстүр бұзылған кезде адамның рухани дүниесіне елеулі нұқсан келеді. Ортағасырда дәстүрді діни тәжірибені тарату әдісі ретінде түсінді.

Жаңа дәуір философиясы ортағасырлық дүниетанымдағы «ескі» (дәстүр) мен «жаңаның» (инновация) ара-қатынасы мәселелерін біршама өзгерткенімен, Френсис Бэконды мысалға алатын болсақ, бұрыннан қалыптасып қалған көзқарастарды түбегейлі өзгерте алған жоқ. Жаңа дәуір философиясында дәстүрді адамның өміріне қатысты құндылық ретінде талдады.

Френсис Бэкон өз дүниетанымында: «Біз ғылымнан үш бұрмалауды немесе үш дертті анықтадық; олардан тыс тағы да басқа жекелеген сырқаттар бар, бірақ олар асқынған дерт емес, тек зиянды ісіктер ғана; алайда олар көпшілік байқай алмайтындай немесе олардың айыптауын туғызбайтындай елеусіз, астыртын емес. Сондықтан да біз оларды еш уақытта назардан тыс қалдыра алмаймыз. Біріншісі екі қапталға, яғни бір шеттен екінші шетке – ескі мен жаңаға деген өлшеусіз ұмтылыс, бірақ бұл ретте де Уақыттың балалары әкесіне ойдағыдай еліктей алмайды, өйткені Уақыт өз ізбасарларын қалай жалмаса, олар да бірін-бірі дәл солай жалмайды. Ескілік жаңашылдықтың өсіп-жетілуіне қызғанышпен қарайды, ал жаңашылдық болса, соңғы туындап келе жатқан жаңа толқындарға көңілі толмай, ескінің көзін мүлдем жойып, таптап, лақтырып тастағысы келеді. Пайғамбардың баршаға белгілі кеңесі нақ осы жерде қағидаға айналуы тиіс: «Ежелгі сұрлеу жолдарға түсіндер де, олардың қайсысы түзу де тура екенін табыңдар, сөйтіп, сол тура жолмен жүріңдер». Ескіден ең жақсысын тапқаннан кейін, бөгелместен тек қана алға ұмтылуын талап етеді. Шындығында, «Ежелгі заман – әлемнің жастық шағы» деп тегін айтылмаған» [7, с. 111]. Осы орайда Френсис Бэкон дәстүрдің тек бір орында тежеліп қалатын, ары қарай дамуға итермелейтін қасиеттерінің де бар екендігін сынға алды. Ескілікті берік ұстанып, онымен шектеліп қалуға да болмайды. Мүлдем ескірген құндылықтарды маңызды деп тану адамның өміріндегі өзгерістерге өзінің кері әсерін тигізеді деп таниды. Тіпті жаңашылдық қажет екенін, жаңашылдықтың қалыптасуына ескі құндылықтар бөгет болатындығын ескертеді. Мүлдем ескірген құндылықтар, уақыт көшіне ілесе алмай, ұмыт бола бастайды. Адам үшін маңыздылығын жоғалтпаған құндылықты қанша уақыт өтсе де, ескілік ретінде танып, жоққа шығаруға болмайды. Жаңашылдықтың өзі де бойындағы маңызды құндылықтарды ескіліктен алады екен. Френсис Бэкон дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, белгілі бір қоғамдар мен әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталған әлеуметтік және мәдени мұра элементтері ретінде түсіндіреді.

Жаңа дәуір ойшылдары ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарға үлкен әсер ететіндігін анықтады. Томас Гоббс аса ірі әлеуметтік ойшыл бола отырып, салттарды олардың құқыққа қатынасы тұрғысынан қарастырады: «Құқықтың себептері мен негізгі табиғатын, әділеттілікті, заң мен сот әділдігін білмеушілік – адамдарды өз

әрекеттерінің қағидасы ретінде салт пен үлгіні ұстануға итермелейді. Бұл ретте теріс болып танылатыны – салт-дәстүр бойынша жазалануға жататын істер, ал дұрыс болып шығатыны не? Оның зауалсыздығы, тіпті қолпаштаудан да кеңде еместігі туралы көптеген мысалдар келтіруге болады» [8, с. 132]. Томас Гоббс дүниетанымында дәстүр адам үшін тура жолды меңзейді. Адам өмірінде ерекше орын алатын құндылықтар ғана салт-дәстүрге айналмақ. Дәстүрдің негізінде маңызды құндылықтар болғандықтан, ол ұрпақтан ұрпаққа жалғаспақ [54, б. 61]. Өткенсіз қоғамның болашағы болмайды, өткеннің «болжамдылығы» бізді болашаққа сенімді түрде көшіруге мүмкіндік береді. Қоғамның қарқынды даму кезеңдеріндегі елеулі әлеуметтік өзгерістер, әсіресе дәстүрлермен бағалануы керек.

Джон Локк білімнің дәстүр арқылы берілуі туралы мәселені қарастырады: «...Дәстүр – табиғат заңдарының сырын ашатын танымдық әдіс емес, бірақ оның себебі неде? Оның себебі біздің кейбір білімдерді, тіпті түгелдей дерлік білімдерді ата-аналарымыздан, тәлімгерлерімізден, жастардың санасын қалыптастырумен айналысатындардың барлығынан алатындығымыздан емес, демек табиғат заңдары – өзініңзаң болып табылатын шегінде бізге оқытудың көмегімен белгілі болып отырған жоқ. Мұны келесі аргументтер дәлелдей түседі: Біріншіден, бір-біріне қарама-қайшы келіп жататын дәстүрлердің мың сан түрлері болғанымен де, табиғат заңы неде екенін анықтау мүмкін емес және ненің ақиқат екенін, ненің жалған екенін, ненің заң, ненің жай ғана пікір екенін анықтау мүмкін емес. Сол сияқты табиғат не дейді, пайдакүнемдік не дейді, сана не дейді, саясат не дейді – мұнында жауабын дәл табу мүмкін емес. Өйткені дәстүр әр жерде қаншалықты әртүрлі, бір-біріне қаншалықты кереғар болса, адамдардың пікірлері де соншалықты қарама-қайшы және олар әртүрлі халықтарда ғана әрқилы емес, бір елдің ішінде де әрқилы болады, ал бізге өзгелер арқылы келген пікірлердің әрқайсысы – дәстүр, өйткені әркім өзінің пікірін бар пәрменімен дәлелдеуге ұмтылады және тек өзіне ғана сендіргісі келеді. Мұндай жағдайда біздің мінез-құлқымызды, тәртібімізді нақты қандай дәстүрдің реттеп тұрғанын айыру мүмкін болмас еді» [9, с. 12-13]. Джон Локк жалпы адамның табиғатын жазылмаған «таза тақта» (*tabula rasa*) ретінде қараған, адам өмірге келіп, тәжірбие жинақтап, сол тақтаға жазады. Адамды осы өмірде тәжірбие арқылы жолығатын құндылықтар қалыптастырады. Ендеше, ойшыл адамның болмысын қалыптастырудағы дәстүрдің рөлін жоққа шығармайды. Адамдарда туа біткен дәстүрлі құндылықтардың жоқ екендігін, адам өзінің өмір тәжірбиесі арқылы жасайтындығын анықтайды.

Томас Гоббс пен Джон Локктың пікірін одан әрі қарай өрбіте отырып, Клод Адриан Гельвецкий былай деп жазады: «Егер мен барлық мемлекеттерді шолып шықсам, мен олардың әрқайсысынан ерекше бір дәстүрлерді көрген болар едім, әр халық өзін ең жақсы дәстүрлердің иесіміз деп санайды» [55, с. 224]. Дәстүр барлық ұлттарға тән құндылық болсада, әр ұлттың дәстүрі әртүрлі, тіпті бір-біріне ұқсамайды және әр ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсететіндігін баяндайды. «...Тіпті ең қатыгез, ақылға қонбайтын дәстүрлердің өзі шынайы немесе ең болмаса қиялдағы қоғамдық игілікке деген ұмтылыстан

туындайды» [56]. Дәстүр адам өмірінің әлеуметтік және тарихи негізінен құралады. Дәстүр әр ұлттың ұлттық келбеті. Кез келген ұлтты тану үшін ең бірінші сол ұлттың дәстүрін, мәдениетін білу шарт. Дәстүрі жоқ ел болмайды. Оның дәлелі –Иоганн Готфрид Гердердің дүниетанымы. Иоганн Готфрид Гердер «дәстүр» ұғымын өзінің «Адамзат тарихы философиясына арналған идеялар» деп аталатын атақты еңбегінде алғаш рет философиялық категория ретінде қарастырған болатын.

Әлеуметтік серпінділіктің маңызды факторы ретіндегі дәстүрлілікке деген рефлексия Иоганн Готфрид Гердер үшін қоғамға талдау жүргізу әдіснамасы мәселелерін қарастыруда өте маңызды болды. Ол өзінің «Адамзат тарихының философиясына арналған идеялар» атты іргелі еңбегінің сегізінші және тоғызыншы кітаптарындағы негізгі параграфтардың атауына мынадай мәселелерді шығарды: «Адамның қиялы әрқашан да климаттық және органикалық тұрғыда анықталады және ол қайда жүрсе де оның қиялын дәстүр басқарады» [2, с. 199]. «Адамзат баласының ақыл-есі өмірдегі қажеттіліктерге байланысты болғанымен, ол әрқашан да халық даналарының бірегейі, дәстүр мен әдеттің ұланы» [2, с. 206], «Адамның бақыты – ол әрқашан индивидтің игілігі, климаттық және органикалық анықталған жаттығудың, дәстүрдің, әдеттің туындысы» [2, с. 221], «Басқару формаларының мәні негізінен дәстүрлерден алынған адамдар арасында орнатылған тәртіптер» [2, с. 245], «Дін–Жер бетіндегі ең көне және ең қасиетті дәстүр» [2, с. 252]. Ойшыл дәстүрді адамның өміріндегі іс-әрекетіне байланыстыра отырып, дәстүрлердің көпшілігінде діни негіз бар деген ойға барған. Алғашқыда адам өмірінде айрықша орын алған жоралғы, рәсім, әдет-ғұрып, дәстүрлерді діни саналар тудырған.

Иоганн Готфрид Гердердің адам өміріндегі дәстүрдің рөлі туралы түсінігін қорытындылау үшін, ең дұрысы оның «Идеялар» еңбегіндегі тоғызыншы кітабынан мына бір дәйексөзді келтіруге болады: «Адам бар жерде дәстүр де бар... Егер адам адамдардың арасында өмір сүріп жүрсе, ол мәдениеттен бас тарта алмайды, мәдениет оны қалыптастырады, қалыпқа келтіреді... дәстүр осыны әрі қарай іліп әкетіп, оның басын, басқа да дене мүшелерін сомдайды. Мәдениет қандай болса, материал өңдеуге қаншалықты икемді болса, адамның қандай адам болатыны, оның қандай қалыпқа келетіні де соған байланысты болмақ» [2, с. 232]. Ойшыл дәстүр ұғымын адамның дүниеге көзқарасынан, өмір тәжірибесінен, ойлау болмысынан туған құндылық ретінде таниды. Готфрид Гердердің өз философиясында дәстүр адамның болмысымен байланысты әрекеттер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Дәстүр мәдениеттің негізі ретінде сараланады.

Неміс классикалық философиясы дәстүрге қатысты айрықша бір теория қалыптастыра алмады. Алайда, соған қарамастан, неміс философтарында дәстүрдің мәні, оның нақты бір көріністері туралы өте анық, дәл айтылған ойларды кездестіреміз.

Мәселен, Георг Гегель өзінің Крейцерге жазған хатында XIX ғасырдың бас кезіндегі эстетика теоретиктерінің біріне қатысты былай дейді: «Ол дәстүрдің

тереңде жасырынып жатқан сабақтастығы мен сыртқы, көзге көрініп тұрған нақты, тарихи өзара байланыстылықтың арасындағы айырмашылықты түсінбейді, оның тереңдігі соншалықты, тіпті ол туралы түсініктің өзі де өзінің дәстүр туралы екендігін, өзінің көне екендігін ашып көрсетпейді. Оның бірден-бір көзі тек салыстыру арқылы, біртұтас сана мен дүниені саналы түйсінудің ішкі өзара байланысы арқылы танылады» [10, с. 400]. Георг Гегельдің дүниетанымында «дәстүр» мен «сабақтастықтың» қатынасын сипаттай отырып, «дәстүрдің» негізінен «сабақтастықтың» барысында ғана болатынын байқаймыз, яғни «сабақтастық» санаты «дәстүр» категориясына қарағанда анағұрлым кеңірек қарастырады [54, б. 62]. Георг Гегель «Дәстүр – бар-жоғы үй иесі секілді, барын жинап-теріп, келешегі үшін сақтайды, дегенмен, қатып қалған мүсін сияқты да емес, ол тірі жан сияқты өседі, дамиды, сөйтіп өз тамырынан алыстай бастайды» [57]. Георг Гегельдің философиялық ойлау дүниетанымында дәстүрге ең жақын ұғымдар ретінде сабақтастық ұғымын алып қарастырады. Ойшыл «Тарих философиясы» еңбегінде дәстүр мәселесіне қатысты сыни ойлар айтады. Өткенге бүгінгі күн тәуелді, бірақ өткен нәрсе ешнәрсеге негіз бола алмайды. Өткенді саралауда ақыл-ойға сүйеніп, ұтымды тәсілдерін ғана қолдануға болатындығын ұғындырды. Адамның саналы іс-әрекетінің көрінісі ретінде таниды. Дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өшпей, рухани құндылық ретінде қалыптасуына ықпалын тигізетін – сабақтастықұғымы. Ұрпақтар арасында сабақтастық болмаса, дәстүр өз маңыздылығын жоғалтпақ. Сабақтастық дәстүрдің мәнін ұғындырып, келер ұрпаққа маңыздылығын көрсетуде зор әрекет етеді.

Людвиг Фейербахтың дәстүр мәселесіне көзқарасы оның философияның, адам болмысының ерекшеліктері турасындағы жалпы түсінігіне байланысты. Христиан дінін, сонымен қатар адамзат тарихындағы барлық басқа да діндерді өткір сынға ала отырып, ол былай деп жазады: «Дін өзі туралы түсініктер мен дәстүрлерді қасиетті етіп көрсетіп, адамның тозақтан құтқарылуын өзіне тәуелді етеді, оны адамға «ардың ісі» іспетті міндеттейді. Осылайша, олар ұрпақтан ұрпаққа еш өзгеріссіз беріліп келе жатыр. Платонның «Заңдарында» жазылғандай, оның уақытындағы діни Египеттегі өнер туындылары мен сол уақыттан бірнеше мыңжылдықтар бұрын жасалған туындылардың арасында еш айырмашылық болмаған, өйткені кез келген жаңашылдық бірден қудалаушылыққа ұшырап отырған. Ал, Ост-Индияда (Шығыс Индия) жаңашылдықтың белгілері әлі күнге дейін қудалануда. Егер мазарлардағы ескі суреттерге сәйкес болмаса, ешқандай суретші діни бейнені сомдауға бата алмайды. Сондықтан, адам барлық басқа салаларда қаншалықты ілгері дамыса да, дінге келгенде көрсоқыр, топас кейпінен өзгерген емес, сол баяғы жеткен жерінде тапжылмастан әлі де тұр. Діни мекемелер, ескі наным-сенімдер ілгерілеуші санаға қаншалықты қарама-қайшы бола тұрса да, әлі күнге дейін қасиетті деп саналып келе жатыр» [11, с. 732-733]. Дәстүрді адам өмірінде моральдық құндылықтардың қалыптасу жолындағы ролін айрықша бағалай отырып, қоғамның дамуына жаңашылдық қажет екендігінде ескертеді. Таза

ескілікті берік ұстанып қалу да, адам өмірінің жақсаруына кері ықпал ететіндігін ұғындырады.

Макс Вебердің еңбегінде «Дәстүр» категориясы оның қоғамдық даму тұжырымдамасындағы базистік, негізгі санаттардың бірі, өйткені капиталистік қоғамға дейінгі «дәстүрліліктен» «мақсатты, тиімді» капиталистік қоғамға өтудің себебі де оның жалпы әлеуметтанушылық теориясының іргетасы болып табылады. «Протестанттық этика және капитализм рухы» деп аталған еңбегінде Макс Вебер «дәстүр», «дәстүршілдік», «экономикалық дәстүршілдік», «дәстүрлі қажеттіліктер» [12, с. 79] туралы жазса, «Түсінуші әлеуметтанудың кейбір санаттары» атты еңбегінде «дәстүрлі тәртіп» [12, с. 544] туралы ой толғайды. Ал, оның нақты «Вебердің дәстүр теориясы» деп тануға тұрарлық пікірі «Негізгі әлеуметтанулық ұғымдар» деп аталатын еңбекте келтірілді. Осы еңбектен дәстүрдің өзін және «дәстүрлі» әлеуметтік әрекеттер мен «мақсатты, тиімді» әрекеттердің ара-қатынасын Веберлік тұрғыдан түсінуге мүмкіндік беретін үзінді келтіре кетейік: Белгілі бір адамдар тобының шеңберінде жай әдет деп қабылданған жағдайларда әлеуметтік тәртіптің қағидаттарындағы біртектілікті пейіл, мінез деп санайтын боламыз. Ал, әдеттер ұзақ кезең бойы қалыптасып, сіңіп кеткен кездерде біз пейіл мен мінезді дәстүр деп атайтын боламыз. Егер әдет-ғұрыптардың эмпириялық болмысының мүмкіндігі жеке адамдардың күтетін нәтижелерінің бірдей болуынан туындайтын болса, оны «мүдделер арқылы шарттылану» деп анықтаймыз.

Макс Вебер дәстүрлілікті тәртіптің стереотиптерімен, белгілі бір әлеуметтік топтың шеңберінде «әдетке айналып кеткен» қалыптылықпен байланыстырады [54, б. 63]. Дәстүрді адамның мінез-құлқының көрінісі ретінде таниды. Дәстүрді қоғамда адамның іс-әрекетін реттейтін нормалар жиынтығы деп біледі. Атақты француз философы Рене Генонның ойы бойынша, дәстүр адамға Тәңірден берілген ілім. «Дәстүр» сөзі, беру жеткізу, сабақтастыру деген мағынады білдіреді деп қарастырады. Ал, дәстүрлі қоғам және жаңа қоғам жайлы Карл Поппер өзінің ашық және жабық қоғам теориясында қарастырған. Жаңа қоғамды ашық қоғамға, дәстүрлі қоғамды жабық қоғамға теңестіреді. Жабық қоғамда дәстүрдің басымдығын айта отырып, шығыстық типтегі мәдениетті жатқызса, ашық қоғамға өмірге деген рационалды және сыни көзқарастағы батыстық типтегі индустриалды, постиндустриалды мәдениетті жатқызады.

Кейбір дәстүрлеріміз қоғамда тұрақты қалыптасып, тіпті көненің көзі болсада бүгінгі заманға жету себептері туралы Э.Б. Тайлор өз дүниетанымында қарастырады. Э.Б. Тайлор бұл туралы: «Егер де белгілі бір салт, дағды кең таралып, берік болса, оларға деген кез келген әсердің әлсіз болатындығы соншалықты, олар ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріліп отырады. Олар арнасы түзу ағын секілді, ғасырлар бойы жалғасып келеді. Біз мұнда тұрақты мәдениет туралы айтып отырмыз» – дейді [13, с. 66]. Ойшыл дәстүр ұғымын ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын құрайтын құндылық ретінде таниды.

Неміс ойшылы Освальд Шпенглердің ойынша кез келген тарихи кезеңнің өзінің мәдениеті, дәстүрі, өмір сүру болмысы, ортасы болады. Кейін қоғам

өзгере келе адамдар ортасы үшін бұл құндылықтар мүлдем жат болып өзгеруі ықтимал деп таниды. Мәдениеттің негізін құраушы феномендердің бірі дәстүр екендігін ұғындырады.

Қазақ философиясында Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы секілді ойшылдарымыздың дүниетанымында дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын, ұлттың дүниеге көзқарасынан, өмір сүру болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен, туындаған мұра ретінде қарастырылады. Абай Құнанбайұлы өз дүниетанымында таза ескі құндылықтар адам өміріне, жаңа құндылықтарға қол жеткізуге кері әсерін тигізеді деп таниды. Көбіне қазақ халқы кешегі өткен күнді ойлауды дағдыға айналдырған, өмірдің бар мәнін өткен күннен іздеуді әдет еткен. Бұл дұрыс көзқарас емес, адамға өзгеріс, жаңашылдық қажет деп біледі. Қазақ дүниетанымында дәстүр ұғымын ұлттың өмір сүру сипатымен, ойлау болмысымен байланысты өмірдің өзі туғызған құндылық ретінде анықтайды. Дегенмен, қазақтың ағартушы ойшылдары қоғамдық ортаның дамуы үшін дәстүрге адалдық сақтаумен бірге жаңашылдық та қажет екенін, кейбір маңызын жойған ескілікті дәстүрлерден саналы түрде бас тартуды да ескертеді. Салт-дәстүрлердің жаңа қоғамдық қатынастар мен талпыныстарға қайшы келетіндері өздігінен ығысып қалып отырады, ал өміршең, мәнді, дамуға қажетті дәстүрлер жаңа жағдайға бейімделіп, жетіліп, негізгі қағидасы сақталып қала береді.

Қазақ ойшылдары өз дүниетанымында дәстүрдің адам өміріндегі тәрбиелік маңызы айрықша екендігін ұғындырады. Дәстүр адамның бойына көптеген тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар: парасаттылық, имандылық, ізеттілік, рақымдылық, инабаттылық, адамшылық, кісілік, сабақтастық. Бұл құндылықтардың бәрі де, адамзат өмірінде айрықша қызмет атқарады. Қазақ халқы бірнеше ғасырлық өмір тәжірбиесінде әр істі салтқа, дәстүрге сәйкес атқарған. Қазақ елі ата салтын, дәстүрін асыл мұра, алтын қазына ретінде танып, ұрпаққа базарлық ретінде ұсынып отырған. Ол – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани байлық [54, б. 63].

Философия тарихындағы ойшылдардың дүниетанымында дәстүрге қарама-қарсы ұғым ретінде жаңашылдықты қарастырады. Осылайша дәстүрді қоғам мен мәдениеттің «ұжымдық жадысы» ретінде таниды. Кез келген жаңашылдық уақыт өте келе дәстүрге айналмақ. Жаңашылдықты қабылдап, оны игеру дәстүрдің өміршеңдігін білдіреді. Мәдениет ілгері жылжу үшін дәстүр мен жаңашылдық бірдей қажет. Дәстүрлердің жаңашылдықсыз болашағы жоқ екені, жаңашылдықтың дәстүрлерсіз нәтижелі болмайтыны айдан анық.

Қорытындылай келе ойшылдарымыз айтып өткендей, дәстүрдегі барлық құндылықтар адамның дүниеге деген көзқарасынан, іс-әрекетінен, дүниетанымынан туындаған екен. Дәстүр мәселесіне деген көзқарастар Көне Үнді, Қытай философиясынан бастап Антика, Орта ғасыр, Неміс классикалық және Жаңа дәуір философиясына дейінгі аралықтағы ойшылдар дүниетанымында жалғасын тапты. Жаңа дәуір философиясында «дәстүр» философиялық ұғым ретінде мойындалды. Көне Үнді, Қытай философиясында дәстүр адамзаттың ғасырлар бойы жинақтап, сақтаған құндылығы ретінде

карастырылды. Қоғамдағы тәрбиелік мәні айрықша екендігін ұғындыра отырып, дәстүр қоғам өмірінің рухани салаларының бірі ретінде айқындалды. Антика философиясында дәстүр қоғамдағы адамдардың қатынасын реттейтін, заңмен сәйкес көне тәжірбие ретінде танылды. Дәстүр тұрмыс үшін тәртіп тұрғысынан пайымдалады. Орта ғасыр философиясында дәстүр мәселесіне Құдай мәселесін бірінші орынға қою арқылы, діни іліммен байланыстыра қарайды. Дәстүр мәселесін «ескі» мен «жаңаның» арасындағы қатынастар арқылы түсіндіреді. Дәстүр ұғымын адамзат өміріндегі алатын орнын маңызын айқындай отырып, «біз тек ежелгілердің ісін қайталаймыз, жаңашылдыққа ескілік арқылы ғана қол жеткізе аламыз» деп білді. Неміс классикалық философиясында дәстүр мәселесін моральдық категориялармен байланыстырады. Дәстүрге ең жақын ұғым ретінде сабақтастық категориясын ала отырып, адамзаттың бүгінгі мен ертеңін байланыстыратын құндылық ретінде таниды. Жаңа дәуір қоғамында ғылымның дамуы дәстүрге үлкен әсерін тигізді. Ойшылдар құндылықтық мәні бар дәстүрлер ғана адамзат өміріндегі айрықша орны алады деп қарастырды. Жаңашылдыққа бет бұрар кезде адам ескілікті мүлдем жоққа шығармай, маңызды, пайдалы жақтарын ескеру қажет деп таниды.

Адамзат өз өмірінде таза ескірген дәстүрлерді берік ұстауға болмайды, ескі ұғымдар өмірдің алға басуына кері әсер етеді деп біледі. Құндылықтық мәні айрықша ескі дәстүрлерді жоққа шығаруға болмайды, жаңашылдық өз бойына қажеттілікті ескіліктен алатындығын мойындайды. Философия тарихындағы ойшылдар дәстүр мәселесін кез келген ұлттың өзіндік болмысы ретінде тани отырып, адамның өзінің өмір сүру ортасынан туындаған құндылық ретінде қарастыра отырып, оны философиялық мәселе ретінде таныған.

Ойшылдар дәстүрді адамзат дамуындағы тәрбиелік орны айрықша құндылық ретінде танып, қоғамды реттеуші негізгі фактор ретінде қарастырады. Ойшылдардың дүниетанымына сәйкес адам өз өміріне қажетті пайдалы құндылықтарды аяқ асты етіп, енжар қараса, орны толмас қайғыға бой ұрары анық. Өйткені адам өзінің өмір сүріп жатқан ортасынан бас тарта алмайды.

Философиялық ойлау тарихында дәстүрдегі барлық амал-әрекеттердің тәрбиелік маңызы айрықша болып танылып, кейін дәстүрді негізге ала отырып, қоғам өміріне қажетті заңдылықтарды қалыптастырған. Философтар ескілік және жаңашылдық ұғымдарын негізге ала отырып, дәстүр ұғымына өз дүниетанымдарында философиялық сараптамалар жасаған. Дәстүр әлеуметтік-мәдени жүйенің тұтастығын сақтау әдісі ретінде танылды. Философия тарихындағы ойшылдардың дүниетанымына аналитикалық талдау жасау арқылы, дәстүр–кешегі жаңашылдық, ал жаңашылдық бүгінгі жаңа дүние, ал ертең ол да дәстүр болып қалады деп ойымызды қорытындылаймыз.

1.2 Дәстүр ұғымының түркі дүниетанымында пайымдалуы

Түркі тектес халықтар Еуразия құрлығының ұлан-байтақ даласын мекен еткен, тарихы мазмұнды оқиғаларға толы ұлыстар. Нұх пайғамбардың

ұрпақтарының бірі Түркі халқы деген мәлімет бар. Түркілер тарихының бастауын б.з. VI ғасырмен байланыстыру жиі дәстүрге айналған. Бірақ, кейбір зерттеушілердің пікірлерінше, түркі өркениетінің тарихы VI ғасырдан да әріде жатқанын меңзейді. Түркі халықтарының аумағы Рим, Жерорта теңізі жағалауынан Сібірге дейін жалғасқан, шығысы Алтай, батысы Каспий жағалауымен ұштасқан ұлан-ғайыр даланы қамтыған. Олардың алғашқы мекені Алтай маңайы болған. Негізгі атамекені Алтай мен Орта Азия деп саналады. Түркі тектес халықтардың түп негізі сақтарға барып тіреледі деген деректерде жиі айтылады. Тарихшы, ғалым Қ. Салғараұлы «Түріктер» деп аталатын кітабында ежелгі түркілердің төрт құбыланы түстерге бөліп анықтағанын тілге тиек етеді. Ғалым «түркілерде шығысты көк, батысты ақ, солтүстікті қара, оңтүстікті қызыл, ал орталықты сары деп атау дәстүрі болған» дейді [58]. «Тәңірі» мен «аспан» сөздері түркі халықтары үшін синоним болатын. Әлем үш бөліктен тұрады деп таныған. Жоғарғы әлем – құдай, рухтар мекені. Ортаңғы әлем – адамдар, тірілер аймағы. Төменгі әлем – аруақтар аймағы. Түркі халықтары өмірдің символы ретінде Күнді қарастырған. Адамдар жер бетінде тепе-тең өмір сүруі тиіс деп есептеген. Түркі дүниетанымында ұлтарактай жердің өзін ең асыл, ең бағалы құндылық ретінде санаған. Өздерінің географиялық орналасу жағдайына, өмір сүру ортасына қарай тұрмысы, салт-дәстүрі қалыптасқан.

Бүгінгі күні түркі тектес халықтардың мәдениетін, тарихын, дәстүрін, рухани құндылықтарын зерттейтін батыстық шығыстану ғылымында түркология деп аталатын арнайы сала қалыптасқан. Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымы, ең алдымен, олардың ежелгі діни наным-сенімдерінде, мифологиясында айқын көрініс табады. Бүкіл түркі халықтары мәдениетінің, дәстүрінің іргетасы іспеттес мұра ретінде Қорқыт Ата мұрасы қарастырылады. Жалпы түркі халықтарына тән қонақжайлық, мейірбандық, имандылық пен ізгілік сияқты дәстүрлі құндылықтарды Қорқыт Ата дүниетанымынан іздеп таба аламыз. Қорқыт Ата дүниетанымы ең алдымен елді сақтап қалуды көздеген. Ел ішінде сәуегей адам ретінде танылып, ел оның өсиеттерінің барлығын бұлжытпай орындайтын болған. Қорқыт Атаны түркі халықтарының дәстүрлі құндылықтарының мәйегін жасап кеткен ойшыл ретінде танимыз. Қорқыт философиясын «Гильгамеш туралы эпостағы» Гильгамеш образымен салыстырады. Түркі дүниетанымындағы, дәстүріндегі өлім мен өмір, жан мен тән, халық өміріне етене жақын ұғымдар ретінде қарастырылады. Адамның өміріндегі бақыт пен байлықтың баянсыздығын ұғынып, мәңгілік өмірді армандайды. Қорқыт Ата Сырдың жағасына келіп, желмаясының жабуын дария бетіне төсеп, қобызын тартқан. Сырдария үстінде өмір жырын толғаған. Қобыздан төгілген күйдің үніне жануар біткеннің бәрі дария жағасына жиылып, құлақ түреді. Көзі бір сәт қалғып кеткенде, ажал жылан болып келіп, шағып алған. Бұл аңыздың астарындағы ойларды әлем ғұламалары мойындаған. Түркі жұртының өмірге құштарлығына, асқақ рухына тамсана таңқалған. Мәңгілік – адамның артына қалдырған ізгі ісі, шығармашылығы. Қорқыт Ата туралы аңыз адамның өлімнен қашып құтыла алмайтындығы,

артына қалдырған ісі мен өнері ғана өмірді жалғастыра алатындығы туралы философиялық ой қалдырды. Осы ойды әрбір саналы адам өз ғұмырында өмірлік мақсат ретінде ұстануы қажет. Бұл аңызда бүкіл түркі жұртының мұраты бейнеленген. Ал, өмір мен өлім туралы Қорқыт Ата «Тәңір пендесінің маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажалы келіп өлмейді. Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек – күзге бармас» – дейді [59]. Ойшыл өмірдің мәнін түсіндіре отырып, жер бетіндегі адамзатқа, оның жүрегіне қайсар рухты, ізгілікті орнатуды дәстүрге айналдырған. Қорқыт Ата «Құл – төбе болмас, күйеу бала – ұл болмас. Қара есек басына жүген кигізсең де тұлпар болмас. Күнге қамқа тон жапсаң да ханым болмас. Жапалақ-жапалақ қар жаусада жазға қалмас. Ежелгі дұшпан дос болмас. Мінген атың қиналмайынша, жол алынбас. Қара болат өз қылышыңды шалмайынша, жаудың тауаны қайтпас. Ескі қамыс – біз болмас. Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас. Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес» [59, б. 43]. Қорқыт Ата дүниетанымында адам үшін ең бағалы құндылық өмір болып табылса, сол өмірде адамның өз орнын табуы, адам деген атқа лайықты өмір сүруі ең маңызды дәстүрлі құндылық ретінде танылған. Дүниенің барлық қиындықтарын жеңуге болатындығын ұғындырған, оны адам бойындағы батыл рухани күшпен байланыстырған. Адамзат тарихында өзінің даналық тағылымдарымен белгілі болған, адамның әлемге қатынасы мәселесін өз дүниетанымында метафизикалық мәселе ретінде қоя білген, халқына дұрыс жол көрсетіп, ізгі дәстүрлер қалыптастырған Қорқыт Ата өмір философиясында адамның дүниеге қатынасын түркі дәстүрлеріндегі ең күрделі теориялық мәселе ретінде қарастырады. Ол өз ұрпағын тәрбелей отырып, ізеттілік пен әдептілікті, шыншылдық пен сыйластықты, адамгершілік өлшемдерін кейінгі ұрпаққа өсиет етіп кеткен тұлға.

Адамгершілік принциптері, моральдық нормалар, этикалық бағдарлар көне түркі халықтарының өмірлік бағдары ретінде танылған. Түркі тектес халықтардың дәстүріне, мәдениетіне, діни-философиялық ой толғамдарына айтарлықтай үлес қосқан ойшылдар Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Иасауи сынды ойшылдарымызды жатқыза аламыз. Түркі халықтарының дәстүрінде ең бірінші тәрбие адамгершілік, ізгілік, қайрымдылық, кісілік, кішіпейілділік, ізеттілік мәселесі басты орында болды. Оның дәлелі Әбу Насыр Әл-Фараби сияқты философтардың терең ойлы шығармаларында айрықша орын алады.

Әбу Насыр Әл-Фараби еңбектерінде жердегі адамдардың барлығы қосылып, болашақты және қоғамды құрайтынын айтады. Әсіресе, ол қоғамдағы құндылықтар әлемін негізінен қалалардан, үлкен мегаполистерден іздейді. Қайрымдылық идеясын мынандай тұжырымдардан байқаймыз: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайрымды қала болып табылады, ал адамдарды бақытқа жеткізу мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық –

қайрымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі қайрымды болмақ» [20, б. 36]. Бақытқа жету жолында бір адам екінші біреуге жамандық ойламай, керсінше, онымен бас қосып, бірлесіп жетуді мұрат етеді. Олар бақытқа жету жолында бір-біріне көмектеседі деп біледі. Ізгі қала тұрғындарының бойында адамгершілік құндылықтар басты орында тұратындығын айтады. Ойшыл қоғамдағы адамдар арасында байқалатын сапалық айырманы адамгершілік құндылықтардың жоқтығынан табады. Ізгілікті, қайрымдылықты, адамгершілікті ұмытқан жан өзінің адамдық болмысынан айырылып, орынсыз әрекеттерге бас ұрмақ. Қандай қоғам болмасын, маңызды құндылықтарды аяқ асты еткен адам биік жетістіктерге жете алмайды. Мұндай адамдар рухани мешеулікке ұрынып, нәпсінің құлына айналмақ. Адамның ішкі жан дүниесі адамгершілік, ізгілік қасиеттермен бағаланады. Ал, адамның бойындағы адамгершілік, ізгілік, қайрымдылық қасиеттері ең алдымен тәрбие арқылы қалыптасады. Тәрбие көзі әр халықтың ата дәстүрінде. Адами кемелденуді тұлғаның рухани дамуынан іздейді. Рухани құндылықтардың адам өміріндегі орны айрықша екендігін, рухани құндылықтарсыз тарихи сабақтастықтың болмайтындығын ескертеді. Түркі дәстүрінде қоғамдағы ең негізгі рухани құндылықтарға адамдардың бір-біріне өзара көмектесуін, қайрымдылық жасауын жатқызады. Адамдардың бақытқа жетуінде қайрымдылықпен байланыстырады. «Бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет– әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершілік пен әдеттер, бұл қайрымды нәрселер» [60]. Қайрымдылық, адамгершілік әрекеттері адамды бақытқа жетелейтін болса, бақыт адамдардың өзінің жасаған ісіне рухани қанағаттануы болып табылмақ.

Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымына тән басты өзгешелік – рухани құндылықтарды бірінші орынға қойып, адамның өзін тануы, өзін жетілдіруі, қоғамдағы адами қатынастардың рухани сұрықсыздануына жол бермеу болып табылады. Рухани құндылықтардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай, жаңадан өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу түркі халықтарында дәстүрге айналған. Білімділікті, біліктілікті құрметтеу – түркі халықтарының ежелгі заманнан келе жатқан құнды дәстүрі. Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби бақытқа тек қана білім, таным арқылы ғана жетуге болады деп санаған. Түркі дәстүрі бойынша білім құт-берекеге жетудің негізі жолдарының бірі деп қарастырылады. Ойшыл білім арқылы адам баласы кез келген рухани биіктерге шыға алатындығын айтады. Сондықтан, түркі халықтарында адамның рухани қасиеті, рухани үйлесімділігі басты мәселе ретінде қаралған.

Ертедегі түрік тайпаларында табиғат күштеріне табыну, аспанға, Күнге табыну дәстүрлері болған. Күнделікті тіршілікте, іс-әрекеттерді ұйымдастыруда Аспан денелерімен, Күнмен жарасымды қатынаста болуды дәріптегенін атақты Білеге-қаһанның қайтыс болған қолбасшы інісі Күльтегіннің басына қойылған құлыптастағы байырғы көне түрік жазуынан (732) аңғарамыз: «Алдымызда күн шығысқа дейін, оң жағымызда түстікке дейін, артымызда күннің батысына дейін, сол жағымызда түн ортасына дейін – бәріде менің қол астымда...» –

дейді. Ал, Білеге-қаһан және барлық көк түріктер үшін өмір сүру кезеңінде күн шығыс аса маңызды болып табылған. Өмірге деген көзқарастың негізгі мәнділігінде осы күн шығыспен байланыстырады. Күн ең құнды, өмірге нұрын шашатын, өмірге жылу беретін, оны туғызатын күш! Күн – жаратушы, Жер-ана, Көк түріктер аспан мен жердің перзенттеріміз деп санаған. Сондықтан, олардың барлық ынтасы, үміті, ұмтылатын бағыты – күн шығыс, олардың барлық рухани жүзі аспанға, әсіресе, Күнге бұрылған. Түркі дәстүрі бойынша үйдің есігін шығысқа қаратып салған. Мұндай дәстүрлер түрік халқында құндылықтарды қастерлеуден шыққан. Күн, аспан өмірге қуат беруші күштер болғандықтан, жақсылықтың нышаны ретінде танылған. Түркілер ислам дінін қабылдағанға дейін Көк Тәңіріне сыйынған дәстүр болған. Тәңірі ол түркілер дүниетанымында әлемді жаратушы, ұлы құдіретті күшке ие, адамның тағдырын айқындаушы тылсым күш ретінде танылды. Оған көз жеткізу үшін Махмұд Қашқаридың мына бір сөзіне назар аударсақ: «Мен Тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұжырасында жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке ие қылды. Заманымыздың хандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолдарына ұстатты, оларды адамдарға бас қылды, хақ істерде соларды қолдады...» [21, б. 30]. Махмұд Қашқари сөздікте Тәңірі ұғымын Жаратушы мағынасында қолданылады. «Тәңірі» түрік халықтарында жаратушы құдайды бейнелейтін түсінік. Түркі дүниетанымында, дәстүрлерінде ең қасиетті саналатын ұғым көк сөзімен бірігіп, Көк Тәңірі деп аталып келді. Тәңірі түркілерде абсолютті жаратушы ие, шексіз құдіретке ие Хақ тағала ретінде танылған. Махмұд Қашқари өз еңбегінде күллі мадақ пен мақтау кемел ақыл-ой иесі барша қасиет-құдірет, даңқ пен аса келісті санат иесі бір Тәңірге тән деп таныды. Тура жолды сілтеуші, адамның қамқоршысы ол аса қамқор Жаратушы деп білді. Түркі дәстүрлерінде аруақтарға сыйынып, аруақтар адамдарға керек кезінде көмектесіп, тіпті өште ала алады деп түсінген. Жауға шапқан кездің өзінде аруақты аузына алып, ата-бабаларын құрмет тұтқан. Осы түркі дүниетанымында аруақтарға байланысты «Тики» дәстүрлері бар. Түріктер әрбір жылдың бір күнінде өлген адамдардың рухтары, кезінде өздері өмір сүрген туыстарына келуге жиналады деп санайды. Түнде аруақтардың дыбысын естіген адам қайтыс болады деп түсінген [61]. Түркі халықтарының дәстүрінде, мәдениетінде жоқтауға ерекше орын бергенін байқаймыз. Бұл адам өмірінің өтпелілігі бүгін кешкен ғұмырдың, қайтып оралмайтындығы, тұтастай бір өмір философиясын өрнектеді.

Махмұд Қашқари шығармашылығы арқылы бізге жеткені Алып Ер Тоңғаны жоқтау жырлары. Ер Тоңға түркілердің қолбасшысы, алып ер болған. Жоқтау жырларында батырдың кескін-келбетін дәріптеп, небір теңеулермен ұлықтаған. Жоқтау түркі халықтарында кейін қалыптасқан дәстүр. Жоқтау дегеніміз дүниеден озған адамның тірі кездегі барлық игілікті істері мен қылған амалдарын қайғылы жырмен сабақтаса жеткізу. Адам баласының ажал алдындағы амалсыздығы, дүниенің жалған, өткінші екендігін осы жоқтау дәстүрлері арқылы жеткізіп отырған.

Түркілер ұғымындағы отандәстүр мен ұлттық мәдениеттен тұрады. «Отаннан күдер үзуге болғанмен, дәстүр-салтты аттап кетуге жол жоқ», – деген Махмұд Қашқари сөздігіндегі мақал ұлттық мәдениетке және ұлттық дәстүрге деген құрметті білдірмек.

Түркі дәстүрлерінің тағы бір өзгешелігі өмір сүру ерекшеліктеріне байланысты өзіндік түсініктер қалыптасқан. Махмұд Қашқари көшпелілердің қыз баланы тұспалдап түлкіге, ұл баланы бөріге теңейтінін айтады. «Қыз бала арбайтын қу болғандықтан түлкіге теңеп, ұл баланы жүректілігі, батырлығы үшін бөріге ұқсатып айтылған» [62] – деп жазады. Табиғатпен етене жақын өмір сүре отырып, өз тұрмыстарымен байланысты түсініктерін байқатады. Табиғатпен адамды жақындастыру түркі дәстүрлеріне тән өзіндік ерекшеліктерді байқатады.

Ежелгі түркі халықтарының ең асыл қасиеті, бойына сіңген дәстүрлерінің бірі – қонақжайлық. Махмұд Қашқари сөздігіндегі «уз» ұғымына байланысты мақаласында «көркем тонды – өзіңе, тәтті асыңды өзгеге, қонақты құрметте, сонда адамдардың алдындағы даңқын артады» – дейді [21, б. 74]. Түркі дүниетанымындағы қонақжайлық дәстүрі – бір адамның екінші бір адамды өзіндей көріп, адамшылық, сыйластық, ізеттілік көрсетудің басты белгісі болып табылды. Қонақ болып келген адам үйге құт пен береке әкеледі деп санаған. Қонақты жақтырмай қарсы алу түркі халықтарына мүлдем жат әрекет. Халық «қонақ келсе, құт келер» деген қағиданы өз өмірінде басты ұстаным ретінде таныған. Махмұд Қашқари түріктердің өмірінде жиі кездесетін «ұма» сөзі туралы жазғанда мына бір оймен көркемдейді.

«Сорлы қонақ мұқтаж болып келсе егер,
Сарылтпа оны, бар асыңды тездеп бер!» [21, б. 122].

Ұма – үйге түске қонақ дегенді білдіреді. Келген қонақты қарсы алмау түркі дүниетанымында көргенсіздіктің, тәрбиесіздіктің белгісі ретінде танылған. Қонақжай болу адамдардың мейрімділігін, бауырмалдығын, кеңдігін, тәрбиелілігін байқататын жағдай. Қонақжайлық түркі халықтарының ақжарқындығын көрсететін дәстүрлерінің бірі. Сараң болу адамның бойындағы ең жаман қасиеттердің біріне баланады. Адамның ниетінің, көңілінің таза болуын маңызды әрекет ретінде қарастырады. Түркі халықтары ел басына қиын жағдай туған кезде, бір-біріне сүйеу болып, асын бөліп ішіп, мейірбандығы жоғары халықтардың бірі болған. Бұлда түркі тектес халықтардың бойына сіңген адамгершілік қасиеттердің бірі болып табылмақ.

Түркі халықтарында жамандыққа жақсылықпен жауап беру дәстүрге айналғанын Махмұд Қашқаридің еңбегіндегі мына мақалдан аңғара аламыз: «Су ішірмеске сүт бер» дейді [21, б. 259]. Жамандық жасаған адамға жақсылық қыл деген мағынада айтылған. Жамандыққа жақсылықпен жауап қайтару, адамшылдығы жоғары адамдардың ғана қолынан келетін әрекет. Ойшыл өз шығармаларында бақыттың байлықпен, затпен өлшенбейтінін, адамның ішкі жан дүниесі байлығымен, адамгершілігімен бағаланатындығын баяндайды. Басқа адамға жамандық жасаған адам өмірде игілікке қол жеткізе алмайды. Өзгені өзіндей сезініп, жақсылық жасау қатынастары мәрттікті, жомарттықты,

кешірімділікті, парасаттылықты көрсететін әрекеттер. Түркі халықтарының мақалдары, олардың өмір тәжірбиесіне, дәстүріне қатысты ойлау үлгісін танытып тұр. М. Қашқаридің сөздігіндегі мақал-мәтелдер адамға кеңес беріп, адам санасын оятуға түрткі болар құндылықтар.

Түріктердің лауазымы мен қызметіне, тұрмыс жағдайы мен қоғамда алатын орнына қарай паша, хазретлери, бей, шейх, эфенди, аға, ханым деп атау дәстүрі бар екендігін тарихтан білеміз. Әке-шешесімен қоса атасы мен әжесі тұратын үлкен шаңырақ «хане» деп аталады. Түркі дәстүрлерінде отбасы мүшелері қоғамда қандай жетістікке жетіп, лауазымға ие болсада, отбасында өз орны сақталатындығын айтады. Отбасында үлкенді сыйлау, үлкен адамға дауыс көтеріп сөйлемей, үлкеннің жолын әрқашан жоғары қою дәстүрге айналған. «Үлкенге ізет, кішіге міндет» демекші, түркілердің жасы үлкені кішіге ақыл айтып, дұрыс жол нұсқайды, ал кішісі тыңдап, үлкенге ізет көрсететіндігін Махмұд Қашқаридің сөздігінен аңғарамыз:

«Ата-анаңның айтқандарын тыңда, қайтарма,

Құтты, дүние-мүлікті болсаң, кердеңдеме және құтырма» – дейді [62, б. 196].

Үлкен адамдардың жолы әрқашан жоғары, өмірден көрген-түйгені көп, тәжірбиесі артық екендігін айтады. Бұл тегі түркі қазақ мәдениетінде, дәстүрлерінде қалыптасқан қағида.

Махмұд Қашқаридің дүниетанымында бабалар мұрасын, дәстүрін, мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, оның пайдалы жақтарын жаңғыртып отыру, көзі ашық, көңілі ояу әр адамның ісі деп танылған.

Түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы басты ұғымдардың бірі – құт. Барлық түркі халықтарының өмір сүру негізінде, құт мәселесі ерекше мазмұнға ие ұғым. Құт ұғымы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде айрықша орын алды. «Құтты білік» шығармасын негізі төрт кейпкер Күнтуды Елік – әділет, Айтолды – құт, дәулет, Өгдүлміш – ақыл, парасат, Одғұрмыш – қанағат арасындағы сұхбат, сұрақ-жауап түрінде жазып, өзінің философиялық ойларын сомдайды. Ойшыл Құт ұғымын дәулет, байлық ұғымдарымен байланыстырады. Құттың бейнесін Айтолдыға теңейді. Ай туғанда кішкентай болады, ай толса жаһан жұртының жүзі жайнап, жарқырайды, бірақ уақыт өте келе толған ай да ажары кетіп, нұры сөнеді, содан соң қайта туатынын айтады.

«Мен де айдай жаңаланып тұрамын,
Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым.
Ғаріп жанға түссе жүзім, жанарым:
Көркі артып нұр жауады қабағын.
Байып, тасып, даңқы алысқа жайылар,
Кетуім мұң – су алғандай шайылар.
Жиған-терген мүлкі күлдей шашылар,
Таз қалпына түсер, еңсе басылар»
Шайыр сөзін есті мұңы меңзеген,
Білікті сөз – білімсізге көз берер [22, б. 142].

Құтты сипаттау кезінде айдың образын келістіріп таңдап алған. Байлық пен дәулеттің тұрақсыздығын, бірде жарқырап толған айдай толысып, бар болатындығын, бірде солған айдай жоқ болатындығын танытады. «Бүгін арбаға мінген адам ертең жаяу жүруі мүмкін, бүгін жаяу жүрген адам ертең арбаға мінуі мүмкін» деген ой тастайды. Байлықты опасыз, тұрақсыз сипатта бейнелейді. Байлық бірде бар, бірде жоқ, оны ұстап тұру үшін адамға бірнеше қасиет керек дейді. Ойшыл еңбегінде құттың, дәулеттің, байлықтың адам өміріндегі орнын бағалай отырып, байлықтың адам басында тұрақты болмайтындығын, оны тек ақылдың күшімен ұстап тұруға болатындығын айтады. Құтты ұстап тұру үшін адам бойында мынадай қасиеттер болу қажеттігін баяндайды: ең алдымен ізгі мінез, таза көңіл, парасат, ұстамдылық керек дейді, құлқы түзу, үлкенге инабатты, кішіге ізетті, бос сөзден ада жан болу керек. Адамдардың осы қасиеттері бірігіп, құтты ұстап тұрудың қамалы бола алады деп қарастырады. Байлық, дәулет, құт адамға мәңгі серік емес егендігін ұғындырады. Дүниеде адамға кез келген нәрсенің тұрақсыз екендігін, күндердің күні тіршілік иесінің дәм-тұзының таусылатындығын айтады. Түркі дәстүрлерінде адам өміріне құт та, байлық та, дәулет те керек, бірақ байлыққа салынып, өзінің адамшылдық қасиеттерін аяқ асты етпеу басты орынға қойылған. Сондықтан адам үшін ең бірінші қасиет адамшылдық екендігін көрсетеді. Кей адам өмірінде байлық, дәулет, құлқынның қамы үшін жауыздық әрекеттерге де аяқ басады. Жауыздықты тыюдың жолы, құлқынды тыю болып саналады. Адамның ең негізгі қорғаны, ең басты дәулеті – білім деп таниды. Жүсіп Баласағұн кісінің бірінші қас дұшпаны өтірік айту дейді. Ал, екінші дұшпан адамның сөзінде тұрмауы, сөзбен істің бірдей болмауы, үшінші дұшпаны нәпсіге, шарапқа назар аудару, төртінші дұшпаны қырсықтық пен қиқарлық, басқаның тыныштығын бұзу, дұшпанның тағы бір түрі зымияндық және ашулы тіл деп біледі.

Халықтың тағдыры ел билеушінің қолында. Күнтуды Елік ел билеуші әміршінің бейнесінде сипатталады. Ел билеуші барлық тіршілікке қуат берген күн сияқты халыққа жылу беріп, мейірін төгіп, елге өз қамқоршылығын көрсетіп, әділ болуы керектігін баяндайды. Күн жер бетіне өз жылуын, жарығын алаламай төккен секілді, ел билеген әмірші де, халықты бай-кедей, жуан-әлсіз демей, өз әділдігімен тең билік жүргізуі қажет екендігін сипаттайды.

«Ұлым ба, әлде жақыным ба, алыс па,
Кештеу жүрген қонақ па әлде таныс па?
Заң алдында, бәрі бірдей мен үшін,
Көсем әділ, болмайды ешбір келісім...
Біл, әділ заң-басшылықтың тұғыры,
Бегі әділ ме? Берік елдің жұлыны! »
Бек елінде тура заңды ұстаса,
Бар тілекке жетер қолы қысқасы! [22, б. 52].

Ел басшысының басты ұстанымы, тұғыры – әділдік дейді. Елбасшысының билігі халыққа әділ, мейірімі ортақ болу керек екендігін айтады. Ел басшысына

тән басты қасиет ешкімді алаламау, адамдардың бәрін тең көру, тұрақтылық, әділеттілік болу тиіс деп білді.

Түркі халықтарының дәстүрлерінде пақырлармен қалай қатынасу, қандай әйел алу керектігі, ұл мен қызды қалай тәрбиелеу керектігі, қол астындағы қызметшілерді қалай ұстау керектігі жайлы, тіпті қонаққа бару дәстүрлерін осы «Құтты білік» шығармасында айрықша орын алады. Түрік халқында басқаға көмектесу, оның ішінде кедей адамдарға қол ұшын беру ерекше дәстүрге айналған әрекет. «Құтты білікте» пақырларға көмектес, оларға қол ұшынды беріп көмек қылсаң, сауабын аларсың, бірақ оларға жасаған жақсылығыңнан жауап күтпе, шамаң келсе соларға қарайлас бол дейді. Ал, қандай әйел алу керек деген сұраққа, ар-ұяты бар, шыққан тегі дұрыс, сыртқы келбетіне емес, құлқына қарадеп қарастырады. Жар таңдағанда парасатты, инабатты, ақылды, пәк, ізгі жанды таңда, сонда бақытқа бөленесің, әйелдің көркі емес, оның сұлулығы қылығы екендігін есте ұста дейді.

Түркі дәстүрлерінде бала тәрбиесінде осы «Құтты білік» еңбегіндегі айтылған ойларды кеңінен қолданады. Ұл-қыз туса басқаға табындырмай, өз үйінде тәрбиеле дейді. Балаңа тәрбие, білім үйрет, бұлар қос жалғандағы адамның серігі, ұлды күллі өнерге үйрет, бекер жүрсе бейбастыққа бой алдырады, қыз бой жетсе ұзақ ұстама, қызға тәрбие бер, қызға тыйым сал дейді. Қол астындағы қызметкердің ақысын жеме, ол үшін Алла тағаланың алдында жауаптысың, біреудің ақысын жеу үлкен күнә деп біледі. Басқа қайғы тілден, сөзді ойлап сөйлесең қайғы келмес, атыңды шығарғың келсе, кәріп, мүсәпірге қарайлас бол, тыныш жақсы күн кешем десең нәпсіңді тый деген пайдалы ойларды «Құтты біліктен» жиі кездестіреміз. Үш жерге үй салма дейді. Бірінші, үлкен жолға жақын салма, қатер қауіп кетіреді күйінді, екіншіден, өзенге жақын салма, тасығанда қауіпті, үшіншісі қамал қасына үй салма, «үй іздесең көрші жайын сұрап ал, жер іздесең судың жайын сұрап ал» деген кеңес береді. Жүсіп Баласағұнның қонақ туралы айтқан ойлары «Бірі күллі шақырудан қалмай, не берсе де ішіп жейді талмайды». Екіншісі «үйге кісі шақырмас, үйде асқа мұрын тығып, бас алмас». Енді бірі қонаққа да барады, өзі де қарымтасына қонақ шақырады. Ал, бірі шақырғанға баспайды, өзі де ешкімді шақырмай, есік ашпайды дейді. Осы соңғысын тірі өлікке теңеп, олармен араласпа дейді [58, б. 217]. Қонаққа барсаң асты әдеппен іш, тойып отырсаңда, дастархан басына кел дейді. Осындай тәрбиелік идеялары арқылы ойшыл халқының елдікке жеткізу, ізгілікті, тыныш, бақытты өмір сүруіне жол ашады. «Құтты білік» шығармасында айтылған бұл дүниенің өткінші екендігі, адамның өлетіндігі, бүгін кешкен ғұмырың ертең қайтып оралмайтындығы, басқа адамдар үшін үлгі болсын, уақытыңда тәубесіне келіп, келер дүниені ойласын деген тұжырымдар дүниенің алдамшы, баянсыздығын сипаттайды.

Қандай екен өлім деген, бұл өмір?

Қайдан келдім, қайда қалай жүремін?

Неге тудым, тұрса күтіп бір өлім?

Неге күлдім, қайғы барын білемін.

Ауыр не бар өлімнен бұл жаһанда?

Осылай деп өледі адам қашанда.
Мұны меңзеп шайыр сөзі шашырар,
Мәнісін ұқ зердең көзің ашылар:
«Қатыгез жоқ ажалдан, сұм сиығы»
Есіңе алсаң қашар тірлік қиюы! [22, б. 174].

Өлім барлық тіршілік иесіне ортақ, уақыты жеткенде барлығын да ажал жалмайтындығын, өмірдің өткінші екендігін меңзейді. Сол өткінші өмірінде тірлігіңді текке өткізбе, адами болмысына сай өмір сүр деген ойға сәйкес идеялар айтады. Адам өлімді еске алса, бұл тірліктің сырын таниды деп қарастырады. Осы өтпелі өмірде ең бірінші құлқыңды түзе деп біледі. Құлқы жаман адам тірі өлік. Түркі халықтарының дәстүрлерінде адамдардың бір-біріне жақсылық жасауы басты орынға қойылған.

Жүсіп Баласағұнда тіршілікте жақсылық қыл, сонда адамдардың көңілінде жақсы істерің мәңгі қалады, мына өмір Хақты тануға берілген, соны ұқ деп ой тастайды. Дәстүрді сақтамау, үлкендерді сыйламау, дұрыс жол көрсететін адамдардың азайғаны, әділдікті қаралайтын адамдардың көбейгені, адамдардың пиғылдарының өзгергені ойшылды ойландырып, ғибраты мол, тәлімі жоғары «Құтты білік» шығармасын еліме пайдасы тисін деп ұсынған секілді. Елді бақытқа жеткізетін құндылық білім деп таниды. «Құтты білік» шығармасындағы діни, әлеуметтік, ұлттық, дәстүрлі, саяси, философиялық идеяларының тәрбиелік маңызы айрықша.

Түркі халықтарының дәстүрлерінде ерекше орын алатын мәселелердің бірі осы өтпелі тірлікте күнә жасамау. Ең басты байлық – тіршілік, өмір. Сол тіршілікте шамаң келгенше жаратқан иенді тануға, Алла Тағаланың берген несібесіне шүкірлікпен қарауға, соған құлшылық етуге, Алланы сүюге шақырады. Осы идеяларды түрік халқының кемел ұстазына айналған Қожа Ахмет Иасауидің еңбектерінен көре аламыз. Сопылық ілімнің негізін қалаушы, ойшыл Қожа Ахмет Иасауидің хикметтерінде ең көп айтылатын есім осы Алла Тағаланың, Мұхаммед пайғамбардың есімдері екендігін жиі аңғарамыз.

«Он сегіз мың ғаламға хатшы болған Мұхаммед.
Отыз үш мың сахабатқа басшы болған Мұхаммед.
Малғұн менен шайтанды әшекере еткен Мұхаммед.
Шарифаттың жолына байлық құрған Мұхаммед.
Тарихаттың жолына басшы болған Мұхаммед.
Хақиқаттың жол ашып, азат еткен Мұхаммед.
Дұғалары мұстажат, қабыл болған Мұхаммед.
Жамандыққа жақсылық орын берген Мұхаммед» [23, б. 39].

Сопылық ілімдегі барлық мақамдар пайғамбардан қалған, пайғамбардың салған жолы деп біледі. Дүниенің ақ жолын көрсетуші Мұхаммед деп таниды. Ойшыл Жаратушыны ең алдымен жүректен іздеу керектігін сипаттайды. Адам жалған дүниенің қызығына салынбай, жүрекпен көңілдің тазалығын сақтау түркі халқында қатаң ұстанатын дәстүрге айналған.

Адамның пенделік қамалдарды бұзып, адами құндылықтарға қол жеткізетін жол – Аллаға, оның құдіретінің шеберлігіне ғашық болу. Алғашқы

деп Жаратқан иенді танысаң ғана жартақан иеннің мейіріміне бөленесін деп қарастырады. Қ.А. Иасауидің ойынша, Алланың дидарына ғашық болмаған адамның барлық назары жалған дүниеге бағытталады. Адамға өз еркімен нәпсісін тыю қиынға соғуы мүмкін, жаратушыға құлшылық етудің көмегімен нәпсісін ауыздықтай алады деген ой қозғады. Адамның өміріндегі ең дұрыс амал – құдай сөзін мойындау, жаратушы тарапынан берілетін хикмет деп таниды. Адам өз өмірінде жаман әрекеттермен күресу арқылы, рухани кемелділікке жетіп, жүрегін тазартып, Хаққа жақындайды.

Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында топырақ аса қастерлі ұғымдардың бірі топырақ болған. Топырақтан жаралдық, топыраққа айналамыз деген түркі халықтарында қалыптасқан түсінік бар. Топыраққа тән басты сипат тазалық. Шарифатта су болмағанда тәнді тазалауға топырақты пайдалануға рұқсат етілген. Топырақты қанша ластасанда, ол кірді өз бойына сіңіріп алып, қайтадан тазарады. Адамға да топырақ сияқты таза, ласты бойына жинамау үлгісін көрсетеді. Адам басқаға мейіріммен қарауы, қиянатсыз болу түсініктерімен байланыстырады.

«Құл Қожа Ахмет, ер болмасаң өлген жақсы,
Қызыл жүзің қара жерде солған жақсы.
Топырақ сипат жер астында болған жақсы,
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған» [23, б.18].

Адамның топырақ сипатта болуын ойшыл мұрат етеді. Топырақ сипатын ойшыл адамшылдық құндылықтар санаты ретінде айтып отыр. Адам өмірінің қамшының сабындай қысқа екендігін ескере отырып, адамдық құндылықтарды аяқ асты етпей, адамшылдығын көтеріп, имандылықты ұстануды басты орынға қояды. Ойшыл «нәпсіні өлтіруді», адамға «топырақ» сипаттылық» дәрежеге көтерілуді өз хикметтерінің басты негізі етіп алды.

Қожа Ахмет Иасауидің «Көңілдің айнасы» шығармасында жаман әрекеттің өзіне жақсылықпен жауап беру, жасы үлкені кішіге ақыл айтып, дұрыс жол нұсқауы, ал кішісі тыңдап, үлкенге ізет көрсетуі айрықша орын алды. «Сіздің біріңіз жамандық іс көре қалсаңыз оны қолыңызбен түзетіңіз, тоқтатыңыз. Егер күшіңіз жетпесе тіліңізбен, яғни оған қарсы шығып, наразылық білдіріңіз, оған да күшіңіз жетпесе, жүрегіңізбен қарсы шығыңыз. Бір адам тыйым салынған кереғар іс істеп жатса, оған наразылық білдіру керек. Егер мүмкін жамандықты көре тұра қарсы шықпай, ешқандай наразылық білдірмесе, жамандық жасаушылардың күнасына ортақ болады» – деп шарифат жолын дұрыс ұстану үшін қойылатын талаптарды ұғындырып өтеді [63]. Адамдарға қиын жағдайда көмек көрсету, қолдау, жамандыққа қарсы тұру, көңілмен әрекет қылу, жүрек көзін таза ұстау адамшылдығы бар адамдар үшін басты орындағы әрекет болып табылмақ. Басты нәрсе адамның көңілінің, жүрегінің тазалығы, жан тазалығы. Иассауи өмір бойы адамгершілік, парасаттылық, имандылықты насихаттаған ойшыл.

«Мәдениеге Расул барып, болды ғаріп,
Ғаріптікте азап тартып, күйді жанып.
Жапа тартып жатқанға келгені анық,

Ғаріп болып ауыр жолды басты міне.
Ақылға ерсең ғаріптерді мейріммен сүй,
Мұстападай елді кезіп жетімді жый.
Дүниеқоңыз пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым міне.
Ғашық есігін Мәулім аштым, маған сыйлы,
Топырақ қылып әзір бол деп мойнымды иді.
Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,
Найза алып, жүрек, баурым сұқтым міне».

Ойшыл адамгершілік жолында адам үнемі өзін-өзі тәрбиелеу қажет деп кеңес береді. Адам өзінің ішкі болмысын, құлқын түзеу керек екендігін айтады. Адамгершілікке, ізгілікке жетудің кілті жүректе деп таниды. Жүректі тазарту, иманды берік ұстау адамгершілікке барудың басты жолы деп қарастырған. Адам жақсы әрекеттерге ең бірінші көңілін, жүрегін тазартып барып аяқ басады деп біледі.

«Қайда жүрсең көңілін жұмсақ, сыпайы болғын,
Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғыл.
Машхар күні тәңірге жақын болғыл,
Менменсінген халайықтан қаштым міне» [64]

Адамгершілікке аяқ басып, ар-ұятыңды таза ұстағың келсе, тәкаппарлықтан, өзімшілдіктен алыс жүруді насихат етеді.

Қожа Ахмет Иасауи адамға мейлінше қарапайым болуды, қиянатшыл болмауды, дүниедегі ең үлкен күрес адамның өзімен және ішкі болмысымен күрес екендігін, дүниедегі игі іс, тіршіліктің бар мәні Жаратушының хикметтерін сезіну, тану екендігін басып айтады.

Қожа Ахмет Иасауидің «Фақырнама» еңбегінде айтылған шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқаттың мақамдары түркі халықтарының қазіргі өмір сүру дәстүрінде қалыптасқан құнды пікірлерге айналды. «Шарифат мақамдары: 1) тәңірдің бірлігіне, барлығына, сипаты мен затына иман; 2) намаз оқу; 3) ораза тұту; 4) зекет беру; 5) қажылық жасау; 6) мұлайым (жұмсақ) сөз; 7) ғылым үйрену; 8) сүннетті орындау; 9) амр-и билмағруфты жүзеге асыру; 10) Наһиан ил-мункарды жүзеге асыру.

Тариқат мақамдары: 1) тәуба; 2) пірге қол беру; 3) һауф(қауіп); 4) ража(үміт); 5) уирд и ауқат; 6) пір қызметінде болу; 7) пір ижазатымен сөз сөйлеу; 8) насихат тыңдау; 9) тажрид болу; 10) тафрид болу.

Мағрифат мақамдары: 1) фана болу; 2) дәруіштікті қабылдау; 3) әр іске төзімді болу; 4) адал, жақсы талапта болу; 5) мағрифат қылу; 6) шарифат пен тариқатты тең тұту; 7) дүниені тәрк ету; 8) ақиретті таңдау; 9) вуджуд мақамын білу; 10) хақиқат сырларын білу.

Хақиқат мақамдары: 1) топырақ сипат болу; 2) жақсы мен жаманды тану, айыру; 3) жұрын лоқмаға қол салмау; 4) өзін, лоқмасын Хақ жолына арнау; 5) кісіге азар бермеу; 6) факирлікке мүнкір болмау; 7) сапар қылу; 8) сыр сақтау; 9) шарифат, тариқат, хақиқат мақамдарын білу; 10) амал қылу» [65]. Қ.А Иасауидің қай шығармасындағы ойларды алып қарасақта басты идея – Хақ

жолында болуды насихаттап, кейінгі ұрпаққа жеткізуді мұрат еткен. Ең жақсы адам басқаға пайдасын келтіретін адам деп таныған. Алланы сүю арқылы адамзатты сүюге шақырған. Ойшыл моральдық құндылықтарды жетілдіру арқылы ғана адамзат бақытқа қол жеткізе алатындығын баяндайды. Адам болмысының бұзылуы қоғам үшін өте қауіпті құбылыс. Иасауидің ілімінде адам бойына отансүйгіштік, парасатылық, имандылық ұялататын рухани ұстанымдар жатыр. Иасауи өз дүниетанымында адамдарды алдымен өз асының емес, басқаның игілігін және бақытын ойлауға шақырды. Ар түзеу мәселесі ойшылдың дүниетанымында ерекше орын алды.

Түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, дәстүрі, өмір сүру дүниетанымы туралы құнды мұралардың бірі Ахмет Иүгінекидің «Ақиқаттың сыйы» еңбегі. Адам қалай өмір сүру керек деген сұраққа ойшыл өз еңбегінде жомарт, білімді болу қажет деп қарастырады. Ел өміріндегі сараңдықпен жомарттық туралы жырлайды.

Өмірде жақсы мінез-«жомарт» деген,
Жаман ат-«сараң», тәуір сөз ермеген.
Береген қол бәрінен де құтты болар,
Сол-жаман-ала біліп, түк бермеген.
Жазылмас сараң-ауру емдегенде,
Қарысар қолы тастай, «бер!» дегенде.
Көзінің сұғы тоймай тіміскілеп,
Болады малдың құлы ерлегенде,
Сақылық-ел ішінде бір төбе де,
Абырой атақ сонда, мәртебе де.
Бол жомарт, халықты сол сүйсіндірген,
Кейін де, бүгін де, ертеде де
Мал жиып бақыл ашкөз дірілдеген,
Күні жоқ бірін ішіп, бірін жеген,
Досына тірісінде дәм татырмай-
Өлген соң жаулары жеп дүрілдеген [24, б. 78].

Сараңдықты ем қонбайтын дертке санайды. Жомарттық түркі халқының дәстүріне айналған игі іс ретінде қарастырылады. Жомарттық арқылы бүкіл адамзаттың арасындағы қарым-қатынасты түзетуге болатындығын баяндайды. Білімнің адамзат өміріндегі орнын дәріптей отырып, оның пайдасы туралы ұғындырады. Ұрпақ тәрбиесінде білімнің және ұлттың игі дәстүрлерінің маңызы айрықша екендігін көрсетеді.

Адамдық -бір биік үй мұнарасы,
Алқызыл алау өскен гүларасы
Бай мінез- сол гүл өскен жасыл алқап
Сол үйдің не болмаса іргетасы
Сабыр ет, қуаныш күт, бәле келсе,
Күте тұр-қайғы, реніш ала келсе [24, б. 82].

Адамзат өміріндегі игі құндылықтардың барлығын адамдық қасиеттің төңірегіне топтастырады. Адамгершілікке қол созған адамдар ғана өзінің

өмірлік мұраттарына қол жеткізе алатындығын көрсетеді. Түркі халықтарының дүниетанымына сіңген жақсы қасиет – қоғамдағы барлық адамды тең құқылы деп санаған. Әлсіздерге күш көрсетпеу, кемтарларға қолғабыс болу қарапайымдылықтың, әділеттіліктің көрінісі ретінде танылды. Адамзатқа өз өмірінде тілді дұрыс пайдалану қажет екендігін атап көрсетеді.

Бақ тілінді, аздап сөйле, мұра-сол
Сонда аман-сау, тек жүресің, рас-ол
«Адамды отқа күйдіретін тіл екен
Өзіңді оттан сақта»-деген Расул [24, б. 74].

Тілден шыққан сөз жақсы болса адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартса, тілді дұрыс пайдаланбау адамдар арасындағы қатынасты бұзатындығын баяндады. Түркі халқының күнделікті өмірінде дұрыс сөз сөйлеп, оларды орнымен қолданудың ретін білу дәстүрге айналған әдеп ретінде саналады.

Есепті сөз-ер сөзінің асылы
Мылжың сөз «жау» [24, б. 74] - деп жазады.

Сөз сөйлегенде сөздің тобықтай түйінін айтуға меңзейді. Ахмет Иүгінекейдің дүниетанымындағы сөздің күдіреті тек өмірді танып-білуге ғана емес, дүниені ұстап тұрған керемет рухани күш, ұлтты түсінудің негізгі құралы, нағыз даналықтың үлгісі ретінде ұғындырады.

Түркі халықтарының дәстүріне, мәдениетіне, қоғамдық өміріне игі құндылықтарды қалыптастырған, адаспай тура жолмен жүруге шақырған Қорқыт Ата, Әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки сынды ойшылдарымыздың дүниетанымы мен шығармаларының орыны айрықша. Ойшылдардың дүниетанымы халық даналығына, өмір сүру болмысына, дүниеге қатынасына жақын болды. Әрбір ойшылдың ілімдерінің астарында халық өміріне, дәстүріне қатысты метафизикалық ойлар бар. Түркі халықтары дәстүрін берік сақтаған.

Түркі дүниетанымында дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан келесі бір ұрпаққа сабақтасып отыратын, тарихи тұрғыдан қалыптасқан, әлеуметтік нормалармен іс-әрекеттің рухани негізі ретінде қарастырылады. Ұрпақ өз өмірлерінде ата-бабаларынан қалған рухан мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық формаға сәйкес жетілдіре отырып, өз өмір сүру табиғаттарына бейімдеп отыратындығын ұғындырады. Түркі халықтары дәстүр дегеніміз ескі мұраны сол күйінде бұлжытпай орындау емес, бұрынғы мұраның ең жақсы, ең пайдалы жақтарын игі істерде қолдану деп біледі.

Көне түркі халықтары жалпы өз дәстүрлерінде адамдық құндылықтарды жоғары бағалаған. Түркі дүниетанымын зерттей отырып, ел өмірінде дәстүрге айналған адамгершілік, рахымдылық, қайрымдылық іс-әрекеттерін адамзат өмірінде ізгілікке бастаған құндылық ретінде көрсетеді. Адамгершілікті халық өміріндегі адами құндылықтардың бой көтеруі ретінде таниды. Адамгершілік адамдар арасындағы қарым-қатынастарды ғана емес, адамның дүниеге қатынасын да реттейтін құндылық. Рахымдылық адамзат баласының бір-біріне мейіріммен қарап, қателіктерін кешіре білуі ретінде қарастырылады.

Рахымдылық адамдардың басқа адамдар алдындағы міндеті емес, ол адамның адамдық жауапкершілігі. Қайырымдылық – адамдардың бір-біріне көмектесуі, қиын жағдайға тап болған кезде қолдауы. Қайырымдылық адамзат бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Түркі халықтарының өмірінде ең жақсы адам ретінде, басқаға қайырым жасап, қиналғанда қол ұшын беріп, көмек көрсететін адамды санаған. Жетім мен жесірге, ауру-сырқауға, кедей адамдарға көмек көрсету түркі дәстүрлерінде адамдардың бір-біріне жасайтын ізгілігі. Адам үшін оның өміріне мән беріп, мағыналы ететін адамгершілік, ізгілік қатынастары, бұл қасиеттер арқылы адамзат адамға лайықты өмір сүре біледі. Адамдық қасиеттерді адамның өмір сүруінің ең жоғарғы формасы ретінде көрсетеді. Ел өмірінде қалыптасқан дәстүрлі құндылықтар ізгілікке негізделген дәлелді дәйектермен көрсетіледі.

Түркі халықтарында отбасында ер адамның орны әрқашан жоғары болу дәстүрге айналған. Ата-ананы құрметтеу, әйел затын бағалау, сыйлап өту парыз деп саналады. Қазақ дәстүрінде жеті атаға дейін некелесуге тыйым салынса, түрік халқында жеті атаға дейін некелесуге рұқсат етілген, «қайшы құда» дәстүріде жақсы сақталған.

Түркі дәстүрлерінде ұлтқа, елге деген сүйіспеншілік айрықша екендігін байқаймыз. Өз жерлерін қасиетті қара шаңырақ, баспана санай отырып, ұлттық мәдениетімізбен дәстүріміз сақталған алтын бесік деп таныған. Түркі халқында дәстүр ұғымын жоғары бағалай отырып, адамның өміріне пайдалы ізгілікке, адамгершілікке бағытталған іс-әрекеттерін дәстүр ретінде қарастырды. Дәстүр тәрбиелік мәні айрықша, адамның игілігіне пайдасы зор құндылық ретінде көрсетіледі. Дәстүр қоғамда тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырудың басты парадигмасы ретінде танылады.

Ойымызды қорыта келе, Түркі философиясындағы дәстүр мен дүниетанымның байланысын анықтауда ойшылдар іліміне ой жүгірту арқылы сараптамалар жасалынды. Түркі халқының өзіне тән дәстүрлі дүниетанымы бар. Түркі дәстүрі бойынша адам және оның әлемдегі орны, адам бойындағы адамшылдық қасиеттер ең басты құндылық ретінде танылды. Оның дәлелі ретінде «әлемнің ортасында адам тұрады» – деп қарастырды. Адамды құрмет тұтты. «Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы пайда болды» – деп, адамды Әлемнің тірегі ретінде таныды. Түркі дәстүрлерінде адамды жетілдіретін рухани құндылықта жоғары бағаланды. Түркі дүниетанымында үлкенді сыйлау, кішге қамқор болу, атқарған ісіне адал болу, қиын жағдайға тап болған адамдарға қол ұшын беріп көмек көрсету, адамдармен дұрыс қатынас жасай білу талаптары, дәстүрлеріндегі ең маңызды мәселелердің бірі ретінде танылды. Түркі халқы жаман әрекеттің өзіне жақсылықпен жауап беру олардың өмірлік ұстанымы болып табылады. Бұл ғұмырдың өткінші, баянсыз екендігін ұғындыра отырып, адамды адамдық қасиеттерін жоғалтпай өмір сүруге шақырды. Қиянатсыз болу түркі дәстүрлеріндегі ең басты құндылық ретінде танылды. Адам өмірлік мұраттарға тек ізгілік, адамгершілік қасиеттер арқылы ғана қол жеткізе алатындығын ескере отырып, ізгі бастамаларды дәстүрге айналдырып отырды.

Түркі дәстүрлері өз бастауларын тіршіліктің таза адами деңгейі саналатын құндылықтардан: адамгершілік, ізгілік, бауырмалдылық, парасаттылық, инабаттылық, ынтымақ, бірліктен алатындығы пайымдалды.

2 ДӘСТҮРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАСУ ҮРДІСТЕРІ

2.1 Табиғи қажеттіліктен туған дәстүр болмысы

Әрбір ұлттың тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, іс-әрекетімен, мінез-құлқымен, өмір сүру ортасымен байланысты құндылықтары – дәстүр. Дәстүр бір күнде, не дайын күйде тұмайды, басқа халықтардан ауысып келмейді, оны бір адам немесе бір топ аз уақыт ішінде өмірге әкеле алмайды. Дәстүр деп отырғанымыз уақыттың сынынан, бірнеше ұрпақтың ақыл-ой елегінен өткен ұрпақтың ұзақ жылдарғы тәжірбиесі. Дәстүрдің пайда болуын, шығу тарихын кез келген ұлттың пайда болуымен байланыстырады. Дәстүрдің халықтың қалыптасуымен қатар табиғи қажеттіліктен туған болмысы бар. Халықтың әлеуметтік өмірі, күнделікті бір-бірімен жасайтын қатынастары, қажеттіліктерінің өзі дәстүрді тудырушы болып табылады. Дәстүрді зерттеуші ғалымдардың еңбегінде қазақ дәстүрінің қалыптасқан уақытын XV ғасыр деп тұжырымдайды. Ал, тарихи деректер бойынша IV-V ғасырдағы сақ дәуірінен бастау алды дейді. Дәстүр алғашқыда қоғамдық тәртіп, мұрат пен игілік, халықтың мәдени мұрасы ретінде саналған.

Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы ең алғаш адамдардың қоршаған ортасына, айналысқан шаруашылығына, діни наным-сеніміне, дүниеге көзқарасына байланысты болған. Адамдардың кәсібі, тіршілігі, өмірге деген көзқарасы белгілі бір дәстүрлердің қалыптасуына әкелді. Ұлттық дәстүрдің қалыптасу негізін анықтау үшін халқымыздың өткенін, бүгінгісі мен ертеңін терең зерттеу қажет. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы қазақ өмірінің болмысымен, шаруашылық-тұрмыс жағдайымен, саяси қызмет ахуалымен, халықтың бойына біткен тәлім-тәрбиесімен, халқымыздың керемет бай, әрі терең ойлы асыл қазына тілімен, ұлы даналардың мұраларымен тығыз байланысты. Адамдар өздері өмір сүріп отырған ортада, әлеуметтік жағдайды басынан кешіру кезеңдерінде дүниеге деген белгілі бір көзқарас қалыптастырып, ел арасында қандай да бір дәстүрлер сақтала бастады. Дәстүрді зерттеу барысында көбіне оған жақын ұғымдар ретінде «салт», «әдет-ғұрып», «жоралғы», «рәсім» ұғымдары қарастырылады. Қай кезеңде болмасын, бұл ұғымдар дәстүрге мағыналас ұғымдар ретінде танылды. Салт – адам өмірінің күнделікті тіршілігінде, от басынан бастап, қоғамдық өмірдегі қатынастарға дейін жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жол-жора, рәсім, заңдарының жиынтығы. Әдет-ғұрып – адамдардың белгілі бір ортасында пайда болып, сол адамдардың мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжымас қағидаларына айналған жөн-жосық, жол-жоралғы. «Жол-жоралғы» – қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрыпындағы кәделердің бір түрі, жасы үкен адамдарға, ағайын-туыстарға немесе сыйлы қонақтарға қалыптасқан дәстүрлерге сай көрсетілетін құрмет, берілетін сый-сияпат. Рәсім – белгілі бір оқиғаға немесе мерекелерге арнап өткізілетін шаралар. Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер [66]. Дәстүр сөзінің мағынасы «салт», «әдет-ғұрып», «жол-жоралғы», «рәсім» ұғымдарына қарағанда ауқымды. Философиялық тұрғыдан сараласақ, дәстүр өзінің «салт», «әдет-

ғұрып», «жол-жоралғы», «рәсім» сияқты күнделікті өмірде көрініс беретін құрамдас бөліктерін біріктіріп тұрған күрделі субстанция. Осы құрамдас бөліктер, күнделікті өмірдегі көріністер әр отбасының тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын болса, ал дәстүр ұғымы тұтас бір ұлттың өзіндік болмысын айқындамақ. Дәстүр ұрпаққа өткенді ұғына отырып, болашаққа қадам басу үшін, тәжірбие, тәрбие, дүниетаным қалыптастыру үшін керек. Адамның өмір сүру қажеттіліктерінен туған дәстүрлі құндылықтар әрқашан ұлт үшін құнды, пайдалы болған. Ол әр халықтың дүниеге қатынасына, өмір сүру ортасына, мінез-құлқына, қоршаған ортасына, наным-сеніміне байланысты қалыптасқан құндылық. Онсыз халық бет әлпетсіз, бейнесіз мүсін тәрізді.

Құран Кәрімде Алла әр халықты бөлек жаратты делінеді. 5-Мәида сүресінің 48 аятында: «Сендердің әр біреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді», – деп анық айтылған [67]. Ол ұлттың өзіндік дара ерекше белгісі болып табылмақ. Дәстүрдің өзіндік болмысы әр халықтың мәдениетімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Адамзат тегінің әр құрылықтағы өмір сүруінің, күнкөріс, қоршаған орта, табиғи ерекшеліктердің, ауа-райы, климаттың өзгешеліктеріне байланысты дәстүрлері табиғи қажеттіліктен барып туғаны шындық. Дәстүр адамзат өмірінде белгілі бір қажеттіліктерге сәйкес қалыптасты. Жер бетіндегі әр ұлттың географиялық өмір сүру аймағы, өзіне тән тұрмыс дағдысы, дүниені тануы, діни көзқарасы және соған сәйкес салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-тыйымдары бар болуы заңды құбылыс. Онсыз ешқандай өркендеу, өсіп-өну, даму, тіршілік нышанын көзге елестету қиын. Дамудың ең төменгі сатысында тіршілік кешетін халықтардың да өз дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ритуалдары бар. Оған тыйым салуға ешкімнің құқы жоқ. Әрбір жеке дара халық елдік дәстүрін айнытпай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа көшіре беруге аса мүдделі. Өркениеттің ең жоғарғы сатысына өткен озық, көшбасшы елдердің ұлттық дәстүрге айрықша мән беретіні, ерекше ұстанатындығы сондықтан. Бұл оларға артықшылық сипат беріп, рухтандырып, өзге халықтардың көзінде мәртебесін асырып тұрады. Төл дәстүріне тастай берік ұлттар жер бетінен ешқашан азып-тозып, бүліншілікке ұшырап, жоғалып кетпейді. Сыртқы жау келсе алдырмайды, ішкі кеселге бой бермейді. Сөйтіп, жарық дүние тұрғанша тұрады. Себебі төл дәстүрдің болымыстық негізінде жасампаз ұлттық рух жатыр.

Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр сол халықтың ұлттық сана-сезімі, ол әрі иррационалды түйсік, әрі ақыл мен парасаттың кеніші сияқты нағыз қазына, сол асыл қасиеттерді мызғымастайетіп қалыптастыру қажет. Ұлттық рух әу баста бір атадан тараған қандық жақындықтан туындап, адамзат қоғамының қауымдасып, ру, ұлыс, тайпадан зорайып өсіп шығып, біртұтас ұлтқа айналған халыққа әрдайым қорғаныш болатын құдірет. Дәстүрдің пайда болуының негізінде әуелі материалдық, сонан кейін рухани қажеттілік жатқаныайдан анық жайт. Дәстүрдің түпкілікті орнығуына бүкіл адамзат қоғамы мүдделі. Өйткені бір халықтың рухани болмысын ашатын әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жекелеген адамдар емес, бүкіл қоғам болып жасайды, бүкіл қауым болып қабылдайды. Қазақ халқының жыр-дастандарында, тарихи әңгімелерінде, аңыздарында,

әпсаналарында, шешендік сөздерінде халықтың дәстүлі мұрасы айрықша орын алған. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысын анықтау ұлттың өмір сүру тарихын түсіну үрдісімен байланысты. Дәстүрдің табиғи болмысын анықтау арқылы өткен ата-бабаларымыздың өміріндегі әлеуметтік-мәдени құндылықтарды анықтап, олардың кейінгі ұрпақ үшін тәлім-тәрбиелік мәні айрықша өмірлік тәжірбиелерін тани аламыз.

Дәстүр – қазақы ортада көшпелі өмір салтының барлық саласына қатысты институттар, ұстанымдар мен нормалардың, ежелден орныққан ата-баба жолының, өмір салтының ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын үлгілі ұстанымдары мен нормаларының атқарылу тәртібі мен үрдісін білдіреді. Яғни, қоғамдық объектінің – заттың, құрылымның және құбылыстың өзін ғана емес, олардың функционалдық болмысы мен бітімін бейнелейді. Демек, функционалдық мәнде қолданылатын ұғым.

Ғылыми тұрғыдан келгенде, дәстүр – ежелден орныққан өмір салты, оның үлгілі нормалары, ұстанымдары, принциптері мен тәсілдері және олардың ұрпақаралық-этникалық беріліс механизмі болып табылатын сан алуан саяси, идеологиялық, мәдени, ғұрыптық институттарының жүйесі. Қоғамның түрлі шаруашылық салаларына сәйкес атқарылатын әрекеттер халықтың дәстүрінде көрініс табады [68]. Қазақтың арғы бабалары көшпелі-патриархалды тұрмыс құрып, жыл он екі ай бойы мал шаруашылығымен айналысты. Көшпелі өмірдің тұрмыстық қажеттіліктеріне байланысты қазақ дүниетанымында жаңа туған нәрестені бесікке салудәстүрі қалыптасты. Бесікке бөленген бала ана әлдиін тыңдап, ананың ақ сүтін еміп, гигиеналық жағынан таза, бесіктің астында орналыстырған түбек пен шүмек арқылы дәреті бойына жайылмай, ұйқысы бұзылмай, алаңсыз өсетін. Жаугершілік замандарда бесік түйенің қомында, аттың жалында жүретін. Құрылымы күшті бесікті ойлап тапқан біздің бабаларымыз ғасырлар бойы дені сау, рухы мықты жауынгер халық болып қалыптасты. Кентавр туралы көне грек аңыздарында протоқазақ – скифтер туралы зор энтузиазммен айтылған. Ұлттық тәрбиенің күштілігінің нәтижесінде арғы бабаларымыз қарсы келген дұшпанға дес бермейтін ержүрек, қайсар ұлдар, ат құлағында ойнайтын ұлдан бәсі кем түспейтін, еркін, жаужүрек қыздар өсірді. Сол батырлар туған елі мен атамекен жерін қасық қаны қалғанша қорғады, арттағы ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Сонымен бірге, бесікке бөленбеген, ана әлдиін тыңдамай өскен, өз елінің руханиятын сезінбеген, жыр-әнін, әдет-ғұрпын, ырым-тыйымын білмей өскен ұрпақтың бойында ұлттық асыл қасиеттеркем болатыны ешкімге жасырын емес. Ана әлдиінің нәресте санасына игі әсер ететінін ғылым растайды. Егер ұлттық дәстүрді ардақтау идеологиясы қайта жанданса, ұрпақтың сапалық қасиеті мейлінше байып, рухы мен күш-қуаты қатар нығаяр еді. Бұл ақиқат оң жемісін беру үшін дәстүр ұлттық идеологияның, мемлекеттік саясаттың бір арқауына айналуы керек.

Белгілі орыс философы, әдебиеттанушы, өнер теоретигі М.М. Бахтин өзінің философиялық көзқарасында адам өзінің мәдениеттегі, дүниедегі болмысы үшін жауапты, сондықтан осы жауапкершілікті адамдарға үйрету, осыған иландырып, сендіру қажет деп пайымдайды. Қазіргі қоғамдағы келеңсіз

оқиғалардың белең алып, адамның өз болмысынан жат әрекеттерге аяқ басуы да тәрбиеге, ана әлдиінің айтылмауына, ата-әжелердің немерелеріне ертегі, жыр-аңыз айтпағанына, ұлттық дәстүрге салақ етіп өсіруіне тікелей қатысы болса керек. Біздің халықтың ұлттық дәстүрі өмір құбылыстарын көріп-біліп, олардың астарын, тылсым сырын қапысыз тану арқылы берік қалыптасқан деуге болады.

Тірі табиғатты пір тұтып, көкті жұлмайтын, ақты төкпейтін, құс ұясын бұзбайтын, обал мен сауапты біліп, аяғы жер басып жүрсе де, көзімен көкке жиі қарайтын халқымыздың дара дүниетанымына, айналысатын шаруашылығына сай табиғи қажеттіліктен туған дәстүрлеріміз айтарлықтай. Мысалы, қазақ мал өсірген, малмен күн көрген, тұрмыс салты тұтасымен малмен байланысты көшпелі халық болған. Соның ішінде жылқы өсіру тарихымызда аса маңызды әрі құнды дәстүрлеріміздің бірі. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі [69]. Ерте заманда тіпті байлық құнының өзін жылқы саны арқылы өлшеген. Тектік сұрыпталудың артықшылығын қазақ халқы жылқыдан үйренген. Үйір басы айғырдың өз үйіріндегі жас байталдарды қуып жіберетінін жылқышы ата қазақ көрген, мұның құпия сырын қадағалап, зерттеу арқылы өмір үшін аса маңызды киелі құбылысты, физиологиялық шындықты дәл таныған. Өйткені, жылқы тек сақтайды, ал тек сақтайтын аң-құс санаулы. Қанымызға жылқы қасиеті әбден орныққан. Таза қанды болу – бұл өмірге биологиялық тұрғыдан бейімделу, иммундық жүйенің күштілігі, соның арқасында алабөтен эпидемиялық ауру-сырқауға шыдас беру, жаман дерттерге бой бермеуге боларын, төзімді, дені-қарны сау ұрпақ өсіруге қажеттілік екенін мың жылдықтар ішінде әбден түсінген. Сондықтан біз де жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспейміз [70]. Біздің халық инцест-жақын туыстардың қан араластыруын, таураттық тарихта бар күнәһарлық деп білген. Дәстүрлі қоғамда мұндай кеселге жол бермеген. Жыл он екі ай жасыл табиғат аясында көшіп-қонып өмір кешіп, жаратылысқа жамандық жасамауды мейлінше ұғып, жер мен көкті қатар көретін қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының табиғи болмысы өмірімен терең байланысты.

Өмір сүру тұрмысына байланысты қалыптасқан дәстүрлерімізде айтарлықтай. Мысалы: Абай «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» атты өлеңінде қазақтың жоқтау дәстүрін санамалап берді.

Біреудің кісісі өлсе қаралы – ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?
Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай елең-селең [71].

Абай ұлттық дәстүрден берік орын алған, қазір өте сирек айтылатын жоқтау жырларын меңзеп отыр. Жоқтау жырлары дүниеден озған марқұмның кісілік тұлғасын ашады, оның жақсылығын, қайраткерлігін, еліне істеген игілікті ісін жұртқа жаяды, сонымен қатар бұл басына қайғы түскен жақындары өлеңмен жұбанар сәті. Өмір мен өлім дәстүрлі қазақ ұғымында ай мен күндей егіз құбылыс. Тумақ бар да, өлмек бар. Қазақ дүниетанымында негізі өлімді мойындаған. Адамның маңдайына өлімнің құдіретін түйсінбей тұрып, өмірдің асыл қасиетін білу жазылмаған. Жоқтау дәстүрлері өмірдің өткінші екендігін ұғындырып, бүгін кешкен ғұмырдың ертең қайтып оралмайтындығын түсіндірмек. Осыған байланысты халық өмірінде әр түрлі дүниетанымдық көзқарастар пайда болды. Жалған дүние, пендешілік, тәуба, секілді ұғымдар қалыптасты. Бірақ адам өмірді жалған деп жатсынбай, керісінше, оған құмар болуы шарт. Пендешілік адамның өз табиғатынан тыс, ар-ұяттан төмен әрекеттерге салынуы, аяқ басуы. Тәуба – әр адамның иманға келуі, өзін-өзі тежеп, тоқтауға салынуы. Тәубасыз болу шайтанға ғана жарасады. Жоқтау дәстүрлерінің астарында осындай адамзат өмірі үшін маңызы зор құндылықтар жасырынды. Бұл дәстүрдің рух шақырар тұңғыш астары болғандықтан, Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Мәскеуде қазақ тарихының 400 жылын қамтитын 23 жоқтауды жинап, бастырған болатын.

Дәстүр әуелі тұрмыстан шыққан, кейіннен дәстүрді жалғастыра беру үшін оған киелі маңыз берілген. Дәстүрге тән сакралды болмыс содан туындайды. Дәстүр – тіршілік өмірге бейімделудің ең айшықты, ең қолайлы, ең ыңғайлы, тұрмыстық және рухани қажеттіліктерге жол ашатын қисынды сана-сезімнің оң көрінісі. Біздің қазақ халқы ата дәстүрін берік сақтаған түрік тектес халықтардың бірі болды, тал бесіктен жер бесікке түскенше ата-бабасынан қалған ұлы жолды таймастан ұстанды. Халқымызды салт-дәстүрді айқын ұстану, ата мұрасына адалдықтың киесі сақтап қалғаны ешқандай талас тудырмайды. Себебі ғасырлар керуенінде көшпелі ата-бабаларымыз ақ жолдан адастырмайтын, қиянатсыз өміршең қалыптарды тек салт-дәстүрлері арқылы қабылдап бекітті. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған табиғаты осыдан айқын көрінеді.

Өмір сүру ортасына байланысты табиғи қажеттіліктен туындаған дәстүрлерімізде бар. Біздің бабаларымыз өздерін табиғаттың ажырамас бөлігі

ретінде санаған. Көшпелі адамның дүниетанымына ерекше әсер еткен құбылыс табиғи орта болып табылды. Көшпенді қазақ дүниетанымында кеңістік феномені маңызды категориялардың бірі ретінде танылды. Кеңістік ұғымы ерекше сакралдылыққа ие, дүниетаным, өмір сүрудің басты формаларының бірі ретінде қарастырылды. Көшпелі өмір сүру дәстүрі халықтың психологиясына, мәдениетіне, менталитетіне, рухани құндылықтарына елеулі ықпал етті. Көшпелі халықтардың дүниетанымында бабалар дәстүрі бойынша өздерін табиғаттың бір бөлігі ретінде таныған. Кеңістік пен уақытты тұтас бір дүние ретінде қарастырды. Кеңістік шеңберінде адамның дәстүрі, діні, тілі, ғылымы, мәдениеті, дүниетанымының бастаулары табиғатпен етене байланысудың негізінде қалыптасып дамыды. Көшпелі халықтардың дәстүрлі дүниетанымында дүниені төрт бұрышқа бөлген, Шығысты Күннің шығатын жағы болғандықтан, жақсы жаққа теңеген. Батысты күннің бататын жағы болғандықтан, жағымсыз жақ ретінде таныған. Оңтүстік пен Солтүстікті бір-біріне қарама-қарсы қойып салыстырған. Көне көшпенділер дүниетанымы бойынша әлемді белгілі бір модельдер түрінде таныған: Дүние ағаш, Дүние тау, Дүние өзен. Дүниелік ағаш әлемді құрайды деп түсінген. Ағаштың ұшар басы аспан, жұлдыз, тау шыңдары. Ағаштың діңі жер, адам, жануарлар тіршілік мекені. Ағаштың төменгі бөлігі тамыры жер асты дүниесі. Танымдық жағынан алып қарастырсақ ағаш бейнесі бабаларымызбен қазіргі ұрпақтар сабақтастығының белгісі. Әлемнің түпкі құрылымын әлем ағашы ретінде сипаттайды. Ертедегі дәстүрлі құндылықтар негізі тереңнен бастау алған.

Көшпенді халықтардың баспанасы киіз үй болған. Киіз үйдің шаңырағы, уығы, керегесі ғаламдық модель секілді. Олар көшпелі халықтардың даналығын, дүниетанымын, дәстүрін көрсетеді. Көне көшпенділердің баспанасы киіз үй туралы әртүрлі аспектіде жазылған: киіз үй барлық көшпенді архитектурасының негізі, киіз үй көшпенді баспананың бір типі, киіз үй типологиясы да бар, киіз үй отбасылық аумақ және шаруашылық бірлік ретінде, киіз үй монғол көшпенділерінің ұғымы бойынша бар әлемнің моделі ретінде [72]. Киіз үйді ғаламның моделі ретінде қарастыра отырып, дүниенің төрт бұрышы секілді оң жағы және сол жағы, төменгі және жоғарғы бөліктерден тұрады деп таныған. Киіз үйдің қаңқасы үш бөліктен тұрады: керегеден (жиналған кереге, үй қабырғасы), уықтан (шаңырақ пен кереге ортасын қосатын иінді ағаш), шаңырақтан (үйдің бас бөлігі, жоғарғы шеңбер). Әрқайсысы белгілі бір деңгейді құрайды. Өз кезіндегі киіз жабыны да үш бөліктен тұрды: туырлық (ордада кереге бойы, шағын үйде шаңыраққа дейін жабатын киіз), үзік (уықтардың үстін ала жабылады), түндік (жоғарғы жағын, шаңырағын жабатын киіз) [73]. Киіз үй көшпенді халықтарының даналығын көрсетеді. Киіз үйдің ішіне заттарды орналастыру белгілі бір дәстүрлерге сүйене отырып жүргізілді. Шаруашылық заттарын уықтарға іліп қойды. Семантикалық тұрғыдан қарағанда киіз үйдегі заттарды кеңістікке бағыттап орналастыру адамзат үшін өте маңызды болған. Киіз үйдің есігін күн шығысқа қаратып тіккен. Кіретін жерге жақын шаруашылық заттарын қойған. Дәл ортаға ошақты орналастырған. Шаңырақ отанның, отбасының, өмір сүрудің символы болып табылған. Қазақ

дәстүрінде бата бергенде «шаңырағың шайқалмасын» деп айтудың астарында үлкен дүниетаным жатыр. Шаңырақ пішінінің дөңгелек болуы, әлемнің тұтастығын, үйлесімділігін, ғалам моделінің үлгісін көрсетеді. Шаңырақ бабалар өмірінде дала сағаты ретінде танылған. Күннің қозғалысының көрсеткіші болған. Киіз үйдің маңызды семантикалық объекті – есік, босаға. Қазақ дәстүрлері бойынша босаға ерекше орын деп танылған, ол отбасының амандығын сақтайтын, сырттан жасалынатын қастыққа жол бермейтін қорғаушы деп саналған. Осы босағаға байланысты қазақ дүниетанымында жалпы адами құндылықтарды қамтитын әдет-ғұрыптар қалыптасты. Босағаны керуге, табалдырықты басуға тыйым салынған.

Көшпенділер табиғатпен үйлесімділікті сақтай отырып, жерді барлық тіршіліктің мекені ретінде жоғары бағалаған, дүниеден озған адамды өзінің туған жеріне жерлеуді аса маңызды дәстүрлеріне айналдырған. Туған жер адамзат үшін дүниедегі ең негізгі құндылық ретінде танылған. Егер дүниеден озған адам туған мекеніне жерленбесе, туған мекенінен бір уыс топырақ әкеліп салған.

Көшпенділер өмірінде далалық табиғат заңдылықтары қонақжайлылық дәстүрін орнатқан. Көшпенділер дүниетанымындағы қонақжайлылық дәстүрі кеңпейілділіктің, жомарттықтың, мәрттіктің, парасаттылықтың көрнісі болып табылады. Сондықтан, келген қонақты сыйлап, оған ілтипатпен, ізетпен қарай білген. Дала халқының даналығы үйге келген қонақ сол үйдің босағасындағы жаманшылықты жояды деп білген. Әрбір үйге келген қонақ өзімен бірге сол үйге ырыс әкеледі деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан үйге келген қонаққа арнап мал сойып, ас әзірлеген. Қонақпен бірге ас ішуге жақын көршілер, туған-туыстар шақырылған. Тамақтану жүйесінің өзіндік сакралды дәстүрлері бар. Сойылған малдың жіліктерін, мүшелерін табақтарға дұрыс бөліп салудың ұлттық өзіндік ерекшеліктері болған. Малдың басын бөлу, «құлақтарын», «көздерін» дастархан басында отырғандардың әлеуметтік және жастық иерархиясына байланысты үлестірген.

Көшпенді халқымыз нақыштарға, тас мүсіндердегі суреттерге үлкен құрметпен қараған. Кеңістікке қатысты белгілерді айқындайтын қазақ нақыштары шеңбер, квадрат, үшбұрыштан тұрады. Нақыштағы белгілер дүниенің қозғалысы, туу, өлу сияқты тепе-тең құбылыстарды көрсетті. Нақыштағы модульдер кеңістіктегі заттардың орналасу формасын көрсете отырып, жердің мәңгілік белгілерін сипаттады. Қазақ халқы ертеден өзінің өмір сүру ортасының даналық диалектикасын тереңнен меңгеріп, оны ақыл-оймен саралау арқылы өз өмірлерінде дұрыс амалы ретінде қолданды. Герменевтикалық әдіске сүйене отырып, дәстүрлердің өзіндік мазмұнын, философиялық көзқараспен байланыстыра отырып анықтауға болады.

Көшпелі қазақ халқының өмір сүру ортасына, салтына, дәстүріне байланысты киім үлгілері болған. Ертеде бабаларымыз «отбасын құру» дәстүрін «адам болу» деген ұғыммен байланыстырған. Отбасын құрған адамдар өмірге жаңа қадам басып, қоғамдық дамуға өз үлестерін қосады деп білген. Адамзаттық қарым-қатынастың өзегі осы отбасынан басталатындығын

мойындаған. Дәстүрдің мағыналы мазмұндық жағынан осындай құндылықтық мәні бола отырып, адмзаттың өмір сүру болмысымен байланысқан.

Табиғатпен өзгерісіне байланысты адам өміріне қатысты өзгерістерді тану дәстүрге айналды. Қазақ халқы күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты 5-ке бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам. Қазақтар әрбір маусымды өз ішінде 3-ке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы. Осынау өмір салтының өзегінен бір жылды 12 айға бөлетін таным-түсінікті бастау тегі аңғарылды. Алыс көш жолдары, жайлау мәселелері, жыл мезгілдеріне байланысты ауа-райының өзгерістері, уақытты түсінуге мәжбүр етті. Уақыттың ең бірінші бағдары ауа-райы болды. Көктемгі күн мен түннің теңелуі, жаз бен күздің, қыс пен көктемнің ауысуы, осының барлығы уақыттық өзгерістерді көрсетті. Аптаған ыстық, жайылымдардың күйіп кетуі, өткел бермес сең, көктемгі алғашқы балауса шөп, қардың түсуі, күнге кешу уақытқа тәуелді болды. Күн сәулесінің шаңырақ бойымен жылжуы мен уықтардың орналасу тәртібі ерекше бір уақыт өлшегіш сағат ретінде қызмет атқарды. Осындай дәстүрлердің қалыптасуы көбіне табиғат тылсымымен тығыз байланысты болды. Көшпелі өмір салты арқылы адамдар табиғат сырын меңгерді, алғашқы танымдық түсініктер бүгінгі күнге жетті.

Бүгінгі күні өзіміз өмір тіршілігімізде қолданатын таным-түсінігіміздің түп-төркіні тереңде екенін сезінген сайын тарихымызға, ұлттық ой-толғауымызға, дәстүрімізге деген құмарлығымыз арта түседі. Қазақтың табиғат тағылымдары, мысалы, жаңа туған айға бата жасауы, түркілік дәстүр бойынша жаратылыстың түгел жаңаратынын білдіреді. Көшпелі тұрмыстың қажеттіліктеріне байланысты аспан денелеріне қарап, ауа райын болжау заңдылықтарын игеріп отырған. Шаруашылықтағы мындаған мал тұяғы басатын жайылым жерді тоздырмай, қонысты ауыстырып отыру дағдысы, жазда жайлауды, қыста қыстауды мекендеу өмір салтына, дәстүрге айналған. Қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптарын тұтасымен ұлтымыздың әлеуметтік-рухани институты деп атауға әбден болады. Осы дәстүрлі санаға қазақтың бүкіл ұлттық болмысы, тілі, асыл мұрасы, рухани қазынасы сыйып кетеді десек, артық айтқандық емес. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы деп ғасырлар қойнауынан сүрінбей өтіп, дұрыстығы айқын білініп, шындығы ақталған, ұлттың айнымас қасиетіне айналған құндылықтарды айтамыз.

Халық өмірінде ерекше рөл атқаратын дәстүр, әдет-ғұрыптар ел өмірімен терең астасып, тамырын тереңге жайып жатты. Дәстүрдің адам өмірінде әлеуметтік сипаты басым болды. Түрлі салт өлеңдері орындалатын дәстүрлер, халық ойын-сауығының басталуы үшін сылтау ғана болатын. Осылайша басталған жиын соңын табиғатынан ақынжанды халық өлең-жырдың думанына, сөз өнерінің сайысына айналдырып жіберетін. Іштегі шер мен арман-мақсатын ақтарып, нағыз әлеуметтік мәселелерді көтеретін дәстүрлі жиындар жиі-жиі болып тұратын. Сондықтан әдет-ғұрыптарды жеке адам емес, бүкіл қоғам жасайды [70, б. 195]. Әрбір күнді той-думанға айналдырып, өзінің шешендігін, даналығын осындай жиындарда көрсете білген. Осындай дәстүрлі

жиындарда адамдар жиылып, бірін-бірі көріп, шер тарқатып, әңгімелесіп, рухани бір серігіп қалатын.

Ұлтсыздану үрдісі ата дәстүрді жоғалтудан, орны толмас ұлттық құндылықтардан айрылудан немесе басқа елдің руханиятына еліктеп, ана тілін ұмытудан басталады. Дәстүрін қор тұтқан халықтар ұзақ жасауға қабілетсіз, жүре келе мәңгүрттеніп, басқа сапаға ауысып, мүлдем өзге халыққа айналып, мүлдем жойылады. Мұны кәрі тарих әлдеше мәрте дәлелдеумен келе жатыр. Империя болуға амбициясы оянған, экономикасы мен әлеуметтік құрылымы, мәдениеті орныққан, төл қарпі бар, сырты мен іші күшейген кез келген мемлекет әрдайым өзінің түймедей жетістігін, өзгеге түйедей етіп танытып, дәріптеп тұруға тырысатыны тарихтан белгілі. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты түзеу, бірлікті сақтау, адамдарды бірлікке, адамгершілікке баулу ұлт дәстүріндегі басты мәселелердің бірі.

Өткен заманда ата-бабаларымыз дәстүрді адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін заң негізінде пайдаланды. Қоғамдағы үлкен тығырыққа тірелеген мәселелерді дәстүрдің негізінде шешіп отырды. Конфуций бұл жайында былай дейді: «Ел басшысы біреуге жаза қолданарда, үнемі ата-баба дәстүрін есте сақтай отырып, үкім шығарғаны абзал. Сонда оның әділдігіне өзгелердің де көзі жетіп, көңілі сеніп, сенің әрекетінді жан-дүниесімен қолдайды». Осыдан қазақ дүниетанымынды «аталы сөзге арсыз тоқтамайды»-деген ой қалыптасқан. Бабалардың салып кеткен дәстүрлі жолын жетесіз ұрпақ қана аяқ асты ететіндігін ұғындырады. «Әр елдің үлкен адамгершілікке байланған ата дәстүрінің болуы қандай ғанибет!», – дейді [74]. Қазақта мынадай аңыз бар. Нөкерлерімен аң аулауға шыққан ханның алдынан бір сұлу киік қашады. Хан садақтан оқ атып, киіктің артқы аяғын жаралайды. Бір жағы жар, бір жағы хан нөкерлері қиқу салып, қыспаққа алғанда байғұс киік ақбоз үйдің ашық тұрған есігінен ішке қойып кетті. Үйде қария тамақ ішіп отыр екен. Сонда қария: –хан ием, киік сенің олжаң екені де рас. Бұл сорлы жаны қысылған сәтте менің төріме шығып кетті. Ортада дастархан жаюлы жатқанын өзің көріп тұрсың. Ал, ата дәстүріміз бойынша дастарханды аттап өте алмайсың. Тіпті хан болсаң да, дәстүрден үлкен емессің. Ал дәстүрді, қалыптасқан ата салтты бұзсаң, қалың елдің табасына қаласың, жолың болмайды, – депті. Хан аталы сөзден жеңіліп, ат басын кері бұрыпты» [75]. Ұлттық дәстүр мен салт-сананы, елдің рухани қазынасын толық меңгермеген, ел басқарушыны халық ешқашан қолдамаған. Тіпті «алты жыл аш болсаң да атаңның салтын ұмытпа», – дейді дәстүрді қастер тұтқан халық даналығы [76]. Дәстүрдің табиғи болмысында бүткіл адамзатқа тән ортақ құндылықтар қалыптасқан. Дәстүр – тіршілік өмірге бейімделудің ең айшықты, ең қолайлы, ең ыңғайлы, тұрмыстық және рухани қажеттіліктерге жол ашатын қисынды сана-сезімнің оң көрінісі. Шынтуайтында, әр халықтың тек бір өзіне ғана етене тән, жеке этностық қасиеттерін танытатын төл салт-дәстүрінсіз оның ұлттық тарихы онынан түзілмейді. Тарихи таным әрдайым елдік салт-дәстүрмен тығыз байланысып жатады. Дәстүр болашақ ұрпақты замана өзгерістеріне ұшырап, жүнжіп, илеуге түсіп, диірменге уатылған бидай дәндеріндей ұсақталып,

үгітіліп кетуден сақтайды, кесапаттан қорғайды. Өйткені қазақ халқының салт-дәстүрінде адамшылық имандылық қағидалары әбден орныққан. Ұлттық болмысымыз сақталмаған, евроцентристік көзқарасқа негізделген кино, музыка және өнер туындылары өміршең болып шықпайтынын біліп те, көріп те жүрміз. Ол тамырсыз қаңбақ сияқты өткінші рөл атқаратын құбылыс, қызығы бір күндік кемшін дүние болып қала береді. Ұлттық рухы жоқ өнер туындылары өзге халықтардың қызығушылығын да, құрметін де тудырмайтыны соның айғағы. Бұл өзінікін менсінбеу арқылы құлдық мінезге, мәңгүрттікке, тиянағы жоқ мәдени жеңіліске апаратын ауыр сәтсіздік. Ешбір қарсылықсыз құлдану үшін істелетін зұлымдық. Мәдениеттер қақтығысы арқылы өзгенің рухын жасыту механизмі ежелден бар кесел. Мысалы, тарихта соғыста жеңген халықтар жеңілген халықтардың ежелгі жазуларын, мәдени, әдеби мұрасын, құнды кітаптарын, яғни, тарихи жадын өртеп, құртып жіберуге аса мүдделі болған. Сол арқылы олардың тарихын өздері терістеп жазуға мүдделі болған. Соның бәрінің амалында ұлттық болмысты бейнелейтін мәдени кодты құртып тыну, зорлық-зомбылық жасау, тарихи жадыны өшіру, азаматтық сананы жою қасіреті жатыр. Қазіргі технологиялық дәуірде азулы елдер әлсіз елдердің материалдық игіліктерін толық иелену мақсатында әуелі олардың руханият жетістіктерінің өңін айналдыру арқылы жеңуге боларын түсінген сыңайлы. Мысалы, бір халықты әлсірету үшін оның ең таңдаулы адамдарын мансұқтау, келеке ету, мазақтау арқылы құнын түсіру қитұрқылары астыртын жүргізіледі. Бір халықтың ұлы адамдарын, ғалымдарын сүйкімсіз етіп көрсету арқылы оның рухани негізін құлатуға күш салады. Мұндай кесапаттың бәрінен құтқаратын ұлы күш – төл дәстүрге адалдық болып табылады.

Бабаларымыз сан ауыр кезеңдерді басынан өткерген. Қандай қиын кезеңдерде өмір кешседе елдің қайта көркеюіне, ұлттық дамудың дара жолына түсуге оң септігін тигізген дәстүрлі құндылықтар. Халықтың өткен өмірі мен тарихи танымын зерттеу арқылы, соған орай ой қортып, адамның әлеуметтік-тарихи жағдайын тану нәтижесінде, тамыры тереңде жатқан дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысынбабаларымыздың өткен өмірімен байланыстыра отырып, адам санасын жетілдіруде дәстүр маңызды қызмет атқармақ. Дәстүр негізінде қоғамды реттеу, әлеуметтік қызметті ұйымдастыру, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға жеткен ұрпақ тұрмысы үшін маңызды тәжірбиелерін жеткізу болып табылмақ. Өткен өмірде болған өнегелі істерді үлгі ету, бүгінгінің тілімен айтсақ ұлтты тәрбиелеуде маңызды қызмет атқармақ. «Ата көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» деген халық даналығы дәстүрдің әлеуметтік-қоғамдық, әлеуметтік-тәрбиелік мәнін білдіреді.

Дәстүр ұрпақтың сан ғасырлар бойы сақтап келген білімімен тәжірбиесінің жиынтығы болғандықтан, өз бойына сан қилы деректермен тарихнамаларды жинақтаған. Дәстүр – әлеуметтік жады, ерте заманда өмір талабынан туындаған құндылық. Дәстүр халқымыздың сонау көне заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қалыптасқан, дүниеге деген көзқарасынан туындаған, ұлттық сананың формасы болып табылмақ. Дәстүр ұлт бойына біткен асыл қазынаны таныттыратын ерекше бір тағылым. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымы толғамы

тереңде жатқан құндылық. Қазақ халқының тіршілік кеше отырып қалыптастырған, бабаларымыздың өткен өмір жолындағы алтын қазығы ретінде танылған салт-дәстүрлер тәрбие, адамгершілік, ізгілік, игілік, құндылық ұғымдарымен астасып жатыр. Дәстүрлер өткен өмірдегі тәлім-тәрбие ережелерін саралады. Ұлт дәстүрін қай жағынан алып қарастырсақ та, терең даналыққа толы тағылым екенін байқаймыз. Дәстүрдің болашақ ұрпақтың өмірінде алатын орыны ерекше. Ол әрбір қазақ баласының жанына мәңгі азық бола бермек.

Ұлт дәстүрінің қалыптасуында адамдардың тіршілік мекені, шаруашылығы, тұрмыс харекеті, табиғи және географиялық ортасының әсері зор екен. Осы негізде дәстүр конструкциясы жасалынады. Дәстүр адамзат болмысы мен табиғи қажеттіліктерге сәйкес жасалатын құбылыс, ол адамзат жасампаздығының жеңісі. Заман өзгергенде дәстүрде ілесе өзгереді, жаңа дәстүрлер жасалынып, ескі дәстүрлер қоғамдық тұрмыстан шектетіліп отырады. Демек, дәстүр конструктивті құбылыс, бірақ ол толық ойдан негізсіз жасалмайды, оның астарында тарихи қажеттілік және ойлаудың табиғи логикалық құрылымы жатыр.

Қазақ халқының бабалар дәстүрінде адамдық қасиеттер қоршаған ортамен үйлесіп, үндестігін тапқан. Бұл үндескен дәстүрлерден халқымызға тән мінез-құлықты, өмір сүру заңдылықтарын байқаймыз. Көбіне халық дәстүрлерінде имандылыққа, инабаттылыққа, ізгілікке, игілікке тән құндылықтарға ерекше көңіл бөлінген.

Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы табиғат-анамен, күнделікті тұрмыспен етене тығыз байланыса отырып, адамзат өміріндегі тәрбиелік құндылықтардың қалыптасуының бастапқы негізі ретінде танылды.

Кез келген ұлтта қоғамдық өмірдің қажеттілігіне байланысты жаңа дәстүрлер пайда болып отырды. Осыдан бірнеше жылдар бұрынғы дәстүрлердің көпшілігі ұмтылып, халық санасынан өшті. Халық өміріне керектісі қалып, керексізі тарихтың тұңғышына батып, жоғалып кетті. Бұл табиғи заңдылық. Дәстүрлердің бәрі уақыт сүзгісінен өте бермейді. Адам өмірінде құндылықтың мазмұны айрықша дәстүрлер ғана халықпен бірге жасаса алады.

Ойымызды қорытындылай келе, қазақ дін мен дәстүрі берік қабысқан, имандылықты бабалар салтымен сіңірген, обал мен сауапты терең ұғынған, бауырмал, болмысы қиянаттан ада, басына күн туған мүсәпір жан атаулыға жаны ашитын, жүрегі таза ел болғандығының игі әсерінен халық ретінде жер бетінен жойылып кету қатері төніп тұрған сұрапыл ауыр кезеңдерде небір зұлматтардан, нәубеттерден аман қалып, бүгінгі күнге Тәуелсіз елдің жаңа тарихи кезеңіне аман-есен жетті. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысына адамның кәсібі, қоршаған ортасы, діни-наным сенімі, өмірге деген көзқарасы әсер етіп, белгілі бір дәстүрлердің қалыптасуына алып келді. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысын анықтауда кеңістік, қозғалыс, табиғат, категориялары ерекше сакралдылыққа ие құндылықтар ретінде қарастырылды, олар адамзаттың тіршілік етуінің басты шарттары ретінде

танылды. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысын тану, ұлттың сакралді болмысын анықтау үрдісімен байланысты. Жер бетін мекендейтін кез келген ұлттың, өзінің табиғи қажеттіліктен туған дәстүрлері бар. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін сипаттайды. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы табиғи ортасына, шаруашлығына, тұрмыс жағдайына, климаттық орта жағдайларынан туғаны шындық. Қазақ халқы ұшы-қиыры жоқ кеңістікті жайлап, негізгі кәсібі мал шаруашылығымен айналысып, табиғатпен етене араласып адамзат өміріндегі құбылыстарға күні бұрын болжам жасап, жыл қайырып, шаруа келешегін алдын ала бағдарлай білген дана халық болған. Дала халқының дәстүрлі құндылықтары жалпы адами құндылықтарға ие және ұлт үшін маңызы айрықша. Табиғи қажеттіліктен туған дәстүрлеріміз халықтың дүниетанымының тұғыры бола отырып, ұлт болашағына жол ашып бағыт көрсетті. Төл дәстүрлеріміз тәрбиелік құндылықтардың қалыптасуының бастапқы негізі ретінде танылды. Алғашқы дәстүрлі құндылықтар адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына негізделе отырып, соған сай үлкенді құрметтеу, кішіге көмек көрсету, белгісіз жолаушыларға қонақжайлылық білдіру, табиғаттың сырын меңгеру сияқты ел өмірімен терең астасып жатқан ізгілік пен адамгершілік қағидаттарына негізделген ұлттың шынайы болмысының көрнісі. Қоршаған дүниеге ерекше құрметпен қарап, өз өмірлік тәжірибелерін дәстүр ретінде ұрпақтан ұрпаққа жәдігерлеуді басты мұрат тұтқан. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы адамның өмір сүру болмысымен байланысты.

2.2 Сабақтастықтың дәстүр қалыптасуындағы рөлі

Дәстүр мен бүгінгі күннің ортасын байланыстырушы, бүгінгі күнге жеткізуші категория болып табылатын сабақтастықұғымына тоқталсақ, ол байланыс пен дамудың ара-қатынасын бейнелейтін ұғым. Сабақтастық – өткен кезеңді, қазіргі заман мен келер болашақты байланыстыратын алтын дінгек, қоғам мен қоғамды, тарих пен тарихты, өмір мен өмірді, дәстүрмен дәстүрді жалғастырушы, сабақтаушы, ғасырлар арасындағы жаңа мен ескіні жалғастырушы, адамзаттың дамуына ықпал ететін құбылыс. Қоғамдық үрдістердің дамуы мен тамыр жаюына ерекше әсер ететін күш және осы шақпен өткен шақты байланыстырушы құндылық. Оның адамға, қоғамдық қызметтерге тигізер ықпалы зор. «Сабақтастық» ұғымын сарындастық, үндестік, жалғастық сөздерімен байланыстырады. Сабақтастықтың екі типі бар: біріншісі – конструктивті жасаушы, яғни материалдық және рухани құндылықтардың тууымен байланысты. Екіншісі, небір тарихи кезеңдердің сынынан өткен адамзаттың дәстүрлі рухани, мәдени жетістіктерін қорғап, сақтаған позитивті-консервативті тип.

Өткен ата-бабаларымыздың өмірінде маңызды болып табылған құндылықтардың бүгінгі күнге жетуі де осы сабақтастықтың нәтижесі, соның арқасында тұлға қандай да бір тәжірибені, ілімді үйренеді, қабылдайды, сол тәжірибені өзінің өмір-тіршілігіне енгізеді. Осылайша, сабақтастық дегеніміз

бір тұлғаның екінші бір тұлғадан немесе бір қоғамның екінші бір қоғамнан үйренуі, қабылдауы және сол үйренгенді өз қызметінде одан әрі өрбітуі.

Дәстүр мен сабақтастық мәселесі ежелден бері түрлі философиялық мектептердің зерттеу объектісіне айналған. Георг Гегель өз еңбегінде сабақтастық ұғымына толық талдау жасаған. «Сабақтастық, алайда, құндылықтардың жойылмай қалған, сақталған, жалғастырушы, байланыстырушы түрлерінің бірі» деп таниды [77]. Ойшыл өз дүниетанымында сабақтастықты жаңа мен ескінің арасындағы объективті, қажетті байланыс түрі ретінде танып, қоғамдық дамудың ең негізгі көзі ретінде анықтады, адамның өткені мен бүгінін байланыстыратын жүйелі өзгерістерді сақтаудың көзі деп қарастырды. Қоғамдағы әрбір өзгеріс, ілгері даму адамның өткен күнімен байланысты. Сондықтан, дәстүрді келер ұрпаққа жеткізуде сабақтастықтың маңызы айрықша екендігін ұғындырды.

Элеазар Баллер осы ұғымды былай деп сипаттайды: «Сабақтастық болмыстың да, танымның да дамуындағы әртүрлі кезеңдер мен сатылардың арасындағы байланыс, оның мәні тұтас бір құбылыстың немесе оның жекелеген қырлары жүйе ретінде өзгерген кезде, яғни бір күйден екінші бір күйге ауысу кезінде қандай да бір элементтерінің сақталып қалуында. Қазіргіні өткен мен келешекке байланыстыра отырып, сабақтастық біртұтас әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді» [25, с. 7]. Яғни, сабақтастық дегеніміз әлеуметтік өмірлік тәжірбиені жинақтау, сақтау, оған сыни көзқарас білдіру, іріктеп алу және бір ұрпақтан келер ұрпаққа беру үрдісі деп анықтады.

«Философиядағы сабақтастық», «Сабақтастық – дамудың бір сәті тәрізді» деген іргелі еңбектерді жарыққа әкелген отандық классик ғалым З.А. Мұқашев, адам өз өміріндегі өткен маңызды құндылықтарға сабақтастықтың нәтижесінде қол жеткізе алады, онсыз өткен мен бүгінгінің арасындағы байланыс үзіледі деп түсіндіреді.

Уақыт тек алға жылжуды ғана біледі, ол ешкімді күтіп тұрмайды. Біреулер сол уақыттың жетегіне ілессе, екіншілері қатар жүреді, әлдебіреулер жете алмай қуып жүреді. Бірақ ешкімде уақыттың алдына түсе алмайды. Сондықтан да, әр заманның, әр уақыттың, әр қоғамның өзіндік дәстүрлі сабақтастығы бар. Дәстүрлі сабақтастық – ежелгі ұрпақтарды бүгінмен байланыстырады, соның нәтижесінде адамзат дамуы өзінің үйлесімді жалғасын табады.

Адамзат өмірінде сабақтастықтың үш түрі бар: қайталау сабақтастығы, жалғастыру сабақтастығы, дамыту сабақтастығы. Мысалы, ғылыми сабақтастық – дамыту, шаруашылық сабақтастық – жалғастыру, ал тұрмыстық сабақтастық – негізінен қайталау.

Дәстүр ұғымын саралау барысында тұрмыстық, қайталау сабақтастығы ретінде қарастырамыз. Қанша ғасыр өтсе де бабаларымыздың өмірінде орын алған дәстүрлі құндылықтардың бүгінгі күнге жетуі осы сабақтастықтың үзілмегендігінің нәтижесі. Ұрпақтар арасында дәстүрдегі сабақтастықтың тоқырамауының өзі де, дәстүрдің адамзат өмірінде маңызды құндылық

екендігінің көрінісі болып табылмақ. Сабақтастық үзілген жағдайда дәстүр жоққа шықпақ.

Дәстүр құбылыстар әлемінің «кодын» қалыптастыратын, жинақталған тәжірибені уақыт кеңістігінде келесі ұрпақтарға жеткізуге мүмкіндік бере алатын өзіндік құралдың қызметін атқарады. Ол адамдардың өз өмірін әртүрлі заңдардың, ережелер мен нормалардың көмегімен реттеп отыруына мүмкіндік береді. Осы ережелер мен нормалар уақыт өте келе сабақтастық арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, дәстүрге айналады. Сабақтастық өздігінен болмайды. Сабақтастықтың негізінде үздіксіздік және ажырамастық ұғымдары жатыр. «Үздіксіздік» және «ажырамастық» ұғымдары бір-бірімен өте жақын болғанымен, екеуі де өз алдына дербес, бөлек қызмет атқармақ. Борис Бернштейннің пікірі бойынша, «үздіксіздік элементтердің бір-бірімен ұдайы байланыстылығын және олардың арасында осы байланыстарға кедергі боларлықтай кеңістіктік немесе мезгілдік интервалдардың болмауын білдіретін ерекше қасиеттердің жиынтығы болып табылады» [26, с. 10]. Тиісінше, үздіксіздік дегеніміз сабақтастықтың маңызды да алғашқы қасиеті, ал ажырамастық – жанама, екінші қасиет. Үздіксіздіктің бірнеше түрлері бар, солардың бірі – функционалдық үздіксіздік. Функционалдық үздіксіздік туралы мысал ретінде «ана мен бала», «дәстүр мен сабақтастық» байланысын қарастыруға болады. Бұлар әртүрлі ұғымдар болғанымен, олардың арасындағы байланыстың мықтылығы соншалықты, екеуін біртұтас құбылыс ретінде қабылдауға болады. Сабақтастық категориясының өмір сүруінде үздіксіздік, ажырамастық ұғымдарының қызметі айрықша. Сабақтастық үздіксіздік, ажырамастық категорияларынан айырылған уақытта өз мәнін жоғалтып, әрі қарай қызмет атқара алмайды.

Ажырамастық – үздіксіз байланысқа тән қасиет, яғни элементтер арасындағы байланыстың бұзылуына қарсы тұру қасиеттерінің жиынтығы. Вячеслав Каировтың пікірі бойынша, «үздіксіздік, ажырамастық ұғымдары сабақтастық ұғымымен өзара байланыстағы элементтердің жиынтығы» [27, с. 42]. Сабақтастыққа тән қасиеттердің ең бастысы «ажырамастық», «үздіксіздік» болып табылмақ. Адамзат баласы үздіксіз сабақтастықтың нәтижесінде дәстүрлі құндылықтарды өз өмірінде игереді. Осы тұрғыда сабақтастық ұғымының дәстүрге қандай қатысы бар деген сұрақтың туындауы да заңды. Дәстүр дегеніміз ұрпақтан ұрпаққа берілетін кез-келген құбылыс. Адамның өмір тәжірибесіндегінің барлығы да дәстүрге айнала бермейді. Дәстүрге айналатыны тек өмірдің барынша мағыналы өтуіне ықпал ететін тәжірибелер ғана. Яғни, дәстүр дегеніміз жалпы адамзат баласына ортақ құбылыс, ал нақты дәстүрлердің жиынтығы сол қоғамның өзіне тән ерекшеліктерін анықтайды.

Владимир Плахов «дәстүр» ұғымына ұрпақтан ұрпаққа берілудің ұдайылығы, сабақтастық тән деп санайды. Егер олай болмаса, яғни дәстүрді сақтап келе жатқан буыннан кейін дәстүрді сақтамайтын ұрпақ келетін болса – ол дәстүрдің жойылуына, жоғалуына апарып соғады. Яғни, дәстүр ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріліп, бұл үдеріс қайталанып отырғанда ғана баянды болмақ.

Дәстүрдің бүгінгі күнге жетуінің негізі – сабақтастықтың нәтижесі [28, с. 26]. Қоғамның бүкіл өмір-тіршілігі сабақтастықта болады: әкелердің ісін балалар, ұстаздың жолын шәкірттер жалғастырады, т.с.с., басқаша болуы мүмкін емес. Сабақтастық тізбегі – сабақтастықтың жалқы элементтерінің кезектілігі, сабақтастық үдерісінің тізбек түріндегі формасы. Әрине, кез келген тізбек түбінде үзілуі мүмкін, мысалы қандай бір себептермен, алдыңғы буынның ісін одан әрі жалғастырушы буынның болмай қалуына байланысты тізбектің үзіліп қалуы мүмкін. Ал сабақтастықтың жалғасуы оның үздіксіздігін білдіреді. Ол үзіліп қалатын болса, сабақтастық тоқтайды. Тиісінше, сабақтастықтың негізі – үздіксіздік, ажырамастық яғни сабақтастық не бар, не жоқ, жартылай сабақтастық болмайды.

Сабақтастық әрқашан да уақыт көшімен ілесе жүреді, яғни әрбір буын өзінен басқа екі буынмен жалғастылықта болады: өзіне дейінгі және өзінен кейінгі. Өзіне дейінгіден қабылдайды да, өзінен кейінгіге береді. Осындай көзқарасты Иван Васильевич Суханов ұстанған. Оның пікірі бойынша, «дәстүр дегеніміздің өзі сабақтастық, уақыт көшіндегі байланыстылық» [29, с. 32]. Дәстүрдегі сабақтастық ұрпақтар арасында жалғаспақ. Ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың бір түрі – дәстүр.

Ұрпақтар сабақтастығы әр ұрпақтың өзі жеткен жетістіктерді келесі ұрпаққа беруі формасында жүзеге асады, осы жетістіктердің жиынтығы дәстүрдің, мәдениет пен өркениеттің өнімі, нәтижесі, яғни мазмұны болып табылады. Макс Вебердің айтуынша, сабақтастық болмаса дәстүрде, өркениет те, мәдениет те болмас еді. Сабақтастықтың ең маңызды негізі – осы үдерістің тұрақтылығы, яғни сабақтастылық буындарының тұрақты түрде жалғасып отыруы. Тұрақтылық – дәстүр мен мәдениеттің дамуында, сабақтастық пен үздіксіздіктің жалғасуында ерекше маңызы бар фактор. Отандық ғылымда сабақтастық мәселесімен шұғылданушы ғалым Мұрат Әуезовтің пікіріне сүйенсек: «Сабақтастық негізінен уақыттағы тұтас өмір. Сондықтан, қоғам саналы түрде өткенмен байланысты белгілі бір тұтастықты игеруге және болашаққа талпыныста сабақтастық заңдарының мәнін түсінуге ұмтылады. Үдемелі сабақтастық дегеніміз өткен ғасырларды қол жеткен жағымды нәтижелердің, сапалы жаңа деңгейлерінің сақталуы және дамуы. Инволюциялық сабақтастық жағдайында бұрынғырақ қол жеткізген бірнеше нәтижелердің немесе басқа белгілер шығысының, белгілі бір объектіні өзгертетін сапалардың сақталуы жоғалып кеуімен бірге жүреді. Осының арқасында сабақтастық жәй абстрактылы категория болуды тоқтатады» [78]. Ғалым сабақтастықты бір деңгейден келесі деңгейге өтетін дамудың негізі ретінде қарастыра отырып, үдемелі және инволюциялық сабақтастықтар ұғымдарын енгізе отырып, өткен ғасырда қол жеткен сапалы құндылықтар ретінде дәстүрді қарастырды. Сабақтастықтың негізгі қызметін дәстүрмен байланыстырды.

Сабақтастықтың тағы бір аспектісі – мұра. Бұл ретте ең негізгі ұғымдар «мұра» – туысқан адамдардың арасындағы материалдық сабақтастық және «мұрагерлік» – ұрпақтардың арасындағы генетикалық ұқсастық белгілері. Ал,

қоғам үшін әлеуметтік мұраның маңызы ерекше. Бұл қоғамдық маңызы бар, дәстүр мен мәдениет жетістіктері түріндегі мұра, алдыңғы буыннан келесі ұрпаққа жеткен өнер туындылары, мәдениет пен ғылымның жетістіктері, технологиялар, этикалық принциптер, діни дүниетаным және дәстүр. Дәстүр ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына өз өмірінен қалдырған мұрасы. Сабақтастық – тарихи мәдени тәжірбие процесіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Ескіні жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі, бұл – мәңгілік процесс. Сондықтан дәстүрдің жалғасуында, жойылмауында маңызды қызмет атқаратын категориялардың бірі – сабақтастық, ол ғылыми категория, оның маңыздылығы атқаратын рөлінде, яғни өтпелі кезеңдердегі адам баласының басынан өткерген түрлі оқиғаларының бір-бірімен жалғасуында. Себебі, сабақтастық дәуірлер, ғасырлар, жылдар, күндер арасындағы жалғастырушы дәнекер.

Демек, сабақтастық – тарихты жалғастырушы, адамзатқа бағыт беріп, үлгікөрсетуші. Ұрпақтар сабақтастығы қоғам дамуында айрықша орын алмақ. Ұрпақтар арасында сабақтастық болмаса, ата-бабаларымыздың ұрпақ үшін маңызды деп қалдырған құндылықтарыда болмаған болар еді. Дәстүрдегі сабақтастықтың үзілмеуі әлеуметтік жағдайларда, мәдени үрдістерде маңызды қызмет атқармақ. Дәстүр қоғамдағы рухани сабақтастықтың көрнісі.

Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қоғамдық өмірде мынадай түрлерге бөлуге болады: идеологиялық сабақтастық, саяси сабақтастық, діни сабақтастық, дәстүрлі сабақтастық. Ел бірлігі ұрпақтың арасындағы сабақтастықта. Дәстүрлі сабақтастықтың негізінде ұрпақ тәрбиесі жатыр. Қазақ халқының дүниетанымында сабақтастықтың негізгі факторы ата, әке, немере болып табылады. Арғы ата, баба, түп ата, тек ата, осындай жеті атаға дейінгі ұрпақтар арасындағы сабақтастық ешқашан үзілмеген. Оның дәлелі ретінде адамзат өмірінде ерекше орын алатын дәстүрлеріміздің философиялық астарына үңілсек, мысалы «Жеті атасын білу» дәстүрі. Өзінің жеті атасын білу көрегендік пен білімділікті, ата көргендікті танытады. Білмесе, «жеті атасын білмейтін жетесіз» – деп сөккен. Жеті атаны үйрету әр атаның басты борышы болып саналған. Мысалы: өзі, әкесі, атасы, бабасы, және оның арғы ата-бабасының есімдерін білу – жеті атаны білу деген сөз [79]. Өз ұрпағына, оның санасына жеті атасын сіңіріп өсіру – қазақ дүниетанымында атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүрлердің бірі. Мұның қандық, туыстық жағынан алғанда халқымыз үшін үлгі боларлық мәні болған, оны берік ұстану ұлт үшін маңызы зор болып табылған. Жеті ата ұғымында туыстар арасындағы үзілмес бірлік, бұзылмас тектілік тәрбие – ұлт үшін тәлімі жоғары дәстүрлеріміздің бірі. Бірақ, қазіргі зерттеулерде жеті ата ұғымына қатысты түрлі нұсқалар көрсетіліп жатады. Ал, жеті ата ұғымына қатысты біздің ертедегі ата-бабаларымыздың, аузы дуалы билеріміздің сөзіне жүгінсек, жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабалар шежіресінен бастап таратылады: 1. Өзің. 2. Әкең. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. Жеті атаның осылай таратылатынын ерте замандағы біздің би-шешендеріміз айтып кеткен. Ата-бабаларымыз жеті атаға дейінгі қандық туыстық қатынастарды бұзбаған. Жеті ата дәстүрінде генетикалық

кодты сақтаған. Бұл дәстүр-текті, дені сау, таза ұрпақ өсіру кепілі. Басқа халықтардан өзгеше қазақ халқында туыстық сабақтастық. Туыстық сабақтастықты бұзған адамдар жазаланып отырған, бұл тәрбие сабақтастығы ретінде танылған. Жеті ата дәстүрінің астарында философиялық тұрғыдан қарастырсақ, бірлік, тектілік, тәрбие, бауырластық, сабақтастық секілді құндылықтар бар. Бұл ел бірлігі үшін қоғамда маңызды қызмет атқарған. Ұлт тазалығы, текті ұрпақ тәрбиелеу қазақ халқы үшін, маңызды мәселе болып табылады. Жеті ата дәстүрінде бабалар өміріндегі тек ізгі істер ұрпақ жадына сақтала отырып, кез келген қиындықта игі сенімге жетелеп отырған. Бабалар өмір тіршілігі бүгінгі ұрпақ өмірінде ең киелі ұстанымға айналған [53, б. 52]. Жеті ата дәстүрі бұл ұрпақтар арасындағы өткені мен бүгінін байланыстаратын, сабақтастық орнататын дәстүр. Бабалардың өмір-тіршілігі ұрпақтармен тікелей сабақтасу арқылы, өмірдің қиын кезеңдерінен дұрыс жол тауып шығуға көмектескен. Жеті ата дәстүрі әрбір қазақ халқының жауапкершілік сенімін оятып отырған, ұрпақ өмірінде, өткенді болашақпен сабақтастырып отыратын құндылыққа айналған. Жеті атамның не айтқанын, не ойлағанын қазіргі ұрпақ біле ме? Жеті атамның мақсаты қандай болды, мұраты қандай болды, бүгінгі дәстүрдің сабақтастығы дегенде біз осы мәселелерге баса назар аударуымыз қажет. Бабаларымыз «ел болам десең бесігінді түзе», ұрпағыңды тәрбиеле, санаңды дұрыста, ұлтқа тән құндылықтарыңды бағала деп өсиет етті. Қазіргі таңда дәстүрдегі сабақтастықта осы құндылықтар сақталды ма?

Философиялық тұрғыдан адамзатты осындай мәселелер мазаламақ. Қазіргі жаһандану заманында ұрпақтар арасындағы сабақтастық өзгеріске ұшырады. Қазақтың «елу жылда ел жаңа» деген ойы қазіргі біздің қоғамдағы жастарымызға айтылса керек. Жаһандану қоғамында санасы, ойлауы, дүниетанымы, құндылықтарды қабылдауы басқа ұрпақ дүниеге келді. Философиядағы деконструкция ілімін негізге ала отырып, дәстүрді заманға сәйкес өзгертіп, сабақтастыра білуіміз шарт. Француз ойшылы Жак Дерриданың деконструкция ілімі дәстүрді құлатуға, жоюға тырыспайды, керісінше, оның бүге-шігесіне жетіп, қайта тірілтуге бейімдейді. Деконструкция мәтіннің нағыз мазмұнын, мағынасын ашу үшін құрлымын бұзу [80]. Осы ілімді қолдана отырып қазіргі дәстүрді ұрпақ өмірінде қайта құруымыз қажет. Дәстүрді қазіргі жаһандану қоғамындағы оң үрдістермен үйлестіре отырып, дамыта білуіміз қажет.

Әрине, сабақтастық ұрпақтар арасында жүреді, мысалы бабалар ісін ұрпағының жалғастыруы да сабақтастықтың айқын көрінісіне жатады. Олар қандай да бір қызметті берлесіп жүзеге асырумен айналысады, бабалар өмірден озғаннан кейін, оның игілікті істерін ұрпағы жалғастырады, қол жеткен нәтижелерді одан әрі дамыта түседі. Уақыт өте келе ұрпақ бұл іске келесі ұрпақты тартады, осылайша бабалар ісі ұрпақтан ұрпаққа жалғасады, яғни дәстүрге айналады. Бұл ретте дәстүрдің ұрпақтар арасындағы сабақтастық қасиетінің іске асырылғанын байқаймыз. Адамның өмірі мәңгілік емес, оны мәңгілік ететін ұрпағы. Адамдардың өз өмірлері артында қалған ұрпағы арқылы жалғасын табады. Сондықтан ұрпақтар сабақтастығының адамзат өмірінде

алатын орны айрықша. Ұрпақтар сабақтасығын қалыптастыруда ғылым, білім, мәдениет, дәстүрлі құндылықтардың адамзат өмірінде алатын орны жоғары. Атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүрлерді бойымызға сіңіре отырып, заманның жаңа сұраныстарымен сабақтастыра алсақ, елдің болашағы баянды болары анық. Сонда ғана дәстүр қоғам үшін айтарлықтай маңызы бар деп танылады. Жас ұрпақтардың бойына бабаларымыздан қалған өнеге-дәстүрін бұлжытпай сақтап, қажетті қасиеттерді сіңіре отырып, еліміз дейтін білікті азамат тәрбиелеуде ұрпақтар сабақтастығының алатын орны зор. Бабаларымыз үш буын өкілдерінің арасындағы сабақтастықты жоғары бағалаған. Бүгінде үш ұрпақ бір отбасының басында ғұмыр кешуде. Жоғарғы буын – ата, орта буын – әке, кіші буын – бала [81]. Испан ойшылы Хосе Ортега-и-Гассет осы үш буынның әрқайсысына отыз жыл уақыт беріледі деп таныған.

Өз өмірінде жинаған құндылықтар жүйесін жоғарғы буын өзінен кейінгі буынға береді. Ең басты мәселе осы сабақтастықты сақтау. Ата буын, аға буын, кіші буын, осылардың әрқайсысын адамзат бір құндылықтар жүйесі ретінде тануы тиіс. Осы үш буын арасындағы сабақтастықтың ел бірлігі үшін атқаратын қызметі айрықша. Аға буынмен жас ұрпақ арасындағы құндылықтарда мықты сабақтастық болуы керек. Әрбір бала атасын өнеге тұтып, әкеден тәрбие алып, осы құндылықтарды өзінен кейінгі ұрпақтарына трансформациялауы тиіс. Әлемнің негізгі құрлымы болып табылған бабалар дүниетанымындағы дүние ағашы ұрпақтар сабақтастығын білдіретін негізгі белгілердің бірі. Адам өміріндегі ұрпақтар сабақтастығының үзілмеуін жайқалып өскен ағаш бейнесінде бейнелейді. Ағаштың көктеп бұтақ жайғаны сияқты, ұрпақ пен ұрпақ өзара сабақтастықтың нәтижесінде өркен жаяды. Ата мен немере, әке мен бала арасында, аға буынмен жас буын ортасында сабақтастық болмайынша рухани жетілу, өркендеу болмайды. Адамның бүгінгі күнге дұрыс қадам басуы оның өткенімен тығыз байланысты. Сондықтан дәстүрдегі сабақтастық ұғымы – ұлттың өркендеу негізі.

Нақты ұрпақтың белгілі бір мәселені зерттеп, маңызды нәтижелерге жетуі, уақыт өте келе сол нәтижелердің маңызды құндылықтарға айналып, одан әрі дамуы дәстүрдегі сабақтастықты қалыптастырады. Осылайша, дәстүрдегі сабақтастық қоғамдық маңызы бар құбылысқа айналады және ол адамдар арасында бір-біріне беру, тарату арқылы жүзеге асады. Әрбір адам өз өмірінде ұрпағы үшін материалдық және рухани мұра қалдырады. Өмір бір қалыпты орнында тұрмайды, үнемі өзгеріп отырады. Өсіп келе жатқан ұрпақ өз өміріндегі мәселелерді шешуде бабалар тәжірибесіне жүгінеді, осы құндылықтарға сабақтастықтың нәтижесінде қол жеткізе алады. Ата-бабаларымыздың өз ұрпақтары үшін қалдырған асыл мұраларының бүгінгі күнде де өмір сүріп келе жатқаны осы сабақтастықтың үзілмеуінің нәтижесі.

Дәстүр адамдар арасындағы жазылмаған заң іспеттес, ол еш қадағалаусыз, ешкімнің бұйрығынсыз, өз бетінше орындалады. Әрбір дәстүрдің түпкі мағынасын өзгеріссіз жеткізу сабақтастықтың тікелей міндеті болып табылмақ. Сабақтастық мәселесі қоғамның қай саласын алсақта атқаратын қызметі айрықша. Дәстүр мен сабақтастық арасындағы үздіксіздіктің нәтижесінде

дәстүр жоғалмай, бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналады. Сондықтан, дәстүр мен сабақтастықтың бірлігі өткен тарихымыздың бүгінгі күнге аяқ басуы деп білеміз. Әрбір қоғам үшін дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту маңызды болып табылады. Ұлттық сананы жаңғыртудың бір жолы ол дәстүр. Мына жаһандық өзгерістерді бастап кешіріп жатқан қоғамда, өткен құндылықтарды ұмытпай қайта жаңғырту біздің қазіргі қоғамымыздың басты мәселелерінің бірі болып табылмақ. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпағына тастап кеткен құндылықтарын заман талабына сәйкес қабылдау шарт. Жоқтан бар пайда болмайды, бүгінгі күнгі жетістіктер бұрынғы құндылықтардың арасындағы сабақтастықтың ажырамау нәтижесі. Сондықтан, дәстүрді қазіргі қоғамда сапалы деңгейге көтере отырып, заманға сай жаңғырту негізінде келешек ұрпақтарға жеткізуіміз шарт.

Дәстүрлеріміз қоғамда көптеген істерге мұрындық бола білген. Ел басына қиын жағдай туған кездерде елдің бірлігін сақтап, адамдар арасындағы қатынасты реттеуде, адамдардың бір-біріне көмектесуі, үлкенді сыйлап, кішіге ізеттілік көрсетуі, адамдардың бірін-бірі қолдауы сияқты адам өмірінде тәрбиелік маңызы айрықша дәстүрлі құндылықтар ерекше орын алған.

Ұлтымыздың озық дәстүрлері ел болудың қамалы, қорғаны болып табылады. Қазақ халқы үлкенге құрмет көрсетіп, өзінен кішіге ізет білдіріп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген халық. Сондықтан, ұрпақтар арасында маңызды орын алатын игі, ізгілікке бағытталған дәстүрлеріміздің арасындағы сабақтастық үзілмеуі қажет. Қазақ халқын өзгелерден өзгешелендіріп тұратын адамгершілікке бағытталған дәстүрлері айтарлықтай. Адамгершілікті жоғары ұстау, қиналған адамдарға риясыз көмек көрсету, қол ұшын беру қазақ халқының қанына сіңген жақсы қасиеттерінің бірі. Ел тағдырына қатысты күрделі мәселелерді қамтитын дәстүрлеріміздің бірі – «асар». Бұл игі істі бастап жатқан немесе қиын жағдайға душар болған адамға көпшілік болып көмек көрсету дәстүрі, яғни әркім қолынан келген көмегін көрсетеді және көрсеткен көмегі үшін ешқандай ақы алмайды. Асар – адамдардың арасындағы өзара қайырымдылықтың, өзара жанашырлықтың белгісі [82]. Ол халқымыздың ұйымшылдығының, ауызбіршілігінің, жанаршырлығының бір көрінісі болып табылады, өйткені әрбір қазақ қиналған адамға қол ұшын беріп, көмек көрсетуге әрқашан әзір. Бұл ретте адамдар көлемді жұмыстарды бірігіп, «бір жеңнен қол шығарып» ұйымдасқан түрде, көпшілік болып атқарады. Міне, қазақтың асар дәстүрі ата-бабаларымыздың бір-бірімен сыйласуын, өзгені өзіндей сезінуін, барлық қазақтың бір-бірін жақын көргенін, жомарттығын көрсететін дәстүрлерінің бірі.

Осындай дәстүрлеріміздің астарында адамдардың мейірімділік, адалдық қасиеттері, қиналғанға көмек көрсету, ел басына түскен қиындықты бірігіп еңсеру жолында ұйымдасып, бірлесіп әрекет ету секілді құндылықтар жатыр. Адамды тек өз басының қамы үшін ғана емес, қоғамның мүддесі үшін, болашақ ұрпақтың тағдыры үшін де алаңдауға, тіпті бүкіл адамзат алдында жауаптылықты сезіне отырып өмір сүруге шақырады. Осындай игі істерге бастаған дәстүрлерімізді сабақтастық арқылы жеткізу өсіп келе жатқан ұрпақты

тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі болып табылмақ. Өйткені, дәстүрін дәріптеген елдің іргесі берік, келешегі кемел болған. Елді мәңгірт қылудың басты жолы ол әр ұлттың бойына сіңген ұлттық құндылықтарына балта шабу.

Қандай заманда өмір сүрсекте біз ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпауымыз қажет. Ел үшін маңызды құндылықтарын жоғалтқан елдің болашағы болмайды. Ұлттық құндылықтарды жоққа шығару ол адасушылықтың бір түрі. Дәстүр халық болып, ұлт болып қалыптастырғанда ғана құндылыққа айналып, оны ұлттың басым көпшілігі өз өмірінде пайдаланатын болады, сөйтіп, ол ұлт үшін өмір сүру қағидасы, тағылым, тәрбие көзі болып табылмақ. Осындай құндылықтар сабақтастық арқылы бүгінгі күнге жетпек. Дәстүрлерді жоққа шығару қоғамның тарихи дамуындағы сабақтастықтың бұзылуына әкеп соқтырады. Көне заман талабына сәйкес дәстүрлерді дәріптеуге болмайды, өйткені ескірген дәстүрлер алға басуға кедергі болып, қоғамдық дамуды тоқырауға ұшыратады. Дүниеде еш нәрсе бір қалыпты орында тұрмайды, бәрі өзгермелі. Бүгінгі күн үшін маңызды болған құндылық, ертеңгі күн үшін өз маңыздылығын жоғалтуы мүмкін. Дәстүрде заман талабына сәйкес өзгеріп, жаңарып тұрмақ. Қазақ халқының ұлттық болмысын айқындататын үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, үлкеннен бата алу, туыстық, құда-жекжаттық, той-домалақ өткізу, қыз ұзатып, келін түсіру, өлікті жөнелту, қайғыға ортақтасу, аруақты сыйлау, жүйелі сөзге жығылу, тоқтау, қиналған кезде адамдардың бір-біріне көмектесуі, қонақ сыйлау, қонақжайлық сияқты дәстүрлеріміздің бүгінгі күнге жетуінде сабақтастықтың рөлі айрықша. Себебі, мұндай дәстүрлеріміздің негізінде тәрбиелік мәні айрықша адамгершілік, ізгілік, көрегендік сияқты құндылықтар жатыр. Дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ұлттық санаға сабақтастықтың нәтижесінде жеткізіліп отырған. Кез келген халықтың атадан балаға сабақтастық арқылы жеткізіліп отыратын тұрмыстық өмір сүру болмысы, мәдениеті, салт-санасы, мінез-құлқы, тәлім-тәрбиесі, рухани іс әрекеттерінің көрнісі дәстүр арқылы танылды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Расыменде бұрынғы догмалар байыпты болмаса, біз қайда бұрылып қараймыз? Әрі қарапайым, түсінікті, сонымен қатар, әрбір халық өмірінде терең өнегеге ие – дәстүрлер. Олардың халық өміріндегі рөлі ешқандай талас тудырмайды. Мәдени дәстүрлер әрқашан әлеуметтік қайта өрлеудің қайнар көзі бастауына, мәдени тамырына қайта оралу – жағымды процесс. Қазіргі заманғы әлем тәжірбиесі кейбір дәстүрлі құрлымдардың бұрынғы өркениеттер тамырына өте шектеліп байланатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірбиесіз жаңашылдықтың болуы мүмкін емес. Дәл осы дәстүрлер адамның жоғалмауына көмектеседі, әрі құлшыныспен өзгеру үстіндегі қазіргі уақытта әлемде өз орнында табуға бейімдейді» [83]. Бүгінгі күнгі жетістіктерімізге бір күнде жеткен жоқпыз, ертеден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыздың ұрпақтар арасындағы сабақтастығының үзілмеуінің нәтижесінде қол жеткізе білдік. Сондықтан өткен кезеңді қай уақытта болмасын жоққа шығаруға болмайды, ол келешекке дұрыс бағыт-бағдар берудің негізгі көзі болып табылмақ, егер өткенімізді жоққа шығарсақ, алдағы күндеріміз

бұлыңғыр көрінбек. Қазақ халқының басынан өткен қай заманды алсақта, елдің ең басты мұраты – ұлттың дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін сабақтастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылған. Елдің болашағы үшін ұлттық құндылықтардың атқаратын қызметі айрықша, ал кез келген ұлттық құндылықтарды жоғалту, ол ұлттық келбетімізден айырылумен тең деп білген. Уақыттың ауыр сынағынан өткен қазақ халқының бай да күрделі дәстүрлері бар, олар сабақтастықтың үзілмеуінің нәтижесінде бүгінгі күнге дейін халық өмірінде қолданылып келеді. Ұрпақ өткенге көз сала отырып, келешегіне дұрыс бағдар жасай біледі. Қазіргі жаһандану заманында ұрпақ өміріне темірқазық болып отырған ұлттық құндылықтарымыздың арасындағы сабақтастықты сақтау әрбір қазақ азаматының парызы болып табылмақ. Өйткені, ұлттың қасиетін, моральдік өмір сүру нормаларының басты өлшеуіші ретінде дәстүр мәселесінің қоғамдағы орны айрықша. Ізгі дәстүрлер уақытты жатсынбайды, уақытпен бірге дамып, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, сабақтасып отырады.

Қазақтың дәстүрі түптеп келгенде, ұрпақтың, тұлғаның, ұлттың басқа елге танылуының басты көрсеткіші, ұлттық өзіндік даралығы, ұлттық сананың сауығуына оң ықпалын тигізетін құндылықтардың бірі.

Қазақ дәстүрінде ұрпақтар сабақтастығының символы ретінде ошақты таныған. Ошақ қастерлі де, қасиетті дүние болып табылған. Ошақтың отының сөнбеуі сабақтастықтың басты белгісі деп білген. Ошақтың отының сөнуді қазақ дүниетанымында отбасының тұрмыс-тіршілігінің тоқтағандығының белгісі болып табылған. Қазақта бата бергенде айтылатын «ошағыңның оты сөнбесін» деген сөздің астары тереңде, философиялық мәні айрықша. Бабалар дәстүрлерінде өлген адамның ұрпағы болмаған, яғни ұрпақтар арасындағы сабақтастығы үзілген жағдайда, өлген адамның моласының басына ошақты немесе шаңырақты апарып қойған. Бұл тұқымсыз қалды немесе сабақтастық тоқтады деген мағынаны білдірген. Әрбір жеке адамның ғұмыры өлшеулі болғанымен, кез келген ел өз ұрпағымен мәңгілік. Сондықтан, адамзат өмірінде қай саланы алып қарасақта, сабақтастық категориясы орасан зор қызмет атқармақ. Қазіргі таңдағы «Қазақ елі – мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда ұрпақтар, ұлттық құндылықтар арасындағы сабақтастықтың үзілмеуі аса маңызды болып табылмақ. Кезінде Көк Бөрінің ұлығаны бүкіл даланы қалай оятса, бүгінде Қазақ Елінің «Мәңгілік Ел» идеясы – болашақ ұрпақты солай оятуға шақыратын идея. Академик Ғарифолла Есім «Мәңгілік ел» болудың жеті жолын ұсынады: «Біріншіден, қазақ елінің азаматтары тегіс, әсіресе, қазақтар бай, ауқатты болулары керек, қазақ елі еш елден кем болмайтындай бай ауқатты болу керек, ол үшін сананы байытуымыз керек. Сананың бай болуы байлықтың өзегі. Қазақтар ежелден сананы байытудың технологиясын жақсы білген. Олар балаларына Назарбай, Құнанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сұлтан, Бек, Мырза деп ат қойған. Кейіннен кеңестік дәуірде бәрі өзгерді, бай атауы жағымсыз ұғым ретінде айтылды. Енді осы керемет аттарды қайта жаңғыртуымыз керек. Балаға атты үлкен үмітпен қою керек, үміт арманға айналуы керек:

Екіншіден, Қазақ елінің азаматтары, қазақтардың елді Мәңгілік елге айналдыру үшін іскер, креативты болуы шарт. Іскерлік – адамның қасиеті және қабілеті.

Үшіншіден, Дәстүр және халық дәстүрінің маңыздылығы. Дәстүр – ауқымды ұғым, қоғам, тіл, тарих, мәдениет, дін және діл – оның құрамдас бөліктері. Дәстүрсіз ешбір халық ел болмайды. Біз дәстүрді жоғалтып алсақ мәңгілік ел болмаймыз.

Төртіншіден, Мәңгілік ел болашағы тікелей ел өсіміне, демографияға қатысты, бұл да – арнайы әңгімені қажет етпек.

Бесіншіден, Ел бірлігі – буындар арасындағы Сабақтастық. Мұның Ата буын, Орта буын, Немере буын арасындағы Сабақтастық. Ел бірлігі үш ұрпақтың арасындағы сабақтастықта.

Алтыншыдан, жаңаша, инновациялық ойлау қажет. адамның ар-ожданы мәселесі. Алдағы күндері еліміздің саясатында ар болуы үшін, болашақ мамандар елін, жерін, ұлтын сүйген азамат болып қалыптасуы үшін бұл мәселені пән ретінде оқытуымыз керек.

Жетіншіден, Мәңгілік ел болу үшін, аса қажетті феномен – Жақсы Қазақ идеясы. Жақсы қазақ идеясын қалыптастыруымыз керек. Жақсы қазақ инновациялық ұғым, жақсы қазақ ел имиджі. Ел имиджін көтеру үшін жақсы ниетпен еңбектену керек, әрдайым жаңаны табуға тырысу керек. Жақсы қазақ атансақ, еліміз мәңгі болады. Жақсы қазақтың ниеті жақсы болу керек» [84]. Мәңгілік Ел болудың сыры еліміздің әр отбасының ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтау, береке-бірлікте өмір сүруі, тарихы мен болашағын ұштастыра білетін, білікті де білімді ұрпақ тәрбиелеу, ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді дәріптеу. Сонда ғана біз ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманына қол жеткізе аламыз.

Ойымызды қорытындылай келе, аға ұрпақ пен болашақ ұрпақтың арасында ешқандай байланыс болмаса, сабақтастық үзілсе, қоғамның алға жылжып өркендеуі мүмкін емес. Бабалардан қалған құндылықтар ұрпақ дамуына өз септігін тигізбек. Дәстүрдегі сабақтастықтың үзілуіне, басқа бір дәстүрдің пайда болуы әсер етеді. Дәстүрдің болмысын сақтауда сабақтастықтың қызметі айрықша. Тамырсыз бірде-бір өсімдік болмайтыны сияқты адам баласы да ата-тегімен, оның рухани құндылықтарымен көрінбейтін тамырлар арқылы жалғасқан. Ата мен немере, әке мен бала арасында, аға буынмен жас буын ортасында сабақтастық болмайынша, жетілу, өркендеу, жаңару болмайды, ұлттық сана көркейіп жетілмейді. Сабақтастық дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құндылық. Сабақтастық ұлттың өркендеуінің күре тамыры. Сабақтастық дегеніміз басқа тараптан қабылданғанды қайталау, оны одан әрі жалғастыру, сол үдерістің ағымына қатысу, сол үдерісті қолдау және дамыту.

Сабақтастық қоғам мен қоғамды, тарих пен тарихты, өмір мен өмірді, дәстүр мен дәстүрді жалғастырушы, сабақтаушы. Өзіндік «менін» жоғалтпаған ел қана Мәңгілік Ел болары анық. Қазақ елін мәңгілік ететін – ұрпақтар арасындағы сабақтастық. Сабақтастық бабаларымыздың құндылықтар

жүйесінің өзінен кейінгі орта және кіші буынға сабақтасуы. Бабаларымыздың өміріндегі маңызды дәстүрлі құндылықтар өз кезеңінде адамзат дамуына қызмет ету керек екендігін қарастыра отырып, сабақтастықтың дәстүр жалғастығындағы рөлі тұжырымдалды. Сабақтастық ғасырлар арасындағы жаңа мен ескіні жалғастырушы байланыс. Адамзат өмірінде сабақтастықтың рөлі зор. Сабақтастық өздігінен болмайды, белгілі бір байланыс болу қажет. Дәстүрдің ұрпақтар өмірінде маңызды орын алып, бүгінгі күнге жетуі ол сабақтастықтың нәтижесі. Сабақтастық болмаған жағдайда дәстүр адамзат өміріндегі өз қызметін тоқтатпақ. Дәстүрдегі сабақтастық – бабалар өмірінің дінгегіне айналған ұлттық құндылықтарды бүгінгі ұрпаққа үздіксіз жеткізу. Дәстүрлер сабақтасуында ұлттың өмір сүру формасы, мінез-құлқы, дүниеге қатынасы, мәдениеті, бабалар өмірінің тәжірбиесі жатыр. Ел болу үшін, ұрпақтар мен ұлттық құндылықтар арасындағы сабақтастықты сақтай білуіміз қажет. Дәстүрді жалғастырушы, байланыстырушы, жеткізуші философиялық ұғым ол–сабақтастық.

3 ДӘСТҮРДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ

3.1 Дәстүрдің ізгіліктік мәні

Дәстүр – адамның адам болып қалыптасуына ерекше әсер ететін рухани құндылықтарымыздың бірі. Қоғамдық өмірде саналы адам тәндік қажеттіліктен әлдеқайда кең, әлдеқайда терең әлемде өмір сүруді аңсайды. Ол – рухани әлем. Адамның өмір сүруінде екі әлем бар: биологиялық және рухани әлем. Биологиялық әлем адамның тәндік қажеттіліктерін ғана қанағаттандырса, рухани әлем – адамды мәңгіліктің аясында өмір сүруге шақыратын әлем. Биологиялық жағдай – ұрпақ жалғастыру, із-түссіз жоғалып кетпедің кепілі. Өмір адам үшін белгілі бір мәнділікке ие болған кезде ғана өмір болып табылады. Адам күнделікті мұқтаждықпен ғана күн кеше алмайды, ол үнемі толғанады. Адам табиғаты шексіз, жан-жақты. Ол биологиялық дамуды ғана емес, қоғамдық, рухани дамуды да қажет етеді. Сондай адамның рухани дамуынан туған құндылықтардың бірі – дәстүр. Ал, мәңгіліктің аясы – рухани дүние. Рухани өмірде адам барлық адамдармен теңесе алады, биік құндылықтарға қол созады. Рухани байлық әр кезде әр халықты ұлт ретінде сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив [53, б. 50]. Қазақ халқының «салтың – санаң, дәстүрің – дәулетің, ғұрпың – ғұмырың» – деген түсінігінде терең философиялық ойдың жатқаны көрініп тұр.

Жаратушының адамды табиғи ортада басқа тірі жандылардан өзгеше етіп, ақыл-ой беріп жаратуыныңда астарында үлкен философиялық ой жатыр. Адамның ақыл-ойы арқылы өмір сүруі барысында қалыптасатын, атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, мінез-құлық, тәлім-тәрбие, және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Дәстүр – мәдениеттілік белгісі. Дәстүрді біз философиялық тұрғыдан былай ұғындырғымыз келеді: дәстүрдің адамзат өміріндегі маңызы зор. Кез келген ұлтты жойғың келсе, оның дәстүріне балта шап – дейді. Яғни, дәстүрінен айырылған ұлт мәңгіртке айналмақ. Дәстүр бұзылған жерде халықтың болмысы бұзылады. Дәстүрінен айырылған халық тамыры тартылған ағаш сияқты, қандайда бір ұлт болсын, ұлттық қасиетінен айырылып, өмірдің қиын иірімдеріне төтеп бере алмай, өзгеге тәуелді болады. Ұлттың замана дауылына төтеп беріп, өмірдің иіріміне түсіп кетпеуі үшін, халықтың бірлігін, ұлттың тұтастығын сақтап, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруда ұлттық дәстүріміз сондай қажет. Ал, тамыры тереңге жайылған ағаш аязға да, аптап ыстыққа да қарамастан жайқалып, жапырағы көктей бермек. Дәстүрінен айырылмаған елде тамыры тереңде жатқан ағаш секілді, замана қиындығына төтеп беріп, халықтық қасиетін сақтап, тәрбиелі ұрпақ қалыптастырады. Ондай ұлттың болашағы жарқын болмақ. Дәстүр біздің қоғамымызды ұстап біріктіретін желім секілді. Дәстүр-ұрпақ пен ұрпақты байланыстыратын құндылық. Өткенін ұмытпауға, болашағына жол салуға көмектеседі. Дәстүр – ағашқа тіршілік нәрін беріп тұрған тамыр сияқты, адамға да рухани нәр беретін, әр ұлттың бойына сіңген ұлттық құндылығы. Өсімдіктің құнарлы жерде көрікті де әсем болып

өсетіні сияқты, адамзатта өскен ортасына, заманына, алған тәрбиесіне қарай қалыптаспақ, яғни, ұлттық құндылықтармен сусындап тәрбиеленген адам, құнарлы топырақта өскен өсімдік секілді. Себебі, қоғамдық ортада дәстүрдің өзегінде жатқан құндылық – тәрбие, ізгілік, адамгершілік. Тәрбиенің адамзат өміріндегі орны ерекше. «Ел болам десең бесігіңді түзе!» – деп Мұхтар Әуезов күнделікті өмірде баланың тәрбиесі отбасындағы тәлім-тәрбиеге тікелей байланысты екендігін айтады. Бүгінгі жастар – ертеңгі еліміздің болашағы. Әбу Насыр Әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте адам өміріне қауіп әкеледі» – деген сөзінің маңызы айрықша. Адам адамгершілік құндылықтарын жоғалтса, онда ол адамдық болмысын жоғалтып алады. Сондықтан, әрбір адам тәрбиені, адамшылдықты, ізгілік құндылықтарды ең бірінші өзінің отбасында қалыптастырады. Дәстүрдегі барлық амал-әрекеттердің тәрбиелік маңызы айрықша [53, б. 51]. Келешек жас ұрпағымыздың бойына дәстүрлі мәдениетімізді сіңіре отырып, тәрбие қалыптастырсақ адам бойындағы ізгілік, адамгершілік, адамдық, кісілік құндылықтарды да дарыта аламыз.

Философиядағы негізгі мәселелердің бірі, адам үшін ең қажетті, ең маңызды құндылық – адамгершілік, ізгілік құндылықтары емеспе еді?! Осы жерде В.Г. Белинский «Адамгершілік, ізгілік адам үшін бірінші орында болуы шарт, өйткені кез келген ғылым адамды белгілі бір маман болуға үйретсе, ал адамгершілік, ізгілік ілімдері сені адам болуға бастайды» – деп ой тұжырымдайды [53, б. 51]. Адамзат өмірінде дәстүр адамның бойына көптеген тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар: ізгілік, игілік, парасаттылық, имандылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қайырымдылық, рахымдылық, қанағатшылдық, адамгершілік, кішіпейілділік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлылық, кісілік.

Осының ішінде философиялық мәні ерекше болып табылатын ізгілік ұғымы. Адам үшін баға жетпес құндылықтардың бірі ізгілік. Ізгілік озық дәстүрдің ішкі мәні. Озық дәстүрлер ізгіліксіз болмайды. Ізгілік деген не? Ол имандылық, адамшылық, кісілік, парасаттылық, әділеттілік, деген ұғымдардан тұрмақ [85]. Адамның бойына дәстүр арқылы ізгілік, рақым, имандылық, адамгершілік, қасиеттерді дарытуымыз қажет. Адам түзелмей, заманды түзеу мүмкін емес. Ізгілік ұғымы философиялық категория ретінде кеңінен зерттелген тақырыптардың бірі. Айталық, философия ғылымында «ізгілік пен зұлымдық–адамдардың (топтардың, таптардың) іс-әрекетіне, сондай-ақ қоғамдық құбылыстарға белгілі бір таптық адамгершілік тұрғысынан бағасы берілетін моральдық-этикалық категориялар. Ізгілік деп қоғам (тап) адамгершілікке сай, үлгі алуға лайықты деп есептейтін түсініктер ұғынылады. Зұлымдықтың адамгершілікке қарама-қайшы, жат айыпталуға лайық мағынасы бар» [86], деп түсініктеме берілді. Демек, ізгілік адам баласының жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан бойын аулақ ұстауы. Ал, адамгершілік – адами құндылықтардың салтанат құруы. Ел ішінде халықтың бір-біріне жасайтын жақсылығы ізгілігі озық дәстүр ретінде жалғасып отырған. Философия тарихында Сократтың, Аристотельдің, Әбу Насыр Әл-Фарабидің, Жүсіп

Баласағұнның, Қожа Ахмет Иасауидің, Абай Құнанбаевтың дүниетанымында ізгілік мәселесі айрықша орын алады. Сократтың моральдық философиясы, оның негізгі ұғым-құндылықтары – Ақиқат, Ізгілік, Әсемдік.

Сократ өз дүниетанымында ізгілік дегеніміз – жақсылықты білу және соның негізінде іс-әрекет ету деп қарастырды. Адам ізгіліктің табиғаты жайлы ойланбайды, өйткені олардың көпшілігі дәстүр, әдет-ғұрып арқылы беріледі. Ал, егер оны біз ақыл-оймен танып-білсек, онда біз өзіміздің жан-дүниемізді байытып, жамандыққа бара алмаймыз. Сократ: «Менің ойымша, тек ізгі адам бақытты; шындығы жоқ, арам пиғылды – әрқашанда бақытсыз» – деп таниды. Ізгілік Сократ философиясында адамгершілік, әділеттілік, қайырымдылық қатынастарын қуаттайтын идеялар жиынтығы ретінде қарастырылады. Ізгілікке қарама-қарсы ұғым ретінде зұлымдықты таниды. Адамның жан дүниесін тәрбиелеу қажет, барлық адамға тән құндылықтар ізгіліктен бастау алады деп қарастырады. Адамның жан дүниесін жетілдірудің басты жолы ретінде ізгілікті бірінші орынға қояды. Жан дүниесі таза адам, өмірге басқа көзқараспен қарайды деп таниды. Сондықтан Сократ философиясында, адамның өз-өзін танып-білуі – оның ең биік мұратына айналу керек деген идея қалдырады.

Аристотельдің пікірінше, ең басты құндылық – ізгілік пен қайырымдылық, яғни адамгершілік екен. Аристотель «Үлкен этика» атты еңбегінде «алдымен ізгілік жөнінде, оның мәні қалай пайда болатыны жөнінде айтуымыз керек» [87], - деп қарастырады. Аристотель ізгіліктің екі түрін көрсетеді: біріншісі – диноэтикалық, екіншісі – этикалық. Біріншіге жету үшін адам жақсы білім алып, оны өмірдегі тәжірбиесімен ұштастыруы керек. Этикалық құндылықтар әдет-ғұрып арқылы беріледі (ethos-әдет). Диноэтикалық құндылықтарға ақыл-оймен жетсек, этикалық құндылықтарға іс-әрекет, жүріс-тұрыс арқылы жетеміз. Батыл болу үшін батыл іс-әрекеттер жасау керек, ізгіліктен барлық ізгі істер шығады, әділетті болу үшін әділетті жолмен жүру қажет. Адамның орны тіршілік әлеміндеерекше. Ол ақыл-ойдың иесі. Адамның бойында ізгі қасиеттер, адамгершіліктер болмағанда, тіпті жануарлар деңгейіне дейін түсіп кетуі мүмкін. Адам болу мен адам болып қалудың басты кепілі ол – ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, парасаттылық, кісілік, имандылық, әділеттілік. Аристотель адамзат тұтынар игіліктерді үш топқа бөліп қарастырды. Әуелгісі жанға қатысты игіліктер, олар – ізгілік, қайырымдылық, екіншісі – тәнге қатысты игіліктер, олар – денсаулық пен сұлулық, үшіншісі – жанға да, тәнге де қатысы жоққа жуық, екеуінен бөлектеу болатын игіліктер, олар – байлық, билік, мансап, мақтан және сол сияқтылар. Аристотель осы үшеуінің ішінде жанға қатысты игіліктерді ең жоғарғы игіліктер деп санайды [87, б. 255]. Адамзатқа ең құнды игілік – қайырымдылық, ізгілікпен өмір сүру, яғни адам болу. Сөйтіп, ізгілік пен қайырымдылық, адамгершілік адам өміріндегі адам үшін ең басты құндылықтар болып табылмақ. Адамды өзге тіршілік иелерінен биік, бекзат етіп, қоғамды құтты ететін басты құндылықтар – ізгілік, адамгершілік. Ал, осындай адами құндылықтардың қалыптасуына ықпал ететін – дәстүр. Ізгілік мәселесін өз шығармаларында негізгі мәселелердің бірі ретінде қарастырған Әбу Насыр Әл-Фараби. Ойшыл «Бақытқа жетудің жолында» деген еңбегінде

«Тәрбие дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктермен өнерді дарыту» деп пайымдайды. Мінезді өзгертпей ізгілікті, этикалық қоғамды қалыптастырудың қиын екенінде ескертеді [60, б. 418]. Ойшыл өз дүниетанымында адамның өз болмысын танып, тәрбиелеу ісіне үлкен мән береді. Өмірдегі биік құндылықтарға қол жеткізетін әрекет ізгілік деп таниды. Бірақ, білімсіз, тәрбиесіз адамда ізгілік қасиеттер қалыптаспайды, білімсіз, тәрбиесіз адам, адамның абзал қасиеттерін бағалай алмайды деп қарастырады. Әбу Насыр Әл-Фараби қалалардың өзін ізгі қала тұрғындары және надандар қаласы деп екіге бөледі. Ізгі қала тұрғындары бір-біріне көмектесіп, бақытқа жетуге тырысады. Надан қала ізгі қалаға қарсы болып табылады. Оларға адамгершілігі жоқ, ізгілікті ұмытқан қала тұрғындарын жатқызады. Надан қала тұрғындары ешқашан бақытты білмеген, сондықтан олар оған ұмтылмайды да, оған сенбейді де. Ізгілікті құндылықтардың қалыптасуын адамның ақыл-ойымен байланыстырады. Ізгілік қасиеті жалпы адамзаттық құндылықтардың бастауы ретінде қарастырылады. Адам ізгілікке ұмтылу арқылы адамзатты сүюді және өзінің ішкі әлеміне үңілуді үйренеді. Ойшыл өз дүниетанымында қайырымдылықтың, ізгіліктің қажеттіліктерін ұғындырады. Сондықтан, адамзат жер бетінде адами қасиеттерді аяқ асты етпей, керсінше, әр ісінде қайырымдылық жасауға, ізгілікке, адамгершілікке, жақсылыққа қарай ұмтылу қажеттігін ескертеді. Адам тек ізгілікті әрекеттер, ізгілікті идеялар арқылы ғана өзінің көздеген мақсатына қол жеткізе алатындығын айтады. Озық дәстүрлер ізгілікті сапаға ие болған соң, адамдар оны өмірінің басты құндылығына айналдырып, өмір сүру үлгісі ретінде сақтады. Озық дәстүрлерде ізгі құндылықтар болмаса, ғасырлар бойы жинақтап, тағылым, тәрбие көзі ретінде келер ұрпаққа ұсынылмас еді. Озық дәстүрлер дегеніміз ұлт дамуының діңгеніне айналған, замана сынынан сүрінбей өткен дәстүрлерді айтамыз.

Ізгілік ұғымын түркі әлемінде «жәуәнмәрттілік» мағынасында қарастырған ойшылдардың бірі Жүсіп Баласағұн. Ойшыл «жәуәнмәрттілік» сөзін жомарттық, қайырымдылық, кеңпейілділік, адамшылдық деген қасиеттер жиынтығымен байланыстырады. Өз еңбектерінде адамның әділетті, ізгілікті болуын басты мәселе ретінде таниды. Ізгілікті құндылықтарды адам өмірінің түпқазығынан іздеді. Адамдықтың өлшемі ретінде ізгілік, адамгершілік ұғымдарын қарастырды. Жүсіп Баласағұн өз кейіпкерлері арқылы сан қырлы философиялық мазмұнмен астасып жатқан сұрақтарды көтеріп, оған жауап іздейді. Сондай сұрақтардың бірінде ізгілік деген не, ізгіліктің тегі қайда, ізгі адамның мінез-құлқы қандай болу керек дейді. Оған берілетін жауап, ізгіліктің басты сипаты – жақсылық жасау, ел үшін еңбек ету, ешкімге өз міндетін артпаудан шығатын, ізгі жанның мінез-құлқы қайырымдылық жасағанда ешқашан одан есеп күтпеу, яғни есеппен қайырымдылық жасамауда екендігін айтады. Ойшыл ізгі адамдар екі түрлі болады дейді. Олардың бірі – ізгілік жолын шыңдап тұтқандар болса, тағы бірі – анадан ізгі болып туғандар. Адамның табиғаты қатып қалған тас емес, оны ізгілікке бағыттасаң ізгілікке, ал жамандыққа бағыттасаң жаманшылдыққа қарай ауып тұрады. Арсыздық

түзелмейтін қасиет емес, оның да ізгі серігі болса жолын түзеуге болады деген ойшыл. Бірақ тумысынан тексіз, қасиетсіз болып жаралатын адамдардың болатындығын теріске шығармайды.

«Ізгілікті білетін тек ізгілер,
Пайда іздеген, мүләйімсіп үздігер.
Дүние боқты аңсамайтын адам жоқ,
Өйткені, ол ала алмайтын қамал жоқ .
Байлық үшін жұмсамайтын амал жоқ.
Адам сондай шындық, түңіл-түңілме,
Дүние қуған не болады түбінде?!» [88].

Ниеті түзу емес, құлқы бұзық адамның өмірде рахаты аз деп қарастырады. Ал, ізгі ісі үшін адам опық жемейді, жамандықты қуған адам азап шегеді, жамандыққа жақсылық қылған адам жеңеді дейді ойшыл. Жүсіп Баласағұн «Өр секілді – ізгі іс, қиын шығуға, сұмнәрсе – ылди, оңай құлап құруға». Ізгілік жүрегі кең, адамшылдығы мол, парасатты, иманды адамдардың әрекеті деп таниды. Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе ізгі іс, мінезі түзулік. Екіншісі – ұят. Үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адамшын бақыт табады деп анықтайды ойшыл. Жүсіп Баласағұн адам болып қалыптасу үшін үлкен моральдық талаптар қойған. Олардың ең бастылары, яғни адамгершілік, ізгілік құндылықтарды жоғалтпау екендігін өз шығармаларында дөп басып айтады. Ізгі кісі қандай қор болсын мен оның жолдасы болуға дайынмын деген ой айтады. Ізгілікті адамдықтың ең жоғарғы өлшемі ретінде тани отырып, адам бойындағы адамды адам етіп тұратын қасиеттердің бірі ретінде қарастырады. Ізгілік адамның жүрегінде орныққан ең асыл қасиеті деп біледі.

Ізгілік, адамшылық ұғымдары қазақ халқының ғұлама ойшылы Абай Құнанбаевтың дүниетанымында ерекше орын алған.

Атымды адам қойған,
Қайтіп надан болайын [89].

Міне, Абайдың шығармашылығындағы ізгілік, адамшылық мәселесінің алатын орнын осы ойдан-ақ байқауға болады: әрбір адам өзінің атына, адам деген болмысына сай әрекет ету қажет.

Өмірде адам баласы адамшылық әрекеттермен қатар хайуандық әрекеттерге де баруы мүмкін. Ал, адамның хайуаннан айырмашылығы оның ақыл-ойы, санасы емес пе? Ендеше, адам осынау өткінші өмірде өз бойына адамға ғана тән, адам үшін маңызды құндылықтарды ғана жинай білуі шарт. Ал, бойында ізгілік, адамшылық қасиеттер болмаса, от оттап, су сулаған хайуанан несі артық?! Сенің барлық адамдығыңның өлшемі осы ізгілік, адамшылық арқылы танылмай ма? Қарапайым адамдардың бәрі өздерінің адам екенін сезініп, адамшылық абыройын шын мәнісінде құрметтей білген кезде ғана оның болашақ өмірі бүгінге айналады. Бұл құндылықтарды өз бойыңнан жоғалтып алсаң, адам ретінде «өлгенмен бірдейсің». Қазақ дүниетанымында тірі жүріп арамдықпен бал жалағанша, адамшылықтың уын ішіп өлгенің артық демей ме?! Осыдан-ақ қазақ халқы үшін «адамшылық» адам өмірінде ең негізгі және ең маңызды орын алғандығын аңғаруымызға болады [53, б. 54]. Ізгілік –

адамның адамшылық өлшемі. Ізгілігі, адамшылығы бар адамға ең бірінші керегі ар-ұяты. Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, ізгілігі. Ал, ұялып-қызара білу адам бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиетті білдіреді. Ұялу жақсы сезім, ең жақсысы – адамның өзінен-өзінің ұялуы. Егер де, адам өзінен-өзі ұялса, жаман қарекетке бармайды, өсек, өтірік, мақтаншақтыққа салынып, адамшылдығын аяқасты етпейді. Өмір өткінші, бәрі ұмыт болмақ, шындығына тоқталсақ, адамның ізгілігі, адамшылығы – артына қалдырған асыл мұрасы. Өмірінің мәнділігі, оның жасаған және тындырған ісімен байланысты. Дүниеде жасаған ісінді өзіңмен бірге ала кетесің демейді, істеген жақсы ісін – артыңа қалдырған ізің.

Әр халық өзінің жасаған ең ізгі істерін дәстүр ретінде болашақ ұрпағына қалдырып отырған. Ел өмірі үшін маңызы болмаған жағдайда, ол дәстүр ретінде ұрпақтар өмірінде орын алмаған болар еді. Шын мәнісінде азамат болу қарақан бастың қамы емес, бүкіл адамзаттың қамын ойлау, дүниеге адам тұрғысынан қарай білу.

Ізгілік қасиеттің қалыптасуында білімнің орны айрықша. Әрбір дүниеде дұрыс жолға бастайтын, жөн сілтейтін, өлмес құндылықтардың аясы – білім. Білімнің керек емес және кеспейтұғын жері жоқ. Өмірдің парасат биігіне апаратын адастырмас сатыларының бірі – ғылым-білім. Білімді үйрену үшін де адамда құмарлық, ғылым-білімге деген махаббат болуы қажет. Білімді адамның көңілі ояу, жүрегі айна. Білімді болу үшін көкірегі ояу, көзі ашық болу қажет. Білімсіздің көкірегі байлаулы, жүрегі толы, ол ешнәрсені ұқпайды, оның ақылында байлау, ойында тұрлау жоқ. Ал ғылым-білімді үйрену үшін адамдаізгілік, адамшылық қасиет болу шарт. Ар-ұятадамның адамшылығы, ізгілігі. Ар-ұят сенің басқаның алдындағы адамдық өлшемің. Ізгілік, адамшылық – адам бойындағы жақсы қадір-қасиеттердің, өзгеге өнеге болар болмыстыңайқындауышы. Ізгілік – адамның адамдық болмысына сай өмір сүруің, адамның ақыл-ой санасына сай әрекет етіп, өзінің адамдық қасиетін жоғалтпау.

Ойшылдардың дүниетанымын қарастыра отырып,ізгілік, адамшылық-өресі биік, қастерлікқасиет екенін анықтадық. Ізгілік, адамшылықар-ұятты ардақ тұтқан адамға ғана тән қасиет. Ізгіліктің бастауы – адамдық пен адалдық. Адамның өз болмысына сай әрекеттерден бас тартып, адамдық қасиетінің жоғалуы менмендік, қулық-сұмдық, пысықтық, жеңіл мінездің жетегіне жегілуікісілікке, адамшылдыққа кереғар қарекет. Адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, адалдық, бәрі-бәрі ізгілік, адамшылық қасиеттің белгісі.

Адам өмірінде шаттыққа толы күндер мен тұман басқан небір қиын сәттер алма-кезек ауысып келіп отырады. Бірақ, кез келген жағдайда біз өзіндік табиғи болмысымызды жоғалтып алмауымыз керек. Әрбір жан шыр етіп дүниеге келгенде күнәдан пәк, періште іспеттес болмақ. Ендеше, осы өмірдегі адамдардың да әрбірінің бойында түймедей болса да жағымды қасиет бар екені ақиқат. Біз осы қасиетті жоғалтпай және соны өзгелердің де бойынан көре алар болсақ, бұлбіздің асылдығымыз. Егер қандай да бір нәрсе, ол адам ба, басқа ма, маңызды емес, табиғи болмысынан айырылар болса, бұлоның өз құндылығын

жоғалтқандығы. Осы тұста бір нәрсені ескерте кету керек. «Табиғилық» деп тек жақсы қасиеттерді ғана тануды айтады. Пайдасынан зияны көп мақұлықтың табиғилығынан не пайда? Адамзат өз бойындағы жаман қасиеттерден арылып, адами болмысын сақтап қалу қажет. Табиғилығын сақтап қала алмаған кей адамдарға мысал да келтіруге болады. Олар – белгілі бір себептермен ашкөз, озбыр, дүниқоңыз болып танылып, бүкіл жақын жандарынан айырылған жандар. Ондайлар ізгілік, адамшылық қасиеттерін де жоғалтқан. Адамның бойында «адамдық қасиетінен айырылған адамдарды қалайша түзетуге болады» - деген сұрақ туындайтыны анық. Оның шешімін тым алысқа бармай-ақ, өзіміздің ғұламалардың даналықтарын негізге ала отырып талдасақ та, сан түрлі жұмбақтың шешімін оңай табатынымыз ақиқат [53, б. 55]. Хакім Абайдың айтуы бойынша, қоғамды өзгерту үшін жаңа ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу керек. Кез келген ұлт өз ұлтының бойына дарыған құндылықтарды білу шарт деп қарастырады. Ал, оларды тәрбиелейтін адам табылса, солар Жаратушының сүйікті құлдарына айналады. «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!» [90] – дейді дана. Егер балаң адам болсын десең, оны оқыт, сонда оған да, халқыңа да қызмет қылған болып табыларсың. Ізгілік – адамның рухани арқауы. Ол – адамның тұлғалық жақсы қасиеттерін танытатын ұғым. Абай «ең жақсы, ізгі адам» деп толық адамды айтады. Хакім Абай «Адам бол!» деп кеңес берді. Ал, Шәкәрім «кәміл мұсылмандарды» ең жақсы ізгі адам ретінде таниды. Шәкәрім өз дүниетанымында адамшылықты ізгілік деп қарастырды. Сонда ізгілік пен зұлымдылық – бір-біріне қарама-қарсы әрекеттер. Себебі дүние, ғұмыр не жақсы жандардан, не зұлымдардан тұрмайды, олар әманда аралас, бірінсіз-бірі болмайтын, бірі-бірін қажет ететін құбылыстар. Шәкәрім адамшылық дегенде тек адамның жеке басына қатысты нәрселерді ғана айтпайды, жалпы қоғамға да қатысты мәселелерді қарастырады. Шәкәрімнің адамның адамшылығын қоғамдық болмыстан туатын көңіл-күймен байланыстырады. Олар дәстүр, мәдениет, дін, тіл т.б. құндылықтар.

Қазақ дүниетанымында Аяз би ізгілік жолындағы адам деп қарастырылады. Мына үзіндіге назар аударайық: «...Баяғы өзінің жыртық тонымен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, тоны мен тымағына қарап: Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсақ жолыңды біл! деп көңілін басушы еді». Аяз бидің тура жолдан таймағаны үшін оны ізгілік жолындағы адам ретінде таниды. Оның ізгілігі шүкір, қанағат, тәуба секілді ұғымдар аясында анықталды [91]. Ізгіліктің бір күштілігі адамды тура жолға салып, тура жолдан тайдырмайды. Ізгі болу үшін адамға харекет керек. Ізгіліктің өзіндік ішкі формалары бар. Философиялық тұрғыдан анықтасақ, ізгіліктің ішкі формасы ретінде: парасаттылық, кішіпейілділік, ізеттілік, мейрімділік, имандылық, әділеттілік, қанағат, тәуба секілді категориялардан тұрады. Осындай құндылықтарымыздың қалыптасуына септігін тигізетін құбылыс – біздің дәстүріміз.

Ізгілікке, адамшылыққа бастайын озық дәстүрлердің адамзат өміріндегі орны айрықша бола тұра, мұндай дәстүрлеріміз ұлт болашағына сүрлеу жол сала алады. Сонда ізгілік дегеніміз қоғамда адам игілігі үшін пайдалы іс-әрекет жасау. Озық дәстүрлер ізгіліксіз болмайды. Озық дәстүрлер ізгілік құндылықтарының негізінде қалыптасады. Қай халық болмасын, ең ізгі істерін дәстүрге айналдырып отырған. Мысалы қазақ халқының үлкен адамдарды сыйлау, үлкеннің жолын кесіп өтпеу, үлкеннің қолынан ас жеу, үлкеннің батасын алу, үлкен кісінің сөзін бөлмеу, үлкен кісілерге дауыс көтермеу, үлкенге сәлем беру секілді адамшылыққа бастайтын дәстүрлеріміз бар. Мұндай дәстүрлеріміздің астарында адамдардың бір-біріне деген сый құрметінің белгісі, бір-біріне деген ыстық ықыласы, бір-бірін рухани қолдауы, сыйластығы, құрметі, ізгілігі жатыр. Осыған байланысты қазақта «Көптің алдын кеспе, көмусіз қаласың, үлкеннің жолын кеспе, көрінбей қаласың» деген даналық сөз бар [53, б. 52]. Үлкенді сыйламау қазақ дүниетанымында көргенсіздікті, тәрбиесіздікті, зұлымдықты білдіреді, яғни адамшылықтың жоқтығын көрсетеді. Дәстүрдегі ұлттың өркендеуіне оң әсерін тигізетін құндылық – ізгілік.

Қазақ дүниетанымында мен тек өз тағдырымның алдында ғана жауаптымын демей, барлық адамзат тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырған. Үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты болу қазақ дүниетанымындағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Олардың барлығы қазақтың қанына қалай сіңірілді? Әрине, өзінің дәстүрі мен ұлттық құндылықтары, ұлттықидеологиясы арқылы қалыптасты. Өмірдің өткінші екендігін, бүгін кешкен күннің ертең қайтып келмейтіндігін ұмытпау, қамшының сабындай қысқа ғұмырда тек сыйластықпен өмір сүру ата-бабамыздың қанына сіңген жақсы қасиеттердің бірі болған. Осындай ізгілікке бастайтын құндылықтары атадан балаға дәстүр ретінде жалғасып отыр. Жаһандану кеңістігінде ұлтаралық, халықаралық және мемлекетаралық өзара әсер ету процесі жүріп жатқан кезеңде қазақ дәстүрінің, мәдениетінің жағдайы не болмақ деген көкейтесті мәселе барлығымызды толғандырып жүргенішындық дүние.

Философиялық тұрғыдан алсақ, дәстүрдің адам өміріндегі моральдік құндылықтарды қалыптастырудағы қызметі айрықша. Дәстүр – қоғамда ұрпақтардың арасын, олардың бүгінімен келешегін байланыстыратын сабақтастық құралы. Ол халықтың өмірлік бағдары, рухани болмысы, дүниетанымы, ұлттық ойлау сипаты болып табылады. Халқымыздың ғасырлар бойы қастерлеп келген игі дәстүрлеріне ізгі ниетпен қарау, оның пайдалы тәрбиелік жақтарын күнделікті өмірде қолдану, ұлт дамуының дінгегіне айналған дәстүрлерді дәріптеу – әрбір саналы азаматтың парызы. Қазіргі қоғамның мақсаты – дәстүрмен жаңашылдық мәселелерінің маңыздылығын түсіне білу. Дәстүрге ескілік деп қарап, оны жоққа шығарып, жаңашылдық жолына түсеміз деп ұлттық келбетімізді жоғалтып алмауымыз қажет. Керісінше, ұлттық жаңару, жаңғыру дегенде жаңашылдыққа ұлттың дінгегі болып тұрған құндылықтарымызды негізге ала отырып бет бұрамыз. Ал,

Ұлттық құндылықтарымызды ұмытып жаңашылдыққа бет бұру дегеніміз – бос әурешілік. Онда біз керсінше, ұлттық болмысымыздан айрылып қалмақпыз. Қазақ дәстүріқай уақытта болмасын мәнін жоймайтын, артқы ұрпағының жанына мәңгі рухани азық болатын өлмес құндылық. Бүгінгі күнге аяқ басуымыздыңөзі рухани құндылықтарымыздың арқасы. Сондықтан, әрбір адам өзінің ұлтының бойына сіңген ұлттық дәстүрін тереңнен толғап, оның негізінде жатқан басты мәселелердің мәнін аша білуі шарт. Ана сүті жас баланың буыны бекіп, бұғанасы қатаюға қандай зор әсер ететін болса, қазақ дәстүрі де әрбір қазақ баласының азаматтық рухының көтерілуіне сондай әсерін тигізетін құндылық. Әр ұлттың өзінің тамыры тереңде жатқан рухани ұлттық коды болады. Біз қандай кезеңде өмір сүріп жатсақта, еліміздің ұлттық кодын сақтай білуіміз шарт. Қоғамдық ортада дәстүрдің философиялық маңыздылығы адами болмысымызды сақтауға, ұлттық санамыздың кемелденуіне жол ашады. Қоғамда ұлт болып қалыптасу үшін ұлттық сана – сезім пайда болу керек. Қазақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыратын оның салт-дәстүрі. Сонымен, белгілі бір халық ұлт болып өмір сүру үшін оның міндетті түрде ұлттық дәстүрлері болу қажет. Ұлттық дәстүрдің кеми бастауы – ұлттың жойыла бастауының белгісі.

Ұлт болып өмір сүрем деген халық алдымен тілін сақтайды, бабалардан қалған ұлттық дәстүрлерін жаңғыртып, жалғастырып, ізгілік құндылықтарын дамытады. Қоғамдық ортада ұлттық дәстүрлерін мықты сақтаған халықтардың ұлттық болмысы оқшауланып көз тартып, ұлттық сана-сезімі де, ұлттық рухыда жоғары тұрады. Рухы жоғары халық өміршең келеді, еш қиындықтан жеңілмейді. Сондықтан, кез келген ұлтты құрту үшін, бодан қылу үшін оның ұлттық құндылықтарын әлсірету арқылы бағындыру әдістерін қолданған. Салт-дәстүрлерұлттың өмір сүруінің басты шарты. Мәңгүрттік, қоғамдық ортада ұлттық құндылықтарымыздың, болмысымыздың жоғалуынан басталады. Өзінің тілінен ажырап, басқаша қалыпта өмір сүріп, рухани азықты басқадан алған адамның ұлттық сана-сезімі, рухы жойылып,басқаға көзсіз еліктеушілікке ұшырайды. Қоғамда адамды адам ретінде сақтап қалатын-ұлттық орта, дәстүр, мәдениет. Ұлттық негізі-ұлттық сана-сезім, ұлттық руханият. Бұлар адамда дәстүрлер негізінде қалыптасады. Елдік рухтың қайнап жатқан қара қазаны–ұлттық дәстүрлер. Рухсыз адам – пенде. Пенделік көбейген жерде, қылмыс көбейіп, ұлт өз ішінен ірітеді. Дәстүр – қоғамдық дамудың құнарлы топырағы.

Дәстүр – қоғамдық құбылыс. Дәстүр қоғамдық қатынастарды реттеуде зор қызмет атқарды. Дәстүрде адамзаттың өмірлік тәжірбиелері ғасырлар бойы сұрыпталған арман-мақсаты, қуанышы, шері жинақталған. Дәстүрдің қоғамдық ортада адамдардың көзқарасын, дүниетанымын, этикалық, эстетикалық қабілетін қалыптастыруда тигізер әсері ұшан-теңіз. Қоғамда салауатты ұрпақ қалыптастыра білу үшін біз жастарымызды ізгілікке бағытталған дәстүрлі құндылықтарымызбен тәрбиелей білуіміз шарт. Адамзат және әр адам үшін баға жетпес құндылықтардың бірі – ізгілік. Ойымызды қорытындылай келе, егер біз адамдардың ізгілікке бағытталған жақсы іс-әрекетін дәстүрге айналдырсақ, ізгілік арқылы дәстүр философиясына жол бастар едік.

Философиялық тұрғыдан дәстүр мәселесін анықтау, ұғыну үлкен мәселе. Философиялық ойлау көзқарасымен қарасақ, озық дәстүрдің ішкі мазмұны адамгершілікке бағытталған құндылықтар. Ізгі істерден дәстүр шығады. Ізгі, адамгершілік қасиеттердің өзі адамның бойында дәстүр арқылы қалыптасады. Ізгілік – адамның әдетке айналдырған ішкі адамгершілік әлемінің кемелділігі. Ел болу – бүгінгі заманның басты мәселесі. Ел болу үшін дәстүр қажет. Тәрбие, ізгілік тегі – дәстүр. Дүние болғандықтан бәрі өзгереді, бір қалыпты орнында ешнәрсе тұрмайды. Себебі, өмір өзгерісті, дамуды қажет етеді. Сондықтан, дәстүрді заманауи форматта өзгерту қажет.

Дәстүрді өзгертуде адам үшін маңызды құндылықтарды пайдалана отырып, білім, ізгілік, адамгершілік, парасаттылық, имандылық секілді құндылықтарды негізге ала отырып, дәстүрімізді жаңарта аламыз. Философия тарихында адам өз болмысына сәйкес өмір сүру үшін, көптеген моральдық талаптар қойған. Солардың ең бастысы–ізгілік. Адамды басқа тіршілік иелерінен сапалық айырманы көрсететін, адам болып қалудың басты кепілі–ізгілік қасиеттер. Бірақ адам бойында ізгілік қасиеттерді қалыптастыруда тәрбие, білім қажет. Ізгілік адамның өміріндегі ең кемел іс-әрекеті. Ізгілікке, адамшылыққа бастайтын озық дәстүрлер ғана ұлт өмірінде айрықша орын алады және елдің болашағына дұрыс бағдар бермек деп тұжырым жасаймыз.

3.2 Дәстүрдің игіліктік сипаты

Дәстүрді жүзеге асырудың формасы игілік. Игілік адамның ізгілікті істерінен бастау алады. Ізгілікті дәстүр игілікке бастайды. Игілік дәстүрдің көріну формасы. Дәстүрге сүйенетін әлеуметтік игілік қоғамның мазмұнды дамуына ықпал етеді. Дәстүрдің негізіндегі адами құндылықтар ел игілігіне қызмет көрсеткен. Ерте замандағы бабалар өміріндегі игілікті істер бүгінгі күнге дәстүр ретінде жалғасын тапты. Адам өзінің сана-сезімі, дәстүрі арқылы игілікті істерге қол жеткізе алады. Адам қызметінің ең жоғарғы нәтижесі игілік. Игілік дегеніміз не? Игілік адамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыратын, оның мүддесі мен мақсатына, ниетіне сәйкес келетін нәрселер. Игілік табиғи және қоғамдық болып бөлінеді. Табиғи игілікке табиғи процестерді жатқызамыз. Игілік қоғамдық дамудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылмақ. Қоғамдық игілік – адам қызметінің нәтижелері. Алайда, екі жағдайда да игілік нәрсенің әлеуметтік анықтамасы, ол адам үшін пайдалы, маңызды болып табылады [92]. Адамзат өмірінде игіліктің түрлері көп. Материалдық және рухани игіліктер адамның өмір сүру кезеңдерінде әртүрлі жағдайларда көрінбек. Дәстүр адам өміріндегі рухани игілік көзі болып табылады және игіліктің қоғамдық формасына жатады. Игілік идеясы қоғамдық құндылық ретінде философия тарихында антикалық дәуір кезеңінде нақты қалыптаса бастады. Көне Грек ойшылы Аристотельдің ілімінде игілік ұғымы адамның ізгі іс-әрекетімен, қоғамдағы адами құндылықтармен байланыстырылған.

Адамның кез келген ісі мен қалауы белгілі бір игілікті көздейді – дейді Аристотель өз дүниетанымында. Игілікті іс адамның өмірін сәтті, табысты ете

отырып, тіпті бақытқа қол жеткізеді, ең биік игілік қайырымдылық пен адамгершілік деп біледі.

Ортағасырлық араб-мұсылмандық философы Әбу Насыр Әл-Фараби шығармаларында қоғамдық игілік идеясы айрықша орын алған. Ізгілікті қала тұрғындары шынайы бақыттың не екендігін біледі және бақытқа жету үшін бір-біріне көмектеседі. Осы дүниеде қол жеткізуге болатын ең жоғарғы игілік – бақыт. Ал, шынайы бақыт жайлы мағлұмат беретін нәрсе – даналық [93]. Ойшыл игілік ұғымын бақыт категориясымен байланыстыра отырып, игілік дегеніміз адамның өз өміріне толық қанағаттануы деп таниды. Ойшыл игілікке жетудің негізгі жолы – ақыл-парасат деп қарастырады.

Ортағасырлық Еуропада игілік ұғымы христиандық патристика мен схоластика өкілдерінің ілімдерінде дамыды. Ортағасыр ойшылдарының айтуынша, Құдай барша игіліктің ең үздігі және мінсіз үлгісі. Адамдар қанағат, билік, құрмет, ләззат, тәрізді құндылықтардан жалған бақыт іздейді, алайда оның барлығы Құдайдың игілігінде деп таниды.

Қоғамдық игілікке деген қатынас Жаңа Заман дәуірінде біршама өзгерістерге ұшырады, себебі игілік ұғымы қоғамда басқа қырынан бағалана бастады. Бұл өзгерістерге сол кездегі Фрэнсис Бэкон, Бенедикт Спиноза, Рене Декарт, Джон Локк және басқа да ойшылдардың философиялық ілімдері септігін тигізді. Қоғамдағы игілікті құндылықтардың негізі ретінде білімді қарастырды. Білім арқылы адамдар қоғамда игілікті істерге, өз мақсаттарына жетіп, өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындығын көрсетті.

Игілік мәселесіне деген ерекше көзқарас неміс классикалық философиясындағы ойшылдардың дүниетанымында айрықша орын алды. Иммануил Канттың ілімінде игілік жалпыға ортақ құндылық түрінде бейнеленеді. Ойшыл игілікті ізгілік, адамгершілік, тәрбиелік құндылықтарымен байланыстырады. Иоганн Готлиб Фихте өз шығармаларында адам өміріндегі ең жақсы игілік ақыл, борыш, еркіндік деп қарастырды. Игілік саласындағы маңызды зерттеулерге ХІХ ғасыр ойшылы Г.Д. Торонның әлеуметтік саяси тұжырымдамаларын және үнділердің қоғам қайраткері М.К. Гандидің ілімдерін, американдық М.Л. Кинг шығармаларын айтуға болады.

Қазақ философиясының тарихында, жыраулар поэзиясында және ойшылдар ілімінде игілік ұғымын ізгіліктен құралған адамның іс-әрекеттерімен байланыстырады. Қазақ халқының дүниетанымында игілікке қол жеткізудің негізін адам бойындағы жақсы қасиеттермен байланыстырады. Дәстүр ұғымын бізге жеткен игілік деген мағынада анықтаған.

Ұлы бабаларымыздың ұлағатты өмірінен қалған, тағлымы мол дәстүрлеріміз ел игілігі үшін қызмет атқарды. Қандайда бір дәстүрлерімізді алып қарастырсақ та, олардың барлығы да адам өміріндегі игілікті істерге бастау болғанын байқаймыз. Қазақ халқының өмір сүру салтында ер жеткен баласын отау көтертіп, үй қылу ата-ана үшін өмірдегі игі бастамалардың бірі болып танылған. Той десе қуанбайтын қазақ болмаған, үйленетін ұлға, тұрмысқа шығатын қызға байланысты халық өмірінде отау көтеру дәстүрлері қалыптасқан. Оларға; той, жар-жар, жасау, беташар, өңір салу, қыз айттыру,

қыз көру, құда түсу, бата аяқ, құда тартар, қалың мал, балдыз қалың, киім тігу, киіт, құйрық-бауыр, өлі-тірі, қапқа салар, жігіт түйе, сүт ақы, қынаменде, саукееле кигізу, қыз ұзату, неке қияр, аушадияр т.б. әдет-ғұрып, салттарды жатқызамыз. Ел игілігі үшін маңызды қызмет атқаратын, тәрбиелік әдет-ғұрып, салттары: шілдехана, сүйіндір, кіндік кесер, қалжа, ат қою, бесікке салу, бесік жыры, тыштырма, тымаққа салу, қырқынан шығару, иткөйлек, бауырына салу, асырап алу, тұсаукесер, базарлық, байғазы, бастаңғы, бәсіре, тілашар, ашамайға мінгізу, жеті ата, енші, айдар, асату, селт еткізер, құлақ тесу, сүндет той, алтыбақан, тыйым, қыз қуу, босаға майлау, т.с.с айта аламыз. Ел өмірімен біте қайнасып кеткен отбасы, тұрмыс әдет-ғұрып, салттары: ақ үй аманат, ант, ақ алып шығу, аманат, ақ жол, ақ құйып шығару, ат мінгізіп, шапан жабу, ат тергеу, айтыс, айып, ауызбастырық, ат майы, артынан топырақ шашу, араша, аяғына жығылу, әмеңгерлік, әдеп, әдет, бата, байлау, бес жақсы, бәс, бүйрек, бұйымтай, бәйге, ерулік, жолаяқ, жылу, кәде, көкпар, көңіл сұрау, күн санау, жыл санау, жыл қайыру, қалау, қазан шегелеу, қарашаңырақ, қап қағар, қонақжайлылық, қонақ кәде, қарыз, құтты болсын айту, сал-серілік, сарқыт, соғым басы, сәлем беру, сүйінші, сыбаға, алтын той, күміс той, тойбастар, туған жерге аунату, шашу, шарғы салу сияқты дәстүрлерімізді жатқызамыз. Халық өмірінде, тұрмысында айрықша орын алған еңбек әдет-ғұрып, салттары: асар, жылқы күзеу, кеусен, көген той, қол үздік, қолкесер, қазық майлау, сабан той, үме, салбурын, сырғалы, аңшылық секілді дәстүрлерімізді айта аламыз. Наурыз мейрамына қатысты әдет-ғұрып, салттар: наурыз тойы, наурыз көже, наурыз жыры, наурыз бата, көрісу, наурыз тілек, наурыз төл, саумалық, мұхаррам. Ислам тағылымдары: айт, айттық, құрбан шалу, аластау, ақтық байлау, жарапазан, зекет, пітір, садақа, ауыз ашар, ораза, сыйыну сияқты салттар ел өмірімен сабақтастығы үзілмеген игіліктііс және қоғамдық құндылық болып табылған [94]. Осы атап көрсетілген дәстүрлеріміздің адам өмірінде ел игілігі үшін мәні айрықша болып табылады. Дәстүр ел игілігінде қызмет көрсетіп, маңызды істерге бастау бола білген. Дәстүрдің іс жүзінде жүзеге асуы, ел игілігінде көрініс беруіне қатысты салттарымыз айтарлықтай. Мысалы: адамның дүниеге келуі, оған ат қою, бесіктен белі шыққан соң тұсауын кесуі, болшақ жас нәрестенің игілігі үшін жасалатын әрекеттер. Тұсау кесуді қазақ халқы адамның ең алғаш талпынысы, тіршілікке жасаған тұңғыш қадамының символы деп таныған.

Ел игілігінде айрықша орын алған дәстүрлердің бірі бата беру. Бата жақсы тілек білдіру, адал ниетті көрсету жолдарының бірі болып танылған. Адамдар өмірінде кездесетін қуанышты жағдайларда немесе алыс жолға сапарға аттанарда бата берген. «Батамен ер көгерер» деп халқымыз тегін айтпаған. Батаны кез келген адам бере бермеген, батагөй қариялардан алған. Батаның адам санасына әсер ететін үлкен күші бар. Сол күш адамдарға демеу болып, өмірлік игілікті істерге қол созуға көмектескен.

Ата-бабаларымыздың бір-бірімен сыйласуын, өзгені өзіндей сезінуін, барлық қазақтың бірін-бірі жақын көретіндігін, жомарттығын, адамгершілігін, ізгілігін, көрсететін игі дәстүрлері көп. Тіпті, дәстүр ел арасында ұйымшылдық,

ауызбіршілік, жанаршырлық сияқты істерде де көрініс тапқан, өйткені әрбір қазақ қиналған адамға қол ұшын беріп, көмек көрсетуге әрқашан әзір болған және бұл халық үшін игілікті істер ретінде танылған. Игілікті іске бастаған дәстүрлеріміздің астарында мейірімділік, адалдық қасиеттері, адамдарға көмек көрсету, ел басына түскен қиындықты бірігіп еңсеру, бірлесіп әрекет ету секілді құндылықтар жатыр. Олар адамды тек өз басының қамы үшін ғана емес, қоғамның мүддесі үшін, болашақ ұрпақтың тағдыры үшін де алаңдауға, тіпті бүкіл адамзат алдында жауаптылықты сезіне отырып өмір сүруге шақырады. Сондықтан, дәстүр ел өміріндегі жақсы істердің нышаны ретінде танылды. Қазақ халқы өзінің өсіп келе жатқан ұрпағының болашақ игілігі үшін құнды дәстүрлерді атадан балаға аманат ретінде жеткізіп отырған. Дәстүр қоғамдық қатынастың түрлері бола тұра, халықтың рухани өмірінің көрінісі болып табылды. Игілікке бастаған дәстүрлеріміз адамдардың ақыл-ойына орнығып, бір адамның ғана емес, жалпы ұлттың қасиеттерін айқындайды. Олар жалпыға ортақ бұлжымайтын қасиетке ие болса ғана дәстүр болып танылады. Дәстүрде халықтың әлеуметтік, идеялық, рухани тәжірбиесі бейнеленеді. Ел ішіндегі дәстүрлі әрекеттер ізгілікті істермен берекелі өмір сүруге алып келген. Игілік адамның жақсы істері, сол істеген жақсы ісінен адамдардың өзінің мүддесін қанағаттандыра алу болып табылмақ. Дәстүрдегі игілік ол қайырымдылық, парасаттылық, адамгершілік, ізгілік, кеңпейілділік, рақым, кісілік, адалдық, имандылық, әділеттілік, қанағат деген ұғымдардан тұрады. Қазақ дүниетанымындағы басқа біреуге жанашырлық жасап, оның қиындығына қолдау көрсету, қайтыс болған адамды жерлеу, қонағасы беру, жұмасын, қырқын беру дәстүрлері өмір мен өлімге негізделген тұрмыстық деңгейдегі даналық диалектикасын білдіреді.

Қазақтың салты, дәстүрі ұлт үшін өнегелік, тәлімдік, тәрбиелік маңызы зор рухани құндылық болып табылған. Осындай, ел игілігіндегі дәстүрлер тағылымдық маңызы зор, адамға дұрыс бағыт-бағдар беретін темірқазық ретінде танылды. Адам өміріне рухани арқау болып келген дәстүрлерімізді сақтау арқылы қоғамымыздың рухани қуаты нығая түспек, өйткені дәстүр-адамның өмір сүру ортасындағы мәдени және рухани құндылықтарының жетістігі. Ұлттық дәстүрдің өміршеңдігі ұлттық қадір-қасиетімізді сақтаудың бірден-бір кепілі.

Қазақ халқы дәстүрлерге өте бай, олардың қайсыбірі заман жаңарған сайын уақыт көшіне ілесе алмай, ұмыт бола бастауы да мүмкін. Өйткені, жеке адам дәстүр арқылы ұжымдық жадыға қосылып, өткеннен салауат ала отырып, нақты кезеңге бейімделе бастайды. Дәстүрлер адамға жол көрсетіп, өмір сүруге бейімдейді. Халқының игі дәстүрін, рухани болмысының қасиеттерін бойына дарытқан ұрпақтан елін жарқын болашаққа жетелеуші, халқының мақсат мүддесін қызғыш құстай қорғайтын, жақсылыққа үндеуші айрықша тұлғалар шықпақ. Тәлім-тәрбие деген адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан және дәстүрге айналып кеткен нәрсе. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабыжастарды адам болуға үйрету, адамшылдыққа, ізгілікке баулу. Ал адам болудың жолдары әр халықтыңұлттық ізгідәстүріне, тарихына, діліне, рухани

дамуына байланысты. Қазақ дәстүрлері ел игілігінде үлкенді сыйлаумен, тыңдаумен, ата жолын, ана жолын жалғастырумен, ар-намысты, ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады. Игі құндылықтарға, ұлы істерге ұрпақты өз ұлтының бойына сіңген құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу арқылы қол жеткізе білген. Дәстүр – ұрпақ тәрбиелеудің өшпес шамшырағы. Дәстүрдің ішкі мазмұны адамның игілікті ғұмырына бағытталған, сондықтан, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақ өмірінде өз жалғасын табады. Дәстүр адамдардың арасындағы қатынастарды ғана қамтымайды, әлеуметтік өмірдің ішкі мазмұнын қамти отырып, адамның дүниеге қатынасын құрайтын құндылық. Дәстүрдің адамзат өміріндегі ең негізгі өлшемі – өмір сүру барысында адамдардың өздері бекітіп, құндылық ретінде танып, оны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуінде. Егер адамзат өмірінде дәстүрдің маңызы болмаған жағдайда, ол ұрпақтар өмірінде жалғасын таппаған болар еді. Халқымыз дәстүрлерді ата-бабаларымыздың өмірінен алуға тиісті тағылым көзі ретінде қабылдаған. Ал, оның дүниеден көріну формасын адамның күнделікті игілікті істерінен кездестіреміз. Тіршілік иелерінің ішінде адамның өмір сүру формасы басқаша. Адамда сана, ақыл-ой болғандықтан, ол өз өмірлеріне қажетті құндылықтарды қалыптастырады. Адам өміріне қажетті құндылықтар қалыптаспаған жағдайда, адамның өмірінің мазмұны, мәні болмас еді. Адам өмір сүруінің барысында мәнділікке ұмтылады. Өмірлік ісінде игілікке қол жеткізуді көздейді. Ол халықтың өмір сүруінде көрніс береді. Дәстүр-адамды ізгілікке тәрбиелей отырып, адамның өміріне басқаша мазмұн беріп, игілікке жеткізеді. Адам өмірдің ең жоғары игілігіне – ізгі істерге, өзінің адамдық болмысына сай құндылықтарға қол созған кезде жете алады. Адам өмірден ләззат алуға немесе бақытқа ұмтылады. Адамның өмірдегі қол жеткізетін ләззаты, бақыты – игілік. Адамның өмірін сәтті, бақытты ететін – игілікті істер, адам биік игілікті ләззаттан, байлықтан, сый-құрметтен алмайды. Адам игілікті парасатты өмір, ізгілікті іс, ұлттық құндылықтарды бағалаудан алады. Игілікті істерге талпыну бұл саналы адамның өмірлік мақсаты болып табылмақ. Игі іске қол жеткізу үшін адамның ниетінің ғана түзу болуы жеткіліксіз, адам өз өмірінде ол үшін харекет ету қажет. Игі іске бағытталған дәстүрлер адамның өмірге араласу кезеңінде уақыт сынынан, бірнеше ұрпақтардың ақыл-ой елегінен өткен ұзақ жылдардағы тәжірбиенің нәтижесі, заманалар жемісі, үнемі жалғасып отыратын құбылыс ретінде танылды. Бірақ, бұл қоғамдағы өзгермелі құбылыс, себебі бір кезеңдегі дәстүр келесі кезеңнің талабына жауап бере алмай, уақыт көшінен қалып қоюы да мүмкін. Ел өміріндегі игі істердің бастауы болып табылатын дәстүрлеріміз, адамзат баласының өміріне, дамуына, тарихына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасады және адам өміріне мән-мағына берді.

Дәстүрсіз адамның өмірінде көптеген мағыналы, игілікті істері болмаған болар еді. Дәстүр қалай айтқан күннің өзінде де ұжымдық жадыны түзетеді, олар әртүрлі кезеңдерде өмір сүрген белсенді адамдардың озық идеяларының жиынтығы. Дәстүрлер әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін білдіріп қана қоймай, сол халықтың өзіндік санасының оянуына, ортақ мүддеге қызмет

жасауына әкеледі. Дәстүр философияда дүниетаным үрдістері мен халықтың өмірлік бағдары, рухани болмысы мен ұлттық ойлау сипаттарынан көрініс тапқан, рухани байлығы, игілік көзі болып табылмақ. Өйткені, дәстүр адам өмірінің қажетін өтейтін құндылық. Ел өмірін игілікке бастайтын дәстүрлер адам баласының барша тіршілік болмысымен ұштасып жатқан құндылық, кез келген буынның өзі жүріп өткен өмір жолындағы көрген-білгенін саралап, келер ұрпаққа қалдырар рухани тағылымы. Ол ұлттың дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Дәстүрдің өміршендігі, ең алдымен оның ұрпақ тәрбиесінде ешқашан маңызын жоймайтындығында, яғни адам өз өмірінде оны әрдайым игілігіне жаратпақ. Адамды рухани тәрбиелейтін ұлттық құндылықтар – дәстүр. Сондықтан, ұлттың рухани дамуының, адамның адам ретінде қалыптасуының негізгі көзі болып отырған осынау құндылықтардың адам өмірі мен оның рухани болмысын реттеудегі орны ерекше. Ізгілікті істің нәтижелері адам үшін игілік болып табылмақ. Дәстүр болашақ ұрпақтың жақсы өмірі үшін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырмақ, егер ұрпақ өз өмірінде жақсы дәстүрлерден нәтиже алса, оны игілік деп атамақ. Дәстүрдің адам игілігіне қолданылуы адам мен қоғамға пайда әкеледі. Адам өмірде өзіне берілген мүмкіншіліктерді пайдалану арқылы игілікке қол жеткізе алады. Адам әрбір ісін ақыл-оймен бастау арқылы, өмірдегі жалған күдіктерден бас тарту, орынды әрекеттер арқылы игілікке жетеді. Яғни, игілік адам бойындағы құнды қасиеттерден ғана құралады.

Ең алғаш ел игілігінде діни дәстүрлер айрықша орын алды. Философия тарихындағы ойшылдардың дін – жер бетіндегі ең көне дәстүр деп қарастыруының маңызы айрықша. Алғашқыда дәстүрлі құндылықтардың қалыптасуын діни наным-сеніммен, діни іліммен байланыстырды. Отандық ойшыл Аманкелді Айталының пікірі бойынша, «Діни дәстүрлер әр ұлттың тарихи қалыптасқан тұрмысында тамыр жайған» [95]. Дін бар жерде дәстүр бар, дәстүр бар жерде дін де бар деп тануға болады. Діни дәстүрлер ең алғаш адамзат өміріндегі тәрбиелік мәні айрықша, адам өміріндегі игілікті құндылықтардың қалыптасуына аса маңызды ықпал еткен құндылықтардың бірі болып табылады.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде алғашқыда шаманизм, тәңіршілдік діннің ықпалы басым болды. Шоқан Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінде былай дейді: «Шамандық дініндегі адам күдіретті күн нұрына қарап таңданды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, қара аспанға нұр сепкендей айды көріпте табынды... Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың, дәстүрдің қайнар көзі, қазіргі біз шамандық-ескі наным деп атап жүрген, кезінде, бүкіл халық табынған нағыз дін еді» - дейді [96]. Ойшыл дін мен дәстүр арасындағы байланысты аша білген. Шамандық діни сенімдерде адамдар қиналғанда, басына қиын жағдай тап болған мезетте, аруақтар рухына табынуды дәстүрге айналдырды. Қазақ дүниетанымында «аруақ» киелі ұғым. Аруақ дүниеден өткен адамдардың рухы. Қазақ дәстүрлерінде төрт түліктің қайсысын болсын аруақтарға құрбандыққа шалып, мінәжат ету ел арасындағы дәстүрге айналған. Аруаққа табыну

дәстүрлері тек қазақ халқының дүниетанымында ғана емес, қытай мен жапон дәстүрлерінде де болған. Игілік үшін деген түсінік бойынша бүгінгі күнге дейін келіп жеткен әр жұма сайын аруақтарға арнап жеті шелпек пісіру, жаңа қоныстанған үйді адыраспанмен аластау, құрбандық шалу, өлікті жерлеу, ас беру, жаңа түскен келінге отқа май құйғызу, осылардың барлығы ерте заманғы бабаларымыздың өмірінен қалған діни дүниетаныммен тығыз байланысты. Тәңіршілдік діни-наным сенімдерге байланысты қазақ дүниетанымында Көкке табыну дәстүрлеріде қалыптасты. Көк (тәңір), әсіресе Күн, адамдарды тудырған, оларға нұр шашып, өмірді үнемі жандандырып, жайнататын күш. Одан қымбат еш нәрсе жоқ, ол және құнды деп білген. Ал жер асты қойнауы өмір дүниесі, адамдарға жат қорқынышты, көбінесе жамандық әкелетін жақ деп таныған. Яғни, олар үшін құндылықтың ең бастысы – Аспан, Күн. Қазақ халқының күнделікті өмірінде «Тәңір» сөзін жиі кездестіреміз. Бұл арабтың «Алла», парсының «Құдай» сөзінің синонимі ретінде қолданылды. «Тәңір жарылқасын», «Тәңір жар болсын» деп жатады. Тәңіршілдік белгілерді қазіргі тұрмыста да жиі байқаймыз. Ертедегі адамдар үйлерінің есігін үнемі шығысқа, яғни күннің туатын жағына, немесе күннің ең қуатты жағы – оңтүстікке қаратқан. Күннің шуағы, оның нұры адамдарға бақыт, нұр, жақсылық әкеледі деп таныған. Күн ұясынан шығысымен адамдар ұйқыдан оянып, тіршілігін жасаған. Қазақ халқының дүниетанымында көкке қатысты көптеген дәстүрлерді кездестіреміз. Қазақта бата бергенде «жұлдызың жансын» немесе бағы жанған адамды «жұлдызы жанды» деп жатады. Өзіне жақын тартып, жанындай жақсы көрген адамдарды айым, күнім деп еркелету әдетке айналған. Сонымен қатар, ерте заманда адамдар әртүрлі табиғат күштеріне табынып, оған тағызым ететін болған. Алла мен ата-баба рухына, отқа, табиғаттың басқада тылсым күштеріне тағызым еткен. Бабаларымыз осы діни рәсімдердің барлығын дәстүр ретінде қалыптастырып, өз өмірлерінің игілікке бастауы ретінде орындап отырған. Шарифатқа, ислам дініне қайшы келмейтін дәстүрлер кейін келе халық өмірінде қолданыла бастады.

Ислам – қазақтың дәстүрі мен салттары, әдет-ғұрыптарының қайнар көзі. Дәстүрлі діндердің арасында айрықша орын алатын, тарихи рөлі мен маңызы орасан зор, әлемдік діндердің бірі – ислам діні болып табылады. Мұсылман дінінің мамандары былай дейді: «Ислам – адамдарға Жер бетінде еркін де бақытты өмір сүріп, қиямет күні келгенде Жұмақтан орын табуға берілген мүмкіндік. Керекті мен пайдалының барлығы да Ислам жолында, өйткені көзге көрінетін және көрінбейтін әсемдіктердің барлығы діндерден алынған. Игілік пен бақытқа тек Ислам арқылы ғана жетуге болады, өйткені дұрыс ойлаудың, тура жолдың, дұрыс әрекеттің бастауы, көзі – Ислам» [97]. Ислам қауымдастықтары этикалық-әлеуметтік тұрғыдан келгенде құнды дәстүрлерге өте бай екенін атап өту қажет. Ол адамның алғашқы өмір сүру ортасынан туындады және адамның игілікті өмір сүруіне шақырады. Әрине, Құранда да, басқа қасиетті жазбаларда да сонау ежелгі, осы қағидаттарды қалыптастырған дәуірге тән белгілер және дәстүрлер өте көп. Діни дәстүрлерден адамдарды адамгершілікке шақыру, өзімшілдіктен аулақ болу, қайырымдылыққа ұмтылу,

игілікті өмірге бастау сияқты нұсқауларды көруге болады: «Аллаһтың жолында құрбандық етіндер, өлімге өз қолдарың арқылы бармандар! Жақсылық жасандар, шындығында Аллаһ жақсылық жасаған адамдарды жақсы көреді» [98]. Адамды адам етіп тұрған құндылықтардың бірі ретінде ислам дінінде жақсылық жасау деп біледі. Адам өмірінде біреуге жақсылық жасау ол ең игі іс деп таныған. Ислам дінінде адамның адами құндылықтарды аяқ асты етуі, оның тірідей өлгені деп таниды. Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге зиян тимейтін адам деп қарастырған. Ислам дінінде адам үшін айтылған құндылықтар, кейін ел өмірінде дәстүріміздегі басты ұстанымға айналды. Ислам дініндегі дәстүрлі құндылықтардың маңыздылығы соншалықты адамзат өмірінде айрықша орын алатын құндылықтарға отбасы, неке, шаруашылық мәселелеріне, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарға байланысты көптеген шектеулер, ғұрыптармен мен тыйымдар бар.

Үлкенді сыйлау, біреуге қиянат жасамау, кішіге қомқор болу, қиналған адамдарға көмек көрсету, отбасы, адамдар арасындағы байланысқа қатысты діни ілімде айтылған ойлар кейін келе дәстүр ретінде ұлт өмірінде орын алды. Діни дәстүрлердің мазмұны көбіне адами құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Ислам дінінде адами құндылықтар ғана адамның игілікті өмір сүруіне бастау бола біледі деп таныған. Ислам дініндегі аса маңызы бар құндылықтардың бірі отбасы. Адамға қажетті алғашқы құндылықтар, адамгершілік тәрбие отбасында қалыптасады. Бала дүниеге келгеннен соң анасының әлдиін естіп өсу өте маңызды деп біледі. Отбасының басты игілігі оның бірлікте болуы деп таниды. Исламда риясыз сүйіспеншілікке, адамгершілікке, қайырымдылыққа шақыруға негізделген құндылықтық қағидалар эмоционалдық-моральдық тұрғыда өте терең тамыр жайған, сонымен қатар, қатаң жазаға осы өмірде де, о дүниеде де ұшыраудың мүмкін екендігін естен шығармау қажеттігі туралы қағидаттар санаға барынша сіңірілген. Дүниеде балық нәрсенің сұрауы бар екенін, жақсылық жасасаңда, жамандық істесеңде есебі болатындығын ескертеді. Бұдан ұғатынымыз, ислам дінінде адами қасиеттерді жоғары дәріптеу ел ішінде дәстүр ретінде қалыптасып, ондай құндылықтардың қоғамда адам үшін, оның өмірі үшін маңызы зор екенін насихаттайды. Әрине, ислам ұғымдарының өмірдің, тұрмыстың барлық салаларында терең тамыр жаюы тарихи тұрғыда да, қазіргі уақытта қоғамның ішкі тұтастығын, құрылымдылығын, тұрақтылығын қамтамасыз етіп келеді, адамдар арасындағы тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді, адамдардың қоғамдағы өз орнын табуына септігін тигізеді [99]. Исламның күнәкарлыққа байланысты идеялары, күнәкарлықтан арылу жолдары туралы да ерекше. Сүннеттік бағыттағы діни мамандардың басым көпшілігінің пікірі бойынша, мұсылман адам қандай күнә жасаса да, оның күнәсінің кешірілу мүмкіндігі сақталады. Яғни, олар о дүниеде кешірімге ие болуы мүмкін екендігіне сенеді. Тек қана діннен, Құдайдың жалғыз екендігіне сенуден бас тарту ғана оны кешірілу мүмкіндігінен айыра алады. Сондықтан, ислам талаптарына сай болу және діни қауымның өміріне атсалысудың өзі де жер бетіндегі игі істердің қалыптасуына негіз болды [100]. Жаратушыны ақиқат деп қабылдай отырып,

қайрымдылық, кешірімділік, ізгілік, жанашырлық, үлкенді сыйлау әрекеттері адамның тіршілік амалына, өмір сүру дәстүріне айналды. Ел өмірінде қалыптасқан дәстүрлер, ұлттың тұрмысын реттеп, кездейсоқ қауіп-қатерден сақтады. Ел басынан қандай қиын жағдайды өткерседе, ұлтта қалыптасқан ізгі құндылықтар баянды өмірдің кепілі болып табылды. Ең алғаш діни дәстүр адамзат өмірінде өзіндік ерекшеліктер бола тұра, адамдардың жер бетіндегі игілікті істерінің қалыптасуына негіз болды. Бұл өмірдің өтпелі екендігін ұғындыра отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуде аса маңызды рөл атқарды. Оларда жалпыадами бағыттар мен моральдық-этикалық шектеулер де қамтылған. Жағымды ерекшеліктерінің ішінде ата-анаға шексіз құрмет көрсетуге, ер адамның отбасына, әйел адамға қамқорлық ету, қиналған адамдарға қол ұшын беру, біреуге жамандық жасамау, сыйластық, өмірдің өткінші екендігін түсіну сияқты моральдық мәні айрықша игілікті істерді атап өтуге тұрарлық. «Біз адамдарға жақсылық жасауды өсиет еттік». Жақсы іс адамның өмірін игілікке бастамақ, бақытты ғұмырға жетелемек [101]. Ислам діни бойынша өмірдегі ең игі іс жамандыққа жақсылық жасау деп таниды. Исламның бойында әлеуметтік-мәдени феномен ретінде ғасырлар бойы жинақталған моральдық құндылықтар дәстүрі бар. Діни дәстүрлер жалпы адамның бойындағы этиканың көптеген салаларын қамтыған моральдық маңызы бар факторлардың бірі болып табылады. Дәстүр ұлттың діни, мәдени тәжірбиесін тасымалдап отырады.

Ислам дәстүрлері қазақ халқының жоғарғы адамгершілік, зияткерлік және мәдени тұрғыдан дамуына серпіліс берді. Қазақ халқының рухани дүниетанымының жетілуіне ықпалын тигізді. Адам дүниеге келген күннен бастап мұсылмандық діни дәстүрдің ықпалында болды. Діни дәстүрлер халық өміріне өзінің ізімен қалыбын салды. Дәстүрлі құндылықтарымыз ел игілігінде маңызды орын алғандықтан, тек тұрмыстық деңгейде ғана қалмады, ел басына түскен үлкен мәселелердің шешімін табуда қызмет көрсетті. Қазақ халқының дәстүрлері ел өмірінде реттеуші, біріктіруші, әлеуметтендіруші, сабақтастық қызметін атқарды. Діни дәстүрлердің адамзат өмірінде моральдық құндылықтарды қалыптастырудағы орны ерекше. Кейде адамдар өз болмысынан шығып орынсыз харекет жасар кезде, өзінің жаратушысы бар екендігін есіне түсіріп, теріс әрекеттерден саналы түрде бас тартқан. Ойымызды қорытындылай келе, дәстүр адам өмірінде адами құндылықтарды қалыптастыра отырып, игілікті істерге бастау бола білген деп тұжырымдаймыз. Дәстүр халықтың өткен өміріне байланысты қоғамдық мәні бар тәжірбие ретінде қолданылып, ұлт игілігіне қызмет ете отырып, ел үшін маңызды құндылықтардың біріне айналды. Адами құндылықтардың негізінде қалыптасқан дәстүр, адамзат үшін ортақ игілікті өмірдің негізі болып табылмақ. Ел үшін маңызы болмаса, ел игілігі үшін қызмет етпесе, ұрпақтар өмірінде жалғасын таппас еді. Бабалар өміріндегі көненің көзі танылатын дәстүрлі құндылықтар ел игілігіне қызмет жасады, ел өміріндегі қарым-қатынасты реттеуде маңызды орын алды. Дәстүр ел игілігінде туыстық қатынастарды реттеуде, мемлекеттік істерде, қоғам жүйесінде қызмет атқарды. Дәстүрдің

бойындағы ізгілік, адамгершілік құндылықтар игілікті істерге бастау болып табылды. Ел игілігінде қызмет көрсететін дәстүрлердің астарындағы тәрбие, рахымдылық, қайрымдылық, парасаттылық, жомарттық, секілді құндылықтар, тұрмыс үшін тәртіп ретінде танылды. Ал игілікті істер адам және оның өмірін үйлесімділікке жетеледі.

3.3 Дәстүрдің құндылықтық мазмұны

Дәстүрдің адамзат өміріндегі алатын орнын зерттеуде, оның құндылық мазмұнын анықтай білу қажет. Құндылық категориясын дәстүрді бағалау формасы ретінде қарастырамыз. Дәстүрдің құндылықтық мәні неде деген сауалдың шешімін іздеуде, бірінші «құндылық» дегеніміз не? – деген сауал туындамақ. Құндылық белгілі бір заттың, нәрсенің маңызды сипатын анықтайтын ұғым. Оның дәлелі ретінде философия тарихында Дж. Дьюи, А. Мейнонт, Р. Перри құндылықтарды заттарды бағалау негізі, шындықтың объективті факторлары ретінде қарастырады. Макс Вебер құндылықтарды әлеуметтік субъект үшін маңызды норма, болмыс тәсілі, дүниедегі заттардың мәнін анықтаушы категория ретінде таныды. Ал, П. Сорокин «құндылық – өмірдің өзі қалыптастыратын, заттарды бағалау формасы» [102] деп есептейді. Құндылықтар адамзат өмірінде әртүрлі әрекеттерде көрініс табады, қоғамдық құбылыста, адамның іс-әрекетін бағалауда, адамның дүниеге қатынасында айрықша орын алады. Құндылық адамға тәуелді емес болғанмен, адам санасында орын алатын маңызды құбылыстар болып табылмақ, адам құндылықтарға мүдделі және мұқтаж. Адамды қоршаған дүние түгелдей құндылықтарға толы. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, оны сана арқылы түсінеміз, соның нәтижесінде құндылықтарды игереміз, соған сай әрекет етеміз.

Құндылық теориялары: натуралистік психологизм (Дж. Дьюи, А. Мейнонт, Р. Перри), трансцендентализм (В. Видельбанд, Г. Риккет), персоналистік онтологизм (М. Шелер), құндылықтың социологиялық қағидасы (М. Вебер). Құндылық дәстүрдің адам өмірі мен қызметі үшін қаншалықты әлеуметтік маңызы бар екендігін көрсетеді. Құндылық дәстүрдің маңыздылығын мәнділігін анықтауда айрықша орын алмақ.

Дәстүрдің құндылықтық мәнін анықтаған ойшылдар орыс философы Николай Бердяев, әлеуметтанушы, философ Эмиль Дюркгейм, әлеуметтаншы, тарихшы, философ Макс Вебер, сынды ғалымдар өз дүниетанымдарында оны кеңінен қарастырды. Ал, ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында дәстүр ұғымының құндылықтық мазмұны поляк социологтары Ежи Шацкий мен Петр Штомпка, американдық социолог Едвард Шилз, француз философы, өнертанушы Мишель Фуко шығармаларында айрықша орын алды. Ойшылдар өз еңбектерінде дәстүрді қоғам дамуының негізгі факторы ретінде тани отырып, адамзат өмірінде құндылықтық мәні айрықша мұралар ғана дәстүрге айнала алатындығын ашып көрсетеді. Әрбір халықтың дәстүрін адамзат өзі қалыптастырған құндылық ретінде қарастырады. Ал, неміс философы Эдмунд Гуссель «Дәстүр – адам өз өмірінде қалыптасқан ережені қабылдай отырып, сол

ережені құндылық ретінде тану» [103], – деп қарастырады. Дәстүр әр халықтың ұлттық құндылықтарының бірі болып табылмақ, өйткені дәстүрде ұлтқа тән мінез, іс-әрекет, дүниетаным жатыр. Құндылық – дәстүрді бағалау формасы. Жалпы құндылыққа деген көзқарас жеке тұлғаның бойына бала кезден, ана сүтімен бірге дарып, өзінің ана тілі, моралдық негіздері арқылы, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін игерудің нәтижесінде қалыптасады. Адамзат өз өмірінде рухани дүниесін байытатын құндылықтарды сақтауға тырысады. Бұл барлық ұлтқа тән құбылыс. Дәстүрдің құндылықтық мәні адам өмірі үшін айрықша. Қазіргі таңда құндылықтық мәні айрықша озық дәстүрлерімізді дәріптей отырып, ұрпақ санасының рухани дүниесін кеңейту үшін дәстүрдің тәрбиелік, маңызды жақтарын сіңіре білуіміз қажет. Дәстүрдегі құндылықтарды әр ұрпақ өзінің іс-әрекетінде, өмірлік қарым-қатынасында, тәжірибесінде пайдалану арқылы өзінің адамдық болмысын байыта алады. Ата-бабаларынан қалған дәстүрлі құндылықтарды меңгеру арқылы ұрпағымыз қоғамда өзін тұлға ретінде қалыптастыра алады. Ендеше, халқымыздың ғасырлар бойы қастерлеп келген дәстүрлі құндылықтарымыздың тәрбиелік мәні айрықша.

Дәстүрдің құндылықтың мәні жоғалған кезде, дәстүр жоққа шығады. Жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері құндылықтық мәні жоғалмаған дәстүрлер дамып, жетіліп отырады. Әр кезеңнің, әр қоғамның, әр дәуірдің өзіндік дәстүрлері, жеткен жетістіктері, құндылықтары бар. Кез келген халықтың өзінің ұлтының бойына сіңген ұлттық құндылықтары дәстүрі, тілі, діні, мәдениеті, тарихы болып табылмақ. Осындай ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпаудың арқасында біз бүгінгі күнге қол жеткізіп отырмыз. Дәстүр халықтың рухани құндылығы болып табылады. Ұлттық дәстүріміздің қазіргі жаһандану үрдісі жүріп жатқан қоғамда, рухани экспансияға ұшырамауы үшін, оның қоғамдық ортадағы құндылықтық мәнін аша білу шарт. Ал дәстүр болса адамзаттың өмір тарихында тәжірибеден өтіп, сыналған, адами құндылықтар жүйесі болып табылмақ. Дәстүрдің құндылықтық мәні, адамның өмірінде өз болмысын қалыптастыру жолдарында айқын көрінбек. Бабаларымыздың өмір салтынан қалған құндылықтық мәні айрықша дәстүрлерімізді бойына сіңіріп, сусындаған жағдайда, болашақ өмірдегі дүмпулі оқиғаларға қарсы тұра алмақпыз. Дәстүрдің құндылықтық мәнін бағалап, тану үшін адамға үлкен ақыл қажет. Ақылсыз кез келген нәрсенің мәнін ашу қиынға соқпақ. Мұның дәлелі ретінде Шәкәрім тағылымына сүйенейік, ол: «Адам ақиқатты бас көзімен емес, ақыл көзімен көреді» [104], – дейді. Ақыл көзі әр нәрсенің ішкі мәнін, ақиқатын анықтайды. Сондықтан, кез келген нәрсені саралағанда, ақылдың таразысына салғанымыз абзал. Тамырсыз өсімдік болмайтыны секілді, адам баласыныңда өзінің шыққан тегі, бабалар жолы бар, сол жолды ұрпақпен сабақтастыратын ұлттық құндылықтары бар. Сол ұлттық құндылықтар бабаларымыздың тарихынан, өткен өмірінен, мәдени-мұрасынан тағылым бере отырып, адамзаттың болашақ өмірінде, басқа адамдармен қарым-қатынасында, жол көрсететін бағдар ретінде танылмақ. Дәстүр өткен бабалар өмірінің шынайы келбетін, болмысын

көрсететін айна секілді. Дәстүрдің құндылығы – оның сан ғасырлар бойы тамырын үзбей, атадан-балаға мирас болып келуі, талғамы биік рухани байлыққа айналуында. Егер қоғамдық ортада ұлт үшін маңызды құндылықтарға менсінбей қарап, оның құндылықтық мәнін жоққа шығарсақ, дәстүрі мен дінінен жиреніп, мәдениетімізді, тілімізді аяқ асты етсек, онда ұлт рухани дағдарысқа душар болмақ. Сондай-ақ, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде жақтаймыз. Алайда, әр қоғамның өз ерекшелігі бар, ол қалайда ескерілуі тиіс, қайталанбас этномәдениетке, дәстүрлі, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді кімде-кім мұны түсінбесе, етжақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймайды, сонымен бірге одан кез-келген басқа мәдениет теріс айналады. Бұл тура мағынасындағы да, оның агрессияшыл көрінісі тұрғысындағы да мәңгүрттікке бастайтын тура жол» [105], - деп біздің қоғам үшін аса көкейтесті мәселе жөніндегі орнықты пікірін айтты. Өйткені, ұлт рухани дағдарысқа ұшырап, ұлттық таным бүлінсе, ұлт өзінің ұлттық келбетін жоғалтпақ. Кез келген ұлттағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуы, сол елдің ұлттық кодының негізіне байланысты болмақ. Ол бірегейлік дәстүр, тіл, дін, мәдениет негізінде жүзеге аспақ. Қазақ дүниетанымында адамзат өмірінде затқа, дүниеге бірлік болмасада, ұлттық құндылықтарға тіл, дін, мәдениет, дәстүрге берік болу қажет деп таниды. Ал ұлттық бірлігін жоғалтқан ел, ұлттық болмысын жоғалтып алмақ. Дәстүрді жасайтын ұлт. «Дәстүр мен мәдениет ұлттың генетикалық коды» деген пайымның астарында үлкен мән бар. Генетикалық кодынан айырылған ел, қаңбақ секілді, тамырынан айырылған ел деп те атауға болады. Ондай елдердің болашағыда жоқ, тіпті ұлт ретінде жер бетінен құрып кетуіде, ұлттық болмысын жоғалтуы да мүмкін. Бабалар өмірінен мирас болып қалған мұраларымыз ұлт дамуының алтын қазығы болып табылмақ. Әлемдік өзгерістерге ұлттың көзімен, ұлттың мүддесімен қарай білуіміз қажет. Дәстүр халқымызды мықтап ұстайтын – алтын дінгек. Қазақ халқы өз дәстүрін құрметтеген. Дәстүр қазақ халқы үшін өмір сүру заңы іспеттес болған. Қазақ халқы дәстүрін, өмір салтын, ел арасындағы тәлімдік, өнегелік, адамгершілік құралы ретінде қолданған. Ұрпақты тәрбиелеуде моральдық-этикалық талаптар қойған, олардың бастысы: үлкендерді сыйлау, жеті атасын білу, кішіге қамқор болу, жетімді жебеу, қиын жағдайда адамдарға қол ұшын беріп көмектесу, т.с.с. Осы талаптарға сәйкес құндылықтық мәні айрықша дәстүрлеріміз ел өмірінде өз орнын тапқан. Елдің игілікті өмір сүруі жақсылыққа басталған ел ішіндегі ізгі дәстүрлермен байланысты болған.

Дәстүрлі құндылықтар арқылы ел басына түскен қиыншылықты бірге жеңіп, қуанышты бірге бөліскен. Жалпы дәстүрлі құндылықтар адамдардың іс-әрекетін, өмірлік көзқарастарын, рухани болмысын реттеу мәселесінде негізгі рөл атқарып, тәрбие негізін қалауға көмектеседі. Адамзат өмірінде құндылықтық мәні айрықша ізгілікке бастаған дәстүрлеріміз атадан балаға жалғасып, өзінің өміршендігін көрсетіп келді. Қазақ халқының қандайда бір дәстүрін алсақ, оның адамзат өмірі үшін тәрбиелік мәні зор. Тәрбиелік мәні

айрықша дәстүрлеріміз заман көшінен қалыспай, өзінің құндылықтық мәнін жоғалтпай, ұлттың рухани дамуының негізі болып отыр.

Қазақ халқының ең негізгі арманы саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылған. Осыған байланысты құндылықтық мәні айрықша дәстүрлер көп. Сондай дәстүрлеріміздің бірі «ашамайға мінгізу». Еркек баланы тақ жасында, яғни үш, бес, жеті жасында сүндетке отырғызады. Сүндетке отырғызылған соң баланы тайға мінгізіп, тайдың тізгінің ұстатады. Бұл баланың сана-сезімін жетілдіру үшін жасалатын тәрбиелік дәстүрдің бірі болып табылған. Мұны қазақта «ашамайға мінгізу» дәстүрі деп атаған [106]. Бүгінгі ұрпақ келешек елдің иесі деп білген. Бес жасар баланы тайға мінгізген кезде балаға тізгін ұстату, ол жауапкершіліктің белгісін көрсетеді. Тізгін ұстату, қолына қамшы ұстату арқылы сен жігіт болдың, ертең елдің тағдырына жауап бересін деген үміт артқан. Кішкентайынан жауапкершілікті сезініп өскен ер бала ертең ата-анасы, қарындасы, бауыры, туған елі үшінде жауап бере алады деп таныған. Ер баланың рухты, текті болып өсуі қазақ халқының ең негізгі армандарының бірі еді. Отбасында ер балаға үлкен үміт артқан. Елін қорғайтын, жерін қорғайтын, ұлтым дейтін ер азаматтарды тәрбиелеу қазақ халқының бойына сіңген ең ізгі дәстүрлерінің бірі болып табылмақ. Бабаларымыз елін сүйетін, отаншылдық рухы мықты ұрпақ тәрбиелеуді өз өмірлерінің мұратына айналдырған. Сондықтан, қазақ халқы ерте заманан бері отбасында ер баланың дүниеге келуіне айрықша назар аударып, шаңырағымның иесі, ұрпағымның жалғасы деп білген. Өз ұрпағының бойына мейрімділік, қайырымдылық, адалдық, кішіпейілділік секілді адами қасиеттерді тәрбие негізінде қалыптастырған. Қазақ халқының бойындағы бірге тумаса да, бірін-бірі аға, іні, қарындас, әпке тұтуы осы дәстүрлі құндылықтардың астарындағы тәрбиемен байланысты. Халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрін бағалап өскен бала қоғамда нағыз азамат болып қалыптаспақ.

Ұлтымыз қыз баланың тәрбиесіне де қатты көңіл бөлген. Бүгінгі қыз бала ертеңгі ана, бүкіл ұрпаққа тәрбие беретін ошақтың иесі деп білген. Қазақ дүниетанымындағы «қызға қырық жерден тыйым» деген сөздің астарында үлкен ой жасырынған. Қыз баланың тәрбиесіне айрықша көңіл бөліп, тіпті оны отбасын ғана емес, ұлт болып тәрбиелеуге шақырған. Осыған байланысты қазақ ұлттық болмысында әйел елдің ұйытқысы, болашақты бастаушы қамқоршысы деп білген. Қыз бала отырған жерде бейпіл сөйлемей, абайлап сөйлеу әдетке айналған. Адамзат бойындағы жақсы қасиеттерді сұлулық, нәзіктік, ақылдылық, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерді алдымен қыз баланың бойына дарытуды көздеген. Қоғамда жақсы тәрбиенің қалыптасуын әйел затымен байланыстырады. Баланың бойындағы барлық жақсы қасиеттердің қалыптасуын анадан тарайды деп білген. Ел билеген Томирис, Домалақ ана, Қарашаш, кешегі Шоқанның әжесі Айғаным секілді қыздарымыздың образдарын ұлттың жадында қыз бала тәрбиелеудегі үлгі ретінде сақтаған. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғалар, біздің бабалар өмірінде болмауы, тәрбиенің күштілігінің нәтижесі болып табылған. Ұрпақ қамын ойлаған бабаларымыз дәстүрін сақтауға, үлкенге ілтипатты болуға, өнегелі

ортадан тәлім алуға үйреткен. Ер баланы дала тіршілігіне баулып, қыз баланы ошақ бүтіндігін баулуға шақырған. Бүгінгі уақыттағы ұлтымыздың бойындағы жат құбылыстардың тууы, ол дәстүрлі құндылықтарға селқос қараудың салдарынан.

Елді ел етіп, ұлттың өзегіне нәр бертін құндылықтық мәні айрықша дәстүрлеріміз болып табылмақ. Қай халықтың алсақта, дәстүрлері міндетті түрде сол халықтың ұлтқа тән қасиеттерін, мінез-құлқын, ой-өрісін, өмір сүру ортасын танытып тұрады. Мәселен, қазақ халқының қонақжай, бауырмалдық, адамгершілік, ізгілік, кеңпейілділік, қасиеттерін дәстүрден байқауымызға болады. Қазақ қоғамында жасы үлкен адамға құрмет көрсету, кішіге ізетті болу ежелден бар болатын. Жасы кішілердің үлкен адамдардың қолынан ет асау ең жоғарғы марапаттың белгісі болып табылатын. Жасы кішілердің жасы үлкендердің алдынан көлденен кесіп өтпеу, дауыс көтеріп сөйлемей, сөзін бөлмей, үлкен адамдардың айтқанын мүлтіксіз орындау дәстүрге айналған әрекеттерінің бірі. Қиындыққа түскен адамдарға жәрдем етіп жақынға да, жатқада жанашырлық таныта білген. Ізгі іс жасап, қаріп адамдарға көмектесу адамдық борыш деп санаған. Ұлттық дәстүріміздің астарында осындай құндылықтар бар. Оның ел өмірінде қайталану ерекшелігінде оның өзегінде жатқан үлгі, өнеге, тәрбие құндылықтарына байланысты. Осындай құндылықтың мәні айрықша дәстүрлерімізді күнделікті өмірде қолданып, қастерлей білу, әр адамның игілікті өмір сүруіне көмектеспек. Бірақ, кейбір дәстүрлеріміздің өмірдің өзгермелігіне байланысты құндылықтық мәні жоғалған дәстүрлерімізде бар. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен анттасып достасқан. Достықты бұзғанды ант атсын деп серттескен. Жаңа қоғамның дамуына байланысты анттасу салт мүлде жойылды. Күйеуі өліп қалған әйелді қайынағасына немесе қайынінісіне, не болмаса жұбайынның басқа да туыстарына қосу, яғни әмеңгерлік дәстүрінде жойылған. Осы анттасу, әмеңгерлік дәстүрі секілді, қоғамдық ортада құндылықтық мәнін жоғалтқан, дәстүрлерде айтарлықтай жеткілікті. Дәстүр қоғамда адамдарды мәжбүрлеп орындау механизміне алып келмеуі қажет, ондай дәстүрлердің адамзат өміріндегі құндылықтық мәні жоқ. Дәстүр қатып қалған өзгермейтін құндылық емес, дәстүр заман талабына сәйкес өзгеріп, жаңарып отырады.

Қоғамның жаңару талаптарына сәйкес келмейтін дәстүрлер уақыт өте келе құндылықтық мәнін жоғалтып, адамзат өмірінде қолданыстан шыға бастайды. Дәстүр бітті деген жерде, халық басқа халыққа айналып кетеді. Бір халықпен екінші халықты тек дәстүрімен анықтаймыз. Дәстүрдің көрінетін және көрінбейтін жағы бар. Түрлі кезеңдерін қарастырып жатырмыз. Дәстүрдің озық түрлерінің құндылықтық мәні бар, тозығы жеткен дәстүрлердің адам өмірінен жоғала бастауы ол табиғи құбылыс. Дәстүр-адамдардың іс-әрекетін, өмірлік көзқарастарын, рухани болмысын зерттеу мәселесінде негізгі рөл атқарып, моральдік құндылықтардың негізін қалауға көмектеседі. Ол ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухан құндылық [107]. Негізінен адамзат өмірінде айрықша мәні бар дәстүрлер ғана келер қоғамнан тұрақты орын алады. Оның жаңа

қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болады.

Дәстүр мәселесінің құндылықтық мәнін анықтауда Н. Елікбаевтың пікірінше дәстүрлер мынандай ерекшеліктерімен оқшауланады:

1. Іс-әрекеттер, идеялар мен сезімдер жалпыға ортақ, бұлжымайтын қасиетті түсінікке ие болса ғана дәстүрлі болып танылады.

2. Дәстүрлі нормалар, іс-әрекеттер, идеялар, көзқарастар, сезімдер белгілі бір дәрежеде халықтың әлеуметтік, идеялық, рухани тәжірбиесін бейнелейді. Олар бір нақты материалдық және рухани мәдениетке байланысты түрде көрінеді.

3. Қоғамдық қатынастардың түрлері бола тұра дәстүрлер халық тіршілігінің материалдық, мінез-құлықтық, идеологиялық және рухани өмірінің көрінісі болып есептеледі.

4. Дәстүрлер әдетте заттық-салттық іс-әрекеттерден де көрінеді.

Осы аталғандар дәстүрлі ақыл ой мен сезімге орнығып, белгілі бір адамдарды топтастырып, біріктіретін нақты күшке айналады: олар жекелеген дағдылар, талғамда, әлеуметтік, мінез-құлық, эстетикалық және басқа да идеялар түрінде бір адамның ғана емес, топтардың қасиеттерін айқындайды [108].

Дәстүрдің құндылықтық мәні дегенде біз барлық дәстүрлерімізді жақсы деп айта алмаймыз, бұрынғы ескірген дәстүрлі құндылықтармен өмір сүруге болмайды, қандай дәстүрлерімізді бағалауымыз керек, олардың маңыздылығы, жауһары, қауызы қандай екендігін болашақ ұрпаққа ұғындыруымыз қажет. Қоғамда дәстүрдің құндылықтық мәнін жоғалтуы, жоққа шығару, ұлттық тәрбиенің жоғалуына алып келмек. Дәстүрдің құндылықтық мәні деген кезде қандай дәстүрлеріміз қажет және насихаттау керек деген сұрақ тұмақ. Ғасырдан өтіп, заман өзі құптаған, қария тарих мойындаған ұлт дамуының дінгегі болып келген дәстүрлерімізді дәріптей білуіміз шарт. Ұлт дамуының негізі болып келген ұлттық дәстүрлерімізді жаңа дәуір үрдістерімен оңтайлы үйлестіре білуіміз керек. Ұлттық болмысымызды, дәстүрімізді сақтай отырып, жаһанмен жарыса дамуымыз керек. Дәстүрімізді заманға сәйкес жаңғырта білуіміз керек. Адамзат өзінің өмір сүру ортасында бұрынғы ескі, әдетке айналған істерін оң деп танып, қолданыстан шығарғысы келмейді. Бірақ, тозығы жеткен нәрсені ұлықтау адам өміріне кері әсерін тигізбек. Френсис Бэкон «адамдардың көбі өздері үйреніп қалған және ұғынуына жеңіл нәрселерге сенімін жоғалтпауға тырысады, себебі олар пайдалы да жәнебасқалардан дұрысырақ көрінеді» [109] – деп қарастырған. Қай заманда болмасын адам үшін өмір сүрудің ең қолайлысы бұрынғы ескі әдеттер болып табылған. Ескілікті әдетке айналдырған адам одан бас тартқысы келмейді, бірақ шындығына келіп сараласақ, заман талабына мүлдем сәйкес келмейтін дәстүрлерден айырылмаймын деудің өзі үлкен адасушылыққа әкелмек. Сондықтан дәстүрлеріміздің заман талабына сәйкес өзгеруі, ол шартты құбылыс. Дәстүр жаңаланып отыруы қажет. Дәстүр қай заманда болмасын адамның ішкі рухани болмысын қанағаттандырған жағдайда оның құндылықтық мәні айрықша деп тани аламыз. Ал, дәстүр

адамның болмысында орын ала алмаса, жан дүниесінде, тұрмысында қолайлылық туғызбаса, ол заман талабына сәйкес келмейтін, көнерген дәстүрлер деп тани аламыз. Халық санасы жаңғырып, дүниеге көзқарасы өзгерген сайын дәстүрде өзгермек. Қазақ халқы өзінің ұлттық намыс-жігерінің мықтылығының нәтижесінде, қандай қиын кезеңдерді басынан кешірседе ұлт дамуының көзіне айналған дәстүрлерімізді жоққа шығармады. Қазақ халқы қазақ болып қалу үшін ешқашан дәстүрін жоғалтпауға тырысты. Дәстүрді ұлттың бейнесі ретінде таныды. Ал, жаһандану заманында ұлттың тағдырына қатысты дүниелер жоғалып, ғылым-техниканың жылдам еніп жатқан заманында, ұлтты ұлт ретінде сақтап қалу ол үлкен мәселе.

Әр халықтың өмір сүру ортасына сәйкес өзіне тән тұрмыстық өмір салты, дәстүрі, мәдениеті, моральдық үрдістері болады. Осындай құндылықтарды өскелең ұрпақ өзінің санасына сіңіргеннен кейін, келесі буынға құндылық ретінде қалдырып отырады. Ұлттық құндылықтар арқылы ұрпақ қоғамда өзін-өзі тәрбиелей отырып, әрбір буын арасындағы байланысты нығайтады. Ұрпақ өз халқының бабаларының дүниетанымын біліп қана қоймай, басқа халықтың мәдениетін білуге ұмтылады. Бабалардың ойымен, дүниетанымымен қалыптасқан ұлттық құндылықтар, тек қана тәрбиелік қызмет атқармайды, адамзат дамуына үлес қосатын күретамыр ретінде таныла отырып, сабақтастық қызметін атқарады. Қазақ халқының әлем алдындағы ұлттық ерекшелігін таныттыратын, әлемдік мәдениетте ұлттың өзгеше болмысын байқататын нәрсе ата дәстүріміз болмақ. Сондықтан, дәстүр халықтың рухани құндылығын құрайтын, сол ұлттың пайда болуымен және даму барысында қалыптасқан, мәдениеттің түп-тамыры болып табылмақ. Э. Макарянның пікіріне сүйенсек, дәстүрмен мәдениет қабысқан дүниелер, дәстүр қазіргі шақ пен өткен шақты байланыстыратын мәдени жүйенің тоғысы деп таниды. Қай кезеңде болмасын, дәстүрлі құндылықтарын сақтаған халықтар тұғыры биік ел болып табылған. Әлемдік мәдениетпен өркениетте дамыған елдер өздерінің ұлттық құндылықтарын басты деп танудың арқасында бүгінгі күнге аяқ басқан. Ұлтқа тән ұлылықты, ешкімге еліктемес бітім-болмысты, өзінің ұлттық құндылықтарынан іздеген. Еліміздің рухани өмірінде үлкен өзгерістер болып жатыр, санамызды сансыратқан сансыз сұрақтарға жауапты өз ұлттық құндылықтарымыздан іздесек, дұрыс жолды таңдаған болып табыламыз. Ұлттық құндылықтардың озық үлгілерін игеріп, жаңарту арқылы, қоғамдағы кез-келген келеңсіз оқиғалардың алдын алуға болады. Дәстүр мәдениеттіліктің белгісі, әр халықтың бір-біріне тіптен ұқсамайтындығы, мінезінің, ұлттық болмысының өзгешелігі оның дәстүріне байланысты. Әр халықтың дәстүрі өзінше қайталанбас, ерекше бір әлем. Әр ұлттың көрінісі дәстүрі арқылы танылды. Дәстүр әр ұлт үшін адам өмірінің негізгі үлгілерінің бірі болып табылды. Дәстүр арқылы адамдар бір-біріне ықпал етті, өзіндік ұлттық мінез-құлық нормалары қалыптасты. Бүкіл ұлтқа тән кәсіптік, мәдени, тарихи, тәлім-тәрбиелік, іс-әрекет көрінісі дәстүр арқылы танылды. Ұлттың басқаның жетегіне ермей, иіріміне түспей, халықтың бірлігін, тұтастығын сақтап қалуда дәстүрдің орны айрықша. Дәстүрді адам өмірінде, оның тұрмыс-тіршілігінде,

сана-сезімінде тұрақтылықты орнатушы функция ретінде танымыз. Ы. Алтынсарин өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегінде «Ақылды кісінің сөзі бекерге кетпейді» деген мақалдың қазақ халқының бабалар қалдырған жолдың адамзат өміріндегі орны айрықша екендігін айтады [110]. Аға буын өзінің өмірінде жинақталған тәжірбиені кейінгі ұрпаққа аманат ретінде босқа қалдырмады, оның астарында адамзат дамуына қажетті құндылықтар бар. Дәстүрдің құндылықтық мәні дегенде дәстүр әр ұлт үшін дүниетанымының қалыптасуына іргетас ретінде қызмет атқарады. Адам шыр етіп дүниеге келгеннен бастап қалыптасқан дәстүр бойынша өмір сүрмек. Дәстүр ұлттық сананы қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі. Дәстүр тек белгілі бір ұлт ішінде ғана оның құндылықтық мәні айрықша болып табылмақ. Өйткені бір ұлттың дәстүрі басқа ұлт үшін жат нәрсе болып табылуы мүмкін. Кез келген ұлт өздерінің қалыптасып қалған өміріне, тұрмыс жағдайына, дәстүріне сәйкес сый сияпат көрсетеді. Қазақ халқының дәстүрі басқа халықтар үшін жат болып табылуы мүмкін, өйткені қазақ халқының дәстүрінде, қазақ халқына ғана тән дүниетаным, өмір сүру, басқа елдерде қайталанбайтын табиғи, тума құндылықтар жатыр. Жалпы қандай халықтың болсын сан ғасыр сарайынан өткен өзіне ғана тән ұлттық үлгі-өнегесі, миллиондаған ұрпағын тәрбиелеген салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-нанымы бар. Әр халықтың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, салт-санасы ұзақ дәуірлер бойы бірге жасасып, сол халықпен біте қайнасып, қалыптасады ол өз ұлтына жарасып, үйлесіп тұрғанымен, басқа ұлтқа үйлеспеуі мүмкін. Әр елдің мәдениеті, дәстүрі өзіне ғана жарасатыны хақ. Әр ұлттың дәстүрлерінде ұлтқа тән, халықтың тіршілік, танымынан түйіп тізген құндылықтар бар. Дәстүрлер әрбір ұлт үшін құнды жәдігер болып табылмақ. Дәстүр ұлтқа тән ерекшеліктерді көрсете отырып, қоғамда алға басудың, жол көрсетудің баспалдағы қызметін атқарады. Ұлттың кейпін байқататын құндылықтардың бірі болып табылмақ. Орыс философы В.Г. Белинский «...Барлық қауымға бірдей түсінікті тілі жоқ халық болады деу қиын; өзіне тән айрықша дәстүрлері жоқ халық болады деу одан да қиын. Бұл салт-дәстүрлерді елдің табиғатына қарай, халықтың нанымынан, сенімінен, жалпы ұғымынан, тігілген киім-кешектерінен тіпті көне өмірінің түрлі формаларынан көруге болады. Кез-келген көне салт-дәстүр уақыт елегінен өткен сайын нығая бермек, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде жалғасып отырады. Олар халықтың сыр-сипатын көрсетеді, онсыз халықтың өзіндік кейпі байқалмас еді...» [111], – дейді. Ғасырлар бойына созылған, халықтың өзімен бірге жасасып, мұра болып, бүгінгі күнге жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлттық келбеті, тәрбие көзі ретінде танымақпыз. Қазақты қазақ қылып, оны жер шарында мекендеген ұлттар мен ұлыстардан ерекшелендіріп тұратын өзіне тән болмыстық қасиетіміз бар. Дәстүрдің құндылықтық мәні оның ұрпақтар арасындағы тарихи мәдени құндылықтарды сабақтастыруында, қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп қана қоймай, көнеден келе жатқан тарихи танымды жеткізу қызметін атқаратындығында екенін ұмытпағанымыз абзал. Әрбір халықтың ерте кезеңдерден бергі өмірінің, дүниетанымының, ойлау сипатының бүкіл болмыстық көрінісі оның

дәстүрінде. Ата-дәстүр, салт-сананы бойына сіңірмеген адам қазақи болмысынан, түп-тамырынан қол үзеді. Бауыржан Момышұлы «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші, немерелеріне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ» [112] – деген екен. Бұдан кезінде аға ұрпақ, ұлттық асыл құндылықтарымызды көзінің қарашығындай сақтап, пір тұтқан халық екендігін байқаймыз. Бабаларымыз ұлттық құндылықтар ұлт менталитетінің, сананың қалыптасуында негізі рухани арналардың көзі ретінде таныған. Көздерін ашқанан бастап тәрбие бастауларын, ұлттық таным көздерінен алған. Ұлттың басқа ұлттардан өзгешелігі мен ерекшелігін айқындататын дәстүр мәселесі қоғамдағы ең негізгі құндылықтық мәні ол адам бойына моральдық құндылықтарды қалыптастыру еді. Дәстүр өз бойындағы моральдық құндылықтары арқылы ұлтты сақтау мен қорғаудың негізгі құралы секілді. Қазақ ойшылы Аманкелді Айталының: «қазіргі таңда нарықты бүркемелеп, есепке негізделген, адамгершілік, шектен шыққан ұятсыздық ығыстырып бара жатқан ортада адам тәрбиелеу мәселесі ең өткір болып отыр. Дегенмен, біз қаржы тапшылығынан гөрі рухани құндылықтар тапшылығы туралы ойлана бастасақ дұрыс болар еді» [113] – деген салмақты ойын ескергеніміз орынды. Ұлттық тәлім-тәрбие дегеніміз – адамның жан дүниесін ұлттық рухта тәрбиелейтін ілім. Ұлты рухымызды қадірлемесек, қор тұтып, ұлтсыздыққа тап болмақпыз. Ұлтсыздық – ұлттың өз-өзін қор тұту, өзін-өзі кемсіту, өзінде барын қадірlemeуден туындайды. Ұлтсыздану қатерлі дерт. Тарихта ұлтсыздану нәтижесінде көптеген елдер өздерін шыққан тегімен қоса жоғалып кетті. Ұлтсыздану тамырсыздандырып, тексіздендіре отырып, ұлттық мұрат пен ұлттық мүддені мүлде ұмыттырады. Дәстүр мәселесінің құндылықтық мәнін ашу ұлт үшін, ұлттың тағдыры үшін маңызды болып табылмақ. Адамдардың қоғамдағы рухани тапшылыққа, моральдік кері кетуге дәстүрлі, ұлттық құндылықтарымызды, мойындамау секілді қасіретті дерттердің салдарынан тап болмақпыз. Ұлтты рухани болмысынан ажыратпаудың бірден-бір жолы, «ескінің көзін» елеу, мәдениет пен ұрпақ арасындағы үндестікті үзбеу қажет. Сонда ғана ұлттық бірегейлігімізден ажырамаймыз. Себебі бірегейлік негізі: тіл, мәдениет, дәстүр, діл т.б. ұлтты құраушы элементтерден тұрмақ. Демек, ұлт өзінің дәстүрлі мәдениетін әдет-ғұрыптар, мәдени стереотиптер мен ұлттық символдарын, әсіресе тіл, дін, діл бірегейлігін сақтауға құлшыныс танытуы қажет. Сонда ғана, өзін таниды, өзге ұлттан өз ерекшеліктерін, құндылықтарының өзгешелігін байқай біледі. Бүгінгі, ғаламданушы әлемде бірегейлену ғылымның да, күнделікті өмірдің де негізгі өлшеуішіне айналуға. Сондықтан, бірегейлену ұлттық ауқымда жүзеге асуы қажет. Мұндай бірегейлік мемлекеттің іргесін бекітіп, ұлттың да рухани-мәдени жағынан молығуына, кемелденуіне жеткізеді. Осындай ұлттық бірегейлену үрдісі неғұрлым тез жүзеге асырылса, еліміздің экономикалық өсуі, рухани дамуы өз нәтижесін

берері анық [114]. Тарихта бірде-бір қоғам өзінен бұрынғы буынның ақыл-ойын, парасатын, үрдісін, тәжірибесін пайдаланбай өмір кешкен емес. Әрбір халықтың рухани байлығы, өмір сүру салты ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыра отырып, мәдениетін, дәстүрін, дінін, тілін, білім-ғылымын, аңыз-әңгімелерін, қисса-дастандарын, құлық-құндылықтарын аса өзгеріссіз сақтап, ұлттық бірегейлікті сақтаудың көзі ретінде таныған. Халықтың, өркениеттің кең болашағы және оның өміршендігі – рухани құндылықтарды қадірлеумен, оларды дамытумен байланысты екенін түсінуіміз керек. Ұлттық құндылықтар соның ішінде дәстүр адамның, тұтас халықтың, ұлттың тырнақтап жинап, ұрпаққа жеткізген мұрасы, аманаты, басты құндылығы. Ол ғасырлар бойы сомдалып, сұрыпталып, құндылықтық жүйеленген бір тізбегін біртіндеп түзеп, ел мойындаған құрылымға айналмақ. Бұл құндылықтарды әр дәуірде, әр кезеңде сол қоғамның мүшелері игеріп, бойына сіңіреді, жүрегімен қабылдап, санасын байытып отырады. Адамға адам болып өмір сүрудің жолдарын көрсететін парадигма болып табылмақ. Дәстүрдің құндылықтық мәні ол біздің ұлттық сананы қалыптастырудағы басты алғышартымыз, сүйенеріміз де, жалпы әдіснамалық бағдарымыз деп білемін. Қай халық болмасын өрелі ұзақ өмір сүріп, болашағы жарқын болу үшін биік руханият, толыққанды тіл, аталы тарих, озық мәдениет, үзілмес дәстүрі болуы шарт.

Бүгінгі таңда Қазақ елі өркениетті елдердің қатарына қосылуда тек өндірістік, техникалық, экономикалық, салаларын ілгері дамытумен ғана емес, өз ұлтымызға тән, ұлтты өзгешелендіретін дәстүр, мәдениет, тіл, дін, діліміздің астарындағы құндылықтардың мәнін ашып, зерделеп басқа халықтарға паш еткізсе. Қазақ халқының дәстүрлерінде бесіктегі сәбиден бастап, жер бесікке тақап қалған қарияларға арналған тәрбиелік мәні бар идея жатыр. Қазақ дүниетанымында «Естіге екі сөзде жетеді» – деген ой тегін айтылмаса керек. Есті, саналы ұрпақ тәрбиелеуде өз өмірінде маңызды орын алған өмірлік тәжірбиелерін, дәстүрлі құндылықтарын халқымыз артқы ұрпағына қалдырып отырған. Дәстүр халық өмірінде тегіннен-тегін қалған дүние емес, әр дәстүрдің қалыптасу негізі бар. Құндылықтық мәні айрықша дәстүрлеріміз қай заманда болмасын ел өмірінде рухани азық ретінде танылды. Дәстүр қазақ халқының өмір сүру көрінісін, тіршілік мәнін, талғамын сипаттайтын құндылықтарының бірі. Ұлттық дәстүріміздің екшеп керегін алуымыз қажет. Дәстүрдегі құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыруы қажет. Ол ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда айрықша орын алмақ. Дәстүр адам бойындағы тума қасиеті емес, өмірдің өзі қалыптастыратын құндылық. Дәстүрдегі құндылықтар ұлттың ішкі болмысын көрсете отырып, тағылым көзі болып табылмақ. Басқа халықтарда жоқ, өзінің ұлттық ерекшелігін саралайтын құндылықтық мәні айрықша дәстүрлеріміз қаншама. Дәстүр халық өмірінде тәжірбиеден өтіп сыналған, сөйтіп ол құндылық ретінде танылып отыр. Дәстүрдің құндылықтық мазмұны ол ұлттық тәрбиенің маңызыды көздерінің бірі болып табылады. Дәстүрдің құндылықтық мәнін ашу арқылы оның адамзат өміріндегі орны мен рөлін анықтап көрсеттік. Дәстүрдің құндылықтың мәнін анықтауда оның астарында адамзат үшін маңызды ізгілік, игілік, сабақтастық, имандылық,

әдептілік, қайырымдылық, төзімділік, парасаттылық, кісілік, адамгершілік секілді категориялар бар.

Ұлттық құндылықтарымыздың мәнін ашып оны құндылықтық мазмұнын болашақ ұрпаққа дұрыс саралап жеткізе білуіміз қажет. Егер өз ұлтымызға тән құндылықтарды бағаламасак, мәдениетте, ұлттық дәстүр де, ұлттық сана-сезім де түгелдей құрып, дәстүрі, мәдениеті, тілі белгісіз халық қалыптаспақ. Дәстүрдегі құндылықтар адамдардың болмысы, ой-санасы, мінез-құлқы, дүниетанымында, дүниеге қатынасында айрықша орын алып, өмір сүру тәсілі ретінде адамзат өмірінде айрықша орын алмақ. Дәстүрлі құндылықтардың бастауы ол қоғамдағы мәдениеттің бастауы ретінде танылды. Ол халықтың өткен өмірлерін ғана танытып қоймайды, адам санасын шыңдап, кемел тұжырымдарды өз ұрпағына жеткізеді. Дәстүрлі құндылықтарымызды ұрпақ бойына сіңіру арқылы, ұлттық сана, ұлттық мінез-құлқы қалыптастыра аламыз. Өйткені, дәстүр ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылық. Қоғамда адамдардың моральдік дағдарысқа душар болуы осы ұлттық құндылықтарды бағаламаудың, басшылыққа алмаудың салдары. Адамдар арасындағы моральдік дағдарысты болдырмау, одан шығудың кепілі ұлттық құндылықтарды ұлт дамуының негізіне айналдыру. Қоғамдағы адамдардың бойына дәстүрлі құндылықтарымызды қалыптастыра білу. Халықтың ешбір байлыққа айырбастамайтын қазынасы – ұлттық құндылықтар. Дәстүрлер заманның қайшылықтарына ұшырап, алуан кезеңдерді басынан өткізседе күні бүгінге дейін өзінің тұрмысқа қажеттілігін жоғалтпай жетуі оның құндылықтық мәнінің жоғалмауымен байланысты. Ішкі мәні ізгілікті, адами құндылықтарға негізделген дәстүрлеріміз елдің игілікті өмірінде көрініс тауып, адамзат өміріндегі құндылықтық мазмұны айрықша болып табылмақ. Ел болу биік мағыналы ұғым. Жаһандану қоғамында еліміздің ұлттық болмысын басқа мәдениеттің жұтып қоюына қарсы тұру үшін, ұлттық құндылықтарға арқа сүйеу қажет. Дәстүр-ол ұлттық құндылық. Дәстүрлі құндылықтарымыздың астарында халықтың мінез-құлқы, менталитеті, рухани дүниесін айқындататын құндылықтар бар. Дәстүрдің құндылықтық мәні ол үлгі, өнеге, тәжірбие. Туыстық қарым-қатынастарды реттеуде, презенттік қарыз бен парызды ұғынуда, ұлттық намыс, ұлттық адмагершілік, ізгілік, игілік секілді адамзатқа ортақ сапалық белгілерді қалыптастыруда дәстүрдің құндылықтық мәні айрықша. Бүгінгі қазақ отбасы ұлттық тәрбиеде күрделі өзгерістерді басынан кешіруде. Мұндай өзгерістерде ұлттық дәстүрге арқа сүйей отырып, ұрпақты тәрбиелеген абзал. Бабаларымыздың осы уақытқа дейінгі жасап кеткен дәстүрлі құндылықтарымызды қолдан келгенше игеріп, қажеттерімізге пайдалануымыз қажет. Дәстүрдің құндылықтық мазмұны бабалар өміріндегі құндылықтармен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыратын ұлттық тәрбиенің дінгегі. Дәстүр белгілі бір ұлт үшін ғана құндылықтық мәні айрықша. Дәстүр адамдарды мәжбүрлеп орындауға итермелеу қажет, сонда ғана оның құндылықтық мәні айрықша болып табылмақ. Адамзат өмірінде қазіргі болған жағдай, ендігі кезеңде болмайды, бірақ кейбір әрекет немесе ой қайталанып отырады, ол дәстүр. Неге адамзат өмірінде дәстүр қайталанып отырады, себебі

оның құндылықтық мәні айрықша. Бабаларымыз өз өмірлік тәжірбиелерін дәстүр ретінде ұрпақтан ұрпаққа жәдігерлеп жеткізуді басты мұрат тұтуы, ол өткен өмірден қалған тәжірбие, үлгі, өнеге еді. Қазақтың дәстүрі ұлт үшін өнеге, тәлімдік, тәрбиелік маңызы зор рухани құндылық болып табылған.

Дәстүрлі құндылықтарымыз бабаларымыздың өткен өмірінен, бүгінгі күнге жеткен құндылық деп ойымызды тұжырымдаймыз.

4 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ

4.1 Жаһандану жағдайындағы дәстүрдің өзгеру динамикасы

Еліміз жаңа даму, жаңару жолына түскенен бастап, ұлттық дәстүрді ғылыми тұрғыдан зерттеу, ол ұрпақ өмірі үшін маңызды бастаулардың бірі. Қазіргі таңдағы қалыптасқан жаңашылдық пен дәстүр ғымдарының ұрпақ санасында дұрыс көзқарастар қалыптастырып, олардың адамзат өміріндегі өзіндік рөлін анықтау бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып табылмақ. Қазақ халқы өзгермелі, әрқилы замандарды бастан кешірді. Қазақ өз өмір сүру барысында мынандай тарихи кезеңдерді өз басынан өткерді. 1. Алтын заман – Алтын Орда тұсындағы қазақ пен ноғай бірлігі. Еуразиялық Ұлы Дала – көшпенді өркениеттің шарықтау шегі. Бұл дәуірдің тарихи санасы «Қырымның қырық батыры», «Ерқосай», т.б. эпостық жырларда көрініс табады. 2. Қилы заман – қазақ пен ноғайдың айырылысып, ауыр кезеңде көшпенділікті таңдап, қоныс аудару, дербес мемлекет құрып, оны сыртқы жаулардан қорғау. Бұл кезеңнің тарихи санасын XV-XVII ғасырлар аралығындағы қазақ жырауларының (Дайырқожа, Қазтуған, Асан қайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау) авторлық поэзиясы арқылы сипаттауға болады. 3. Зар заман – еуразиялық көшпенділіктің жаппай дағдарысы, тәуелсіздіктен айырылып, Қазақтардың Ресей империясының боданына айналуы. Бұл кезең Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөңкеұлы сияқты «зар заман» ақындарының шығармалары арқылы пайымдалады. 4. Жаңа заман – XX ғасырдың басынан бастап бүкіл шығыс елдерін қамтыған, реформаторлық қозғалыс батыстық империализмге қарсы және өз қоғамдарының мәдени-этностық және саяси сара жолын анықтаудағы ұлттық сана оянып, ұлтжандылық өз күшіне енген заман. Модернизм тарихи санада Ағартушылықтан (Шоқан, Абай, Ыбырай) бастап, ұлттық идея ретінде «Түркістан», «Алаш», «Қазақ» идеялары көтерілді. 5. Қазіргі заман – тарихи сананың дамуы, жаңаруы, индустриалдық және постиндустриалдық қоғамға ену, жаһандану заманы болып табылмақ [115]. Қазіргі уақытта дүние жүзінде аса күрделі процестер іске асуда. Соның бірі жаһандану (глобализация, ғаламдастыру) процесі – бұл әлеуметтік, рухани, саяси экономикалық процесті білдіретін термин. Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) – жаңа, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [116]. Қазақ елі қандай заманды өз басынан өткізсе де, бабаларымыздың салып кеткен жолын, бүгінгіге және болашаққа қызмет ететін өмір тәжірбиесі деп қарай білген. Француз философы Жак Деррида «Жаһандануды бүгінгі әлемнің қайтаруға келмейтін заңды процесс. Сондықтан да оны, асқан байыптылықпен терең зерделей отырып, оңды және теріс қырларын ашып алған жөн. Оңды жағы, жаһандану – әлем халықтарының мәдениетін, экономикасын, саяси және ақпараттық жүйелерін барынша жақындата, кіріктіре түсетін қасиеті бар құбылыстар қатарына жатады. Сөйтіп, жаһандану елімізге жер бетіндегі интеграциялық үрдістердің нәтижелерін, әлемдік дамудың игіліктерін алып

келсе, ал екінші жағынан, ол ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық мәдениетті барынша бедерсіздендіруге итермелейді және саяси, әлеуметтік тәуелсіздіктің қағидаттарына барынша немқұрайдылықпен қарайды. Кейбір әлсіздеу мәдениет пен өркениеттерді жұтып қоюға дайын тұратын қасиетімен, этностық келбетімізді жойып жіберуге бейімдігімен қауіпті» [117]. Жаһандану біздің қоғамымыз үшін қажет, бірақ ұрпақ санасында көрініс беретін қорқынышты, құбыжық құбылыстардың орын алуымен күресе білуіміз шарт. Ол үшін ұлтты ұлт етіп отырған құндылықтарды жаһандық өзгерістердің жұтып алуына жол бермеу қажет.

Өткен Бағзы заманда елінің болашағы үшін қатты алаңдайтын бір патша елінің данагөй қартынан «Елімнің болашағын болжап берші», деп өтінген екен. Сонда қарт: Сен маған алдымен, еліңнің жастарын көрсет, содан соң жауап берем» деген екен. Осы қазыналы қариямыздың сөзін бойтұмар етсек: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында» екендігін атап көрсетеді. Еліміздің болашағы – бүгінгі ұрпақта. Ұрпағымызды әлемдік деңгейде білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін жетілдіру, кәсіби білімімен біліктілігін арттыру бүгінгі қоғамның басты міндеті [118]. Бүгінгі таңда болашақ ұрпақ үшін, дәстүрді заман талабымен қалай жаңғырту керек деген сияқты сұрақтар баршаны ойландырмақ. Егеменді еліміздің, тамыры терең халқымыздың жаңаруы, кемелденуі бүгінгі заман талабы. Дәстүр мен жаңашылдық – философиялық мәселе. Себебі, дүние үнемі өсіп, өзгеріп, дамып, жаңарып, жаңғырып отырмақ. Ол үшін бүгінгі ұрпақ өз санасында дәстүрмен жаңашылдық ұғымдарының әрқайсының өзіндік маңыздылығын ажырата білуі қажет.

Дәстүр адамзат өз өміріндегі маңызды құндылықтарды, тәжірбиелерді жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген құндылықтар. Дәстүрлі құндылықтарымыз адамның өмір сүруінде басты орын алатын құндылықтардың бірі болып табылады. Ешбір жеке адам, ұлт, халық, мемлекет дәстүрсіз, мәдениетсіз өмір сүре алмайды. Мәдениеттің қалыптасуында адамзат өмірінде дәстүрдің атқаратын қызметі айрықша. Бүгінгі ұрпақ санасында көбіне дәстүр ұғымы ескілік ұғымымен байланысты құндылық ретінде танылуда. Дәстүрді біз ескілік ұғымы ретінде танысақ, ол мүлдем қате көзқарас. Жаңару заманының талабына сәйкес келмейтін ескірген, заман көшіне сәйкес емес дәстүрлеріміз болуы мүмкін, бірақ барлық дәстүрледі жоққа шығару бұл болашақ ұрпақтың адасуына алып келеді. Ал жаңашылдық ұғымына келетін болсақ, адамдар өміріндегі ойлау жүйесінің немесе дүниені қабылдаудың жаңа түрін шығару және қалыптастыру процесін айтамыз. Бұл көбіне ғылымда «инновация» терминімен байланысты. «Инновация» – латын сөзінен шыққан, ол «жаңару», «жақсару» немесе «өзгеру» деген мағынаны білдірді. «Innovatio»- «өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылған сөз [119]. Инновациялық ойлау, демек, жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Оның үш өлшемі бар: жаңа ой, жаңа іс, харекет және жаңа нәтиже. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру [81, б. 4]. Санамыз, ойымыз, ісімізден озып жүруін және жаңғыруын қажет етеді. «Инновация» терминін

жаңа экономикалық категория ретінде ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында ғылымға енгізген австриялық ғалым Йозефер Алоиз Шумпетер болатын. Инновация ұғымы тек экономика саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық салаларында өзекті орын алды. Қоғамның дамуындағы қандайда бір саланы алып қарасақ, инновациялық туындылар дүниеге келіп жатты [120]. Жаңашылдық ол жаңалық енгізу, жаңарту, жаңғыру, құндылықтарды қабылдау және оларды өзгертудің жаңа жолдарын іздеу болып табылмақ. Бірақ, бұл өзгертулерге адамның білімі, шығармашылығы, қабілеті өз ықпалын тигізбек. Алайда, осындай инновациялық өзгерістердеескі (өткен шақ, «классика»), қазіргі (осы шақ, «модерн») және жаңа (болашақ, «футур») арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыра отырып сақтау қажет [121]. Қазіргі таңдағы жастардың санасында туындайтын жаңа идеялар, дәстүр ұғымына көптеген өзгерістер туғызуда. Дүние уақыт ешқашанда бір уақытта бір орнында тұрған емес, дамиды, өзгереді. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қатынастар қоғамда түрлі қайшылықтарды туғызады, олардың әсерінен мынандай өзгерістерді айқындауға болады: біріншісі – жаңашылдыққа қарсылық көрсете отырып, оны теріске шығару және ескі тәртіпке сүйену; екіншісі – жаңашылдыққа бейімделе отырып, ескі дәстүрді бұзу, үшіншісі – жаңашылдықты қабылдай отырып, оны дәстүр сиятындай қалыпқа келтіру.

Бүгінгі ұрпақ санасында ескі құндылықтарды таза жоққа шығармай, сол құндылықтардың адамзат өміріндегі маңыздылығын ала отырып, жаңашылдыққа бет бұру болып табылмақ. Қоғамда өмір сүріп жатқан жастардың басым бөлігі дәстүрлі құндылықтарды бұзып, бірден жаңашылдыққа аяқ басуды көздейді. Бұрынғы қалыптасқан құндылықтарды аяқ асты етіп, бірден жаңашылдыққа аяқ басу, ол қоғамда ұрпақтың мәңгірттену үрдісіне алып келеді. ХХ ғасырда дәстүрлердің барлығы, инновацияны мүлдем қабылдамайды, тек тежеуші күш деп санаған, Макс Вебердің көзқарасы үстем болды. Осыған байланысты батыс дүниетанымында қоғамды дәстүрлі және модернистік қоғам деп бөлді. Кейбір ғалымдар бұнытолығымен қабылдамады. Себебі, дәстүрді мәдени құндылықтарды тасымалдау, беру миханизмдерімен, яғни мәдениеттің өз қызметімен теңестірді [122]. Сондықтан дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарын анықтауда оларды бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы емес, керсінше бір-бірімен байланыстыру арқылы анықтауымыз шарт. Дәстүрге ескілік ретінде қарау, қоғам мен мәдениеттің сабақтастығын бұзуға, адамзаттың бағалы жетістіктерінің айырылуына алып келеді. Ал таза ескірген дәстүрлерді көзсіз бас ұрып, пайдалыныстан шығармасақ, ол да қоғамдық өмірдің консерватизміне алып келеді.

Ағылшын әлеуметтанушысы Эдвард Шилз дәстүрді әлеуметтік бастау, ерекше «өркениет» ретінде таниды. Шилздің пікірінше: «Адамдар кей дәстүрге қанағаттанбағанмен, олар дәстүрсіз өмір сүре алмайды. Дәстүр – әлеуметтік бастау, ерекше «өркениет» сынды. Дәстүрдің бойында үнемі астыртын күрес жүріп отырады. Ол күнделікті үйреншікті мен жаңаның арасындағы күрес. Кейде тіпті бұл күрес революциялық сипатқа да ұласып жатады. Бірақ қоғамдағы барлық трансформациялар түбінде дәстүрдің аясында жүзеге асады»

[18, p. 327]. Қоғамда жаңашылдықпен дәстүр мәселесін саралай келе, егер жаңашылдыққа қарсы тұрсақ, ескі тәртіпке сүйеніп қаламыз. Ал жаңашылдыққа бейімделсек, ескілікті бұзады, сондықтан, жаңашылдықты дәстүрмен байланыстыра отырып, қазіргі адамзатқа қажетті деңгейде ескілікпен жаңашылдықты сабақтастыра білу қажет. Қоғамдағы адамдардың барлығы белгілі бір нәрсені ойлап табумен айналыспайды, қолы жеткен ертедегі тәжірбиелерді игеріп, өз өмірлерінде қолданады. Қоғамның алға жылжуы үшін дәстүр мен жаңашылдық бірдей қажет. Дәстүр қоғамының өмірі үшін қажет болса, ал инновация сол қоғамның дамуы үшін қажет.

Қоғамда дәстүр мәдениеттің ішкі ядросын құрайды. Дәстүрдегі өзгеріс – ұлттық мәдени өзгерістерді құрайды. Өйткені ұлттық мәдениет өз бастауларын әдет-ғұрыптармен дәстүрлерден алды. Мысалы, алғашқы дәуірлерде жазу әлі пайда болмаған кезеңдерде, мәдени сабақтастық әдет-ғұрыптарға, дәстүрге арқа сүйеген. Осы кезеңді америкалық этнографы Маргарет Мид постфигуративті кезең деп атаған. Постфигуративті мәдениеттің өкілдері «менің әкелерім, ата-бабаларым қалай істесе, мен де солай істеймін» деп өмір сүрді. Бұл дәстүрлі мәдениетте ұрпақ байланысы үлкеннен кішіге қарай жүрді, болашақ өткенмен айқындалды. Дүниетанымның типтерін белгілі мәдениеттанушы Тұрсын Ғабитов үш кезеңге бөліп қарады: мифтік, дәстүрлі және инновациялық [41, б. 180]. Қазақ халқының дәстүрі түрлі трансформациялық процестерді басынан кешірді. Дәстүрлі құндылықтарымызды жоғалтпай бүгінгі күнге аяқ басуы, оның ізгілікті мәнінің ұрпақ өмірінде нәтижелі қызмет артқаруының салдары болып табылмақ.

Бүгінгі таңда өзіміздің дәстүрлі құндылықтарымызды жас ұрпаққа жеткізу мен насихаттау күн тәртібінен түспейтін мәселе болып қала бермек. Ұрпақты адасу мен азғындану жолынан арылтудың негізгі жолдарының бірі ол әр халықтың ұлттық дәстүрі болып табылмақ.

Ерте заманда бабаларымыз бітпес даудың, бәтуәсіз шудың келісімі де, шешімінде дәстүрге сүйене отырып анықтаған. Профессор Тұрсын Ғабитов: «Біздің түсінетініміз, яғни құқықтық нормаларға дейіннегізгі заңдық нормалардың бастауында әдет-ғұрыптар, дәстүрлер тұрған. Әдеп-ғұрыптар әдеп императивтерін түзеп, құқықтық қатынастармен ұласқан. Соған қарағанда әдеп императивінің сақталуы өте жоғары болып отыр. Дәстүрлі ұғым бойынша әдет-ғұрып құқығы дегеніміз биліктен тыс өмір сүріп келе жатқан ғасырлық тәжірбиесі бар қоғамдық нормалар жиынтығы, ал құқықтық азаматтық нормалар дегеніміз – мемлекет, оның билікті органдары белгіленген мінез-құлық, жүріп-тұру нормалары» [41, б. 382]. Дегенменде дәстүр, әдет-ғұрыптар біздің халықтың рухани асыл қазынасы, дінгеі. Талай ғасыр өтседе ұрпақтан-ұрпаққа тарап, тәрбиелік мәні айрықша, заман ағымына қарай қайта жасарып отыратын дәстүрлеріміз айтарлықтай бар.

Ондай дәстүрлеріміз ұрпақтар арасындағы қатынасты реттеудің негізгі өлшемі болып табылмақ. Ұлтымыздың болашағы үшін ұрпақ тәрбиесі маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Бүгінгі таңда өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, ұлттық құндылықтарын

ұлықтайтын, өзге елдің замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі ұрпақ тәрбиелеу – заманымыздың басты мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мәселені жүзеге асыруда дәстүрдің атқаратын қызметі айрықша. Ол үшін ұрпақты отбасынан бастап ұлттық құндылықтармен сусындата отырып, патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ізгілік пен адамгершілікті бойына сіңіре отырып тәрбиелеу қажет. Ондай құндылықтар ұрпақ үшін әр ұлттың тілі, дәстүрі, мәдениеті, дінінде жататыны белгілі. Сондықтан, ұрпақ алдымен рухани құндылықтарды бойына сіңіре отырып, ұлттық тәрбие нәрімен сусындауы қажет. Ұлттық құндылықтарсыз ұрпақты тәрбиелеу әсте мүмкін емес. Ұлттық құндылықтарын меңгермеген ұрпақтың бойында тіптен өз ұлтына деген құрметте болмайды. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Еліміздің ертеңі ұлттың тізгінін ұстар ұрпақтың қолында. Сондықтан жаһандану үрдісінде ұлттық дәстүрімізді ұрпақ санасында дұрыс қалыптастыра білуіміз шарт.

Қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі барлық салаларда түбегейлі өзгеріп жатқанда, ұрпақ санасындағы дәстүрге деген көзқараста өзгеріске ұшырауда. Нұрсұлтан Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлектімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың рухани бастауларын түсінгеніміз жөн» [123]. Елбасы ұлтты осы заманғы магистралға ескі тәсілмен жасап жөнелтуге болмайды, дәстүрлікті ту еткен қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға бет бұрдық, сол себепті, біз үшін әр түрлі мәдениеттердің өзара қақтығысына жол бермей, ұлттық дәстүрлер мен модернизациялық қағидаларын үйлесім табуын қамтамасыз етудің маңызы зор деп біледі. Тарих пен уақыттың шеңберіне сүйене отырып, қазіргі қоғамда ұрпақ бойына қандай дәстүрлерімізді қалыптастыруымыз керек деген сұрақ баршамызды ойландырмақ. Ұлттың рухани жаңғыруы, ең бірінші ұлттың рухани бастауларынан басталатындығын әр ұрпақ өз санасынан шығармау қажет. Еліміздің ел болып жаңаруы, кемелденуі, дамуы бүгінгі заман талабы. Бүгінгі ұрпақ санасында дәстүр ұғымы артта қалу түсінігінің синонимі ретінде танылуда. Бірақ ол дұрыс емес. Бұған көптеген ғалымдар келіспейді, себебі жаңашылдықтың өзі негізін ескіліктен алады, уақыт өте келе сол жаңашылдық дәстүрге айналады деп таниды. Бұған көбіне дәстүрлі мәдениетті зерттеуші Владимир Бейлистің ойларын жатқызуға болады. Кейбір дәстүрлер уақыт өте келе маңызын жоғалтуы мүмкін, бірақ өз ұлтының дәстүрін толығымен жоққа шығару, ол ұлт үшін орны толмас қайғыға әкеп соғады деп қарастырады. Дәстүрді ұлттың ұлттық келбеті ретінде таниды. Жоғарыда атап көрсеткендей, оларды қарама-қарсы қою арқылы емес, керсінше байланыстыру, бірлігін мойындау, бір-біріне ықпалдастығын ұғыну арқылы жаңашылдық ұғымын анықтай аламыз. Дәстүрді жоққа шығарып одан алшақтау, халықтың өзіндік болмысын жоғалтудың бастамасы болса, жаңашыл құндылықтарға ыңғай бермеу – ұлттың өзін-өзі тұсаулау болып табылмақ. Сондықтан, ұрпақ санасында бабаларымыздың сан ғасырлық қалыптастырған бітім-болмысын таныттыру, ұлттық құндылықтарымызды дарыту, ұлттық мүдеде ұрпақ жадысын ояту, бүгінгі дәстүрлеріміздің негізгі идеясына айналу керек деп

білемін. Таза ескілікке бой ұрып немесе мүлдем жаңашылдыққа бас сұғып, ұлттық келбетімізді жоғалтып алмау – ұрпақ үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылмақ. Жаңару, жаңғыру дегеніміз ұлттық құндылықтарды ұмыт қалдыру деген сөз емес, керсінше ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, жаңашылдыққа бет бұру деген ой болып табылмақ.

Қазіргі таңда ұрпақ бойынан бұрын-соңды болмаған келеңсіз әрекеттерді байқаймыз. Біздің ұрпақты тәрбиелеп, келеңсіз іс-әрекеттен құтқаратын ол ұлттық идеология. Ең үлкен идеология – ұлттық идеология. Ұлттың дамуына кедергі жасайтын өткеннің кертартпа құндылықтардан да абай болуымыз қажет. Ұрпақ тәрбиесі қоғам үшін өте маңызды, біздің болашағымыз ұрпақтың қолында. Сондықтан, бабаларымыз өз ұрпақтарын жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа жетелеп тәрбие берудің негізгі көзі ретінде ұлттық құндылықтарды, ғасырлар бойы жинаған асыл мұраларды жоғары бағалаған. Қазақ дүниетанымында «бүгінгінің кішісі, ертеңінің кісісі» деп таныған. Бүгінгі ұрпақты ол елдің болашағымен байланыстырған. Дәстүр ұрпақ тәрбиелеудің басты құралы деп таныған. Сондықтан да, ел болашағын ұлттық тәрбиеде деп білген. Дәстүрімізді замана талабына сай өзгерте отырып, ұрпақ жадына сіңіру қажет. Дәстүрлі құндылықтарымыз ұрпағымыздың болашағын баянды етуге қызмет атқарады. Елінің ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өскен ұрпақ қана, болашақ еліміздің тірегі болып табылмақ. Ертедегі бабаларымыздың, билеріміздің, батырларымыздың ұлттық рухының күштілігі, қуаты, сол кезеңдегі халықты жеңіске әкелді. Бүгінгі ұрпағымыз жастарға да сондай, күш-қуат, жігер керек. Ол бізге ұлттық құндылықтарымыз арқылы келмек. Егер қоғам өзінің тілін, дәстүрін, ділін, ойлау жүйесін ұлттық даму көзі ретінде қарастырса, ұрпағымыздың ұлтқа деген көзқарасы айрықша болып қалыптаспақ. Дәстүр заманның өзгеруіне байланысты үнемі өзгеріп отыратын құндылық. Дамуға, жаңаруға беталдық деп кезкелген қызарған нәрсені қызық көріп, соның жетегінде ұрпағымыз кете берсе, ұлт болашағы үшін өте қауіпті. Дәстүрлі құндылықтарымыздың ұрпақ санасынан өшуі, ұлттық тәрбиеміздің жоғалуына алып келеді. Бабаларымыз тәрбие, адамгершілікке табан тіреп, жастардың болашағы үшін үнемі қандай қиындықтар болсын күресіп отырған. Ата-бабаларымыздың болашақ ұрпақ үшін жасап кеткен құндылықтарын ешқашан аяқ асты етпей, ұрпақ санасынан өшірмеуіміз керек. Жастардың санасын, дүниетанымын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастырсақ, ұлт болашағы жарқын болмақ. Бүгінгі қоғамдағы жаңашылдық қоғамда өмір сүріп жатқан барлық адамдарға қатысты. Жаңашылдыққа, жаңа өзгерістерге қоғамдық ортада бейімделе беруіміз қажет.

Ұлт болашағындағы істің кіндігі – ұрпақта, ұлттың тағдырында, ұрпақ тәрбиесінде. Ұлтты ұлт ретінде қылдыратын нәрсе – ұрпақ тәрбиесі. Қазақ дүниетанымында аға буын өзінің өмірінде алған тәжірибесін аманат ретінде қалдырып, дәстүрге берік болып, оны бұзбауға шақырған. Ұрпақ болашағы үшін дәстүр ұлттық тәрбиені күшейтетін құндылық ретінде танылған. Жаңашылдық қоғамға қай кезеңде болмасын қажет, халықтың жағдайын жақсартуға, ұлттық сананы оятуға. Бірақ жаңашылдыққа бірден өтеміз деп,

ұлттың қорғаныс қалқанына айналған дәстүрлерді жоққа шығаруға болмайды. Тіпті ертеде дәстүрін қадірлеген, ел арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, кез келген нәрсенің шешімін қабылдарда дәстүрге сүйенген. Мұндағы негізгі мақсат бабаларымыз ұлы істерін, жақсы істерін ұрпақ арқылы сақтау және дамыту болып табылған. Ұрпақ санасына ұлттық қасиеттерді дәстүр арқылы қалыптастырған.

Қандай қоғамның болмасын басты мақсаты отаншыл, елім дейтін ұрпақ тәрбиелеу, адамгершілігі және рухани бай тұлға қалыптастыру. Қазақстан заманауи халықаралық, ақпараттық кеңістікке енгені қоғам үшін өте пайдалы болып табылмақ, бірақ бүгінгі ұрпағымыздың тарихи болмысымызды, мәдени дәстүрлерімізді, ұлттық құндылықтарымызды естен шығармауы қажет. Өзінің шыққан тегін, мәдениетін, дәстүрін, ұлттық құндылықтарын меңгермеген қазіргі жастарымыздың өз елі үшін қызмет етуі қиынға соқпақ. Қай халықты алсақта, ұлттық құндылықтары сол халықтың түп-тамыры болып табылмақ. Ұзақта бай тарихы бар қазақ халқы қандай қиындықтардан шығуда өз ұлтының құндылықтарына арқа сүйеудің нәтижесінде қол жеткізді. Болашақ жастарымыз үшін жаһандану заманында дәстүрді дұрыс бағалай білген абзал. Ұлттың дінгеіге айналған дәстүрлерді жоғалтпай, оларды қайта жаңғырту ұрпақ болашағына кедергі емес, керсінше, анық бағдар, жарқын жол болып табылмақ. Қазіргі жаһандық бәсекелестік, жастардың тынымсыз еңбек етіп, табысты бастамаларға қол созуын талап етеді. Бұл жолда жастарымыздың біліммен сусындай отырып, дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін ұмытпауы басты мәселелердің бірі болып табылмақ. Оның үстінде, ұрпақты қайрымды, мейрімді, жаңашыр етіп тәрбилей отырып, өзгені өзіндей сезінетін, адамдық қасиеттері жоғары өскелең ұрпақ тәрбиелеу арқылы қазақ ұлтының бет-бейнесін сақтап қаламыз. Жас ұрпаққа тәрбие беріп, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана біз болашағымызға нақты қадам баса аламыз. Қай кезеңде болмасын, біздің ұрпағымызға рухани құндылықтар керек. Бүгінгі таңда дәстүрлі қоғам өзгеріске тез бой ұра қоймайды деген сияқты идеялар жастардың санасына сіңіп қалған. Ұлттық дәстүрімізді заманға лайықты өзгертуге болатындығын санамыздан шығармаған жөн. Жас ұрпақ дәстүрлерді меңгере отырып, алдыңғы ұрпақтан тәжірбие алады, өз идеяларын әрі қарай дамытады. Ұрпақтар арасындағы дәстүрлер жалғастығы, қоғамның дамуының қажетті элементтерінің бірі болып табылмақ. Ұрпақ бойында туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілік қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың атқаратын қызметі айрықша. Бақытжан Сатершинов «Жаһанданумен сипатталатын қазіргі заманның өзінде батыстық бұқаралық мәдениеттің жаппай экспансиясы салдарынан тәуелсіз Қазақстанда мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету үшін мына міндеттерді мемлекеттік деңгейде шешу қажет: ең алдымен, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ

халқының асыл қазынасы мәдени-рухани мол мұрасын игеру, тарихи сананы қалыптастыру, осының барлығы-қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақты мәңгүрттік жағдайдан арылту» [115, б. 4]. Сондықтан, қандай қоғамдық құрылыста болмасын, ең басты маңызды мәселе ретінде өз ұрпағының болашағына баса назар аударған. Әрбір қоғам өзі өмір сүріп отырған дәуірдің позициясын нығайтатын, сол қоғамға лайықты Отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге баса көңіл бөлген.

Бабаларымыз болашақ ұрпағымыздың білім, тәрбие, қайрат-жігер, ақыл-ой, парасат, жалпы рухани жағынан кемелдене түсуін, жетіле беруін өмірдің өміршең ісі ретінде таныған. Ұрпақтың адам болып тұмақ ісі бір басқа, адам болып қалыптасуы бір басқа құбылыс ретінде қарстырады. Адам болып тұмақтан, адам болып қалыптасу ұрпақ үшін қиын құбылыс. Ал, өзінің шыққан тегін мойындамайтын, білмейтін, өткен бабалар жолын ескілік ретінде танып, оны жоққа шығаратын, өткеннің сабақтарын келешегінің игілігіне қолдана алмайтын, кісілік нышанын жоғалтқан жастардың болашағы, түбі жақсылыққа соқтырмайды. Ондай жастар қоғамның ұлттық өркендеуіне қауіп келтірмек. Біз өзіміздің қоғамда өсіп келе жатқан ұрпағымыздың бойынан ұлттық, мәдени, адамгершілік құндылықтарының жойылуына жол бермеуіміз қажет. Қазіргі таңда адамдар рухани құлдыраушылыққа ұшырап, сана дағдарысына тап болып отыр. Қазір заман үлкен қайшылықта, заманның негізгі қайшылығы – қоғамдағы шынайы өзара түсіністіктің жоқтығы, адамдар арасындағы әлеуметтік қашықтықтың ұлғая түсуі болып табылады. Оның себебі адами руханилықтың социумда өрбімей, менмендіктің, адамдардың рухани байлықты емес, материалдық байлықты әспеттеуінің тереңдеп кетуінде [117]. Ал, қоғамдағы осындай мәселелерді шешуде дәстүр дүниетанымның ядросы, рухани дүниенің өзегі ретінде қызмет атқармақ. Бүгінгі таңда қазақ халқының өзінің өткен өмірін, тарихын, жолын, мәдениетін, дәстүрін танып білуге деген құштарлығы жәй емес. Өйткені, бұрынғы оташылдық саясат, өктемдік тәртіп, халықтың ес жиып, етек жабуына мүмкіндік бермеді. Себебі, біздерді көп жылдар бойы «мәңгүрттікте» ұстап келді. Халықтың күнделікті тұрмысында, өмірлік дағдылық харекетінде ғасырлар салған тарихи белгілер, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер «ескінің қалдығы» ретінде өгейсуге, жатсынуға ұшырады. Халықтың сағы сынып, талғамы жоғалды. Сол кезеңдерде ұрпақ тәрбиесі жүйесіздікке ұшырады. Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесі үшін ондай жүйесіздікке жол бермеуіміз қажет. Ұрпағымызды ұлттық тамырдың қасиетінен қол үзбей тәрбиелесек, қоғамдағы кез келген келеңсіз оқиғаны болуына қарсы тұра алмақпыз. Ұлттық тамырларымызды жегі құрттардың тесуіне жол бермеуіміз қажет. Өткен бабалар өмірінен сабақ ала отырып, бүгінгі жастардың таным, түсінігін дұрыс қалыптастыра білу шарт. Ақселеу Сейдімбеков: «Әрбір адамның бойында адамзат баласы жүріп келе жатқан жолдағы баға жетпес тарихи тәжірибенің үлгісі бар. Сол тарихи-мәдени тәжірибені танып-білу арқылы адам баласы өзінің парасат-болмысын шыңдайды» [124] дейді. Өткен мен бүгінгі күннің арасындағы тарихи сабақтастықты дұрыс жалғай білген уақытта ғана біз болашаққа нақ қадам баса аламыз, ұрпаққа дұрыс жол көрсете білеміз. Бүгінде

дәстүрінен, тарихынан хабарсыз, қазақ тілі мен діліне, дініне пысқырып қарамайтын, ұлттық рухы төмен, өз елінің ұлтына тән құндылықтарды мойындамайтын, ұлтты місе тұтпайтын, тегін танымайтын шалажансар ұрпақтарды қоғамда кездестіреміз. Өйткені, бүгінгі білім, ғылым, интернет заманында ұрпақ санасына ақпараттық заман қаупі төндіре бастады. Қазіргі уақыттағы кейбір жастарымыздың дәстүрлі құндылықтарымызды түсінбеудің немесе менсінбеудің нәтижесінде, еуропалықтардың көзімен қараудың салдарынан жоққа шығарып жатады. Ұрпақ өзінің ұлттық келбетін басқа мәдениеттен іздеуге, батыстық өркениетті құндылықтарды жөн-жосықсыз қабылдауға болмайды. Жастардың бойында батыстық мәдениетке еліктеушілік көп.

Академик Ғарифолла Есім: «Еліктеушілік дегеніміз біреудің соңынан салпаңдап ере берушілік. Ал, әлемге өз өлшемін ұсына білу ол жаңа сапалық, тың өркениеттік сұраныс. Біз осындай сұранысқа сай болу үшін көптеген мәдени, оқу, білім, ғылым, өнер саласында жаңа сапаға өтуіміз қажет. Тың сапалық кеңістікке шығу үшін біз өркениеттің жаңа өлшемін ұсынуымыз керек. Еліктеу және әлде кімдерден шәкірт болып үйрене беру өркекниеттілікке жеткізбейді» [125] дейді. Еліктеушілік біреудің соңынан еру. Ақпараттық құралдардың қарқынды дамуы, интернет технологиясы, батыстық мәдениетке еліктеу қазіргі қоғамда белең алып тұр. Осындай жаһандану кезеңінде біз ұлттық құндылықтарымызды, дәстүрімізді, тілімізді, мәдениетімізді қалай сақтап қала аламыз? Біздің қоғамымызға жаһандану қажет, жаңару керек, бірақ біз батыстан нені алуымыз керек, нені алмауымыз керек, соны білу шарт. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Қазақ жастары ХХІ ғасырдағы озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгеру арқылы біз бәсекеге қабілетті және іргесі мықты ел бола аламыз. Ал, батыстық дүниетанымнан туған мәдениет бізге керек емес. Соның нәтижесінде, қазіргі қоғамымызда адам өз болмысынан жат әрекеттерге аяқ басуда. Өйткені, біздің жастарымыздың санасы уланып жатыр, біз оған жол бермеуіміз қажет. Жастарымыз жеңіл түсінікпен, уланған санамен кете берсе, біздің болашағымыз не болмақ?! Оның бір амалы ұлттың қамалы болып тұрған құндылықтарды сақтап қалуымыз қажет. Ол – біздің дәстүріміз, ол – біздің тіліміз, ол – біздің тарихымыз, ол – біздің дініміз. Осы құндылықтарды сақтап, жастарымыздың бойына дарытсақ, рухы биік халық ретінде болашаққа жол тартамыз. Бұл төрт құндылық – ұлтты ұлт етіп отырған ұлттың дінгегі. Ал дінгегімізді сындырып, болашаққа жол тартамыз десек, онда біздің қателескеніміз. Сондықтан дәстүрімізді, тілімізді, тарихымызды, дәріптеу – барлығымыздың борышымыз. Біздің ұлтымыздың бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыздың ұрпақ өміріндегі орны айрықша [126]. Дәстүрде адамның адам ретінде қалыптасуына септігін тигізетін рухани байлық жатыр. Ұлттық санамыздың кемелденуіде осы ұлттық құндылықтарымызға байланысты. Оны сақтай білу әрбір саналы қазақ азаматының парызы болып табылады. Т.Х. Рыскалиев «Даналық пен түсініктің үлгісі» атты кітабында ұрпақ тәрбиесіне қатысты ойын былайша білдіреді: «Тәлім-тәрбие деген

адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан және дәстүрге айналып кеткен нәрсе... Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамшылыққа баулу. Ал адам баулудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүріне, салтына, тарихына, діліне, рухани дамуына байланысты. Қазақтың өмір салтында адам болу жолдары үлкенді сыйлаумен, тындаумен, ата жолын, ана жолын қуумен, ар-намысты, ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады» [127]. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты уақыттың сынынан сүрінбей өткен дәстүрлерімізбен, ұлттың-рухани тамырынан нәр алатын ұлттық құндылықтарымызбен тәрбилемесек, онда жастарымыздың болашағы жарқын бола алмайды. Бүгінгі Қазақстан Республикасы көршілес немесе алыс шалғайлар арасындағы кейбір мемлекеттерде жиі кездесетін әлеуметтік проблема, этникалық қақтығыстардың орын алуы, діни экстремистік мәселелердің етек алуы, мұндай көзқарастар Қазақ халқы үшін жат ұғымдар, себебі қазақ халқының ізгілік, игілік, адамгершілік, жомарттық, парасаттылығы оның дәстүрінде. Ұлтына шын жанашыр болып, болашағын ойласаң, ұлы Хазірет Әлидің сөзімен айтқанда: «Балаларды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелендер. Өйткені, олар сендер болмайтын уақыт үшін жаралған» деуі арқылы сол кезде-ақ болашақ мемлекеттің іргесі берік болу үшін ұрпақ тәрбиелеуде аталы терең мағыналы сөзін қалдырған еді [128]. Еліміздің болашағы – ол бүгінгі ұрпақ. Бабалар өмірінің құндылығына айналған ізгі дәстүрлерімізді, сауаттылықпен ұрпаққа жеткізе білу қажет. Халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы ұрпақ тәрбиесінде алатын орны айрықша. Ұрпақ бойына бабалар дәстүрін дарыту арқылы ұлттық сана-сезім, мінез, дүниетаным қалыптасыра білу керек. Дәстүрлі құндылықтарымыз арқылы ұлтымыздың жақсы қасиетін ұрпақ бойына қалыптастыру, қоғам игілігі үшін маңызды. Ұлттық құндылықтарынан нәр алып тәрбие алған ұрпақ ғана, заманның өзгерісін дұрыс қабылдап, өзгермелі заманда өмір сүру үшін өзін өзгерте алады. Ұрпақтың басқа жат идеология ағымына еліктеуіне тосқауыл болатын біліммен тәрбие. Оның дәлелі ретінде Абай Құнанбаев «Адам баласына жыртқыссыз, кірсіз, сыпайы киініп, Іһәм ол киімін былғап, былжыратпай кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ кербездің ісі. Кербездің екі түрлі қылығы болар: бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, кимін «айран ішірем» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтұғын болмаққа ойланбақ. Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы- қиын іс. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» [116, б. 129]. Қазіргі ұрпақ бойынан осы төрт нәрсені тапсақ, біздің еліміздің болашағы мықты, тәуелсіздігіміз тұғырлы болуына еш күмән болмас еді.

Ұрпағымыз басқа жат идеология ағымына еліктеуден бас тартып, адами құндылықтарға қол созып, елінің ертеңін ойлауға әрекет етер еді. Қазіргі қоғамда тек жалаң білім беріп қоймай, ұрпақ бойына ізгілік, тәрбие қалыптастыра білу қажет. Ұрпақ өз өмірлерінде бабалар өмірінен мұра ретінде қалған ұлттық құндылықтарды бағаламай, жаһандану қоғамындағы өзгеріске төтеп беру мүмкін емес. Дәстүр ұрпақ өмірінде өткен мен келешекті жалғастыратын көпір іспеттес.

Ойымызды қорытындылай келе, жаһандану қоғамында жер бетіндегі халықтардың көбі ұлттық төлтума құндылықтарынан белгілі бір деңгейде айырылуда екенін айта кетуіміз керек. Осындай кезеңде ұрпақтың дәстүр мәселесіне деген көзқарастардың дұрыс қалыптасуы қазіргі кезеңнің басты мәселелерінің бірі болып отыр. Еліміз әлемдік өркениетке өз болмысымен ену үшін, ғасырлар тұңғышымен тамырласып жатқан құндылықтарымызды бағалай білу қажет. Өзгермелі заманымызда дәстүр мәселесін зерттеуде қазақ дүниетанымында данышпандықпен шешімін тапқан «Әдеттің озығы да бар, тозығы да бар» деген қанатты сөзін жадымызда ұстағанымыз абзал. Сондықтан, қазіргі таңда дәстүрді ұлттық идеяға сәйкес трансформациялау қажет. Бүгінгі таңда қазақ халқының бірегейлігін сақтауда ұрпақтың адамгершілік әрекеттерден алшақтап, түрлі девианттық әрекеттердің жайылып кетуіне жол бермеуіміз қажет. Себебі, қоғамдағы жаңышылдық дәстүрлілік сапасына ие болмайынша, дәстүрлерге қайшы әрекет жасайды. Дәстүрдің заман ағыма сәйкес қайта жанданып отыруы табиғи заңдылық. Ұлттың ерекшелігін сақтап қалатын – оның дәстүрімен мәдениеті. Өз ұрпағына дұрыс бағыт-бағдар берген елдің ғана болашағы баянды болмақ. Өзінің ұлттық «менін» жоғалтпаған ұрпақтың келешегі жарқын болмақ. Жаһандану үрдісінде ұлттың шынайы болмысын тануда ұрпақтың ұлттық құндылықтарды мойындамауы, тілін, дәстүрін, дінін, мәдениетінен саналы түрде бас тарту қоғамдағы қауіпті дерт болып саналады. Әкенің қанымен, ананың сүтімен сіңетін, ұлтты ұлт етіп отырған, ұлттық төл құндылықтарымызды ұлт дамуының тірегі ретінде тану. Қазіргі таңдағы ұрпақ тәрбиесіндегі жүйесіздікке жол бермеу, ұлтты жалмап кететін қатерлі құбылыстардың алдын-алу әрбір саналы адамзаттың парызы. Ұрпақ өзінің ұлттық келбетін басқа мәдениетке еліктеуден іздемей, ұлтына тән, өткен бабалар өмірінен сабақ ала білуі қажет екендігі талданды. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын табуда ұрпақтардың алатын орны айрықша. Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды ұрпақ көзімен анықтауда дәстүрге алшақтықтың барлығы елендетеді. Оның себебі жаһандану қоғамында батыстық өркениетке шамадан тыс еліктеушілік, ол жақсылықтың нышаны емес. Батысқа еліктеушіліктің салдарынан тілін, дінін, мәдениетін менсінбейтін ұрпақ өркендеп келеді. Ел келешегі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Ол үшін ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу қажет. Ұрпақты ұлттық рух пен ұлттық патриотизм негізінде тәрбиелеуде дәстүр өзіндік қызмет көрсетпек. Рухы мықты, намысы биік ұрпағымыз тілін мәдениетін, дінін, дәстүрін дамыта алады. Ал ұлттық құндылықтарды аяқ асты ету, ол ұрпақты тобырға айналдырып, оның келешегін бұлыңғыр етпек. Бүгінгі жаңа ұрпақты

калыптастыруда интеллектуалды төңкерісті қажет етеді. Ұрпақ интеллектуалдылықты ұлттық құндылықтардан алатындығын ұмытпаған абзал.

4.2 Рухани жаңғыру және дәстүрдің реконструкциясы

Инновациялық, технологиялық интеграцияның қарқынды дамыған тұсында дәстүр мәселесін тереңнен зерттеп, сауатты саралау қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің біріне айналды. Өйткені, кез келген халықтың өмір сүру дағдысын, ұстанымын, тұрмыс-тіршілігін жаңа бағытта зерделеудің маңызы зор. Бабаларымыздың осы уақытқа дейінгі адам өміріндегі маңызды мәселелерді айқын көрсетуге бағытталған, халықтың ұлттық санасы мен болмысын айқындаушы дәстүр мәселесінің адамзат өміріндегі орны айрықша. Бүгінгі күнгі қоғамда белең алып тұрған инновация мәселесі, елімізді сан ғасырлық дәстүр мен мәдениетіндегі, ұлттық сана-сезімдегі, рухани реформаға бастады. Таза ескірген қағидаттардан айырылып, бүгінгі күннің талабына сәйкес әрекет етуге шақырады. Қоғамдағы өзгеріс, жаңашылдық бабалардан мирас болып қалған рухани құндылықтарды көздің қарашығындай сақтай отырып, ұлттық рухты жаңғырта бастады. Көңілге қонымды, қазіргі қоғамдық талаппен, уақытқа сәйкес келетін дәстүрлі құндылықтарымыздың заман талабына сәйкес бейімдеп, өзгету қажет екендігін Қазақстанның тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында дөп басып айтты. «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың басты шарты – сол ұлттың кодын сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміз құр жаңғырыққа айналу оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымы сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, ала бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керсінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиынан қиыстырып, жасырта алатын күдіреттерімен маңызды. Бұл-тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеулердің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қараймын» [130]. Міне, осынау сөздер арқылы Елбасымыз ұлтымыздың рухын көтеруге деген ниеттің сара жолын көрсетіп отыр. Бұл мақала ұлтымызға рухани жол көрсететін озық ойлы мәлімдеме.

Ұлтты ұлт ететін құндылықтарды ұлттың рухани коды деп білеміз. Қазақ халқының рухани кодына ұлтымызға тән дәстүрлі құндылықтарымызда жатады. Ұлтқа тән құндылықтарынан айырылған ұлт бейнесінен айрылып, мәңгірттеніп тіпті рухани тұлғасынан айрылмақ. Ұлттық кодын мойындамау, сол ұлтты мүлдем мойындамауға алып келмек. Бүгінгі таңда адам санасының

тұйықталуының нәтижесі, адамның адамдық түпкі негізден, яғни өз-өзінен, өзінің ұлттық тегінен, дәстүрінен жатсынуға әкеп тіреуде. Осының нәтижесінде, бүгінгі күні қоғамда адам арасында өз ұлтының тұрмыс-тіршілігінде, атаданбалаға мирас болып қалған дәстүрін ескінің көзі санап, өгейсіну құбылыстарыда көрініс беруде.

Маркес Габриэль Гарсианың «Жүз жылдық жалғыздық» романындағы ұлттық құндылықтарды аяқ асты ету салдарынан, өз ана тілін ұмытқан, халқының дәстүрін, мәдениетін білмейтін кейіпкердің образы есімізге түседі. Ойшыл, ата-баба дәстүрінен безіну, шыққан тегіне деген құрметтің жоқтығы Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті жоғалту адамды адамдық тегінен айыруға алып келетіндігін айтады. Тіпті ұлт ретінде жер бетінен жоғалып кетуі мүмкін екендігін баяндайды. Сондықтан, жаһандану заманында өмірдің талабына сай адамзат өміріне қажетті, дәстүрлі құндылықтарымыздың алға жылжуына шынайы мүмкіндіктер туғыза отырып, кейбір маңызын жойған дәстүрлі құндылықтарды орынсыз дәріптеуге жол бермеу қажет. Дәстүрлерімізді, рухани құндылықтарымызды қазіргі рухани жаңғырумен және оның жетістіктерімен байланыстыру бүгінгі қоғамға ауадай қажет. Халықтың өткен бай құндылықтарын дұрыс бағалай білмесек, қазіргі қайшылыққа толы қоғамда тұлға болып қалыптасу мүмкін емес. Тәуелсіздік қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер әкелді, ұмыт болған дәстүрлерімізді қайта жаңғыртып, ел игілігінде қызмет көрсетуге зор мүмкіндіктер тудырды. Адамның рухын оятатын дәстүрлі құндылықтарымызды қайта жаңғырту, мәңгірттіктен арылудың басты күрес жолдарының бірі болып табылады. Жаһандану қоғамында ұлттық дәстүрлерімізді, мәдениетімізді сыртқы әлемге таныта білуіміз қажет. Өйткені дәстүрде қазақ халқының ойлау жүйесі, мәдениеті бар.

Ел болу үшін ең бірінші рухымыз мықты болуы керек. Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді жаңғырудың негізіне айналдыра білу қажет. Жаһандану дәуірінде ұлттық келбетімізді жоғалтпау үшін озық ұлттық құндылықтарымыздан айырылмауымыз қажет. Ескі құндылықтардың бойындағы жақсылықты дәріптеп, ежелгі рухани қазынаға құрметпен қарай білу шарт. Ұлттық құндылықтар ата-бабамыздан келе жатқан рухани қазына. Халықтың өзі үшін қажетті құндылықтардан айырылып қалмауы, дүбара жұртқа айналып кетпеуі үшін маңызды. Н.Ә. Назарбаевтың «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» - деуінің астарында үлкен ой бар. Болашақта ұлтымыздың рухани келбетін сақтап қалу бұл мақаладағы басты міндеттердің бірі. Ұлттық жаңару ұлттық сананың кемелденуімен байланыстырады. Ұлттық салт-дәстүрлерімізді, тілімізді, мәдениетімізді, бір сөзбен айтқанда бойымыздағы ұлттық рухымызды мәңгі сақтап қалуға тиіспіз. Егерде ұлттық құндылықтарымызды сақтау арқылы жаңару жолына бет бұрсақ, өзіндік ұлттық кескін-келбетіміз, қасиетіміз артады. Қазіргі заманда дәстүрді реконструкциялау дегеніміз, ұлттық дәстүрдің заманға сәйкес іріктелуін, сұрыпталуын білдіреді. Қазіргі жаһандану уақытында елімізде болып жатқан елеулі қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өзгерістер Елбасының «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген

әлеуметтік, тарихи-мәдени құбылыстармен тығыз байланысты дамып жатыр [130]. Рухани жаңғыру мақаласындағы негізгі идея – қоғамдық ойға, іске сілкініс жасау. Жолдауда ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтынын, бірақ алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын, өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керектігін ұғындырады. Ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, ең бірінші сананың ашықтығы, әлемдік озық жаңылықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары рухани жаңғырудың қалыбы болып табылмақ. Әлемді ғаламтор жаулаған заманда дүниетанымызда, санамызда әбден сіңіп қалған көне қағидалардан арылмаса, дамыған елдермен тереземізді тең ұстап, иық теңестірудің мүмкін еместігінде дөп басып айтады. Өркениеттің көшіне ілесе отырып, жеке ұлт болып қалудың маңызы айрықша екендігін ұмытпаған жөн. Өткен тарихымызда тілімен дәстүрінен, руханиятынан ада болып, ұлт ретінде жойылып кеткен елдер аз емес. Сол елдердің кебін кимеу үшін өз ұлтымызға тән ерекшеліктерді, ұлттық құндылықтарымызды, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді сақтап қалып, келер ұрпаққа жеткізу ең қасиетті міндеттеріміздің бірі. Өз елінің ұлттық құндылықтарын жоғары бағалап, оны қасиетті құндылық ретінде танып келе жатқан елдер тарихтың көш басында тұратындығын қазір көріп отырмыз. Ұлттық кодын ұлықтаған елдер әрқашан көш бойында озық тұрмақ, мұндай елден болашақта отаншыл, елім дейтін ұрпақ өсіп жетілмек. Рухани жаңғыру бағдарламасында ұлтымыздың болашағымен рухани әлеуетіне көңіл бөле отырып, өткенмен болашақты үйлестіре отырып, жаһандық дамудан өз үлесімізді алуды көздейді. Еліміздің тарихындағы асыл құндылықтарымызды қайта жаңғырта отырып, ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың маңызы айрықша екендігін ұғындырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай дейді: «Қазақ елі рухани жаңғыру арқылы өркениетті әлемнің ажырамас бір бөлігіне айнала аламыз. Рухани жаңғырудың негізгі сипаты өткен мен болашақты жүзеге асыру болғандықтан, біз екі арнаны да іске асыруымыз қажет. Оның бірі-ғаламдық жетістіктерді өзімізге әкелу арқылы жаһандық дамуда өз үлесімізді алу. Екіншісі, өткен тарихымыз бен дәстүрлерімізден асыл құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу. Түптеп келгенде бұл күйзеліспен дүрбелеңнің, сонымен қатар, прогресс пен дамудың алмағайып кезеңінде Қазақстанның экономикалық және технологиялық жаңғыруының идеологиялық негізі. Біз, қазақ ұлты рухани жаңғыру арқылы өркениетті әлемнің ажырамас бөлігіне айналамыз. Бұлбіздің тарихи таңдауымыз» [131]. Еліміз, халқымыз рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру арқылы әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуды көздейді.

Ал академик Ғарифолла Есім «Біз өркениетті ел болу үшін болашаққа қадам бастық. Елбасы осы бағдарды айқындап берді. Өте дұрыс шешім. Бұл құжат үшінші жаңғыру аталу себебі, бұған дейін екі жаңғырудан өттік. Біріншісі жеке меншік психологиясын меңгердік. Қазақтың нарықтық қатынасқа көштік. Жеке меншік психологиясы адамды өзін-өзі игеруге, меңгеруге үйретеді. Екінші жаңғыру жемісі-Астананы салдық. Бұл қазақ

мемлекетін құрғандықтың кепілі. Ал, Мына үшінші жаңғыру-бізді реалист болуға, ұлттық прагматикалық қасиеттерімізді қадірлеп, сақтай отырып, өмір сүруге үндеп отыр. Елбасы осы үндеу-құжат арқылы болашақ бағыт-бағдарымызды айқындап берді» [132]. Жолдау дәстүріміздің, мәдениетіміздің, озық үлгілерін әлемдік деңгейде кеңінен танылдырып, дүниежүзіндегі бәсекеге қабілетті елдер деңгейіне сай болуды көздейді. Ұрпақтың санасын жаңа сапаға көтеру, жастардың білім өрісін кеңейтуді көздейді. Жастардың ойлау өрісі, білім кеңістігінде жан-жақты болу, сананың ашықтығы мәселесінде тоқталады. Өз ұлтына тән мүмкіндіктерді тану, ұлттық сананы адамзаттың биік шыңына көтеру керек деп біледі. Адамды етекпен тартатын істерден бас тартып, қазақпын деген әрбір азаматқа ұлтымызды ортақ мұратқа жетелеп, жаңа идея арнасына біріктіретін тұжырым жасады. Осы тұста Хакім Абайдың «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» [133], деген сөзі еске түседі. Ойшыл кертартпа санадан бас тарта отырып, сөзден іске көшуге шақырады. Сөзбен істің сәйкес болуын, тек сөз күйінде айтылып қана қоймай, оны іс жүзінде іске асыру керек екендігін ескертеді. Заманның талабына жауап бере алмайтын ілімдерден бас тарту, санамызға таптауырын болып сіңіп қалған ойлардан арылу – рухани жаңғыру бағдарламасының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі күннің талабы басқа, заман өзгерді, сол заманға сай санамызды да өзгерте білуіміз қажет.

Ал, академик Жабайхан Әбділдин «Елбасы айтқандай, ұлттың ұлт екендігінен хабар беретін «халықтың мәдени кодына» асқан ыждағаттылықпен қарай бастадық. Бірақ, халықтың ұлттық дәстүрін, рухани, мәдени кодын сақтауға қатысты маңызды мәселелерді шешуде бұрынғының кейбір құндылықтарын ойсыз дәріптеуге жол берілмеуі тиіс екендігін де ескеру керек. Өткеннің алдында иіліп, бас шұлғи беретін кезеңдер де болды. Яғни, мерзімі өткен ұғымдар мен таптауырын ойларды парасат, пайыммен саралай отырып, көңілге қонымды мәдени жетістіктер мен жағымды құндылықтарды заманауи талап пен уақытқа үндестіре дамуды көздеу қажет. Себебі, өткен тарихтың қойнауына көз салсақ, әр тараптанған әмбебап мәдени құндылықтар мен көнерген әдет-ғұрыптар, дәстүрлерде жоқ емес. Оларды бүгінгі заман талабына сай бейімдеп, өзгерту арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда уақыт төрешінің өзі-ақ електен өткізуде» [134]. Ұлт үшін жасалған осындай рухани серпіліс, қазақ елінің тынысын өзгертетін бастамалардың бірі. Ескірген, жаңа уақыттың талабына сәйкес келмейтін дәстүрлерімізді ұлықтау бізді адасушылыққа алып келетіндігін және қателікке бой ұрындыратынымызды ұмытпағанымыз жөн. Біржақтылыққа салынып, көнерген дәстүрлерімізді орынсыз ұлықтайтын болсақ, қоғамда дәстүрді бекерге шығаратын концепциялар орын алмақ. Дәстүрлер әдетке айналған іс-әрекет тәсілі және ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырмақ. Дәстүрдің түрлері көп, кейбір көнерген дәстүрлеріміз дамуға тежеу болатын факторға айналғандығын жасырмағанымыз жөн. Ондай көнерген дәстүрлеріміздің болмыстық сипатының жоғалғандығын нәтижесінде болашақ ұрпақ үшін маңызын жоқтығын мойындаған абзал. Сондықтан ескіні жаңамен сабақтастыра отырып,

дұрыс көзқарастар қалыптастыра білу шарт. Дәстүрді реконструкциялауда тағылымы мол, тарихы терең ұлттық дәстүрлі құндылықтарымызды ғана жаңғырудың негізгі өзегіне айналдыру шарт. Елбасының мақаласы әрбір қазақ азаматының санасын жаңғыртудың негізгі бағыттарын анықтап берді. Бұл қазақ елінің алдында жаңаша ойлау кеңістігінің ашылуына себеп болмақ. Философиялық көзқараспен қарасақ, адам жаңаша ойлау үшін ең бірінші өзінің санасын жетілдіруі, өзгертуі шарт. Сананы өзгерту адамға белгілі бір бұйрықпен немесе дамыған елдің дайын ойын көшіріп алумен өлшенбейді, сананы өзгерту ең бірінші адамның өзін адами тұрғыдан жетілдіруі арқылы өлшенбек. Мұндағы басты мәселе – адам мәселесі болып табылады. Адамның өз санасын, тәрбиесін жетілдіруі арқылы, ұлтты жетілдіруі, қоғамды жаңа сапаға көтеру ісі басты орында тұр. Халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы рухани жаңғырудың негізі. Адамның жетілуіне ізгі дәстүрлеріміз, ұлттық құндылықтарымыз өз үлесін қосуы тиіс. Адам өзінің сана-сезімін, ішкі әлемін жаңғырта отырып, жаһандық өзгерістерді білімділікпен қабылдай білуі керек. Жеке адам өз өмірінде бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, ұлты үшін ұтымды дүниелерге қол соза білуі, табысқа жетуі қажет. Ол үшін адамға тәрбие мен білім керек.

Адамгершілік, ізгілік, тәрбие ұлт дамуындағы ең бірінші мәселе болып табылады. Адамның тәрбиелі болып өсуі ең алдымен отбасылық тәрбиеден басталады. Отбасында дұрыс тәрбие алған ұрпақ ержеткенде сол қасиетті сақтауға тырысады. Отбасындағы тәрбиені ешбір ортаның тәрбиесі алмастыра алмайды. Қазақ дүниетанымында «мың мектептен алған тәрбиені, бір ата-ана мектебінің тәрбиесіндей болмайды» – дейді. Отбасында қалыптаспаған құндылықтарға кейін қол жеткіземдеу бос әурешілік. Себебі, адамның табиғаты әлсіз, ол қандай ортаға бейімделсе, сол ортаға тез үйреніп кетеді. Кейін оны түзету қиынға соқпақ.

Хакім Абай өзінің қара сөзінде: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ, қорқақ ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [135]. Бұл ойшылдың адамдарды сынауы емес, керісінше, ол адам болса екен, қоғамда адамға лайық өмір сүрсе екен деген ниетпен, ұлтын қамшылауы, намысын оятуы еді. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім болмаса, адамның хайуанан несі артық. Хакім Абай айтпақшы адам бойындағы адамға жат қылықтардың қалыптасуы, ол кішкентай кезінде қалыптасқан тәрбиеге байланыстырады. Қытайдың ежелгі ойшылы Конфуций адамның өмірі ең әуелі моральмен, тәрбиемен реттелуі тиіс екендігін өз дүниетанымында тұжырымдап берді. Тәрбие көзінің бірі ол әр ұлттық бойына сіңген дәстүрлері болып табылмақ. Сондықтан дәстүрлі құндылықтарымызды жаһандық өзгерістерге сәйкес үйлестіре білуіміз қажет. Рухани өремізді биіктететін, жалпы білімімізді тереңдететін құндылықтарға қол созған абзал.

Бүгінгі таңда әлемде күрт өзгерістер, бәсекелестік, ғылым мен технологиядағы жаңалықтар, рухани, мәдени құндылықтардың шұғыл алмасуы

көз ілеспейтін жылдамдықпен жүріп жатыр. Қоғамның саяси, экономикалық жаңғыруы үшін рухани даму қажет. Адамның, қоғамның тынысын өзгертетін рухани серпіліс болып табылмақ. Ерте заманда бабаларымыз барша адамзатқа ортақ мәселелердің түйінін табуда дәстүрді басшылыққа алған, дәстүр адамзат өмірінде маңызды орын алған. Сол себепті, дәстүрді реконструкциялауда ұлт дамуының діңгегіне айналған дәстүрлерді қайта жаңғырту өте орынды. Сан жылдар бойы қалыптасқан, тарихы терең ықылым дүниелерді оп-оңай сылып тастау да ұлт үшін қиынға соқпақ. Әлемге танымал америкалық экономист Джон Коттер «Өзгерістердің алдында» атты кітабында қоғамдық өзгерістерде бәсекелестерден ілгері жүру үшін, сол өзгерістерді алдын-ала біліп, оны дұрыс басқара білу қажеттілігін айтқан болатын. Өзгермелі қоғамда заман ағымына икемделе білуіміз шарт. Өзгерістерді алдын-ала біле отырып, әр ұлттың өзіне тән қалыбы, мәдениеті, тарихы, тілі, діні, дәстүрі бар екендігін ұмытпаған абзал. Ерте заманнан арқауы үзілмеген дәстүрлеріміздің ел өркендеуіндегі алатын орны айрықша. Дәстүр халықтың мәдениетімен, өткен өмірімен ұштасып жатыр, сондықтан, халық қай кезеңде болмасын, өзінің ұлттық дәстүріне қарсы болған емес. Өйткені дәстүр адамзаттың өз тұрмысынан тапқан қазығы болып табылмақ.

Түпкі тамырға қайта оралу дәстүрде басқаша анықталмақ. Заманы өткен көненің бәрін жаңғыртамын деу де қисынсыз. Өйткені XIX ғасырдағы өмір сүру дәстүрі XXI ғасырдағы заман талабына сәйкес келмейді. Сондықтан, тарихи санамызды бүгінгі күннің жетегіне жеге білуіміз қажет. Дәстүрімізді заман талабына сәйкес бейімдей білу қазіргі таңда мемлекттік маңызы бар мәселелерге айналып отыр. Түпкі тамырға қайтып оралуда қоғамдық дамудың негізгі ерекшеліктерін еске алуымыз қажет. Дәстүрді реконструкциялау дегеніміз өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Дәстүрімізді бүгінгі оң үрдістермен үйлесе дамыттыру.

Адамдар арасында көнерген, өзегі шірікке шалдыққан дәстүрлер де аз емес, ондай дәстүрлерімізді әлі де қолдана беретін болсақ, қоғамда жат қылықтар көбеймек. Сондықтан, дәстүрдің заман талабына сай келмейтіндерін тастап, тарлан тарихтың өзі мойындаған озығын ұлықтаған абзал. Жақсы дәстүрлерімізді жаңа өмірге, қоғамға дұрыс жеткізе білуіміз шарт. Бірақ, өткен уақытпен бүгінгі күн бір-біріне ұқсай бермейді. Өткен уақытта адамзат өмірінде мәні айрықша деп танылған дәстүрлеріміздің, бүгінгі таңда құндылықтық мәні болмау мүмкін. Қоғам өзгеріп, жаңашылдыққа қол созған сайын дәстүрде толысып, түрленіп, тіпті қолданыстан шығыпта отырмақ. Оның дәлелі ретінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезов дәстүр туралы былай дейді: «Дәстүр болмысты көркем образға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғаты, ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтардан ұрпақтарға мирас болып келе жатқан қағидалардан құралады. Дәстүр тұлғасы, тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене болған, халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштарымен күллі ұлт тіл байлығымен арқылы жақсы көрінеді. Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар

жинағанмол қазынасын ғасырдан-ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспетті. Сонымен қатар, қоғамдық өзгеріс және халықтың ұлттық характері дамуының нәтижесінде, ұлттық дәстүрдің кейбір элементтері күн асқан сайын құри береді» [136]. Өткеннің ықпалындағы дәстүрлеріміз жаһандық өзгерістермен үйлесе бермегендіктен, болашақ өмірдің қажетіне жарамағандықтан қызметін тәмамдайды. Заман өзгерісіне сәйкес жаңа дәстүрлердің тууы қоғамдық заңдылық. Дәстүр әр ұлттың мәдениетінің өзегі болып табылмақ. Демек, рухы жоғары, дәстүрі құнды елдердің әлем алдындағы беделі де, танымалдылығыда жоғары.

Әр ел, әр ұлт өзіндік төл қасиеттерімен ерекшеленуге тырысады. Дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа бұзылмай сақталған құндылық ретінде таниды, дәстүрдегі жаңашылдықтар көзге көрінбейді, айқын білінбейді, халық санасына айқайлап енбейді. Ескіліктің жетегіне үйреніп қалған халық үшін жаңа дүниені қабылдау қиынға соқпақ, жаңашылдық ескілікті сындырып, немесе ығыстырып барып қана, жаңа орынға орнығады. Жаңа дүниенің өзі уақыт өте келе адамға етене жақын, бұрыннан қолданып келген күйге енеді. Жаңашылдықтың өзі уақыты өте келе ескілікке айналады. Сондықтан, дәстүрді өте көне деп тану орынсыз, бүгінгі дәстүр ол кешегі жаңашылдық болып табылмақ. Меквилл Херсковичтің пікірі бойынша, «жаңаның қалыптасуы, ескіліктің сынуы немесе бүлінуі, бүгінгі жаңашылдық, болашақ үшін ескілік» [137].

Бүгінгі жаңашылдық, ертең-ақ ескілікке айналатын, өзгермелі қоғамға аяқ бастық. Өмір сүрудегі өзгеріс ол қоғамдық заңдылық. Қандай қоғамда өмір сүрсекте, әр халық өзінің дәстүрін ұлықтап, сол арқылы ұлттың өзіндік бітім болмысын қалыптастырады. Қазақтың дәстүрі ұлт үшін тәрбиелік маңызы зор рухани құндылық болып табылған. Адамшылдыққа бастаған дәстүрлер адамзат өмірінде айрықша орын ала отырып, ұлт болашағының дамуына сүрлеу жол сала алады. Қазақ халқы ертеден өз ұрпағының бойына бабалардан қалған асыл құндылықтарды сіңірсе, ол ұрпақтың жан-жақты жетілген тұлға болып қалыптасатындығына еш күмән келтірмеген. Сондықтан, жаһандану заманында жалпыадамзаттық құндылықтарды аяқ асты етпей, керісінше, ұлт дамуының негізгі көзіне айналдырған жөн. Дәстүрде қатып қалған дүние емес, ол халқтың санасы өзгерген сайын, дамып, өзеріп отырады. Біздің өсіп келе жатқан жас ұрпағымыз тәрбиелік мәні айрықша игі дәстүрлерімізден тәлім ала отырып, өз өміріне қажетті құндылықтарды қалыптастыра білуі шарт.

Тарихы тереңнен бастау алатын ізгі дәстүрлерімізді қайта жаңғырту рухани жаңғыру бағдарламасындағы негізгі идеялардың бірі. Халық қандай заманда өмір сүрседе, өзінің төлтума құндылықтары мен ізгі қасиеттерін сақтаған жағдайда ғана жоғарғы құндылықтарға қол жеткізе алмақ. Бабаларымыздың өміріндегі игі тәжірбиелері ұрпаққа ізгі дәстүрлері арқылы жетіп отыр. Бүгінгі ұрпақтар дәстүр арқылы өткен бабалар өміріндегі тәлімді, тәрбиені игермек. Адамның өмір сүруіндегі алғашқы белестерінің бәрі осы дәстүрмен тығыз байланысты. Алла Тағала адамзат баласын түрлі ұлттар мен ұлыстарға бөлген. Әр ұлттың ұлттық қасиеті, өзіндік өзгешелігі осы дәстүрі және тілі, діні арқылы өзгешеленеді. Дәстүр әр ұлттық бет келбетінің формасы

секілді, ұлттың ұлт екендігін айғақтатын ең басты белгілерінің бірі. Ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған дәстүрлі құндылықтарын сақтау, дәріптеу жалпыадамзатқа ортақ мәселеге айналып отыр. Тамыры тереңнен бастау алатын рухани құндылықтарымыздың адамзат өміріндегі рөлі айрықша. Рухани жаңғыру барысында да осы ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ұлттық сана-сезіміздің көкжиегін кеңейте білуіміз шарт. Жаңашылдық қашанда көнені көмескі етеді, сананы сілкіндіріп, жадымызды жаңғыртады. Қандай қоғамда өмір сүрсекте, сол қоғамға жаңашылдық қажет, өзгеру – өмірдің талабы болып табылмақ. Бірақ, адам бұл өзгерістерге аяқ басу үшін үлкен білімділік қажет, табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсіну керек.

Ғылымға құштар елдер тарихта өз соқпағын қалдыра отырып, жаңашылдықтан қорықпай, болашаққа сенімді, нық қадаммен аяқ басқан. Кез келген ұлттың бәсекелестіктегі қабілеті білім деңгейімен анықталмақ, тіпті әлемдік өркениетке жетуде білімнің орны айрықша. Ізгі дәстүрлерімізді жалпы адамзаттық құндылықтармен байыта отырып жалғастыруда, жүзеге асыруда бізге білім ауадай қажет. Ұлттық дәстүрлеріміз ұлт үшін маңызы айрықша, мағынасы терең жалпыадамзаттық құндылыққа айналуы керек. Ең озық, ең үздік, ізгілікке толы дәстүрлерімізді болашақ ұрпаққа ұлттың коды ретінде аманаттап жеткізуіміз шарт. Өйткені, ұлттық тәрбиенің жарқын үлгілері бабаларымыздың өмір салтынан қалған дәстүрлі құндылықтарда. Әр ұлттың өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан, бойына сіңген ізгі амалдарын, ұлттық бітім-болмысын, дәстүрін сақтауы бүгінгі таңдағы жалпыадамзатқа ортақ мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. Ұлттың жинақтаған өзіндік өмірлік тәжірибесі бар, сол арқылы өз болашағына қадам баспақ және ұлттық бітім болмысын сақтап қалмақ. Қаншама жылдан бері бабаларымыз өткеннен тәлім, тәжірибие жинақтау арқылы болашағына қадам басқан. Қай заманда болмасын бабалар жолы болашаққа жол көрсететін бағдар ретінде танылған. Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін, тағылымы терең ата-бабаларымыз салып кеткен ұлттық құндылықтарымызды аяқ асты етпеген абзал. Бабаларымыздың салып кеткен іргелі жолына қарай отырып, салт-дәстүріне сүйене отырып, бүгінгі ұрпақты дұрыс өмір сүруге шақыруымыз керек. Кемелді келешекке бастайтын жол туған еліне деген құрмет, ұлттық құндылықтарды аяқ асты етпеу, бабаларымыздың салып кеткен дара жолына сүйіспеншілікпен қарау болып табылады. Қазақ елін оның өз ұлтына тән өзіндік өзгешелігі арқылы әлемге паш етізуіміз керек.

Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан, өзге елдерден өзгешелендіріп тұратын, халық танып, мойындаған ізгі дәстүрлеріміздің өмір жасы қашанда ұзақ болмақ. Өзгермелі дүниеде бабаларымыздан қалған ізгі дәстүрлерімізді заманға сай өзгертіп, дамытып, бүгінгі жастардың санасына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың тәрбиелі ұрпағын қалыптастырмақпыз. Рухани жаңғыру бағдарламасында айтылғандай ұлттық салт-дәстүріміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Бүгінгі ұрпақ бабаларымыздың осы уақытқа дейінгі салып кеткен озық тәжірибелері мен жетістіктерін толық игеріп, жаңа

сапаға, жаңа дәрежеге көтерілуі қажет және әлемдік тәжірибелердің озық үлгілерін назардан тыс қалдырмай игере білуі шарт. Сонда ғана біз бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыра аламыз. Қазіргі Қазақстан өз тарихынан сабақ ала отырып, эволюциялық даму жолын таңдайды. Біздің жүріп өткен жолымыз бен әдістемелік эволюциялық қозғалысымыз ұлтымыздың біріндеп дамуына шынайы мүмкіндік береді. Нұрсұлтан Назарбаев атап өткеніндей, эволюциялық даму дегеніміз тұмшалауды білдірмейді, керсінше, халықтың тарихи жады әлемде болып жатқан жағдайларды байыптыжәне парасат пайыммен басқаша ойлауға жетелейді әрі оны болашақтың айқын ұғымы ретінде қабылдайды. Қарт тарихтың жаңа дөңгелегі мен жаңа дәуір жаңғырғанда Елбасы еліміздің тарихи жаңғыруын жаңа идеяға сүйенген жарқын болашақ үшін бірегей мүмкіндік екендігін атап көрсетті [130]. Эволюциялық жолмен жаңғыру Қазақстанның даму жолының негізі екендігін ұғындырды. Жаһандану заманында халқымыздың ұлттық рухымен санасын өркендете отырып, ұлттық болмысымызды нығайта білуіміз шарт. Қоғам қандай жаңғыруды басынан кешірседе, қандай уақытта болмасын, қоғамның рухани жетілуі сол қоғамдағы адамдар үшін өте қажет. Ұлттың терең тарихымен, бабаларымыздың қилы тағдырлы жолымен байланысты қалыптасқан, дәстүрлі құндылықтарымызды қазіргі таңда халық санасына дұрыс жеткізе білген абзал. Дәстүр қазақ елін әлемге таныттыратын, ұлттық сананы, ұлттың өзіне тән жан дүниесін, дүниетанымын айқындайтын құндылықтардың бірі болып табылмақ. Өткен бабалар жолынан сабақ ала білуіміз қажет, сонда ғана заманның әртүрлі қауіптеріне төтеп бере аламыз, ешкімнің жетегіне жібермейтін ұлттық санада қалыптаспақ. Бабаларымыздың салып кеткен ізгі жолдары ұлттық қазына секілді, ұлттық санамыздың қуаттандырады. Бабалардан мирас болып қалған дәстүрімізге ерекше мән берген елдің болашаққа қадамы нақ болмақ, қоғамдағы келеңсіз оқиғалардың белең алуына қарсы тұрмақ. Ел болып өмір сүру үшін ұлт бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге баули білу шарт. Сонда ғана бүгінгі өсіп келе жатқан ұрпақ, келешекте ұлт игілігі үшін қызмет жасамақ. Ұлттың бойында жинақталған ізгі құндылықтарды, тәжірибені келесі ұрпаққа ізгі дәстүрлеріміз арқылы ғана жеткізе аламыз. Халықты әлеуметтік үдіріске қазақтың ізгі дәстүрі арқылы бейімдей білуіміз қажет. Бабаларымыздан қалған ізгі дәстүрлер ұлт игілігімен болашағы үшін жасалған бағдар секілді. Қазіргі қоғамдағы адамдардың санасы, жан дүниесі адам танымастай өзгеріп, жаңаруда. Жаңару қазіргі халықтың санасын оятып, жадын жаңғыртуда. Ұрпағымыздың әлемдік өркениетке қадам басқаны дұрыс, бірақ қадамды шалыс баспағаны абзал. Өйткені, ұлттың біртұтас болуы оның болашаққа басқан қадамымен байланыспақ. Ол үшін ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, ұлттық сананың көкжиегін кеңейте білуіміз қажет. Бүгінгі жаһандық өзгерістердің толқыны алып келген жаңашылдықтарға, өзгерістерге дайын болып, оны сауатты саралап, қабылдай білуіміз шарт.

Дәстүр қоғамда әлеуметтендіруші, реттеуші, біріктіруші, коммуникативті, аксологиялық функцияларды атқарады. Сондықтан, дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заман талаптарымен үйлестірудің жолын таба білуіміз қажет. Рухани

жаңғыру бағдарламасында ұлттық ерекшеліктерімізді ысырып тастамауды, керсінше ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып жаңғыруды басты міндет ретінде қарастырады. Қазіргі кезеңге дейінгі дәстүрін сақтап келе жатқан Қытай, Иран, Франция, Ұлыбритания, Жапония, Германия елдері үлкен жетістікке жетті. Бұл елдер өз өркениетін дамытуда ұлттық құндылықтан бастау алды. Дәстүрді сақтау қоғамда тәрбие, тұрақтылық орнатудың басты шарттарының бірі. Жаһандану заманы аясында дәстүрді алғашқы қалпында қолдану мүмкін емес, заманауи талапқа сәйкес дәстүрлі құндылықтарымызды өзгерте білу шарт.

Жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жылдам өзгеріп жатқан заман ағысына қатардан қалмай қосыла білуіміз керек.

Қазіргі таңда бірлігімізді сақтай отырып, ұлттығымызды сақтап қалу ең басты мәселелердің бірі. Ол үшін ұлтқа тән рухани құндылықтарымызды ешқашан аяқ асты етпей, ұлтқа жанашырлық сезіммен қарау қажет. Ұлт дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа таза ескірген, көнерген құндылықтардан бас тартып, ұлттық дәстүрімізді, мәдениетімізді жаңа тұрпатта өзгертіп, оның ішкі өзегін сақтай білуіміз шарт. Кәрі тарихтың өзі мойындап кеткен ұлттық құндылықтарымызды, бүгінгі күнмен үйлесімді сабақтастыра білуіміз қажет. Ұлтты ұлт екіндігін айқындайтын, ең басты белгілерін әрқашан ұлықтай білуіміз шарт және ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Сонда ғана өзгермелі заманның сынына төтеп бере алмақпыз.

Рухани жаңғырудың негізінде ғаламдық жетістіктерді өзімізге әкелу арқылы, жаһандық дамудан өз үлесімізді алу, өткен тарихымызды дәстүрімізді қайта жаңғырту, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу – еліміздің тарихи таңдауы.

Тәуелсіз қазақ елі үшін өзінің ұлттық болмысын сүреңсіздендіріп, мәңгүрттікке жетелейтін әрекеттерден ұрпақты алшақ ұстау ең маңызды мәселелердің бірі ретінде бүгінгі таңда көтеріліп отыр. Себебі, жаһандану заманындағы адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қоғамдық өзгерістер мен жаңаруларда қазақ елі өзінің ұлттық келбетін жоғалтып алмауы қажет деп тұжырым жасаймыз.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаланы зерделей отырып, жаңару жолына түскен қазақ елі үшін ұлттық «менді» тану, ең алдымен түп тамырыңды танумен, дәстүр, мәдениет, тарих тамырларын білуге айрықша назар аударады. Инновация даму жолына түскен бүгінгі қоғамда, өткен өмірдің тәжірбиесі танылған дәстүрлі құндылықтарымызды жоққа шығармай, олардың жаңа жағдайға икемдей білу шарт. Дәстүрді заманауи талапқа сәйкес бейімдей отырып, ұлт дамуының дінгегіне айналған, тарихтың сынынан мүдірмей өткен дәстүрлерімізді табысты жаңғыру көзіне айналдыра білу қажет. Рухани жаңғыру бағдарламасында ұлттың ұлт болып сақталып қалуын ұлттық болмыспен байланыстырады. Ұлттық болмыстың түп қазығы-ол дәстүр. Ұлт дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа таза ескірген, көнерген құндылықтардан бас тартып, ұлттық дәстүрімізді жаңа тұрпатта, ізгілік, адамгершілік негізінде жаңғырта білу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық тақырыпты зерттеп, зерделеу арқылы бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетімізді нығайту және еліміздің егемендігін баянды ету үшін бабалар мұрасын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарау, ұлттық дәстүрімізді бүгінгі күннің талабы тұрғысынан саралай білу қажет екендігі дәлелденді.

Диссертациялық жұмыста антропологиялық, кешендік, пәнаралық, визуалдық, жүйелік, құрлымдық, функционалдық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей **қорытынды** жасалды:

1. «Дәстүр» мәселесіне философиялық талдау жасау негізінде, құрылымы анықталып, қоғамның рухани саласында тасымалдаушы, үйлестіруші қызмет атқаратындығы тұжырымдалды. Дәстүр – салт, жоралғы, рәсім, әдет-ғұрып стереотиптік көрністерін ғана қамтымайды, қоғамда құндылықтарды трансформациялау функцияларын орындайтындығы айқындалды.

2. Дәстүрдің теориялық даму негіздерін таразылай келе, ескі дәстүрге көзсіз бағыну қоғамдық тоқырауды тудырса, екінші жағынан, бағалы дәстүрлерге немқұрайлықпен қарау мәдени сабақтастықтың бұзылуына және адамзаттың құнды жетістіктерінің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін екені, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы белгілі бір байланыс сақталған жағдайда ғана, қоғамда рухани жаңылысулар мен ауытқулар болмайтындығы пайымдалды.

3. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысының феномендік ерекшелігін анықтай отырып, детерминанттары көрсетілді және дәстүрлі құндылықтардың қалыптасуы адамның өмір сүру болмысымен, оның менталитеттік ерекшеліктерімен ұштасып жататындығы анықталды.

4. Көне мен бүгінді байланыстырушы сабақтастық ұғымының дәстүр жалғастығындағы айрықша рөлі сараланды. Адамзат өмірінде дәстүр қалыптасқан дүние болса, осы дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа трансформациялау тәсілі – сабақтастық екендігі айшықталды.

5. Дәстүрдің ішкі мәнін ізгі құндылықтарға негіздей отырып, адам өз өмірінде ізгілікке, адамгершілікке бағытталған игі істерін дәстүр ретінде қалыптастыра білуі қажет. Ізгілікке, адамшылдыққа бастайтын дәстүрлер ғана ұлт өмірінде айрықша орын алады және елдің болашағына дұрыс бағдар бермек. Ізгілікті сапаға ие болғаннан соң ғана дәстүр адамзаттың өмір сүру бағдары ретінде танылып, құндылық ретінде сақталып келеді. Ізгі құндылықтар болмаса адамзат дәстүрді тағылым, тәрбие көзі ретінде өз ұрпағына ұсынбаған болар еді. Озық дәстүрдің адамзат ғұмырында қанша ғасырлар өтсе де жоғалмай, бүгінгі күнге жетуінің сыры – оның астарындағы ізгілікті және адами құндылықтармен байланысты екендігі анықталды.

6. Дәстүрдің дүниеде көріну формасы игілік деп тани отырып, көненің көзі деп танылған дәстүрлі құндылықтарымыздың ел өміріндегі игілікті істердің бастауы, жаңа ұрпақ тәрбиелеудің негізі екендігі зерделенді.

7. Дәстүрді бағалау формасы құндылық ретінде қарастырыла отырып, дәстүрдің құндылықтық мазмұнын анықтауда оның өзегінде адамның қызметі, адамның ішкі әлемі және әлеуметтік болмысын көрсететін ұлттық, тәрбиелік құндылықтар бар екендігі сараланды. Дәстүрдің негізгі субъектісі жеке адам, дәстүрдегі құндылықтар жеке адамның үйлесімді өмір сүруіне, алға жетілуіне және жетелеу факторларына ие.

8. Бүгінгідей алмағайып заманда, Қазақстанның өркениетті елдер қатарында дамуын қамтамасыз етуде, тек оның ғылыми-техникалық, экономикалық, ақпараттық сияқты салаларын ілгері дамытумен ғана емес, сондай-ақ, рухани мәдениетті, дәстүрімізді зерделеп тану қажет. Өзінің дәстүрлі құндылықтарын сақтап, оларды ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра ретінде жеткізе білген халықтар ғана өркениетті елдерге жатпақ, ондай елдердің болашағы да жарқын болмақ. Ұрпақтың қалыптасуында ұлттық құндылықтардың алатын орны айрықша, келер ұрпақтар оларды игеріп, өз өмірлерінде қолдана білуі қажет. Қазіргі жаһандану кезеңінде ұрпақ өз өмірлерінде ерте заманнан келе жатқан, ұлт дамуының діңгегіне айналған құндылықтарға берік болған жағдайда ғана, әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке төтеп бере алатыны хақ.

9. Рухани жаңғыру және дәстүрдің реконструкциясын саралауда бүгінгі жаһандану қоғамындағы дәстүр мәселесі қарастырылды. Зерттеу барысында мемлекеттік «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына аналитикалық талдау жасалынды. Дәстүді реконструкциялау дегеніміз маңызын жойған ескі дәстүрлерден саналы түрде бас тарып, өміршең, мәнді дәстүрлерді ғана жаңа жағдайға бейімдеп, жетілдіре білу. Дәстүрді инновациямен сабақтастыруда ұрпақ ұлттық дәстүрлерге ескілік ретінде қарамай, керісінше, ұлттың санасынан өшпей, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерімізді жаңғыру көзіне айналдыра білуі қажет екендігі тұжырымдалды.

Елімізде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси өзгерістер жағдайында бабаларымыздан қалған дәстүрлі құндылықтардың ұрпақ өмірінде жарасымды жалғасын табуы үшін, дәстүр мәселесін философиялық тұрғыдан зерттеу бүгінгі заман талабы. Зерттеу жұмысының нәтижелері пайдалы ықпалын ғылымға ғана тигізіп қоймай, әрқилы деңгейдегі атқарушы органдардың мәдениет бөлімдеріне, қоғамдағы ұрпақ өміріне қазақ халқының тұрмысынан, дәстүрінен мағлұмат бере отырып, бабалар өміріндегі саналы да, үлгілі тәрбиені насихаттуға, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастың нығаюына септігін тигізбек. Біз, Қазақстан азаматтары ұлттық құндылықтарымызды, дәстүрімізді білімді дамытудың өзегіне айналдыра білсек, егемендігіміздің тұрақтылығына шек келтірмейміз деп білемін. Бұл жұмыс дәстүрдің философиялық мәнін аша отырып, ұлттық құндылықтарымызды, дәстүрімізді философиялық тұрғыдан байыптылықпен бағалауға шақырмақ.

Осы ғылыми зерттеуде алдымызға қойылған негізгі мақсаттарға, міндеттерге сай ізденістер жасалынып, зерттеу барысында бұл тақырыптың әлі

де зерделей түсетін талай қырлары бар екенін аңғардық. Зерттеліп отырған тақырыпты бір диссертация көлемінде толық қамту мүмкін емес, болашақта осы тақырып бойынша тереңірек зерттеулер жүргізілетін болады. Дәстүр негізінен мәдениетте көрніс табатын құбылыс болғандықтан, болашақта дәстүрдің мәдени қырына зерттеулер жасаймын.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Лао-цзы. Дао дэ цзин // Древнекитайская философия: собр. текстов. – М.: Мысль, 1972. – С. 92-97.
- 2 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703 с.
- 3 Буров В.Г., Вяткин Р.В., Титоренко М.Л. Древнекитайская философия. – М.: Мысль, 1972. – Т. 1. – 363 с.
- 4 Платон. Сочинения: в 3 т. – М.: Мысль, 1972. – Т. 3, ч. 2. – 678 с.
- 5 Аристотель. Сочинения: в 4 т. – М.: Мысль, 1983. – Т. 4. – 830 с.
- 6 Aquinas Th. Summa Theologica. – Kiev, 2003. – 336 p.
- 7 Бэкон Ф. Сочинения: в 2 т. / пер. с англ. – М.: Мысль, 1977. – Т. 1. – 567 с.
- 8 Гоббс Т. Избранные произведения: в 2 т. – М.: Мысль, 1964. – Т. 2. – 748 с.
- 9 Локк Дж. Сочинения: в 3 т. – М.: Мысль, 1998. – Т. 3. – 668 с.
- 10 Гегель Г.В.Ф. Работы разных лет: в 2 т. – М.: Мысль, 1973. – Т. 2. – 630 с.
- 11 Фейербах Л. Избранные философские произведения. – М.: Изд-во Политической литературы, 1955. – Т. 2. – 942 с.
- 12 Вебер М. Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1990. – 808 с.
- 13 Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М.: Политиздат, 1989. – 573 с.
- 14 Генон Р. Очерки о традиции и метафизике. – М.: Азбука, 2000. – 320 с.
- 15 Поппер К. Открытое общество и его враги. – М.: Феникс, 1992. – 448 с.
- 16 Шацкий Е. Традиция. Обзор проблематики // В кн.: Утопия и традиция. – М.: Прогресс, 1990. – 454 с.
- 17 Asad T. Tradition is not something a man... // <https://www.azquotes.com/quote/1299460>. 20.03.2019.
- 18 Shils E. Tradition. – Oxford: University of Chicago Press, 1981. – 342 p.
- 19 Eisenstadt S.N. Tradition, change and modernity. – N.Y.: State University of New York Press, 2004. – 315 p.
- 20 Әл-Фараби Ә.Н. Философиялық көзқарастары // Кіт.: Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
- 21 ал-Кашгари М. Түркі сөздігі / қаз. ауд. А.Егеубай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – Т. 1. – 376 б.
- 22 Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тіл. ауд. А. Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 638 б.
- 23 Иасауи Қ.А. Диуани хикмет. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 196 б.
- 24 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.
- 25 Баллер Э.А. Социальный прогресс и культурное наследие. – М.: Наука, 1987. – 225 с.
- 26 Бернштейн Б.М. Традиция и социокультурные структуры // Советская этнография. – 1981. – №2. – С. 10-12.

- 27 Каиров В.М. Традиции и исторический процесс. – М.: Луч, 1994. – 188 с.
- 28 Плахов В.Д. Традиции и общество: опыт философско-социологического исследования. – М.: Мысль, 1982. – 220 с.
- 29 Суханов И.В. Обычаи, традиции и преемственность поколений. – М.: Политиздат, 1976. – 216 с.
- 30 Нұрадин Г.Б. Өркениет: дәстүр және сабақтастық. – Алматы: ТОО «Издательский дом АСА», 1998. – 159 б.
- 31 Покровский Н.Е. Генри Торо. – М.: Мысль, 1983. – 188 с.
- 32 Датта Д. Философия Махтамы Ганди. – М.: Иностранная литература, 1959. – 148 с.
- 33 Кинг М.Л. Есть у меня мечта. – М.: Наука, 1970. – 225 с.
- 34 Фуко М. Слова и вещи. – М.: Прогресс, 1977. – 459 с.
- 35 Қасымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 302 с.
- 36 Абдильдин Ж. Абдильдина Р. Абай гениальный мыслитель и гуманист. – Астана: Фолинат, 2015. – 228 б.
- 37 Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.
- 38 Есім Ғ. Сана болмысы. – Алматы: Ғылым, 1996. – Кіт. 2. – 208 б.
- 39 Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 240б.
- 40 Кшибеков Д.К. Национальная идея и идеология. – Алматы: Эверо, 2007. – 267 с.
- 41 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.
- 42 Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Өлке, 1994. – 207 с.
- 43 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: Рауан, 2000. – 180 б.
- 44 Масалимова А.Р. Культурная антропология. – Алматы: Алла прима, 2006. – 167 с.
- 45 Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 184 б.
- 46 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 224 б.
- 47 Телебаев Г. Историко-философская культура и традиция существования. – Алматы: Институт философии МН-АНРК, 1997. – 160 с.
- 48 Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау: монография. – Алматы: Инжу-Маржан, 2011. – 347 б.
- 49 Сұлтанбаева Г.С., Құлсариева А.Т., Жұмашова Ж.А. Интеллектуалдық әлеуеттен-интеллектуалдық ұлтқа: монография. – Алматы: ИП Волокова, 2012. – 316 б.

- 50 Құранбек Ә.А. Қазақ философиясындағы дәстүрмен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы): 09.00.03: филос. ғыл. канд.... автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.
- 51 Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. – Т. 3. – 720 б.
- 52 Философский энциклопедический словарь / под ред. Л.Ф.Ильичева. – М.: Советская энциклопедия.1983. – 840с.
- 53 Рахимжанова С.К. Дәстүрдің философиялық мәні // ҚазҰУ хабаршысы. – 2017. – №3(61). – Б. 49-57.
- 54 Рахимжанова С.К. Философиялық ойдың даму тарихындағы дәстүр мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2018. – №1(63). – Б. 57-67.
- 55 Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. – М.: Искусство, 1972. – 318 с.
- 56 Гельвецкий К.А. Сочинения: в 2 т. – М.: Мысль, 1974. – Т. 1. – 647с.
- 57 Гегель Г.В.Ф. Сочинения: в 14 т. – М.: Соцэкгиз,1932. – Т. 9. – 468 с.
- 58 Түркі дүниесінің ойшылдары / құраст. Ғ. Есім. – Астана: ТОО «Prosper Print», 2013. – Кіт. 1. – 506 б.
- 59 Ортағасырдағы түркі ойшылдары: 20 т. / құраст. Ә. Нысанбаев, С. Нұрмұратов. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 5. – 528 б.
- 60 Әл-Фараби Ә.Н. Әлеуметтік-этикалық көзқарастары туралы // Кіт.: Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 б.
- 61 ал-Кашғари М. Диван Лугат ат-Турк/ пер. с араб. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
- 62 ал-Қашқари М. Түркі сөздігі / қаз. ауд. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – Т. 2. – 447 б.
- 63 Иасауи Қ.А. Көңілдің айнасы. Упсала нұсқасы XVIII ғасыр / түр. ауд. // Кіт.: Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма баспасы, 2005. – 184 б.
- 64 Иасауи Қ.А. Диуани хикмет. – Алматы: Мұраттас, 1993. –262 б.
- 65 Иасауи Қ.А. Фақырнама / түр. ауд. // Кіт.: Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма баспасы, 2005. – Б. 181-184.
- 66 Рахимжанова С.К. Дәстүр – философиялық мәселе // Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: халық. ғыл.-теор. конф. матер. –Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2018. – Т. 1. – Б. 198-200.
- 67 Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі / қаз. ауд. А. Халифа. – Мекке: Құран Шәриф басым комбинаты, 1991. – 674 б.
- 68 Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі. – Астана:BG-Print, 2013. – 383 б.
- 69 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Қазақ әдебиеті. – 2018. – №46. – Б. 1-3.
- 70 Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. – Алматы: Дәстүр, 2010. – 498 б.
- 71 Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы,1968. – Т. 1. – 319 б.
- 72 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы мен неке қиюы. – Алма-Ата, 1973. – 327 б.

- 73 Топоров В. О космологических источниках раннетюркских описаний // Труды по знаковым системам. – 1973. – №6. – С. 114-121.
- 74 Бегманов Қ. Дәстүр: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Баспа, 2017. – Т. 3. – 508 б.
- 75 Айтматов Ш., Шаханов М. Құз басындағы аңшының зары. – Алматы: Рауан, 1997. – 352 б.
- 76 Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері / құраст. С. Садырбайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 227 б.
- 77 Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук: в 3 т. – М.: Мысль, 1974. – Т. 1. – 452 с.
- 78 Әуезов М. Евразийская духовная традиция и преемственность казахской культуры // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски: сб. науч. тр. – Алматы, 1998. – С. 31-38.
- 79 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 80 б.
- 80 Деррида Ж. О грамматологии / пер. с фр. – М.: Ad Marginem, 2000. – 512с.
- 81 Есім Ғ. Инновациялық ойлау жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №2(43). – Б. 4-8.
- 82 Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті / құраст. С. Кенжеахметұлы. – Алматы: Алматы кітап, 2010. – 383 б.
- 83 Назарбаев Н.А. Идеальная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана. – Алматы: Казахстан XXI век, 1993. – 31 с.
- 84 Есім Ғ. Қазақ Елін мәңгілік ететін – Жақсы Қазақ // <https://baq.kz>. 18.01.2018.
- 85 Есім Ғ. Ізгілік философиясына бастар жол // ҚазҰУ хабаршысы. – 2012. – №2(39). – Б. 57-59.
- 86 Философиялық сөздік / ред. Р.Н. Нұрғалиев және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 87 Аристотель философиясы: 20 т. / құраст. Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 3. – 568 б.
- 88 Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тіл. ауд. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- 89 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы: 2 т. – Алматы: Көркем әдебиет, 1961. – Т. 1. – 677 б.
- 90 Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы, 2015. – 126 б.
- 91 Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 214 б.
- 92 Нысанбаев Ә.Н. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының, 2002. – Т.4. – 720 б.
- 93 Әл-Фараби Ә.Н. Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері // Кіт.: Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
- 94 Kenzheahmetuli S. Kazakh traditions and customs. – Almaty, 2006. – 282 p.
- 95 Айталы А.Ә. Дін және ұлттық дәстүр // Ақиқат. – 2014. – №3. – Б. 50-54.

- 96 Спанов М. Бақсылық болмысқа әлеуметтік-философиялық талдау // Адам әлемі. – 2019. – №2(80). – Б. 146-153.
- 97 Triandis H.C. Toward Understanding Violence in Islam // Acta de Investigación Psicológica. – 2013. – Vol. 3, Issue 1. – P. 969-985.
- 98 Rakimzhanova S.K., Rakymzhanov B.K. Comparative analysis of the role of religious traditions in the moral self-determination of believers of the abrahamic religions using the example of islam and orthodox Christianity // European Journal of Science and Theology. – 2019. – Vol. 15, Issue 5. – P. 19-30.
- 99 Ан-Наим А.А. На пути к исламской реформации: гражданские свободы, права человека и международное право / пер. с англ. – М.: Фонд Андрея Сахарова, 1999. – 283 с.
- 100 Волобуев А.В. О концепции греха в исламе // Вестник МГУКИ. – 2011. – №2(40). – С. 18-21.
- 101 Gilat A. The Courage to Express Myself: Muslim women's narrative of self-empowerment and personal development through university studies // International Journal of Educational Development. – 2015. – Vol. 45. – P. 54-64.
- 102 Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. – М.: Политиздат, 1992. – 380 б.
- 103 Гуссерль Э. Кризис европейских наук и трансцендентальная феноменология / пер. с нем. // Логос. – 2002. – №1. – С. 132-143.
- 104 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан және Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы, 1991. – 80 б.
- 105 Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Шәкәрім. – 2006. – №4 (04). – Б. 5-13.
- 106 Қазақтың салт-дәстүрлері / құраст. С. Кенжеахметұлы. – Алматы: Балауса, 2017. – 384 б.
- 107 Рақимжанова С.К. Адамзат өміріндегі дәстүрдің орны // Матер. междунар. науч.-практ. конф. «Инновационное развитие современной науки: проблемы и перспективы». – Астана: Академия, 2017. – С. 50-57.
- 108 Елікбаев. Н.Е. Ұлттық дәстүрімен салты-тәрбиенің өзегі // Адам және дәстүр әлемі: Н.С. Сарсенбаевтың 90 жыл. халық. дөңгелек үстел матер. – Алматы, 2010. – Б. 72-78.
- 109 Бэкон Ф. Сочинения: в 2 т. / пер. с англ. – М.:Мысль, 1972. – Т. 2. – 567 с.
- 110 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
- 111 Белинский В.Г. Собрание сочинений: в 3 т. – М.: ОГИЗ, 1948. – Т. 1. – 802 с.
- 112 Қалдыбай М.Б. Бауыржандық тағлымдар // Жалын. – 2004. – №3. – Б. 71-77.
- 113 Айталы А.Ә. Байсалды ел байқаусыз қате жібермес. – Алматы: Таймс, 2008. – 328 б.
- 114 Әлеуметтік философия: 20 т. / құрыст. М.З. Изотов. – Астана: Аударма, 2006. – Т. 17. – 480 б.

- 115 Сатиршинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: 09.00.11: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.
- 116 Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
- 117 Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік философиясы // Егемен Қазақстан. – 2006. – №83.
- 118 Рахимжанова С.К. Роль традиции в жизни человека и общества // Актуальные научные исследования в современном мире: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Переяслав-Хмельницкий, 2017. – С. 124-128.
- 119 Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы:Бастау, 2000. – 247с.
- 120 Хатами С.М. Традиция и мысль во власти авторитаризма / пер. с персид. – М.: Московский университет, 2001. – 288 с.
- 121 Кошкина А. Традиции и инновации формирования культуры нового поколения. – Нефтеюганск, 2013. – 63 с.
- 122 Агранович В.Б. Инновации в транзитивном обществе: социально-философский анализ: автореф. ... канд. филос. наук: 09.00.11. – Томск, 2007. – 27 с.
- 123 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 124 Сейдімбеков А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 446 б.
- 125 Есім Ғ. Бостандықтың бағасы. – Алматы: ЖШС Қазақстан баспа үйі, 2003. – 24 б.
- 126 Рахимжанова С.К. Дәстүрді философиялық бағамдау // Адам әлемі. – 2018. – №2(76). – Б. 75-83.
- 127 Рыскалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 240 б.
- 128 Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж., Сейтова Ж. Ұлттық тәлім-тәрбие негіздері // Ұлттық тәрбие. – 2010. – №1. – Б. 17-21.
- 129 Құнанбаев А. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла. – Алматы: Алматы кітап, 2014. – 215 б.
- 130 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – №70(29051).
- 131 Тоқаев Қ.К. Рухани жаңғыру: озығын алып, тозығын тастау // Егемен Қазақстан. – 2017. – №71(29052).
- 132 Есім Ғ. Болашақ бағдарымызды айқындайды // Егемен Қазақстан. – 2017. – №71(29052).
- 133 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы: 2 т. – Алматы, 1957. – Т. 2. – 285 б.
- 134 Әбділдин Ж.М. Ескіні жаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру сәті туды // Егемен Қазақстан. – 2017. – №110(29091).
- 135 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы: 2 т. – Алматы: Жазушы, 1968. – Т. 2. – 251 б.

136 Әуезов М. Дәстүрлер хаһында. – Алматы: Жазушы, 1969. – Т. 12. – 532 б.

137 Васильев Л.С. Проблемы генезиса китайской цивилизации. – М., 1983. – 327 с.